Бекітемін
«Ар-Дина» бөбекжай балабақшасы
меңгерушісі А.У.Мұсабекова

Перспективалық жоспар
Кіші «Бөбек» тобы

2022-2023 оқу жылы

Музыка пәнінен күнтізбелік-тақырыптық жоспары конвертация
Кіші жас» Бөбек»тобы

№	ҰІӘ тақырыбы	ҰІӘ мақсаты	Сағат саны	күні
1	Үйімізде кім бар?	Балалармен танысу. ҰОҚ-не қызығушылықтарын арттыру, музыка тыңдауға, қарапайым қимылдарды жасауға, өз денелерін сезінуге үйрету. Әртүрлі сипаттағы музыкалық шығармаларды тыңдауға шақыру: нәзік, баяу, және көңілді, қатты. Балаларды қол шапалақтау арқылы қатты және ақырын естілетін музыкаларды ажырата білу. Дыбыс шығаратын ойыншықтарға қызығушылықтарын арттыру.	1	6.09
2	Қанекей, билейік!	Музыкаға деген қызығушылықтарын тәрбиелеу, көңілді сипаттағы музыканы түсіну және эмоцияларын шығарып қабылдау; ересек адамға еліктеп, қайталап әндету, көрсетілген қимыл қазғалыстарды қабылдау және қайталау; дауылпаз қоңырау музыкалық аспаптар дыбыстарын тани білу, төмен және биік дыбыстары жақсы көретін ойыншықтар арқылы ажырата білу.	1	13.09
3	Әлди-әлди	ҰОҚ-не қызығушылықтарын қалыптастыру, таныс әндерді білу; ересек адамға еліктеу дағдыларды ары қарай үйрету жолдарын жалғастыру; көрсетілген қимыл қазғалыстарды қабылдау және қайталау.	1	20.09
4	Шапалақтайық та ойнайық	Ән айту тәсілдерін жетілдіру, қайталанатын сөздерді әндетіп айтуға үйрету ("мяу-мяу", "аф-аф"); көңілді сипаттағы музыканы түсіну және эмоцияларын шығарып қабылдау; ересек адамға еліктейтін, ән салатын нақыштарды қалыптастыру; Балаларды жаңа ырғақтық қимыл-қозғалыспен таныстыру; таныс әндерге қосылып әндетуге қызығушылықтарын арттыру; "Күн мен бұлт" балалар ойында көңілді және баяу музыканы ажыратуға үйрету.	1	27.09
5	Серуенге шығайық, жапырақтарды жинайық	Баяу сипаттағы әуенге жай екпінде жүруін жаттаттыру. Әнді басынан аяғына дейін жаттап айту. Музыкалық-ырғақтық қызметіне баланың денесі дамуына ықпал ету. Әртүрлі өнерге деген қызығушылықтарын, бала өнерін дамуына ықпал ету.	1	4.10
6	Күз бізге не әкелді?	"Әлди-әлди" әуеніне баланың эмоциалды, жағымды әсер алатынын қалыптастыру. Дауысты бір келкі, әндетіп шығаруға үйрету, сөздің екпінді буындарын созып айтуға үйрету. Қимылдардың нақты көрсету шеберлігін дамыту. Ересек адаммен еркін қарымқатынасу жолдарын дамыту.	1	11.10
7	Бізге ән салып берші, Қораз	Музыкалық шығармаларында контрастты музыканы ажырата білу және қимыл өзгертуге үйрету. Музыкалық- ырғақтық шеберліктерін арттыру: әртүрлі сиппаттағы музыка әуеніне	1	18.10

		сәйкес қимылдау (баяу, жылдам). Ойын қызметін дамыту. "Ас атасы- нан" түсініктерін кеңейту.		
8	Құстар қалай шиқылдайды?	"Әлди-әлди" әуеніне балалаңың эмоциалды, жағымды әсер алатынын қалыптастыру. Дауысты бір келкі, әндетіп шығаруға үйрету, сөздің екпінді буындарын созып айтуға үйрету. Қимылдардың нақты көрсету шеберлігін дамыту. Ересек адаммен еркін қарым қатынасу жолдарын дамыту. Құстар тұралы түсінік беру.	1	25.10 мереке
9	Күз бізге сыйларын тарту етеді	Баяу сипаттағы әуенге жай екпінде жүруін жаттаттыру. Әнді басынан аяғына дейін жаттап айту. Музыкалық-ырғақтық қызметіне баланың денесі дамуына ықпал ету. Әртүрлі өнерге деген қызығушылықтарын, бала өнерін дамуына ықпал ету.	1	1.11
10	Біз көлікпен жүреміз	"Жапырақтар" әуеніне балалаңың эмоциалды, жағымды әсер алатынын қалыптастыру. Дауысты бір келкі, әндетіп шығаруға үйрету, сөздің екпінді буындарын созып айтуға үйрету. Қимылдардың нақты көрсету шеберлігін дамыту. Ересек адаммен еркін қарымқатынасу жолдарын дамыту.	1	8.11
11	Біз билейміз	Музыкалық шығармаларында контрастты музыканы ажырата білу және қимыл өзгертуге үйрету. Музыкалық- ырғақтық шеберліктерін арттыру: әртүрлі сиппаттағы музыка әуеніне сәйкес қимылдау (баяу, жылдам). Ойын қызметін дамыту.	1	15.11
12	Орамалды бұлғайық	"Күшігім" әуеніне балалаңың эмоциалды, жағымды әсер алатынын қалыптастыру. Дауысты бір келкі, әндетіп шығаруға үйрету, сөздің екпінді буындарын созып айтуға үйрету. Қимылдардың нақты көрсету шеберлігін дамыту. Ересек адаммен еркін қарым қатынасу жолдарын дамыту.	1	22.11
13	Аппақ қысқа сәлем берейік	Баяу сипаттағы әуенге жай екпінде жүруін жаттаттыру. Әнді басынан аяғына дейін жаттап айту. Музыкалық-ырғақтық қызметіне баланың денесі дамуына ықпал ету. Әртүрлі өнерге деген қызығұшылықтарын, бала өнерін дамуына ықпал ету.	1	29.11
14	Көңілді мереке	"Әлди-әлди" әуеніне баланың эмоциалды, жағымды әсер алатынын қалыптастыру. Дауысты бір келкі, әндетіп шығаруға үйрету, сөздің екпінді буындарын созып айтуға үйрету. Қимылдардың нақты көрсету шеберлігін дамыту. Ересек адаммен еркін қарым-қатынасу жолдарын дамыту.	1	6.12
15	Қоңырауым сыңғырлайды	Музыкалық шығармаларында контрастты музыканы ажырата білу және қимыл өзгертуге үйрету. Музыкалық- ырғақтық шеберліктерін арттыру: әртүрлі сиппаттағы музыка әуеніне сәйкес қимылдау (баяу, жылдам). Ойын қызметін дамыту.	1	13.12
16	Балалар мен сыйлықтар	"Жасыл шырша" әуеніне балалаңың эмоциалды, жағымды әсер алатынын қалыптастыру. Дауысты бір келкі, әндетіп шығаруға үйрету, сөздің екпінді буындарын созып айтуға	1	20.12

		үйрету. Қимылдардың нақты көрсету шеберлігін дамыту. Ересек адаммен еркін қарымқатынасу жолдарын дамыту.		
17	«Аққала»	Ширақ және сабырлы сипатын қимыл арқылы көрсету, төмен және жоғары дыбыстарды есту, сезінуге тәрбиелеу. Балаларды шашыраңқы түрде оңай жүгіруге үйрету, қолдарымен әр түрлі қимылдар жасау. Жаңа әнмен таныстыру, мазмұны, мінезі туралы әңгімелеу. Балаларды қимылдарды музыкамен байланыстыра орындауды үйрету. Балалардың тембрлік естуін жақсарту үшін: сылдырмақ, барабан, дабыл дауысын ажырату.	1	27.12
18	«Қараңдаршы далаға»	Балаларды қимылдарды музыкамен үйлестіруге үйрету. Музыканы тыңдау және оған эмоционалды жауап беру қабілеттерін қалыптастыру. Бірдей қарқынмен ән айту үйрету. Балалардың тембрлік есту қабілеттерін арттыру: сылдырмақ, барабан, дабыл дауысын ажырату үйрету. Қысқы табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбилеу.	1	10.01
19	«Қонжық пен көжек»	Балаларды өздігінен қимыл-қозғалысын өзгертуге үйрету. Балаларды қарапайым әндерді тыңдауға қалыптастыру. Әннің көңілді сипатын жеткізу үйрету. Музыкаға эмоционалды түрде орындап, қимылдарды музыка жетекшімен бірге қайталау үйрету.	1	17.01
20	«Кел, балақан»	Балаларға әуен басталған кезде қимыл - қозғалысты бастауға және оның соңында аяқтауға үйрету. Балаларды ән тыңдауға, олардың мазмұнын түсінуге үйрету. Шашыраңқы күйде би қимылдарын орындау; әннің мазмұнын өзгерте отырып, қимылдарды өзгерту. Музыкалық әуен ырғағына қарай қимыл жасауға тәрбилеу.	1	24.01
21	«Қолғап киіп алдық, суықтан қорықпаймыз»	Балаларға әуен басталған кезде қимыл-қозғалысты бастауға және оның соңында аяқтауға үйрету. Жоғары, орташа және төмен орындалатын дыбыстарды ажырата білу қабілетін дамыту. Жаңа әнмен таныстыру. Сөздерді қайталай отырып ән айтуды үйрету. Музыкалық аспаптарды ұстай білуге тәрбиелеу. Сигнал бойынша музыка аспаптармен орындау үйрету. Шашыраңқы күйде би қимылдарын орындау; әннің мазмұнын өзгерте отырып, қимылдарды өзгерту қабілетін дамыту.	1	31.01
22	«Ұшаққа отырайық, биікке самғайық»	Балалар жұптасып тұруға үйрету. Баланы музыкамен баулу, оның есту тәжірибесін байыту, сүйікті музыкалық шығармалар қорын көбейту. Балаларға музыкалық шығармалар сипатындағы өзгерістерді сезінуге, олардың логикалық қорытындыларын тыңдауға үйрету. Әннің ерекшелігіне сай әуезді, сырттай ән айтуға баулу. Балаларды жұппен билеуге үйрету. Эмоционалды күйді мимикамен	1	7.02

		білдіру үйрету. Жаңа ойынмен таныстыру.		
23	«Машина»	Музыкалық фразалардың өзгеруіне назар аударуды үйрету. Балаларға музыка табиғатына эмоционалды жауап беру, табиғи дауыспен, бір қалыпты ән айту қабілеттерін дамыту. Музыкалық фразалардың алдында тыныс алуды үйрету. Музыкалық шығармашылық туралы түсініктерін толықтыру. Есте сақтау қабілетін дамыту, ырғақты сезіну. Музыка деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Музыкалық аспаптарды ажыратуға үйрену.	1	14.02
24	«Бір үйде біз нешеуміз?»	Балаларды шеңбер бойымен қозғалуға үйретуді жалғастыру. Балалардың есту тәжірибесін әр түрлі биіктік пен тембрлік дыбыстармен байыту. Балаларды шеңбер бойымен қозғала отырып, заттармен қарапайым қимылдарды орындауға үйрету. Балаларды ән айтқанда қимылмен үйлестіруге, қимыл-қозғалыс кезінде музыканың сипатын жеткізу қабылетін дамыту. Балаларға таныс би қимылдарын қолдануға және оларды әуенмен орындауға үйрету.	1	21.02
25	«Көңілді сауысқан»	Музыка сипатының өзгеруімен балаларды қимылдарды өзгертуге үйрету. Көңілді табиғаттағы әндерді мұқият тыңдап, олардың мазмұнын түсіну үйрету. Би қимылдарын үйрену. Тайтұяқ аспаппен қарапайым ойын дағдысын дамыту. Балаларға таныс би қимылдарын қолдануға және оларды әуенмен орындауға үйрету.	1	28.02
26	«Анам менің тамаша»	Балалардың дыбыстарды биіктігі бойынша ажырата білу қабілеттерін арттыру. Музыка жетекшісінің әніне еліктей отырып, әндегі фразалар бойынша ән айту қабілетін дамыту. Қазақтың халық аспаптарында орындалатын тыңдалған шығармаға эмоционалды жауап беруді дамыту.	1	7.03
27	«Әжемізде барайық қонаққа»	Музыка жетекшісі көрсеткен қимылдарды қабылдау және қайталау қабілетін дамытуды жалғастыру. Балаларды жаңа әнмен және бимен таныстыру. Балаларды ойын жағдайына белсенді қатысуға шақырыңыз.	1	14.03
28	«Бесік жыры»	Балаларды бірге ән айту кезінде белсенді болуға баулу. Біртіндеп жеке ән айтуға үйрету. Би мен ойынды қайталау. Балаларды ойын жағдайына белсенді қатысуға шақыру.	1	28.03
29	«Көңілді пойыз»	Баланың музыканың айқын табиғатына сәйкес қимыл-қозғалыс орындау қабілеттерін дамыту. Баланы музыкамен баурап алу, оның есту тәжірибесін байыту, сүйікті музыкалық шығармалар қорын жасау. Балаларға достық сезімін тәрбиелеу. Сабырлы, жылы шырайлы табиғат әніне эмоционалды қатынасты дамыту. Балалар арасындағы достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.	1	4.04
30	«Қошақаны	Аяқтың ұшымен оңай қозғалуды үйренуді жалғастыру.	1	11.04

	қойдың»	Бейнелі музыканы эмоционалды түрде қабылдау үйрету. Әнді орташа қарқынмен, баяу орындау қабілетін дамыту. Кіріспеден кейін биді бірге бастау үйрету. Балаларды музыкалық ойындарға белсенді қатысуға, мүмкіндігінше мәтіндегі рөлдерді немесе қимылдарды орындауға үйрету.		
31	«Жаңбыр жауды себелеп»	Балаларды әуен мен мәтінге сәйкес қимылдауға үйрету. Динамикалық естуді, ырғақ сезімін дамыту. Көркемдік және ойындық образдарды жеткізе білу дағдыларын нығайту. Балаларға жүргізушінің рөлін өздігінен ойнауға үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.	1	18.04
32	«Жалаушама қарашы, досым"	Балаларды әуенмен заттармен қарапайым қимылдарды орындауға үйрету. Музыка бөліктерінің қарама-қарсы сипатына байланысты қимыл-қозғалысты өзгерту. Музыкалық аспаптар - барабандар мен сылдырмақтар ойнауға жаттықтыру. Динамикалық есту қабілетін дамыту. Әннің көңілді сипатына назар аудару үйрету.	1	25.04
33	Шеңберге жылдам тұрайық	Музыка өнерінде балалардың қызығушылықтарын арттыру; музыка өнері саласы арқылы бүкіл әлемге деген көзқарасын қалыптастыру; сенсорлық қабілеттерін дамыту. Музыка саласында ересек адаммен және баланың өзара байланысы. Әртүрлі өнерге деген қызығушылықтарын, бала өнерін дамуына ықпал ету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар қабілеттерін арттыру арқылы баланың денесін дамыуна ықпал ету.	1	02.05
34	Гүлді барып терейік	Баяу және жылдам сипаттағы әуен екпінде жүруін жаттаттыру. Әнді басынан аяғына дейін жаттап айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар қабілеттерін арттыру арқылы баланың денесін дамуына ықпал ету. Әртүрлі өнерге деген қызығушылықтарын, бала өнерін дамыуна ықпал ету.	1	16.05
35	Қош келдің, жаз!	Музыка өнерінде балалардың қызығушылықтарын арттыру; музыка өнері саласы арқылы бүкіл әлемге деген көзқарасын қалыптастыру; сенсорлық қабілеттерін дамыту. Музыка саласында ересек адаммен және баланың өзара байланысы. Әртүрлі өнерге деген қызығушылықтарын, бала өнерін дамуына ықпал ету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар қабілеттерін арттыру арқылы баланың денесін дамуына ықпал ету.	1	23.05
36	Шалғында нені бағамыз?	Музыка өнерінде балалардың қызығушылықтарын арттыру; музыка өнері саласы арқылы бүкіл әлемге деген көзқарасын қалыптастыру; сенсорлық қабілеттерін дамыту. Музыка саласында ересек адаммен және баланың өзара	1	мереке

		байланысы. Әртүрлі өнерге деген қызығушылықтарын, бала өнерін дамуына ықпал ету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар қабілеттерін арттыру арқылы баланың денесін дамуына ықпал ету.		

Бекітемін
«Ар-Дина» бөбекжай балабақшасы
меңгерушісі А.У.Мұсабекова

Күнделікті жоспар
Кіші «Бөбек» тобы

2022-2023 оқу жылы

№1 Тақырыбы: Үйімізде кім бар?
Күні 6.09.2023ж

Оқу қызметінің мақсаты
Балалармен танысу. ҰОҚ-не қызығушылықтарын арттыру, музыка тыңдауға, қарапайым қимылдарды жасауға, өз денелерін сезінуге үйрету. Әртүрлі сипаттағы музыкалық шығармаларды тыңдауға шақыру: нәзік, баяу және көңілді, қатты. Балаларды қол шапалақтау арқылы қатты және ақырын естілетінмузыкалық шығармаларды ажыратуды үйрету. Дыбыс шығаратын ойыншықтарға қызығушылықтарын арттыру.

Сөздік жұмыс
Қуыршақ, даңғыра (бубен), сылдырмақтар.

Әдіс-тәсілдер
Музыка тыңдау, ойыншықты көрсету, сөзбен түсіндіру, аудиожазбаларды қолдану, суреттерді қолдану, жеке тәсіл, "тізбек бойымен" әндету, музыкалықойындар.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Қуыршақ, даңғыра (бубен), сылдырмақтар, ойыншық төсек.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР
Даңғыра (бубен), сылдырмақтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Педагог топтың ішіне кіріп, балалармен танысады. Педагог балаларды музыкалық залға қонаққа шақырады.
1.2. Балалар ересек педагогпен бірге музыкалық залдың ішіндегі заттарды қарастырады. Педагог балаларды кілемнің үстінен жүргізеді, орындықтарға отырғызады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог:
- Қарандаршы, балалар, мұнда тұрған кім? (Шымылдық артынан әдемі қуыршақты алып шығады.)
- Сіздер мені білесіздер ме?
Мен анашыммен бірге тұрамын,Серуенге де
шығамын.
Бәрін өзім істеймін!
- Балалар, сендермен танысуға бола ма?
- Менің атым Әйгерім!
- Балалар, Әйгерім, сендермен танысқысы келеді.
- Кімге қуыршақ жақындайды, сол бала өзінің атын ерекше айтады.

2.2. Педагог:
- Қараңдаршы, балалар, қуыршағымызға өте ұнап жатыр, ол қол шапалақтапкетті. Балалар, біз де шапалақтай аламыз (қол шапалақтау)!
Балалар қол шапалақтайды. Педагог балаларға денелерінің әржерінен

шапалақтауды ұсынады (кеудеден, аяқтан, тізеден).
- Керемет! Енді, балалар, музыкамен бірге шапалақтайық, ал Әйгерім қуыршағымыз билесін.
- Әйгерім, бізге билеп берші, бәрімізге өнеріңді көрсетші!
Әйгерім қуыршақ "Қамажай" әуеніне билейді. Балалар шапалақтайды.
Әйгерім көп биледі,
Өнерін бізге көрсетті. Енді
барып демалады, Тәтті түс
көріп жатады."Әлди" әнді
біз айтып, Тыныш қана
отырайық.
Педагог "Әлди-әлди" әнін айтады. Балалар әнге қосылады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ
Педагог:
- Балалар, музыкалық зал сендерге ұнады ма?
- Ия!

№2 Тақырыбы: Қанекей, билейік!
Күні 13.09.2022 ж.

Оқу қызметінің мақсаты
Музыкаға деген қызығушылықтарын тәрбиелеу, көңілді сипаттағы музыканы түсіну және эмоцияларын шығарып қабылдау; ересек адамға еліктеп, қайталапәндету, көрсетілген қимыл қазғалыстарды қабылдау және қайталау; дауылпаз қоңырау музыкалық аспаптар дыбыстарын тани білу, төмен және биік дыбыстары жақсы көретін ойыншықтар арқылы ажырата білу.
Сөздік жұмыс

Қуыршақ, даңғыра (бубен), сылдырмақтар.

Әдіс-тәсілдер

Музыка ,тыңдау, ойыншықты көрсету, сөзбен түсіндіру, аудио жазбаларды қолдану, суреттерді қолдану, жеке тәсіл, "тізбек бойымен" әндету, музыкалықойындар.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Қуыршақ, даңғыра (бубен), сылдырмақтар, ойыншық төсек.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР
Даңғыра (бубен), сылдырмақтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Балалар тәрбиешімен бірге музыкалық залға кіреді. Педагог кілемнің үстінетұруға ұсынады. Столдың үстінде әдемі қуыршақ отырады.

1.2. Педагог балалардың назарын Айгерім қуыршаққа аударады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог:

- Қараңдар, бізге тағы қуыршақ қонаққа келді. Қуыршақтың аты кім?

- Дұрыс, Айгерім. Айгерім нені істей алады?

- Дұрыс, би билей алады. Айгерім би билеуді өте жақсы көреді екен.
Балалар, шапалақтайықшы, ал Айгерім бізге билеп берсін.

Педагог фортепианода көңілді музыканы орындайды (музыка өз еркін) Тәрбиеші қуыршақты билеткізеді. Балалар қол шапалақтап отырады.
- Қандай қуыршағымыз көңілді, керемет билейді екен. (Дауысын сәл ақырындатып) Балалар, білесіңдер ме, Айгерім құр қол келген жоқ. Қараңдар,мынандай қорап алып келіпті. Ішінде музыкалық аспап бар екен. Тыңдайықшы,қалай дыбыс шығарады екен? (даңғырада (бубен) ойнайды кез келген көңілдімузыканы)
- Ал енді құршағымыз музыка ойнасын, ал сендер би билеңдер. (тәрбиеші даңғырада ойнайды, ал балалар мен педагог би билеп тұрады)

Педагог қимылдарды көрсетеді, балалар қайталайды. Қарапайым би қимылдары: "пружинка", аяқты өкшеге қою "пяточка", орында айлану, шапалақ. Ең керектігі- балаларға жақсы көңіл күй сыйлау, жасқаншақ балаларды ортаға шақыру, эмоцияларын ояту.

2.2. "Сылдырмақ" дидактикалық ойыны.

Педагог:

- Керемет биледіңдер! Жарайсыңдар, балалар! Даңғырамыз көңілді ойналды.Сендер сәл шаршап қалдыңдар ғой деймін? Олай болса, балалар, кілемге отырыңдар. Қораптың ішінде тағы не бар?(қораптан сылдырмақты алып шығады)
- Балалар, бұл қандай аспап?

- Сылдырмақ!

- Дұрыс. Қараңдаршы, балалар, сылдырмақпен қалай ойнауға болады?(педагог сылдырмақта ойнап көрсетеді, қалай ұстау керектігін түсіндіреді) Барлық балаларға бір-бірден сылдырмақтарды таратып береді.

Қолымызда сылдырмақ,
Қоңырауы сылдырлап. Сылдыр-
сылдыр, сылдырмақ,
Сөйлейтіндей былдырлап.

Педагог сылдырмақта ойнау тәсілін көрсетеді. Биік көтеріп ойнауға, аяқтың тізесіне ұрып, алақандарына соғып ойнау. Қазақ халық әні "Қамажай" әуенінқосып, балаларға қарапайым би элементтерін көрсетіп билейді.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог:

- Балалар, сылдырмақтарын қалай әдемі естілді. Ал үндемей қоя ма , сылдырмақатар? Педагог сылдырмақты арқасына жасырады. Балалар қайталайды.
- Міне, сылдырмақтар енді жоқ! Педагог сылдырмақтарды қораптын ішіне қоюға ұсынады. - Қуыршақ Айгерімге үйіне қайтуға уақыт та келді. Қоштасайық. Сау болыңдар!

№3 Тақырыбы: Әлди-әлди
Күні 20.09.2022 ж.

Оқу қызметінің мақсаты

Ән айту тәсілдерін жетілдіру, қайталанатын сөздерді әндетіп айтуға үйрету ("мияу-мияу", "аф-аф"); көңілді сипаттағы музыканы түсіну және эмоцияларын шығарып қабылдау; ересек адамға еліктейтін, ән салатын нақыштарды қалыптастыру; балаларды жаңа ырғақтық қимыл-қозғалыспен таныстыру; танысәндерге қосылып әндетуге қызығушылықтарын арттыру; "Күн мен бұлт" көңілді және баяу музыканы ажыратуды үйрету.

Сөздік жұмыс

Қуыршақ, "Әлди-әлди", бала, бала, балапан.

Әдіс-тәсілдер

Музыка ,тыңдау, ойыншықты көрсету, сөзбен түсіндіру, аудио жазбаларды қолдану, суреттерді қолдану, жеке тәсіл, "тізбек бойымен" әндету, музыкалықойындар.

Құрал-жабдықтар

КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Қуыршақ, ойыншық төсек.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Балалар еркін музыкалық залға кіреді. Педагог мейірімді олармен амандасады.

1.2. Педагог:

- Сәлеметсіңдер ме, балапандарым! Мен сеңдерді асыға күттім. Қараңдар, бүгін ерекше жарық боп тұр біздің залымыз! Қане, аяқтарымызды көтеріп адымдап жүрейікші.

- Топ, топ, балақан!



Жүгіреміз, жүгіреміз көтеріп аяқты,
Қане, біздің балақай, алақай, алақай.Бір-екі, балақай, алақай, алақай,
Бір-екі, балақай, көтеріп аяқты

Кері қарай жүреміз, сүрінбей жетеміз,
Кәне, бәрің балақай, алақай, алақай.Бір-
екі, балақай, алақай, алақай,

Бір-екі, балақай, көтеріп аяқты

1 бөлім- "Жүру" балалар адымдап жүреді;2
бөлім - "Жүгіру" балалар жүгіреді.

Педагог:
- Балалар, енді жүгірейік. Тез-тез, жүгіреміз.
Педагог балаларды қадағалап отырады, музыка екпіні ауысқанда балалардың қимылдары да ауысу керектігін.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог:

- Балалар өалай жақсы серуендеп келдіңдер. Айгерім қуыршағымызды көргенжоқсыңдар ма?
- Жоқ, көрген жоқпыз.
Педагог: Олай болса, шақырайықшы Айгерімді. Бірақ өте мейірімді, нәзік. (Педагог пен балалар нәзік дауыстармен шақырады) Айгерім қуыршақ келеді.
- Сәлеметсіздер ме, достарым!
Балалар: - Сәлеметсіз бе!
- Қайда болдың Айгерім қуыршағымыз?
- Мен әжеме барып келдім.
- Әженің үйінде не істедің?
- Әже мақан жаңа ән үйретті. Айтып берейін.



Бала, бала, балапан (Балалар алақандарын жаяды.)

Қәне, қайсы алақан?

Саусақтарын әйбат. (Саусақтарын көрсетеді.)
Былай, былай ойнат. (Саусақты білезіктен айналдырады.)

Топ-топ, топ-топ басайық, (Аяқтарын топылдатады.)
Жалаудан күн жасайық.

Жаса, жаса, жарқын күн, (Қолдарын жоғары көтеріп
Жаса, жаса, алтын күн. Күнді көтереді.)

Педагог әнді орындайды, бірінші сүйемелдеусіз, дауыстап сөздерін анық айтып.Екінші рет аспаппен сүйемелдеп орындайды. Балалар қайталайды. Әннің сөздерін жаттауға тырысады.

2.2. "Тығылмақ" ойыны ойналады. Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді. Мақсаты: музыкалық белгі бойынша қимылдау және тынышталу әрекетін үйрету. Музыка естілгенде балалар алақандарын көтеріп, саусақтарымен билейді, ал музыка тоқтағанда алақандарын жасырады.
- Жарайсыңдар, балалар, жақсы ойнадыңдар! Қуыршағымыз шаршап қалды. Қуыршағымыз демін алсын.

2.3. Педагог:
(Қуыршақты төсекке жатқызып "Әлди-әлди" әннін әндетеді)
- Балалар, қандай әдемі ән, бұл ән қалай аталады?
- Дұрыс, "Әлди-әлди". Қуыршағымыз үйықтап қалды. Жақсы, үйықтап алсын.

3. ҚОРЫТЫНДЫ
Педагог:
- Ал біз бөгет жасамай, топқа бара берейік. Ақырын, шуламай музыкалық залданшығып кетейік.
- Мен сендерді тағы күтемін, сау болыңдар!
- Музыкалық залда не істейміз?
- Музыкалық залда ән айтамыз, ойын ойнаймыз, би билейміз.
- Сау болыңдар!

№4 Тақырыбы: Музыка Шапалақтайық та ойнайық
Күні 27.09.2022 ж

Оқу қызметінің мақсаты
Ән айту тәсілдерін жетілдіру, қайталанатын сөздерді әндетіп айтуға үйрету ("мияу-мияу", "аф-аф"); көңілді сипаттағы музыканы түсіну және эмоцияларын шығарып қабылдау; ересек адамға еліктейтін, ән салатын нақыштарды қалыптастыру; балаларды жаңа ырғақтық қимыл-қозғалыспен таныстыру; танысәндерге қосылып әндетуге қызығушылықтарын арттыру; "Күн мен бұлт" көңілді және баяу музыканы ажыратуды үйрету.

Сөздік жұмыс
Қуыршақ, "Әлди-әлди", бала, бала, балапан.

Әдіс-тәсілдер

Музыка ,тыңдау, ойыншықты көрсету, сөзбен түсіндіру, аудио жазбаларды қолдану, суреттерді қолдану, жеке тәсіл, "тізбек бойымен" әндету, музыкалықойындар.

Құрал-жабдықтар

КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Қуыршақ, ойыншық төсек.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Балалар еркін музыкалық залға кіреді. Педагог мейірімді олармен амандасады.

1.2. Педагог:
- Сәлеметсіңдер ме, балапандарым! Мен сеңдерді асыға күттім. Қараңдар, бүгін ерекше жарық боп тұр біздің залымыз! Қане, аяқтарымызды көтеріп адымдап жүрейікші.
- Топ, топ, балақан!



Жүгіреміз, жүгіреміз көтеріп аяқты,
Қане, біздің балақай, алақай, алақай.Бір-
екі, балақай, алақай, алақай,
Бір-екі, балақай, көтеріп аяқты
Кері қарай жүреміз, сүрінбей жетеміз,
Кәне, бәрің балақай, алақай, алақай.Бір-
екі, балақай, алақай, алақай,
Бір-екі, балақай, көтеріп аяқты

1 бөлім- "Жүру" балалар адымдап жүреді;2 бөлім - "Жүгіру" балалар жүгіреді.

Педагог:
- Балалар, енді жүгірейік. Тез-тез, жүгіреміз.

Педагог балаларды қадағалап отырады, музыка екпіні ауысқанда балалардың қимылдары да ауысу керектігін.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог:
- Балалар өалай жақсы серуендеп келдіңдер. Айгерім қуыршағымызды көргенжоқсыңдар ма?
- Жоқ, көрген жоқпыз.

Педагог: Олай болса, шақырайықшы Айгерімді. Бірақ өте мейірімді, нәзік. (Педагог пен

балалар нәзік дауыстармен шақырады) Айгерім қуыршақ келеді.

- Сәлеметсіздер ме, достарым!

Балалар: - Сәлеметсіз бе!

- Қайда болдың Айгерім қуыршағымыз?
- Мен әжеме барып келдім.
- Әженің үйінде не істедің?
- Әже мақан жаңа ән үйретті. Айтып берейін.



Бала, бала, балапан (Балалар алақандарын жаяды.)

Қәне, қайсы алақан?

Саусақтарын әйбат. (Саусақтарын көрсетеді.)
Былай, былай ойнат. (Саусақты білезіктен айналдырады.)

Топ-топ, топ-топ басайық, (Аяқтарын топылдатады.)

Жалаудан күн жасайық.

Жаса, жаса, жарқын күн, (Қолдарын жоғары көтеріп

Жаса, жаса, алтын күн. Күнді көтереді.)

Педагог әнді орындайды, бірінші сүйемелдеусіз, дауыстап сөздерін анық айтып.Екінші рет аспаппен сүйемелдеп орындайды. Балалар қайталайды. Әннің сөздерін жаттауға тырысады.

2.2. "Тығылмақ" ойыны ойналады. Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді.

Мақсаты: музыкалық белгі бойынша қимылдау және тынышталу әрекетін үйрету.

Музыка естілгенде балалар алақандарын көтеріп, саусақтарымен билейді, ал музыка тоқтағанда алақандарын жасырады.

- Жарайсыңдар, балалар, жақсы ойнадыңдар! Қуыршағымыз шаршап қалды. Қуыршағымыз демін алсын.

2.3. Педагог:

(Қуыршақты төсекке жатқызып "Әлди-әлди" әннін әндетеді)

- Балалар, қандай әдемі ән, бұл ән қалай аталады?
- Дұрыс, "Әлди-әлди". Қуыршағымыз үйықтап қалды. Жақсы, үйықтап алсын.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог:

- Ал біз бөгет жасамай, топқа бара берейік. Ақырын, шуламай музыкалық залданшығып кетейік.
- Мен сендерді тағы күтемін, сау болыңдар!

№5 Тақырыбы: Музыка Серуенге шығайық, жапырақтарды жинайық

Күні 4.10.2022 ж

Оқу қызметінің мақсаты

Баяу сипаттағы әуенге жай екпінде жүруін жаттаттыру. Әнді басынан аяғынадейін жаттап айту. Музыкалық-ырғақтық қызметіне баланың денесі дамуына ықпал ету. Әртүрлі өнерге деген қызығушылықтарын, бала өнерін дамуына ықпал ету.

Сөздік жұмыс

Күзгі жапырақтар, ваза, жұмсақ ойыншық- әтеш, даңғыра, сылдырмақтар,металлофон, қоңыраулар.

Әдіс-тәсілдер

Музыка ,тыңдау, ойыншықты көрсету, сөзбен түсіндіру, аудио жазбаларды қолдану, суреттерді қолдану, жеке тәсіл, "тізбек бойымен" әндету, музыкалықойындар.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Күзгі жапырақтар, ваза, жұмсақ ойыншық- әтеш, даңғыра, сылдырмақтар,металлофон, қоңыраулар

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Қоңыраулар, даңғыра.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Балалар тәрбиешімен бірге музыкалық залға "пойыз" боп келеді. Педагогзалдан шығып қарсы алады.

Қиындықтан қашпайық,

"Пойыз" ойын бастайық.

Бип, бип, бип.

Мен паровоз от алам,

Астанаға бет алам.

Бип, бип, пыш.

Бірте, бірте тездейміз,

Тез жетуді көздейміз.

У,у-у.

Көп қаладан өтеміз,

Астанаға жетеміз.

У, у-у.

Қызық болды, кеп қалдық,Енді

жайлап тоқталық.

Бип, бух, пыш,

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог:

- Кім келді? Менің балапандарым ғой! Сәлеметсіздер ме, балалар! Қараңдаршы,балалар, біздің залымыз қандай әдемі! (еденде күзгі жапырақтар) Балалар, күзмезгілі жапырақтарды шашып тастады.

Орманда, біз келеміз,
Жапырақты тереміз.
Қызыл жапырақ, Сары
жапырақ,
Жасыл-сары, міне- міне,
Саудырайды түседі.

- Балалар, жапырақтарды музыка әуенімен жинаймыз.

1. Орманда біз келеміз. (Шеңбермен тізіле жүреді.)
Жапырақты тереміз. (Алдын ала дайыедаған қызылғ сары түсті жапырақтарды бірінен соң бірі кезекпен алады.)

Қайырмасы:
Қызыл жапырақ, (Оң қолын жоғары көтеріп, қызыл жапырақты көрсетеді.)
Сары жапырақ, (Сол қолымен сары жапырақты жоғары көтеріп көрсетеді.)
Жасыл-сары, міне-міне,
Саудырайды, түседі. (Екі қолын жоғары көтеріп, төмен түседі.)

2. Жапырақты жоғары,
Оңға, солға бұліаймыз. (Жоғары көтеріп оңға, солға бұлғайды.)

3. Жайқаламыз, билейміз, (Бір орында айналады)
Жарқыраған күндейміз. (Орнында тұрып,
Айналамыз бәріміз алға қолдарын созады)
Иілміз қане біз. (Бір орнында айналып, басын иеді.)

Музыка аяғында педагог жинаған жапырақтарды әдемі вазаға қоюға ұсынады.

2.2. Педагог:

- Балалар, мен бүгін жалғыз емеспін. Қандай қонақ, кім табады екен?
- Оятады біздерді,
Дауысымен әдемі.
Дауыс қатты естілді,
Балаларды оятты!
- Бұл не деп, ойлайсыңдар? Дұрыс! Әтеш екен.
- Әтеш қалай бізді оятады? Дұрыс! Ку-ка-ре-ку! Қане, бәріміз әтеш сияқты айтайықшы.
- Тамаша, балалар!

2.3. Педагог:
Енді Әтешімізді отырғызайық, әнімізді тыңдасын.
Бала, бала, балапан (Балалар алақандарын жаяды.)
Қәне, қайсы алақан?
Саусақтарын әйбат. (Саусақтарын көрсетеді.)
Былай, былай ойнат. (Саусақты білезіктен айналдырады.)Топ-
топ, топ-топ басайық, (Аяқтарын топылдатады.) Жалаудан
күн жасайық.
Жаса, жаса, жарқын күн, (Қолдарын жоғары көтеріп
Жаса, жаса, алтын күн. Күнді көтереді.)
Педагог музыкалық аспапта сүйемелдеп орындайды. сөздерін жаттаттырады. Сөздеріне сәйкес қимылдарды көрсетіп үйретеді. Балаларды мақтайды.

2.4. "Қамажай" әуені естіледі. Педагог өзі бірінші билеуді бастайды, балалар қарап қайталайды. Қарапайым би қимылдары: аяқпен топылдату, бірінші бір аяқпен, содан кейін екінші аяқпен; кезек-кезек аяқтарын ауыстырып билейді; бірорында секіру, "пружинка" қимылы; денені тербетіп тұру.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог:
- Балалар, әтешімізбен қоштасайық, оған өз үйіне кету керек. Сау бол, әтеш! Сау болыңдар, балалар!

№6 Тақырыбы: Музыка: Күз бізге не әкелді?
Күні 11.10.2022 ж.

Оқу қызметінің мақсаты
"Әлди-әлди" әуеніне балаланың эмоциалды, жағымды әсер алатынын қалыптастыру. Дауысты бір келкі, әндетіп шығаруға үйрету, сөздің екпінді буындарын созып айтуға үйрету. Қимылдардың нақты көрсету шеберлігін дамыту. Ересек адаммен еркін қарымқатынасу жолдарын дамыту.
Сөздік жұмыс
Күзгі жапырақтар, ваза, жұмсақ ойыншық- әтеш, қоңыраулар.
Әдіс-тәсілдер
Музыка ,тыңдау, ойыншықты көрсету, сөзбен түсіндіру, аудио жазбаларды қолдану, суреттерді қолдану, жеке тәсіл, "тізбек бойымен" әндету, музыкалық

ойындар.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Жұмсақ ойыншық- әтеш, қоңыраулар

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Қоңырлаулар

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Музыкалық залға балалар еркін кіреді. Залдың ортасында бесікте Айгерім қуыршақ жатады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог: (дауысын ақырындатып)

- Қарандаршы, Айгерім қуыршағымыз бесікте үйықтап жатыр. ("Әлди-әлди" әні естіледі)

- Балалар, біз қуыршағымызды оятып алмай ақырын жан жағына отырып бесік жырыны тыңдайық. Музыка қандай балалар? Ия, ақырын, баяу, әдемі. Бірақ, балалар, Айгеріммен ойнағыларын келеді ме? Олай болса оятайық. Таңертең кім оятады бізді будильник сияқты? Әрине, Әтеш!. Қане, бәріміз әтеш сияқты дауыстап айтайықшы. - Ку-ка-ре-ку!

- Міне Айгерім оянды. Алақай!

2.2. Педагог:

- Балалар, жақсы болды Айгерім оянды. Сендермен ән айтамын дейді. Айтамыз ба?

- Ендеше, "Бала, бала, балапан" әнімізді айтып берейік.



Бала, бала, балапан (Балалар алақандарын жаяды.)

Қәне, қайсы алақан?

Саусақтарын әйбат. (Саусақтарын көрсетеді.)

Былай, былай ойнат. (Саусақты білезіктен айналдырады.)

Топ-топ, топ-топ басайық, (Аяқтарын топылдатады.)

Жалаудан күн жасайық.

Жаса, жаса, жарқын күн, (Қолдарын жоғары көтеріп

Жаса, жаса, алтын күн. Күнді көтереді.)

Педагог балалармен бірге айтады. Бірінші дауыстап, екінші рет аспапта

сүйемелдеп орындайды.

2.3. Педагог:
- Балалар, тағы бізді таңертең будильник оятады. Ол қатты сылдырлап оятады, менің қоңырауларым сияқты. (қоңырауларды балаларға таратып береді)
- Қане, бәріміз қоңырауларда ойнайықшы. Тыңдайықшы қоңыраулардың сылдырлағандарын. (Педагог қоңырауларда дұрыс қалай ойнау керек екенін көрсетеді)

2.4. "Қамажай" әуені естіледі. Педагог:
- Балалар, бұл қандай музыка? Қалай аталады?
- Дұрыс, "Қамажай", біз "Қамажайды" білеміз. Бүгін біз Қамажайға би билемейміз, қоңырауларымен ойнайтын боламыз. Қане, музыкамен бірге қоңырауларды ойнап көрейік. (Педагог өзі бірінші ойнап көрсетеді) Балалар барлықтары бірге ойнайды. Педагог балалардың ойнауын қадағалап тұрады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог:
- Керемет, балалар! Қуыршағымызға өте ұнады. Қарандаршы, күн шығып сендерді далаға шақырып жатыр. Қане, топға барып, киініп далаға шығайық. Сау болыңдар, балалар!

Тақырыбы: Бізге ән салып берші, Қораз
Күні 18.10.2022 ж.

Оқу қызметінің мақсаты
Музыкалық шығармаларында контрастты музыканы ажырата білу және қимыл өзгертуге үйрету. Музыкалық-ырғақтық шеберліктерін арттыру: әртүрлі сиппаттағы музыка әуеніне сәйкес қимылдау (баяу, жылдам). Ойын қызметін дамыту. "Ас атасы - нан" мақалының мағынасына қатысты түсініктерін кеңейту.

Сөздік жұмыс
Күзгі жапырақтар, ваза, металлофрн, қоңыраулар.

Әдіс-тәсілдер

Музыка ,тыңдау, ойыншықты көрсету, сөзбен түсіндіру, аудио жазбаларды қолдану, суреттерді қолдану, жеке тәсіл, "тізбек бойымен" әндету, музыкалықойындар.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Күзгі жапырақтар, ваза, жұмсақ ойыншық- әтеш, металлофон, фланелеграфтақтасы, қоңыраулар

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Қоңырлаулар, күзгі жапырақтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

2. Музыкалық залда еденде әдемі, әртүрлі бояумен боялған күзгі жапырақтаржатады. Балалар кіреді. Педагог қарсы алады.НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог:

- Балалар, қарандаршы біздің зал күзгі саябаққа ұқсап кетті. Қане, едендежатқан жапырақтарды жинап берейікші. Музыкалық залға силап берейік.



1. Орманда біз келеміз. (Шеңбермен тізіле жүреді.)
Жапырақты терміз. (Алдын ала дайыедаған қызылғ сары түсті жапырақтарды бірінен соң бірі кезекпен алады.)

Қайырмасы:

Қызыл жапырақ, (Оң қолын жоғары көтеріп, қызыл жапырақты көрсетеді.)

Сары жапырақ, (Сол қолымен сары жапырақты жоғары көтеріп көрсетеді.)

Жасыл-сары, міне-міне,
Саудырайды, түседі. (Екі қолын жоғары көтеріп, төмен түседі.)

2. Жапырақты жоғары,
Оңға, солға бұліаймыз. (Жоғары көтеріп оңға, солға бұлғайды.)

3.Жайқаламыз, билейміз, (Бір орында айналады)
Жарқыраған күндейміз. (Орнында тұрып,
Айналамыз бәріміз алға қолдарын созады)

Иілміз қане біз. (Бір орнында айналып, басын иеді.)

(Педагог аспапта сүйемелдеп әнді орындайды. Балалар қосылып айтады. Тәрбиеші әндетіп қимылдарды көрсетеді)

Педагог:

- Жарайсыңдар, балалар! Қандай әдемі күзгі шоғын жинап бердіңдер, рақмет!
(Педагог жапырақтарды вазаға салып қояды)

2.2. Педагог:
- Балалар, орындықтарға отырыңдар. Орындықта түзу, иіқтарын көтермей, арқамен сүйеніп, қолдарын тізелеріне қойып отырамыз.
- Мен сендерге бүгін жаңа аспаппен таныстырамен. Бұл аспаптың аты - металлофон. Тыңдап көрейікші. (Педагог маталлофонда 1 октава- "До- ре" ойнайды) Бұл қандай ән, таңыдыңдар ма?
- Ия, дұрыс! "Бала, бала, балапан" деген, ән. Тамаша, балалар! Енді металлофонмен бірге айтып көрейік. (Педагог бір- неше рет ойнап, балалармен бірге әнді айтады)"

2.3. Педагог:
- Балалар, "Ку-ка-ре-ку" деп, бізді не оятады?
- Дұрыс, Әтеш. Қараңдар, тақтаға, мына жерде әтеш- әке, ал қасында кішкентай балапаны- баласы. Әке- әтеш жуан, төмен дауыспен "Ку-каре-ку" деп айқалайды,ал кішкентай балапан- жінішке дауыспен айтады. Мен металлофонда қазір төмен, жуан дыбыстарды ойнаймын. (Педагог төмен дыбыстарды ойнайды 1 октава- "До-ре" , балалар төмен дыбыстарды ажыратып әке-әтеш деп, табу керек.)
- Ал қазір, биік дыбыстарда ойнаймын, (2 октава- "до-ре") бұл дыбыста не дауыстап айтады?
- Дұрыс, кішкентай балалап.
- Жарайсыідар, балалар! (Ойын бір-неше рет қайталанады.)

2.4. Педагог:
- Балалар, осындай сылдырлаған дауысты қандай аспаппен қайталауға болады?Дұрыс, қоңыраулармен. Қоңырауларды алып қатты ойнап көрейік, мүмкін әтешіміз естіп келіп қалады.

(Әтеш келеді) Сәлеметсің бе, әтеш! Біздің балалармен ойын ойнайсың ба?

2.5. Ойын: "Тығылмақ".
(Балалар әуен ырғағына қарай қоңырауларда ойнайды, музыка тоқтаған кезде қоңырауларын артқа тығады. Әтеш іздейді.) Музыканы еркін түрде таңдауға болды.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог:
- Жарайсыңдар, балалар! Әтеш пен жақсы ойнадық. Топқа баруға уақыт такелді. Сау болыңдар, балалар!

Тақырыбы: Күз бізге сыйларын тарту етеді

Күні 01.11.2022 ж.

Оқу қызметінің мақсат
Баяу сипаттағы әуенге жай екпінде жүруін жаттаттыру. Әнді басынан аяғынадейін жаттап айту. Музыкалық-ырғақтық қызметіне баланың денесі дамуына ықпал ету. Әртүрлі өнерге деген қызығушылықтарын, бала өнерін дамуына ықпал ету.

Сөздік жұмыс
Бағдаршам, көлік, күзгі жапырақтар, металлофон, қолшатыр

Әдіс-тәсілдер
Музыка, тыңдау, ойыншықты көрсету, сөзбен түсіндіру, аудио жазбаларды қолдану, суреттерді қолдану, жеке тәсіл, "тізбек бойымен" әндету, музыкалықойындар.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Бағдаршам, көлік, күзгі жапырақтар, металлофон, қолшатыр.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР
Суреттер: бақдаршам; күзгі жапырақтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Балалар тәрбиешімен бірге "көлікпен" келеді. Педагог музыкалық залдақарсы алады.

- Сәлеметсіңдер ме, балалар! Немен келдіңдер?
- Көлікпен, машинамен!

1.2. Педагог:
- Балалар, көлікпен келсеңдер онда, жолмен жүрейік, бірақ абайлап жүреміз. Өткені жолда бағдаршам тұр. Бағдаршамға бағыну керек. Естерінде болсын. (Балалар көлікте жүрген боп залда жүреді.)





Машина әні
«Бип-бип» - дейді,
«Жолдан былай кет» дейді.

Күшікті басуға, басуға,

Болмайды, болмайды, машина!

Бип-бип-бип!

«Бип-бип» - дейді,
«Жол шетінде жүр» - дейді.

Көшеде жүргуге асыға,

Болмайды, болмайды, машина!

Бип-бип-бип!

Бип-бип-бип!
Бип-бип-бип!
(Балалар педагогпен бірге "бип-бип" сөздерді айтуға тырысады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог:
- Балалар, қандай ақылды жүргізіші болдыңдар, ешкім бір-бірімен соғылыспай жүрдіңдер.
- Енді көліктен түсіп серуенге шығайық.



Жүгіреміз, жүгіреміз көтеріп аяқты,

Қане, біздің балақай, алақай, алақай.

Бір-екі, балақай, алақай, алақай,

Бір-екі, балақай, көтеріп аяқты

Кері қарай жүреміз, сүрінбей жетеміз,

Кәне, бәрің балақай, алақай, алақай.

Бір-екі, балақай, алақай, алақай,

Бір-екі, балақай, көтеріп аяқты
- Балалар, музыканы мұқият тыңдаймыз. Жылдам музыка естілгенде- жүгіреміз;баяу музыка естілгенде- жүреміз. Мұқият болыңдар!

2.2. Педагог:

- Балалар, серуендеп жүргенде жел бізге жапырақтарды ұшырып акеліпті. Қане,жинап алайық.

- Орманда, біз келеміз,

- Жапырақты тереміз.

Қызыл жапырақ,Сары

жапырақ,

Жасыл-сары, міне- міне,

Саудырайды түседі.

- Балалар, жапырақтарды музыка әуенімен жинаймыз. Балалар әнді айтып жинаймыз.



1. Орманда біз келеміз. (Шеңбермен тізіле жүреді.)
Жапырақты тереміз. (Алдын ала дайыедаған қызылғ сары түсті жапырақтарды бірінен соң бірі кезекпен алады.)

Қайырмасы:
Қызыл жапырақ, (Оң қолын жоғары көтеріп, қызыл жапырақты көрсетеді.)
Сары жапырақ, (Сол қолымен сары жапырақты жоғары көтеріп көрсетеді.)
Жасыл-сары, міне-міне,
Саудырайды, түседі. (Екі қолын жоғары көтеріп, төмен түседі.)
2. Жапырақты жоғары,
Оңға, солға бұліаймыз. (Жоғары көтеріп оңға, солға бұлғайды.)
3.Жайқаламыз, билейміз, (Бір орында айналады)
Жарқыраған күндейміз. (Орнында тұрып,
Айналамыз бәріміз алға қолдарын созады)
Иілміз қане біз. (Бір орнында айналып, басын иеді.)

Музыка аяғында педагог жинаған жапырақтарды әдемі вазаға қоюға ұсынады.

2.3. Педагог:

- Балалар, күз мезгілінде жауын көп жауады. ал біз болса, жауыннан корықпаймыз.

Ойын "Күн мен жауын"

Педагог металлофонда жауын жауғанын орындайды. балаларға есте сақтауғаұсынады.

- Балалар, күн шыққанда- билейміз, серуендейміз, ал жаңбыр жауғанда- жүгіріп орындықтын артына тығыламыз.

Ойын бір неше рет қайталанады. (Музыка "күн шыққанда" еркін алуға болады-көңілді екпінде)

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог:
- Балалар, біз бүгін көп ойнадық, енде топқа барып ары қарай жалғастырыңдар.Сау болыңдар!

Тақырыбы: Біз көлікпен жүреміз

Күні 08.11.2022 ж.

Оқу қызметінің мақсаты
"Жапырақтар" әуеніне балаланың эмоциалды, жағымды әсер алатынын қалыптастыру. Дауысты бір келкі, әндетіп шығаруға үйрету, сөздің екпінді буындарын созып айтуға үйрету. Қимылдардың нақты көрсету шеберлігін дамыту. Ересек адаммен еркін қарымқатынасу жолдарын дамыту.

Сөздік жұмыс
Бағдаршам, көлік, күзгі жапырақтар, металлофон, қолшатыр

Әдіс-тәсілдер
Музыка ,тыңдау, ойыншықты көрсету, сөзбен түсіндіру, аудио жазбаларды қолдану, суреттерді қолдану, жеке тәсіл, "тізбек бойымен" әндету, музыкалықойындар.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Бағдаршам, көлік, қоңыраулар.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР
Суреттер: бақдаршам; балалар жүп боп билеп жүрген; фланелеграф, құстыңсуреті; металлофон.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Балалар тәрбиешімен бірге "көлікпен" келеді. Педагог музыкалық залдақарсы алады.

- Сәлеметсіңдер ме, балалар! Немен келдіңдер?
- Көлікпен, машинамен!

1.2. Педагог:
- Балалар, көлікпен келсеңдер онда, жолмен жүрейік, бірақ абайлап жүреміз. Өткені жолда бағдаршам тұр. Бағдаршамға бағыну керек. Естерінде болсын. (Балалар көлікте жүрген боп залда жүреді.)





Машина әні
«Бип-бип» - дейді,
«Жолдан былай кет» дейді.

Күшікті басуға, басуға,

Болмайды, болмайды, машина!

Бип-бип-бип!

Бип-бип-бип!
Бип-бип-бип!
«Бип-бип» - дейді,
«Жол шетінде жүр» - дейді.

Көшеде жүргуге асыға,

Болмайды, болмайды, машина!

Бип-бип-бип!

Бип-бип-бип!
Бип-бип-бип!
(Балалар педагогпен бірге "бип-бип" сөздерді айтуға тырысады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог:
- Балалар, серуендеп жүргенде жел бізге жапырақтарды ұшырып акеліпті. Қане,жинап алайық.

- Орманда, біз келеміз,
  Жапырақты тереміз.
  Қызыл жапырақ, Сары
  жапырақ,
  Жасыл-сары, міне- міне,
  Саудырайды түседі.
- Балалар, жапырақтарды музыка әуенімен жинаймыз. Балалар әнді айтып



жинаймыз.

1. Орманда біз келеміз. (Шеңбермен тізіле жүреді.)
Жапырақты тереміз. (Алдын ала дайыедаған қызылғ сары түсті жапырақтарды бірінен соң бірі кезекпен алады.)

Қайырмасы:
Қызыл жапырақ, (Оң қолын жоғары көтеріп, қызыл жапырақты көрсетеді.)
Сары жапырақ, (Сол қолымен сары жапырақты жоғары көтеріп көрсетеді.)
Жасыл-сары, міне-міне,
Саудырайды, түседі. (Екі қолын жоғары көтеріп, төмен түседі.)

2. Жапырақты жоғары,
Оңға, солға бұліаймыз. (Жоғары көтеріп оңға, солға бұлғайды.)

3.Жайқаламыз, билейміз, (Бір орында айналады)

4.Жарқыраған күндейміз. (Орнында тұрып,

5. Айналамыз бәріміз алға қолдарын созады)

Иілміз қане біз. (Бір орнында айналып, басын иеді.)

Музыка аяғында педагог жинаған жапырақтарды әдемі вазаға қоюға ұсынады.

2.2. Педагог:
- Балалар, қарандаршы, бізге әдемі құс ұшып келді! Бұл торғай ғой!

Торғаймен ойын ойнайық.

Ойын "Торғайлар мен машина" деп, аталады.
Ойынның шарты: "Машина" боп бір бала шығарылады. Қалған балаларторғайлар болады.

Педагог айтады: "- Торғайлар ұшады!" дегенде, балалар- "торғайлар" ұшыпжүреді.

Сигнал естілгенде "Машина"- бала шығып торғайларды қуады.

Торғайлар ұшып өз орындарына барып отырады.

Ойын бір неше рет қайталанады.

2.3. Педагог:
- Балалар, күз мезгілінде жауын көп жауады. ал біз болса, жауыннан корықпаймыз.

Ойын "Күн мен жауын"
Педагог металлофонда жауын жауғанын орындайды. балаларға есте сақтауғаұсынады.

- Балалар, күн шыққанда- билейміз, серуендейміз, ал жаңбыр жауғанда- жүгіріп орындықтын артына тығыламыз.

Ойын бір неше рет қайталанады. (Музыка "күн шыққанда" еркін алуға болады-көңілді екпінде)

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог:
- Балалар, біз бүгін көп ойнадық, енде топқа барып ары қарай жалғастырыңдар.Сау болыңдар!

Тақырыбы: Біз билейміз

Күні 15.11.2022 ж.

Оқу қызметінің мақсаты
Музыкалық шығармаларында контрастты музыканы ажырата білу және қимылөзгертуге үйрету. Музыкалық- ырғақтық шеберліктерін арттыру: әртүрлі сиппаттағы музыка әуеніне сәйкес қимылдау (баяу, жылдам). Ойын қызметін дамыту.

Сөздік жұмыс
Аю ойыншығы, орамалдар.

Әдіс-тәсілдер
Музыка ,тыңдау, ойыншықты көрсету, сөзбен түсіндіру, аудио жазбаларды қолдану, суреттерді қолдану, жеке тәсіл, "тізбек бойымен" әндету, музыкалықойындар.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Аю ойыншығы, орамалдар.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР
Аю ойыншығы, әдемі әшекеленген қорап, орамалдар (әр балаға)

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Балалар тәрбиешімен бірге "көлікпен" келеді. Педагог музыкалық залдақарсы алады.
- Сәлеметсіңдер ме, балалар! Немен келдіңдер?
- Көлікпен, машинамен!

1.2. Педагог:
- Балалар, көлікпен келсеңдер онда, жолмен жүрейік, бірақ абайлап жүреміз. Өткені жолда бағдаршам тұр. Бағдаршамға бағыну керек. Естерінде болсын. (Балалар көлікте жүрген боп залда жүреді.)

Машина әні
«Бип-бип» - дейді,

«Жолдан былай кет» дейді.

Күшікті басуға, басуға,

Болмайды, болмайды, машина!

Бип-бип-бип!

Бип-бип-бип!
Бип-бип-бип!
«Бип-бип» - дейді,
«Жол шетінде жүр» - дейді.

Көшеде жүргуге асыға,

Болмайды, болмайды, машина!

Бип-бип-бип!

Болмайды, болмайды, машина!

Бип-бип-бип!

Бип-бип-бип!
Бип-бип-бип!
(Балалар педагогпен бірге "бип-бип" сөздерді айтуға тырысады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог:
- Сәлеметсіңдер ме, балалар! Біз сендерді ұзақ күттік Аю екеуміз. Аюмен амандасайық. Ол өте мейірімді аю. Балалар, аюмен ерекше амандасайықшы, жеке амандасамыз. Амандасқанда әндетіп амандасамыз. Былай: "Сәәлем, а-ю!"(Балалар жеке әндетіп амандасуға тырысады)
- Жарайсыңдар, балалар, керемет!

2.2. Педагог:
- Балалар, аю бізге жай келген жоқ, әдемі қорап алып келіпті. Ішінде не бар екен қарайықшы. (Ашады) Қандай әдемі орамалдар. Бояуларын әдемі. Рақмет, аю. Осы ормалдармен біз би билейміз.



Қызыл, сары, жасыл, көк (Орамалдарды оң қолдарына ұстап,
Орамалды алайық. Алға созып, көрсетеді.)
Қолды көкке созайық, (Орамалды жоғары көтереді,
Қозғап-қозғап қалайық. тез қозғайды.)
Кел, балақай, тамаша, (Аяқтарын топылдатады.)
Би билейік жараса! (Бір орында айналады.)
2. Қызыл, сары, жасыл, көк, (Орамалды алға созып
Ормалдар көп-көп. Көрсетіп қимылдатады.)
Көңіліміз жараса, (Сол қолдары белдерінде, орамалды
Би билейік жаңаша. Көтеріп тербетіле қозғалады.)

2.3. Педагог:
- Балалар, жарайсыңдар, енді осы орамалдармен аю сендермен ойын ойнаймындейді. Ойын "Орамалдармен ойын" "Ормаламен билейміз" Муз Т. Сабаевтікі "Музыка" нота

хрсетоматиясы. 2+, 91 бет. "Алматыкітап баспасы", 2014 ж.

Ойынның шарты: Балалар ормалдармен музыка естілгенде билейді, музыка тоқтағанда орамалдарымен беттерін жабады. Орамалдарды екі үшінен ұстауғақажет. Аю балаларды іздеген болады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог:Жарайсыңдар, өте жылдам тығылып аюмен көңілді ойнадырдар. Аюмен қоштасайық. Сау болңдар, балалар!

Тақырыбы: Орамалды бұлғайық

Күні 22.11.2022 ж.

Оқу қызметінің мақсаты

"Күшігім" әуеніне балаланың эмоциалды, жағымды әсер алатынын қалыптастыру. Дауысты бір келкі, әндетіп шығаруға үйрету, сөздің екпінді буындарын созып айтуға үйрету. Қимылдардың нақты көрсету шеберлігін дамыту. Ересек адаммен еркін қарымқатынасу жолдарын дамыту.

Сөздік жұмыс

Орамалдар, Ойыншық ит- Ақтөс

Әдіс-тәсілдер

Музыка ,тыңдау, ойыншықты көрсету, сөзбен түсіндіру, аудио жазбаларды қолдану, суреттерді қолдану, жеке тәсіл, "тізбек бойымен" әндету, музыкалық ойындар.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Орамалдар, Ойыншық ит.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Орамалдар (әр балаға)

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Балалар тәрбиешімен бірге "көлікпен" келеді. Педагог музыкалық залда қарсы алады.

- Соңғы аялдама- "Музыкалық зал!"

1.2. Педагог:- Балалар, көлікпен келсеңдер онда, жолмен жүрейік, бірақ абайлап жүреміз. Өткені жолда бағдаршам тұр. Бағдаршамға бағыну керек. Естерінде болсын. (Балалар көлікте жүрген боп залда жүреді.)

Машина әні «Бип-бип» -

дейді,
«Жолдан былай кет» дейді. Күшікті
басуға, басуға, Болмайды, болмайды,
машина! Бип-бип-бип!
Бип-бип-бип! Бип-
бип-бип!
«Бип-бип» - дейді,
«Жол шетінде жүр» - дейді.
Көшеде жүргуге асыға,
Болмайды, болмайды, машина!
Бип-бип-бип!
Бип-бип-бип!
Бип-бип-бип!
(Балалар педагогпен бірге "бип-бип" сөздерді айтуға тырысады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог:
- Балалар, қарандаршы, орындықтың үстінде орамалдар жатыр ғой.
- Қызыл, сары, жасыл, көк.
Орамалды алайық.
Қолды көкке созайық,
Қозғап-қазғап алайық!
- Ормалдарды бір үшінен алып билейік. (Музыканы әртүрлі екпінде алуға болады)
Педагог, балаларды еркін билеуге шақырады. Музыкаға сәйкес қимыл қозғалыстарды орындау керек. Педагог балаларды бақылап тұрады. Бірінші өзі көрсетеді. Музыка аяқталған кезде, орамалдарды бұктеп салу керек екенін ескертеді.

2.2. Педагог күшікті алады "Аф-аф" деп, дауыстайды. - Балалар, бізге
не келді?
- Дұрыс, күшік. аты кім екен? Ақтөс екен. Амандасайық Ақтөспен. - Сәлеметсіз бе!
- Ақ күшігім бар еді,
Өзі сондай әдемі.
"Кел" десең де келеді
"Кет" десең де келеді. - Қандай
қызық күшік.
- Балалар, осы күшік тұралы ән үйренейікші.
- Дұрыс отырамыз, қолымызды тіземізге қоямыз.

1. Ақ күшігім бар еді, Өзі
сондай әдемі.
“Кел” десең де келеді, “Ке”т
десең де келеді.
2. Келтіреді күлкімді, Өзі қызық
біртүрлі. Құлақтары қап-қара
Жүні аппақ, сүйкімді.
3. Су беріп ем, ішпеді,
Сүт беріп ем, ішпеді.
Кәмпит ікеп беремін Шыққаннан
соң тістері.
Әнді орындайды, балаларға сөздерін жаттаттырады. Бір неше рет қайталайды.

2.3. Мақсаты. Балаларға бірігіп ән айтуды үйрету. Педагог:
- Балалар, қандай көңілді ән. Күшігімізге тағы бір ән орындап берейікші. Ақтөс бізді тыңдасын.
(Күшікті орындыққа отырғызады.)
- Балалар, ән айтамыз. "Бала, бала, балапан" әнімізді айтып берейік.
Жарайсыңдар, балалар!

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог.
- Жарайсыңдар, балалар! күшігімізді анасы іздеп қалады, үйіне жіберейік. Сендерде топқа барыңдар. Сау болыңдар, балалар!

Тақырыбы: Аппақ қысқа сәлем берейік
Күні: 29.11 .2022 ж.

Оқу қызметінің мақсаты
Баяу сипаттағы әуенге жай екпінде жүруін жаттаттыру. Әнді басынан аяғынадейін жаттап айту. Музыкалық-ырғақтық қызметіне баланың денесі дамуына ықпал ету. Әртүрлі өнерге деген қызығушылықтарын, бала өнерін дамуына ықпал ету.

Сөздік жұмыс
Қыс мезгілі, аю, сылдырмақтар, күшік, көлеңке.

Әдіс-тәсілдер
Музыка тыңдау, ойыншықты көрсету, сөзбен түсіндіру, аудио жазбаларды қолдану, суреттерді қолдану, жеке тәсіл, "тізбек бойымен" әндету, музыкалықойындар.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Сылдырмақтар, ойыншық - аю.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР
Сылдырмақтар

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Блалар залға көлікпен келеді. Педагог:
- Балалар, қазір қыс мезгілі басталды. Тыныш, шудамай жүреміз, өйткені бұл музыкалық зал, шулауға болмайды.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ
2.1. Педагог:
- Қайырлы таң, балалар! Мен қазір сендерге музыка ойнаймын, ал сендер сәйкес қимылдарды жасауын керексіңдер. "Көлеңке" ойыны.
- Көлбен, көлбен көлеңке,Көлбендеген
көленке.
Қане, қатар тұрайық,
Үлкен шеңбер құрайық!
Көлбен, көлбен көлеңке,
Көлбендеген көленке.
Қоян қалай секіреді
Кім көрсете біледі?
(Педагог әр келесі шумағында аңдардың аттарын айтады, балалар сәйкесқимылдарды көрсету керек.)
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. Педагог:
- Қарандаршы, бізге Аю келіп қалыпты. Аюға жақсы көретін әнімізді айтып берейікші. "Күшігім" деген.
- Аю отырып тыңдайды. Сендерде дұрыс отыруға ұмытпандар. Жарайсыңдар!



Ақ күшігім бар еді,Өзі сондай әдемі.

“Кел” десең де келеді,

“Ке”т десең де келеді.
Келтіреді күлкімді,
Өзі қызық біртүрлі.
Құлақтары қап-қара Жүні аппақ, сүйкімді.
Су беріп ем, ішпеді,
Сүт беріп ем, ішпеді.
Кәмпит әкеп беремін
Шыққаннан соң тістері.

Балалар педагогпен бірге еске түсіріп айтады.
- Жарайсыңдар, балалар.

2.3. Педагог:
- Балалар, аю сендерге сылдырмақтарды алып келіпті. (Таратады)
- Сылдырмақтармен ойнайық.
- "Сылдырмақ" әні
- Қолымызда сылдырмақ,
- Қоңырауы сылдырап.
  Сылдыр-сылдыр, сылдырмақ,Сөйлейтіндей
  былдырлап.
- Балалар, бірге қосылып айтамыз. Еске түсіреміз.

2.4. Педагог:;
- Балалар, қараңдар, біз ән айтып отырғанда қарда жауып кетіпті.
фонограммада музыка естіледі.

- Қане, балалар, орындарымыздан тұрып осы әдемі әуенге билеп көрейікші.
(Балалар еркін билейді)
- Жарайсыңдар, балалар!

3. ҚОРЫТЫНДЫПедагог:
- Балалар, енді топқа барып жылы киімдерін киіп далаға шығуға болады. Қарқалай жауады екен көріңдер.
- Сау болыңдар!

Тақырыбы: Көңілді мереке
Күні:06.12 .2022 ж.

Оқу қызметінің мақсаты

"Әлди-әлди" әуеніне балаланың эмоциалды, жағымды әсер алатынын қалыптастыру. Дауысты бір келкі, әндетіп шығаруға үйрету, сөздің екпіндібуындарын созып айтуға үйрету. Қимылдардың нақты көрсету шеберлігін дамыту. Ересек адаммен еркін қарымқатынасу жолдарын дамыту.

Сөздік жұмыс

Ойыншық, аю, аю қыста ұйықтайды, әлди-әлди, шырша.

Әдіс-тәсілдер

Музыка, тыңдау, ойыншықты көрсету, сөзбен түсіндіру, аудио жазбаларды қолдану, суреттерді қолдану, жеке тәсіл, "тізбек бойымен" әндету, музыкалықойындар.

Құрал-жабдықтар
КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Шырша, Аю - ойыншық.

Оқу қызметінің барысы
1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Балалар тәрбиешімен бірге музыкалық залға келеді.
Педагог қарсы алады.

1.2. - Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен сендерді күттім.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Балалар залдың ортасында кішкентай шырша тұрғанын байқайды.

2.2. - Балалар, көрдіңдер ме, бұл шырша, ол әлі кішкентай. Оның бір құпиясы бар. Егер музыкалық сабақтарда жақсы ән салсаңдар, би билесеңдер, жақсы ойын ойнасаңдар шырша өседі. Жаңа жылға дейін үлкен боп өседі.

- Қане, орындарына отырып шырша тұралы әнімізді үйренейік.

1. Жасыл шырша жайнаған,
   Жарқыраған нұр мекен
   Қандай ғажап айналам,
   Құлпырғандай гүлменене.

Кайырмасы:
Әрқайсымыз жаңа жылмыз,

Әрқайсымыз ғасырмыз.

Өмір таңын жарқыратқан,

Біз де сендей жасылмыз.

Жаңа жылдай уақытым,
Ән ұясы, жыр басы.
Жанарындай шаттықтың
Жасыл шырша тұлғасы.

Қайырмасы.

Той-думанды тойлаған,
Пәк жандармыз мәңгі біз.
Жүректе нұр ойнаған,
Біз де сендей сәндіміз.

Қайырмасы.

Педагог аспапта сүйемелдеп бірінші тыңдатқызады. Содан кейін сөздерін жаттаттырады. Әуенге көңіл бөледі.

2.3. Педагог:

- Балалар, біз ән айтып отырғанда аю үйықтап қалыпты. Өйткені аюлар қыста үйықтайды. олар өз үйшіктеріне кіреді, жылы жерде қыс бойы үйықтайды екен.
- Балалар, "Әлди-әлди" әнімізді айтып берейікші.
- Жарайсыңдар, балалар!

2.4. Залда вальс әуені естіледі.

- Балалар, бұл әуенді білесіңдер ме? Әдемі музыка. Өткен сабағымызда қалайбилеп едік? Билеп тағы көрейікші. (Балалар еркін билейді)

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог:

- Балалар, енді топқа барып жылы киімдерін киіп далаға шығуға болады. Қарқалай жауады екен көріңдер.
- Сау болыңдар!

Тақырыбы: Қоңырауым сыңғырлайды

Күні13.12 .2022 ж.

Оқу қызметінің мақсаты

Музыкалық шығармаларында контрастты музыканы ажырата білу және қимыл өзгертуге үйрету. Музыкалық- ырғақтық шеберліктерін арттыру: әртүрлі сиппаттағы музыка әуеніне сәйкес қимылдау (баяу, жылдам). Ойын қызметін дамыту.

Сөздік жұмыс

Ойыншық, аю, аю қыста үйықтайды, шырша.

Әдіс-тәсілдер

Музыка ,тыңдау, ойыншықты көрсету, сөзбен түсіндіру, аудио жазбаларды қолдану, суреттерді қолдану, жеке тәсіл, "тізбек бойымен" әндету, музыкалық ойындар.

Құрал-жабдықтар

КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Шырша, Аю - ойыншық.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Балалар залға жеңіл, ұлпа қарлар сияқты, билеп кіреді.

1.2. Педагог:

- Сәлеметсіздер ме, менің кішкентай ұлпа қарларым.
- Қандай бүгін әдемісіңдер! Келіңдер, орындарына отырыңдар.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог:

- Балалар, байқадыңдар ма, біздің шыршамыз өсіп келетін сияқты. Әдемі болып келе жатыр. Қалай ойлайсыңдар, неге?

(Балалар жауаптарын айтады

- "Жасыл шырша" әнімізді тағы айтып берсек, одан да биік өседі.

Жасыл шырша жайнаған,
Жарқыраған нұр мекен
Қандай ғажап айналам,
Құлпырғандай гүлменене.

Кайырмасы:
Әрқайсымыз жаңа жылмыз,
Әрқайсымыз ғасырмыз.
Өмір таңын жарқыратқан,
Біз де сендей жасылмыз.

Жаңа жылдай уақытым,
Ән ұясы, жыр басы.
Жанарындай шаттықтың
Жасыл шырша тұлғасы.
Қайырмасы.

Той-думанды тойлаған,
Пәк жандармыз мәңгі біз.
Жүректе нұр ойнаған,
Біз де сендей сәндіміз.
Қайырмасы.

Педагог балалардың сөздеріне, әуеніне көңіл бөліп тыңдайды, бірге айтады.**2.2.** Педагог:

- Балалар, шырша тұралы тақпақ айтайықшы.

Шырша тауда өсіпті,
Шырша тауда толып тұр.
Енді бізге қонаққа жасыл болып келіпті

- Бәріміз қайталайық. Жарайсыңдар, балалар. Шыршамыз тағы өсетін болды.

2.3. Залдың ішінде үйықтап жатқан қорылдаған дыбыс естіледі. - Балалар, бұл кім

екен? Қатты үйықтап қалған кім?
(Ақырын барып үйшіктің ішіне қарайды.
- Балалар, келіңдер, қарандаршы. (Балалар барып өздері қарайды) Бұл не? Аю! Неге қатты үйықтап жатыр?
Балалар жауаптарын айтады.
- Балалар, аюмен ойын ойнайық. Қозғалыс
ойын: "Аюды оятайық"
Ойынның шарты: Ақырын аюға жақындайды. Аю оянады балаларды қуады. (Аю-тәрбиеші болу мүмкін, немесе ойыншық аюмен ойнауға болады)

2.4. Залда вальс әуені естіледі.
- Балалар, бұл әуенді білесіңдер ме?

Өткен сабағымызда қалай билеп едік? Билеп тағы көрейікші. (Балалар еркін билейді)

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог:
- Балалар, енді топқа барып жылы киімдерін киіп далаға шығуға болады. Қар қалай жауады екен көріңдер.
- Сау болыңдар!

Тақырыбы: Балалар мен сыйлықтар

Күні 20.12 .2022 ж.

Оқу қызметінің мақсаты
"Жасыл шырша" әуеніне балаланың эмоциалды, жағымды әсер алатынын қалыптастыру. Дауысты бір келкі, әндетіп шығаруға үйрету, сөздің екпінді буындарын созып айтуға үйрету. Қимылдардың нақты көрсету шеберлігін дамыту. Ересек адаммен еркін қарымқатынасу жолдарын дамыту.

Сөздік жұмыс
Ойыншық, аю, аю қыста үйықтайды, шырша.

Әдіс-тәсілдер
Музыка, тыңдау, ойыншықты көрсету, сөзбен түсіндіру, аудио жазбаларды қолдану, суреттерді қолдану, жеке тәсіл, "тізбек бойымен" әндету, музыкалықойындар.

Құрал-жабдықтар

КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Шырша, аю, қоян, Аяз ата мен ақшақар суреттері.

Оқу қызметінің барысы
1. КІРІСПЕ БӨЛІМ
1.1. Балалар залға аю ойыншықпен кіреді, Шырша әдемі боп тұрады.
1.2. Педагог:
- Сәлеметсіздер ме, балалар! Қош келдіңдер біздің Жаңа жыл мерекеге.
- Бүгін Аяз ат мен Ақшақар келеді.
2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ
2.1. Педагог:
- Балалар, шыршаны айланып шеңбер жасап тұрайықшы.
Байқыңдар ма, шыршамыз биік боп өсті, ойыншықтармен безендірілген. Шыршасендерге риза болып бүгінгі мереке әдемі боп келді. Олай болса, шыршамызға әнімізді айтып берейік.

1. Жасыл шырша жайнаған,
Жарқыраған нұр мекен
Қандай ғажап айналам,
Құлпырғандай гүлменене.

Қайырмасы:
Әрқайсымыз жаңа жылмыз,Әрқайсымыз
ғасырмыз.
Өмір таңын жарқыратқан,
Біз де сендей жасылмыз.

2. Жаңа жылдай уақытым,
Ән ұясы, жыр басы.
Жанарындай шаттықтың
Жасыл шырша тұлғасы.
Қайырмасы.

3. Той-думанды тойлаған,
Пәк жандармыз мәңгі біз.
Жүректе нұр ойнаған,
Біз де сендей сәндіміз.
Қайырмасы.
Балалар шеңбермен жүріп ән айтады.
2.2. Педагог:
- Балалар, бұл музыкаға қалай билеуге болады?

- Дұрыс, балалар. Вальс епіні. Әдемі Ұлпа қарлар сияқты билейміз.
Тамаша!

2.3. Көңілді музыка естіледі. Педагог:
- Балалар, менім ойымша, бізге қояндар секіріп келді. (Ойыншық қоянды көрсетеді)
- Қояндар қалай секіреді? (Балалар секіріп көрсетеді)

- Жарайсыңдар, балалар!

2.4. Педагог суретті көрсетеді.
- Балалар, бұл суретте кімді көріп тұрсыңдар?
- Дұрыс Аяз атамен Ақшақар. Олар алыстан бізге Жаңа жыл мерекесіне кележатыр.
- Балалар, Аяз ата туралы ән тыңдайықшы.
- "Аяз ата мен балалар"

Балалар: Аяз атай, Аяз атай,
Шырша тойы басталды.
Кел, кел, кел, кел.
Сені жақсы көреміз.
Қайырмасы: Аязата, ля-ля-ля.
Аязата, ля-ля-ля.
Аязата: Айналайын балала,
Өлең, тақпақ айтыңдар.
Маған билеп берсеңдер,
Сыйлығым бар сендерге.
Балалар: Айтамыз, айтамыз,
Би де билей аламыз.
Қане, қане, сыйлығың,
Алайықшы бәріміз.
Қайырмасы: Аязата, ля-ля-ля.
Аязата, ля-ля-ля.
- Ән кім тұралы? Ия, Аяз ата тұралы.
- Жарайсыңдар, балалар!

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог:
- Балалар, енді топқа барып жылы киімдерін киіп далаға шығуға болады. Қарқалай жауады екен көріңдер.
- Сау болыңдар!

Тақырыбы: «Аққала»
Күні 27.12 .2022 ж.

Оқу қызметінің мақсаты

Ширақ және сабырлы сипатын қимыл арқылы көрсету, төмен және жоғары дыбыстарды есту, сезінуге тәрбиелеу. Балаларды шашыраңқы түрде оңай жүгіруге үйрету, қолдарымен әр түрлі қимылдар жасау. Жаңа әнмен таныстыру,мазмұны, мінезі туралы әңгімелеу. Балаларды қимылдарды музыкамен байланыстыра орындауды үйрету. Балалардың тембрлік естуін жақсарту үшін: сылдырмақ, барабан, дабыл дауысын ажырату.

Сөздік жұмыс

Аққала, аппақ қар, серуен, топ бала сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс,пысықтау, сурет

көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар
1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, сылдырмақтар, мұрын,сыпырғыш, бубен.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға сылдырмақтар.

Оқу қызметінің барысы
1. КІРІСПЕ БӨЛІМ
1.1. Сәлемдесу

Балалар залға Е.Тиличееваның «Марш» шығармасы желісінде кіріп, музыкажетекшісі көрсетуі және айтуы бойынша адым жаттығуларын жасайды.

Музыка жетекшісі:
- Сәлеметсіңдер ме, балалар, мен сендердің барлығыңызды көргеніме қуаныштымын.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі:
- Балалар, мынау әуенге бәріміз адымдап жүрейік. Әуен өзгерген сияқты,кәнекей жүгірейік.

Балалар залдын ішінде өз еркінімен орналасады. Әуен басталғанада адымдапжүреді, әуен өзгергенде музыка жетекшінің көрсетуімен жүгіреді.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тындау

Музыка жетекшісі:
- Балалар, мен сендерге бір жұмбақ жасырайын:
Ойлаңдар да ойнаңдар,

Сәбіз мұрын кімде бар?
Шелек киген басына,
Айтыңдаршы балалар?
- Дұрыс айтасыңдар, ол Аққала.
Интербелсенді тақтадан көңілсіз Аққаланың суреті шығады.



Аққала:

- Балалар, мен еріп бара жатырмын, көмектесіңдерші! Мүмкін сендер маған көмектесесіңдер.

Музыка жетекшісі:

- Балалар, Аққалаға көмектесеміз бе? Аққала, біз саған қалай көмектесеміз?Аққала:

- Егер сендер менімен бірге Аяз ата туралы ән тындасаңдар, мүмкін күн суытып,мен ермеймін.

Музыка жетекшісі:

- Олай болса, Аяз ата туралы бір көңілді ән бар, сол әнді тындайық.

Ән "Аяз ата" әні Ө.Байділдаевтікі сөзі Н.Айтовтікі.

Ақ қырауға малыңған,
Сақалы да мұрты да,
Аяз ата сағынған
Сәлем берді жұртына.

2.2. "Тыныш - қатты" музыкалық-дидактикалық ойыны.

Ойынның мақсаты: Балаларға контрасттық динамика туралы білім беру (тыныш -қатты).

Дидактикалық материал: бубен

Ойын барысы: Балалар шеңберге тұрады. Балалар дабыл дауысы бойынша шеңбер бойымен жүреді. Егер музыка жетекшісі бубенді қатты ұрса, онда балалар аяқтарын жоғары көтеріп, «топ-топ» деп жүреді. Егер музыка жетекшісі бубенді тыныш ұрса, онда балалар әдеттегі қадамдарымен жүреді де, үнсіз «топ-топ» деп айтады. Сондай-ақ, қатты соққылармен «Қол шапалақтау» деп қолдарын қатты шапалақтау керек, ал тыныш дыбысқа олар жай шапалақтайды.

2.3. Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшіс:

- Балалар, біздің Аққаланың көңілі әлі көтерілмеді. Мүмкін ән салып көтереміз. Баладар, тақтаға назар аударыңдаршы. Балалар қандай көңілді ән салып тұр.

Біз де солармен бірге қосылайық. "Бала, бала, балапан" әнін айтайық."Бала, бала, балапан" музыка И.Нүсіпбаевтікі сөзі Ж.Смаковтікі.

Тақтада видеожазба түрінде ән салынады. балалар музыка жетекшіменқимылдарды орындайды.

Бала, бала, балапан,
Кәне, қайсы алақан?
Саусақтарың әйбат:

Былай, былай ойнайт.

2.4. Ән салу

Музыка жетекшісі:

- Аққала, саған біздің ән ұнады ма?

Аққала:

- Ұнады. Жақында Жаңа жыл мерекесінде сендердің әдемі "Жасыл шырша" аттыән айтқандарыңды естідім. Мүмкін сол әнды менімен бірге орындайсыңдар?

Музыка жетекшісі:

- Әрине орындаймыз. Кәнекей, балалар әдемі әнімізді есімізге салайық."

2.5. Би

Интербелсенді тақтадан көңілді Аққаланың суреті шығады.



Аққала:

- Балалар, менің көңілімді көтердіңдер. Енді мен сендермен бір би билегім келіп тұр.

Балалар би қимылдарын музыка жетекші көрсеткендей орындайды.

- Жиналдық та топ бала, - балалар шеңбер бойымен тұрады.
- Жасап алдық Аққала - қолдарымен қаршық жасағандай қимыл орындайды.
- Бәрімізді біледі - екі қолын алға созады
- Бізге қарап күледі - өздеріне қарай көрсетеді,
- Бір қолында сыпырғыш - оң қолдарын көтереді
- Бір қолында күрегі - сол қолдарын көтереді.

2.6. Музыкалық - қимыл ойыны "Сылдырмақты тап"

Сылдырмақтың дыбысы шығады. (Перденің артында тәрбиеші сылдырмақпенойнайды).

Музыка жетекшісі:

- Балалар, сендер естідіңдер ме? Менің ойымша, бір жерде сылдырлаған дыбысестілді ме? Енді оны іздейік.

Музыка жетекшісі мен барлық балалар сылдырмақ дауысына барып, оныперденің артында табады.

- Сонымен, сылдырмақ табылды. Оның қаншалықты әдемі екенін және қаншалықты қатты қоңырау шалатынын көріңдер. Сендер сылдырмақпен ойнағыларың келе ме?
- Олай болса, сылдырмақ туралы ән тындап ойнаймыз.

Музыка жетекшісі балаларға әнді тыңдауға мүмкіндік береді. Балаларға сылдырмақ таратады. Сөздерге сәйкес әндер сылдырмақтарда ойналады.Қолымызда сылдырмақ, Қоңырауы сылдырлап.

Сылдыр-сылдыр, сылдырмақ,
Сөлейтіндей былдырлап.

Қайырмасы:
Әні қандай әдемі,
Сәні қандай әдемі.
Сылдыр-сылдыр, сылдырмақ,
Сөйлейтіндей былдырап.

Қайда бала дауысы,
Неге тыныш зал іші?
Сылдыр-сылдыр, сылдырмақ,
Сөйлейтіндей былдырап.

Қайырмасы:
Әні қандай әдемі,
Сәні қандай әдемі.
Сылдыр-сылдыр, сылдырмақ,
Сөйлейтіндей былдырап.

Балалар қайда кетті екен,
Бұл маңайда жоқ па екен?
Ортада әлі ойын бар,
Кәне, шыға қойыңдар.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі:

- Балалар, бүгін біз кімге көмектестік?
- Дұрыс айтасыңдар, Аққалаға.
- Балалар, сендерге бүгін ән айтып, ойнап және билегендерің ұнады ма?
- Ал біз немен ойнадық?
- Олай болса, келесі жолы біз тағыда сылдырмақтармен ойнаймыз және есімізгетүсіріп

қыстың әнін айтамыз.
- Сау болыңыз!

Тақырыбы: «Қараңдаршы далаға»

Күні 10.01 .2023 ж.

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды қимылдарды музыкамен үйлестіруге үйрету. Музыканы тыңдау жәнеоған эмоционалды жауап беру қабілеттерін қалыптастыру. Бірдей қарқынмен әнайту үйрету. Балалардың тембрлік есту қабілеттерін арттыру: сылдырмақ, барабан, дабыл дауысын ажырату үйрету. Қысқы табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбилеу.

Аппақ қар, балапан, қуыршақ, сылдырмақ, құстар, Ақшақар сөздерін пайдалану. Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Сөздік жұмыс Әдіс-
тәсілдер Құрал-
жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, құс бейнеленген карточкалар, балапандар (боялмаған түсті), металлофон, сылдырмақтар,қаршықтар.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға сылдырмақтар және қаршықтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу

Музыка жетекшісі балаларды Б. Жүсіпалиевтің «Көңілді марш» әуенімен залға кіргізеді. Балалар көңілді адыммен залдың ортасына келіп тұрады.
Музыка жетекшісі қуыршақты қолына алып:
- Балалар, қараңдаршы. Бізге қонаққа Айгерим қуыршақ келіпті.
- Кәнекей, қуыршақпен амандасайық.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

"Жүгіреміз, жүреміз" музыка мен сөзі Г.Абдрахмановтікі.
Балаларға әуеннің сипатының өзгеруін анықтауға арналған жаттығу. Баяу - тез,жайдары - асықпай.

Балалар бір қатар болып тұрады. Музыка жетекші әуенді бастап айтқанда, балаларталға қарай жүреді. Әуен өзгергенде артқа қарай жүгіріп, орындарынабарады.

Жүгіреміз, жүгіреміз көтеріп аяқты,
Кәне, біздің балақай, алақай, алақай,Бір-
екі, балақай, алақай, алақай.

Бір-екі, балақай, көтеріп аяқты.
Кері қарай жүреміз, сүрінбей жетеміз,
Кәне, біздің балақай, алақай, алақай, Бір-
екі, балақай, алақай, алақай.



Бір-екі, балақай, көтеріп аяқты.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

Д.Кабалевский «Полька».
Музыка жетекшісі:
- Әйгерім әрқашан көңілді.
- Ол музыканы жақсы көреді.
- Кәнекей оған көрсетейік бздің балалар музыка қалай тыңдайды.

Музыка жетекшісі Д.Кабалевскийдің «Полька» әуенін орындайды. Балаларшығарманы мұқият тыңдайды.



Музыка жетекшісі:
- Балалар, қараңдаршы Әйгерімге әуен өте ұнады. Себебі бұл әуен көңілді жәнеоған билеуге болады.

Балалар музыка жетекшісінің көрсетуімен полька қимылдарын орындайды:
тізелерін бүгіп билейді, бір орында айналады, аяқтарын топылдатады.

2.2. "Құстра және балапандар" музыкалық-дидактикалық ойыны

Мақсаты: дауыс есту қабілетін дамыту, балаларды екі дыбысты қабылдауға жаттықтыру («до» 1 - «до» 2).

Ойын материалы: құс бейнеленген карточкалар, балапандар (боялмаған түсті), металлофон.

Ойын барысы:

Музыка жетекшісі құстар мен балапандардың дауысын еске түсіреді. Металлофонның сәйкес клавишасын ұрып: «Сізді кім шақырады - құс немесе балапан?» деп сұрақ қояды. Балалар жауап береді немесе құстардың немесебалапандардың суреті салынған карточкаларды алады (боялмаған).

2.3. Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшісі;

- Балалар, сендер көңілденіп қалған сияқтысыңдар. Ал енді ән салайық.
- Ән салар алдында білетін жаттығу орындайық.

"Бала, бала, балапан" музыка И.Нүсіпбаевтікі сөзі Ж.Смаковтікі.

Тақтада видеожазба түрінде ән салынады. Балалар музыка жетекшіменқимылдарды орындайды.

Бала, бала, балапан,
Кәне, қайсы алақан?
Саусақтарың әйбат:

Былай, былай ойнайт.

2.4. Ән салу

Музыка жетекшісі;

- Балалар, Айгерім қуыршағы сендермен бір көңілді ән салғысы келіп тұр. "Қаршақыз бен балалар" атты, сөзі мен музыкасы жазған Г.Абдрахманова. Егер сендер әнді көңілді орындасаңдар, сендерге қаршықтар беремін дейді.Балалар білетін әнді естеріне түсіреді.

- Аппақ, аппақ Қаршақыз,
- Аппақ, аппақ айнала.
- Сені күтіп жүрміз біз,
- Келші бізбек ойнашы.

Қуыршақ:

- Қыс қызығын тойлаңдар,
- Қар атысып ойнаңдар.
- Аппақ қармен би билеп,

- Маған еріп жүріңдер.

Балалар:

- Аппақ қарды аламыз,
- Қаршықтарды жасаймыз
- Кәне қарды лақтырып
- Қаршақызбен ойнаймыз.



2.5. Қимылды ойын

Музыка жетекшісі:

- Балалар, Айгерім сендерге қаршықтар дайындап әкеліптін. Кәнекей, қаршықтарды лақтырып ойнайық.

Балалар қаршықтарды лақтырып ойнайды.Музыка жетекшісі:

- Балалар, енді осы қаршықтарды маған кім жинап береді екен.

Балалар жалпы қаршықтарды жинайды.

2.6. Ән - ойын «Сылдырмақ»

Музыка жетекшісі сылдырмақты көрсетеді:

- Балалар, бұл не? Дұрыс - бұл сылдырмақ. Кәзір біз сылдырмақпен ойнаймыз. Музыка жетекшісі балаларға сылдырмақ таратып. Музыка И.Сапарбаевтікі, сөзіА.Тоқсанбаевтікі «Көңілді силдырмақтар» әнін орындайды. Балаларға тек қанамузыка жетекшімен бірге сылдырмақ ойнайтындарын түсіндіреді.



Қолымызда сылдырмақ,
Қоңырауы сылдырлап. Сылдыр-
сылдыр, сылдырмақ,
Сөлейтіндей былдырлап.

Қайырмасы:
Әні қандай әдемі,
Сәні қандай әдемі.

Сылдыр-сылдыр, сылдырмақ,
Сөйлейтіндей былдырап.

Қайда бала дауысы, Неге
тыныш зал іші?

Сылдыр-сылдыр, сылдырмақ,
Сөйлейтіндей былдырап.

Қайырмасы:
Әні қандай әдемі,
Сәні қандай әдемі.

Сылдыр-сылдыр, сылдырмақ,
Сөйлейтіндей былдырап.

Балалар қайда кетті екен,
Бұл маңайда жоқ па екен?
Ортада әлі ойын бар, Кәне,
шыға қойыңдар.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі:
- Балалар, сендерге қуыршақ Әйгерім қатты ұнады, бірақ оның үйге кететін уақыты келді. Ол сендермен ән айтуға, би билеуге және ойнауға тағы да келедідеп уәде етеді.
- Әйгерім қуыршағымен ән айтқанды және ойнағанды ұнаттыңдар ма?
- Ал, ендеше бәріміз онымен қоштасайық.
- Сау болыңдар.

Тақырыбы: «Қонжық пен көжек»
Күні17.01 .2023 ж.

Оқу қызметінің мақсаты
Балаларды өздігінен қимыл-қозғалысын өзгертуге үйрету. Балаларды қарапайым әндерді тыңдауға қалыптастыру. Әннің көңілді сипатын жеткізу үйрету. Музыкаға эмоционалды түрде орындап, қимылдарды музыка жетекшімен бірге қайталау үйрету.

Сөздік жұмыс
Паровоз, бубен, аю, қонжық, қоян, көжек сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер
Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, ойыншық қоян, аюға арналған бетпердесі, бубен.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу

Балалар Р. Рустамовтың «Біз жүреміз» атты шығарманың әуенімен залға кіреді. Музыка жетекші марш әуенін ойнайды, балаларды музыкамен өздігінен жүруге шақырады. Балалар өздеріне таныс музыкамен қимыл-қозғалысты өз бетінше орындайды.

- Сәлеметсіңдер ме, балалар, мен сендердің барлығыңызды көргеніме қуаныштымын.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

"Поезд" музыка Ж.Тұрсынбаевтікі сөзі А.Асылбектікі.

Қиындықтан қашпайық,
"Пойыз" ойын бастайық.
Бип, бип, бип.
Мен паровоз от алам,
Астанаға бет алам. Бип, бип,
пыш.
Бірте, бірте тездейміз, Тез
жетуді көздейміз. У,у-у.
Көп қаладан өтеміз,
Астанаға жетеміз. У, у-у.
Қызық болды, кеп қалдық, Енді
жайлап тоқталық. Бип, бух, пыш,

Музыкалық жетекші:

- Балалар, біз бүгін орман тұрғындарының не істеп жатқанын көру үшін орманға барамыз.
- Ал орманға пойызбен барамыз.
- Сендер пойызбен саяхаттағыларың келе ме? Олай болса, көліктерге жайғасыңдар.


Музыка жетекшісі орындықтарды бір-бірлеп орналастырады. Балалар «пойыз вагондарынан» орын алады (орындықтарда).

Музыка жетекшісі ән орындайды және қолды шынтағына бүгіп дөңгелек қимылдар көрсетеді, балаларды өзінен кейін қайталауға шақырады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау "Аюлар"

Музыка жетекшісі Е.Тиличееваның "Аюлар"
атты шығарманы орындайды.



Интербелсенді тақтада аюлардың бейнесі шығады.

Музыка жетекшісі:

- Балалар, қараңдаршы, бізге кім келе жатыр?

- Аю, сен неге ұйықтап жатқан жоқсың?

- Балалар, ол сендермен ойнағысы келеді. Аюдың музыкасын тыңдаңдар. Аю сияқты болайық.

Музыка жетекшісі көрсеткендей балалар аяғын жігерлі түрде басады. Бір жағынан екінші жағына ыңғайсыз еседі.

Музыка жетекшісі:

- Жарайсыңдар балалар. Сендер аюға да ұнады деп ойлаймын.

2.2. Музыкалық - дидактикалық ойын "Бубенмен ойын"

Музыка жетекшісі:

- Балалар, қараңдаршы, қоңыр аю сендерге бубен тастап кетті. Осы бубенмен ойнап көреміз бе?

Балалар жартылай шеңберге тұрады, музыка жетекшісі әуенмен бубенді балаға әкеліп, бубенді қағуға мүмкіндік береді, қалған балалар алақандарын соғады. Музыка жетекшісі баладан кімге бубенді бергісі келетінін сұрайды. Содан кейін олар баламен бірге, мысалы, Алиханға жақындайды. (Балалардың аттары әр уақытта өзгеріп отырады).

2.3. Дауыс жаттығулары Музыка жетекшісі:

- Ән салатын кез келді. Алдында жаттығу жасап алайық. - Он саусақ екі қолда,

- Он башпай екі аяқта, - Екі құлақ, екі көз,

- Мұрының жалғыз бірақ та: - Бірге шапалақта.

2.4. Ән салу Музыка жетекшісі:

- Балалар, біздің досымыз аю ұйықтауға кеткен сияқты. Ал мынау кімнің құлақтары көрініп тұр.

Музыка жетекшісі ойыншық қоянды көрсетеді.

- Бұл қоян ғой аюдың досы. Ол бізге ренжіп отыр, менімен ойнамайсыңдар деп. Кәнекей қоян туралы бір ән айтайық.

Музыка жетекшісі "Сұр қоян" музыкасы А.Филиппенко сөзін К.Үбанұлы жазған әнді орындап береді. Балалармен әуенді "ля-ля-ля" деп жаттатады. Қимылдарын музыка жетекшісінің көрсетуімен орындайды.


Сұр қоян

- Ұзын құлақ сұр қоян,
- Естіп қалып сыбдырды,
- Ойлы-қырлы жерлермен, - Ытқып-
ытқып жүгірді.

2.5. Би "Қоңыр қонжық" Т.Сарыбаевтікі. Музыка
жетекшісі:
- Біздің қоңыр аюға арналған биіміз бар. Сендер әнді мұқият тыңдап, сөздеріне сәйкес қимылдарды орындаңдар.
Музыка жетекшісі әнді орындап, балаларға қимылдарын көрсетеді. Балалар шеңбер бойымен тұрып қимылдарды қайталайды.



- Қоңыр қонжық көңілді (қонжық болып қорбандайды) - Міне, бізге
келеді.
- Шапалақтап, қуанып, (балалар шапалақтайды) - Иеліп сәлем
береді. (иеледі)
- Қоңыр қонжық көңілді, (қимыл қайталанады) - Міне бізге
келеді.
- Топылдатып, айналып, (аяқтарын топылдатады) - Көңілді билеп
береді. (айналады).

2.6. Музыкалық қимылды ойын "Аю"
Мақсаты: жүгіру кезінде жаттығу жасау, мәтінге сәйкес әрекет етуге үйрету, балалардың тілін дамыту.Тәрбиеші аюға арналған бетпердесін киеді. Аю қисая ұйықтап жатқан түрін көрсетеді.
Балалар айналып жүреді:
- Бірде орманда жүрдік - Қоңыр
аюды көрдік
- Ол ағаштың астында
Ұйықтап қалыпты масқара. - Тұр, аю, тездет,
- Бізді қуып жет!

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі:
- Балалар, біз бүгін сендермен қайда саяхаттадық? Дұрыс, орманға. - Ал біз кіммен
орманда кездестік? Аю.

- Аю сендермен ойнаған ойындар ұнады ма?
- Тағыда немен кездестік? Не туралы ән салдық?.
- Ал мен сендермен қоштасамын, сау болыңдар, балалар.

Тақырыбы: «Кел, балақан»
Күні 24.01 .2023 ж.

Оқу қызметінің мақсаты
Балаларға әуен басталған кезде қимыл - қозғалысты бастауға және оның соңында аяқтауға үйрету. Балаларды ән тыңдауға, олардың мазмұнын түсінугеүйрету. Шашыраңқы күйде би қимылдарын орындау; әннің мазмұнын өзгерте отырып, қимылдарды өзгерту. Музыкалық әуен ырғағына қарай қимыл жасауғатәрбилеу.

Сөздік жұмыс
Вальс, құстар, конырау, поезд, марш, торғайлар сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер
Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс,пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар
1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, жалаушалар, қуыршақ,ойыншықтар: ит, әтеш, қоян, мысық, аю.
2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР
Әр балаға жалауша.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ
1.1. Сәлемдесу
Музыка жетекшісі балаларға "поезд" болып залды айналып «серуендеуге» шақырады.
«Поезд» музыкасы Ж.Тұрсынбаев, сөзі А.Асылбек.
- Сәлеметсіңдер ме, балалар, мен сендердің барлығыңызды көргеніме қуаныштымын.

Қиындықтан қашпайық,
"Пойыз" ойын бастайық.

Бип, бип, бип.

Мен паровоз от алам,

Астанаға бет алам.

Бип, бип, пыш.
Бірте, бірте тездейміз,

Тез жетуді көздейміз.

У,у-у.

Көп қаладан өтеміз,

Астанаға жетеміз.

У, у-у.
Қызық болды, кеп қалдық,

Енді жайлап тоқталық.

Бип, бух, пыш,

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Е.Тиличееваның «Марш және жүгіру»

Балаларға музыканың өзгеруіне қарай әрекет жасауға үйрету. Жаттығу музыканың әр түрлі табиғатын ажыратуға көмектеседі. Негізгі қимылдарды:жүру мен жүгіруді орындау қабілеті дамиды.

Балалар бөлмеде еркін қозғалады.
Музыка жетекшісі балалардың назарын тақтаға аударады және Е.Тиличееваның «Марш пен жүгіру» әуенінің бейнежазбасын көрсетеді.

Музыка жетекшісі:
- Балалар, жауынгер қолына жалаушамен қалай жүретінін қараңдаршы. Біз де

онымен бірге жүрейік.
Музыка жетекшісі балаларға жалаушаларды таратады. Балалар залдың айналасында еркін жүреді. Музыка жетекшісі балалардың назарын әуенніңөзгергеніне аударады.
- Балалар, баланы қараңдар, ол енді әскери емес, спортшы, әрі өте жақсыжүгіреді.
Біз де онымен бірге жүгірейік.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

«Торғай» музыка А.Райымқұловтікі сөзі халықтікі
Аудиожазбада торғайлардың гүрілі естіледі.

Музыка жетекшісі:
- Балалар, бұл не? Құстар.
- Дұрыс, бұлар торғайлар. Қыста торғайлар тоңады. Қараңдаршы мынау торғайлар тоңып қалыпты.



Музыка жетекшісі қыста торғайдың суретін көрсетеді.А.Райымқұловтыңтың «Торғай» пьесасын орындайды.
- Енді қыста тоңып қалмас үшін торғайдай секірейік.

2.2. Музыкалық - дидактикалық ойын "Қуыршақты оят"

Мақсаты: Балаларға әр түрлі сипаттағы музыканы: мейірімді бесік жырын, көңілді би музыкасын ажырата білуге үйрету. Берілген музыкаға сәйкесәрекеттерді орындау.
Ойын материалы: қуыршақ, ойыншықтар: ит, әтеш, аю.
Ойын барысы:
Музыка жетекшісі «Бесік жырын» айтып, қуыршақты тербетеді. Содан кейін ол балаларды оны оятуға шақырады. Балалар қуыршақты атымен атайды немесекөңілді әуенмен қолдарын шапалақтайды - «қуыршақ оянады». Ән қайталанғанкезде қуыршақты ойыншықтар оятуға болады: «ит», «әтеш», «аю».

2.3. Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшісі:
- Ән салатын кез келді. Алдында жаттығу жасап алайық.
- Он саусақ екі қолда,
- Он башпай екі аяқта,
- Екі құлақ, екі көз,
- Мұрының жалғыз бірақ та:
- Бірге шапалақта.

""Зерек ботақан"" №10, 2015, 27 бет, olen2030.kz"

2.4. Ән салу

Музыка жетекшісі:

- Балалар, қыста құстар тоңады, біз оларға көмектесуіміз керек. Енді құстарғатұқым себейік. (Балалар құстарға дән сепкендей саусақтарымен қимыл көрсетеді).

Музыка жетекшісі әуені Ж.Кәдірмағамбетовтың Т.Молдагалиевтің сөзінежазылған «Құстар келді» әнін орындайды.

"Музыка" хрестоматиясы 3-4, "Арман" баспанасы, 2015жыл, 29 бет.

- Ұшып келді топ тоорғай,
- Ұшып келді көп торғай.
- Жер жемісі өсе ме,
- Аспан көлін ақтармай.

Музыка жетекшісі әннің әуенін «ля-ля-ля» деп балалармен бірге үйренеді жәнебірінші шұмағының сөздерін үйретеді.

2.5. Би

"Билейміз" музыка Е.Андосовтікі.Музыка жетекшісі:

- Балалар, билейтін кез де келді. "Билейміз" атты көңілді би бар. Мен кәзір сендерге бидің қимылдарын көрсетеміг, ал сендер менімен бірге қайталайсыңдар.

Балалар музыка жетекшінің көрсетуімен бірге билейді.

Балалар жұптасып қарама-қарсы тұрып, әуенмен қол шапалақтайды. Қолдарын белдеріне қойып, жеңіл тізе бүгу - "серіппе" қимылын орындайды.Қолұстасып, екеуден айналады.

Әуен аяқталғанда бір-біріне иеледі.

2.6. Қимылды ойын "Ойыншықты тап"

Мақсаты: Таныс шығармаларды тану қабілетін дамыту.

Ойын материалы: әндердің мазмұнына сәйкес келетін ойыншықтар немесесуреттер: қоян, аю, мысық, әтеш және т.б.

Ойын барысы: Музыка жетекшісі пьесаны тыңдап, ойыншық таңдауды ұсынады.Бала өзінің табиғаты бойынша кім бола алатындығын анықтайды. Балалар ойыншықтары таусылғанша ойнайды.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі:

- Балалар, маған сендердің бүгінгі ән мен билегендерің қатты ұнады.
- Сендер ойнағанды және билегенді ұнаттыңдар ма?
- Мен келесі жолы сендерге тағы да көптеген қызықты әндер мен ойындар дайындаймын.
- Ал енді мен сендермен қоштасамын. Сау болыңдар, балалар.

Тақырыбы: «Қолғап киіп алдық, суықтан қорықпаймыз»

Күні 31.01 .2023 ж.

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға әуен басталған кезде қимыл-қозғалысты бастауға және оның соңында аяқтауға үйрету. Жоғары, орташа және төмен орындалатын дыбыстарды ажырата білу қабілетін дамыту. Жаңа әнмен таныстыру. Сөздердіқайталай отырып ән айтуды үйрету. Музыкалық аспаптарды ұстай білуге тәрбиелеу. Сигнал бойынша музыка аспаптармен орындау үйрету. Шашыраңқықүйде би қимылдарын орындау; әннің мазмұнын өзгерте отырып, қимылдардыөзгерту қабілетін дамыту.

Сөздік жұмыс

Бас бармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек сөздердіпайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс,пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, ленталар, домалақ жіптер,құрсау (обруч).

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға ленталар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу«Жүру адымы» (аяқты топылдату)



Балалар залға М.Раухвергердің «Автомобиль» әуенімен кіреді.

Музыка жетекшісі:

- Сәлеметсіңдер ме, балалар, мен сендердің барлығыңызды көргеніме қуаныштымын.

Музыка жетекшісі балалардан аяқтарын топылдатып басуды сұрайды. Қолдарын белдеріне ұстап, арқаларын тік ұстауды түсіндіреді.Балалар шашыраңқы жүреді.Музыка жетекшісі:

В.Агафонниковтың «Үлкен және кіші аяқтар» музыкасы.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

В. Агафонниковтың «Үлкен және кіші аяқтар» әуені естіледі. Экранда әннің бейнежазбасы шығады.

Музыка жетекшісі:
- Балалар, қараңдаршы жолда қандай үлкен ақтар келе жатыр. Біз де пілдерсияқты үлкен аяқтармен жүреміз..
Әуен өзгереді.
- Ал кім осындай кішкентай аяқпен жүгіріп жүр? Дәл сол, бұл тышқан. Біз де кішкентай тышқандай жүгіреік.
«Жүгіру және қолдарды сермеу» «Вальс» музыкасы А.Жилинікі.

Музыка жетекшісі балаларға ленталар таратып, олармен жаттығуды орындауға шақырады.
Музыка жетекшісі:
- Балалар, біз осы ленталармен билегенбіз. Қозғалыстарымызды еске түсірейік. Балалар қолдарына ленталарын ұстап жүгіреді, музыка жетекшінің көрсетуіменолар тоқтап, лентаны оң және сол қолдарымен айналдырады. Әуен өзгерген кезде, олар музыкалық жетекшінің артынан жүгіреді, тоқтайды, орнында айналады."

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

«Полька» муз.З. Бетман



Музыка жетекшісі балаларға билеп жүрген балалар бейнеленген бірге суретті көрсетіп, оларға қарауды ұсынады. Балалардың назарын көңілді жүздерге аударады және балалар полька биін билеп жатқанын түсіндіреді.



Музыка жетекшісі:
- Балалар, мына суретке қараңдаршы, кімді көріп тұрсыңдар? Менің ойымшаолар қандай қуанышты балалар, олар билегенді ұнатады. Балалар билейтін польканы тыңдайық."

2.2. Музыкалық - дидактикалық ойын «Би билейік, демалыңыз»

Мақсаты: музыканы эмоционалды қабылдауды дамыту.
Ойын барысы: Музыка жетекшісі көңілді музыка ойнайды, осы музыкамен неістеуге болатынын сұрайды (би, балалар би - айналдыру, секіру, шапалақтаужәне т.б.). Баяу қайғылы музыка ойнайды, енді не істейміз деп сұрайды.
Ұйықтаймыз, демаламыз (балалар көздерін жұмып, ұйықтап жатқандай болады).

2.3. Дауыс жаттығулары

Ритм сезімін дамыту үшін: «Дыбыстық доп»

Музыка жетекшісі балаларға әтештің түрлі-түсті домалақ жіпті әкелгенін айтады. Музыка жетекшісі домалақ жіпті ашып тарқатады да әндетеді: «У-у-у»деп. Дыбыс үзілгенде жіп қайшымен кесіледі. Әр түрлі ұзындықтағы жіптер осылайша кесіледі. Содан кейін ол балаларға күлімсіреген күннің суретін көрсетіп, суреттің үстінен саусақпен жүгіріп өтіп, ұзақ немесе қысқа дыбыс айтуды сұрайды.

2.4. Ән салу

Музыка жетекшісі балаларға қолдың суретін көрсетіп, ондағы саусақтармен таныстырады.



Балалардан қолдарын көтеріп, саусақтарын көрсетуін сұрайды. Өзі саусағынкөрсетіп, саусақтардың аттарын атайды.

Бас бармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек.Енді саусақтарын көрсете отырып әндетеді.



«Көңілді саусақтар» музыкасы мен сөзін жазған Г.Абдрахманов.

Ал балалар, балалар,
Секіріңдер, ойнаңдар.
Ойнатайық саусақтарды,
Шапалақты соғыңдар.
Саусақтарым көңілді.
Мың бұралып билейді.
Алақандар кездессін,
Көңілденіп соғыңдар.

Музыка жетекшісі әнді айтып береді. Ән қайталанғанда балалармен бірге қимылмен айтады.

Отбасы мүшелерінің суретін көрсетіп, саусақтарымен санап, саусағыменқимылдар жасауы тиіс.

«Нешеуміз?» деген сұраққа «бесеуміз» деп жауап берулерін талап ету керек.

«Бір үйде біз бесеуміз» деген сөзге бес саусақтарын көрсетеді.

2.5. Би

Музыка жетекшісі:

- Балалар өткен сабақта біз көңілді би биледік. Сол бидің қимылдарын есімізге түсірейік.

"Билейміз" музыка Е.Андосовтікі.

Балалар музыка жетекшінің көрсетуімен бірге билейді.

Балалар жұптасып қарама-қарсы тұрып, әуенмен қол шапалақтайды. Қолдарын белдеріне қойып, жеңіл тізе бүгу - "серіппе" қимылын орындайды.Қолұстасып, екеуден айналады.

Әуен аяқталғанда бір-біріне иеледі.



2.6. Музыкалық - қимылды ойын "Үйшігіңді тап"

"Үйшігіңді тап" музыкасы Т.Сарыбаевтікі

Ойыңға үйшік орнына 5+6 құрсау (обруч) қолданылады.Музыка жетекшісі:

- Босқа қара тұрмайық,
- Көңілді ойын ойнайық.

Әнді музыка жетекшісі орындайды.

- Шеңбер жасап жүрейік, (балалар қол ұстасып, шеңбер бойымен әнді тыңдайақырын жүреді)
- Ойын шартын білейік.
- Әуен ойнап біткен соң,
- Үйшікке біз кірейік.

Әуен тез ойналғанда балалар жүгіріп, құрсау үйшіктерге кіреді.



3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі:

- Балалар, сендерге бүгін музыка залында ойнау ұнады ма?
- Ал бізге қонаққа кім келді? Дұрыс әтеш.
- Ал әтеш не әкелді?
- Сабақта бізде тағы қандай ойыншықтар болды?

Ал мен сендермен қоштасамын, сау болыңдар,

Тақырыбы: «Ұшаққа отырайық, биікке самғайық»
Күні: 7.02 .2023 ж.

Оқу қызметінің мақсаты
Балалар жұптасып тұруға үйрету. Баланы музыкамен баулу, оның есту тәжірибесін байыту, сүйікті музыкалық шығармалар қорын көбейту. Балаларға музыкалық шығармалар сипатындағы өзгерістерді сезінуге, олардың логикалыққорытындыларын тыңдауға үйрету. Әннің ерекшелігіне сай әуезді, сырттай ән айтуға баулу. Балаларды жұппен билеуге үйрету. Эмоционалды күйді мимикамен білдіру үйрету. Жаңа ойынмен таныстыру.

Сөздік жұмыс
Қуыршақ, аяқ, бесік жыры сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер
Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс,пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, руль, сылдырмақтар.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР
Әр балаға сылдырмақ.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу
Балалар залға В. Агафонниковтің «Үлкен және кіші аяқтар» әуенімен кіреді. Музыка жетекшісі балаларды таныс жаттығуды еске түсіріп, оны қуыршақпенбірге орындауға шақырады.

Музыка жетекшісі:
- Балалар, қараңдаршы біздің қуыршақ Әйгерім бізге қонаққа келді. Оған сендердің «Үлкен және кіші аяқтар» ойыны өте ұнайды. Ал, енді тағы да үлкен-кішкентай аяқтармен ойнайық.
- Пілдің үлкен аяқтары қалай жүреді?
- Ал тышқанның кішкентай аяқтары қалай жүгіреді?

Экранда әннің бейнежазбасы пайда болады.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар
"Автомобиль" муз.М.Раухвергера.



Музыкалық жетекші балаларды көлік мінуге шақырады, қалаған балаға рульбереді.

- Балалар, қуыршақ Әйгерім бізді қонаққа шақырады. Олай болса, көлікпен жүрейік. Әлихан біздің жүргізушіміз, ал біз жолаушылар боламыз.

Балалар жүргізушінің артында тұрып, залда топылдатып қадаммен қозғалады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

"Ұйықта бөпем" музыкасы К.Шілдебаевтікі сөзі А.Асылбековтікі.



Музыка жетекшісі балаларға анасының баласын тербетіп тұрған суретін көрсетеді. Музыка жетекшісі музыканың асықпай, жұмсақ екенін, оны тыңдағанда ұйқыларын келетінің айтады.



Музыка жетекшісі:

- Балалар, суретке қараңдаршы. Ана баласын төсекке жатқызып ұйықтатып жатыр. Ал біз қалай ұйықтайтынымызды көрсетіңдерші. Ана баласын ұйықтатуүшін бесік жырын ақырын айтады. Баланы оятып алмау үшін тыныш жүрейік.

Балалар аяқтың ұшымен жүріп залдың ортасына шығып, шеңбер құрып тұрады.

2.2. "Торғайлар мен автокөлік" музыкалық - дидактикалық ойыны

Музыка жетекшісі:

- Жарайсыңдар, енді әрі қарай жүрейік.

М.Раухвергердің «Торғайлар» әуені ойналады.



- Балалар, менің ойымша бұл торғайлардың музыкасы. Торғай болып ұшайық.

М.Раухвергердің «Автомобиль» музыкасы ойнап тұр.

- Міне, біздің көлік те келді. Ары қарай жүрейік.

Ойын қайталанады. «Торғай» әуенімен балалар бөлмені айналып жүгіреді «құстар ұшады». «Автокөлік» әуенімен олар бөлшек адыммен қозғалады(машина жүреді).

2.3. Ырғақ сезімін дамыту: «Аттармен ойнау»

Музыка жетекшісі баланың атын табуды ұсынады. Қолдарымен, тізелерінен, іштерінен есімін ырғағын соғады.

"Ақырын - қатты"

Балаларды өз аттарын дауыстап немесе ақырын айтуға шақырады, содан кейін forte дыбысына қол соғады, ал piano дыбысына қолдарын сермейді. Содан кейін әндетіп, Әйгерім қуыршағының атын шапалақтайды.

2.4. Ән салу

Музыка жетекшісі балаларға жаттаған әнді естеріне түсіруді ұсынады.
«Көңілді саусақтар» музыкасы мен сөзін жазған Г.Абдрахманов.



Ал балалар, балалар,

Секіріңдер, ойнаңдар.

Ойнатайық саусақтарды,

Шапалақты соғыңдар.

Саусақтарым көңілді. Мың

бұралып билейді.

Алақандар кездессін,

Көңілденіп соғыңдар.

Музыка жетекшісі әнді айтып береді. Ән қайталанғанда балалармен бірге қимылмен айтады.

2.5. Би

"Жайдарман" қазақ халық әні өндеген К.Куатбаев.Музыка жетекшісі:

- Балалар, Әйгерім сендерге таныс аспап - сылдырмақты алып келіпті. Кәнекейосы сылдармақтармен билеп көрейік.

Музыка жетекшісі балаларға сылдырмақтарды таратады.

- Кәне, кәне, тұрайық,
- Шеңберді тез құрайық.
- Сылдырмақты көңілді
- Былай - былай соғайық, -

деп сылдырмақты жоғары көтеріп, ойнап көрсетеді.

Балалар сылдырмақты жоғары көтеріп сылдырлатады.

Бір аяқтың тізесін сәл бүгіп, сылдырмақты ақырын тізеге соғып сылдырлаталды.әуен екінші рет қайталанғанда - сылдырмақты екінші бос алақанға соғады.

Сылдырмақты жоғары көтеріп, бір орында айналады.



2.6. Музыкалық ойын "Күн - түн"

Музыка жетекшісі:

- Ал енді біз «Күн мен түн» ойынын ойнаймыз.
- Біз күндіз не істеп жатырмыз? Дұрыс айтасыңдар, ойнаймыз.
- Ал түнде біз не істеп жатырмыз. Жарайсың, біз түнде ұйықтаймыз.
- Сонымен, күн болғанда біз жүгіреміз, секіреміз және билейміз, мен сендерге түн келді деп айтсам бәріміз ұйықтаймыз.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі:

- Балалар, қараңдаршы, қуыршақ Әйгерім ұйықтап жатыр. Ол шаршап, ұйықтағысы келеді.
- Оған кедергі жасамай, тобымызға барайық.
- Келесі жолы біз міндетті түрде керемет әндер ойнаймыз және шырқаймыз.
- Ал енді, сау болыңдар, балалар.

Тақырыбы: «Машина»

Күні: 14 .02.2023 ж.

Оқу қызметінің мақсаты

Музыкалық фразалардың өзгеруіне назар аударуды үйрету. Балаларға музыка табиғатына эмоционалды жауап беру, табиғи дауыспен, бір қалыпты ән айту қабілеттерін дамыту. Музыкалық фразалардың алдында тыныс алуды үйрету. Музыкалық шығармашылық туралы түсініктерін толықтыру. Еске сақтау қабілетін дамыту, ырғақты сезіну. Музыкаға сүйіспеншілікті тәрбиелеу.
Музыкалық аспаптарды ажыратуды үйрену.

Сөздік жұмыс

Қоян, көлік, руль, аспаптар сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, көркемсөз, миға шабуыл, кері байланыс,пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, музыкалық аспаптар:труба, қоңырау, музыкалық балға; мысық (жұмсақ ойыншық), қорап.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу

Музыкалық жетекші бір балаға аюды беріп, қалғандарына олардың арттарынанжүру керектігін айтады. Бастарын жоғары көтеріп, арқаларын тік ұстап жүру керегін естеріне салады.

Музыкалық жетекші:
- Балалар, бүгін біз аюдың артынан жүреміз, ал Аяла оған көмектеседі.

1.2. Музыкалық-ырғақты қимылдар

«Аю» әні. Әуені Е. Тиличеева.
Музыкалық жетекші балаларға "аю" болып жүруді ұсынады:
- Балалар, аю музыкалық сабаққа барғысы келеді. Бәріміз бірге аю сияқтыбилейік.

Балалар аяқтарымен топылдатады, қолдарын алдына дөңгелетіп қояды. Бірорында айналады, оңға-солға тербетіледі.

Музыкалық жетекші:
- Жарайсыңдар, балалар, сендер нағыз аюлар сияқты биледіңдер. Аюға даұнаған сияқты.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау.

"Тәтті бала". Әні Т.Сопиев, сөзі С.Оспанов.
Музыкалық жетекші жаңа пьесаның сипаты туралы айтады. Тәтті бала кім екенінжәне оны неге тәтті деп атайтынын түсіндіреді.

Музыкалық жетекші:
- Балалар, сендер тәтті бала кім екенін білесіңдер ме?
- Тәтті балалар деген сендерсіңдер ғой.
- Үйде ата-аналарың еркелете ме?
- Бұл көңілді әуенді қайтадан тыңдайық.

Тәй-тәй басып жүргені,
Жылағаны, күлгені, беті, қолы, жанары,
Шашы, басы, қабағы.
Тәтті ғана балақан! 2рет
Апасына ұқсаған,
Атасына да ұқсаған.
Әкесіне де ұқсаған,
Әпкесіне де ұқсаған.
Тәтті ғана балақан! 2рет

2.2. Музыкалық-дидактикалық ойын "Бізге ойыншықтарды әкелді.

Мақсаты: балаларға дыбыс күшін ажырата білуге үйрету.

Ойын материалы: музыкалық аспаптар: труба, қоңырау, музыкалық балға; мысық(жұмсақ ойыншық) қорап.

Ойын барысы: музыкалық жетекші лентамен байланған қорапты алып, ішінен жұмсақ ойыншық мысықты шығарып, «Мысық» әнін орындайды. Содан кейін олқорапта музыкалық ойыншықтар бар екенін айтады, балалар оларды дыбыстарынан таныса, мысық оларды балаларға беретінін айтады.

Музыкалық жетекші балаларға байқатпай (кішкентай экранның артында) музыкалық аспаптарда ойнайды. Балалар оларды дыбыстардан табады. Мысықбалаға ойыншықтар береді, ол қоңырау соғады (музыкалық балғаны қағып, трубада ойнайды)

Содан кейін мысық ойыншықты басқа балаға береді.

2.3. Дауыс жаттығулары

"Бала, бала, балапан". Әні И.Нүсіпбаев, сөзі Ж.Смаков.

Балалар музыкалық жетекшімен қимылдарды орындайды.

Бала, бала, балапан (Балалар алақандарын жаяды.)

Қәне, қайсы алақан?

Саусақтарын әйбат. (Саусақтарын көрсетеді.)

Былай, былай ойнат. (Саусақты білезіктен айналдырады.)

Топ-топ, топ-топ басайық, (Аяқтарын топылдатады.)

Жалаудан күн жасайық.

Жаса, жаса, жарқын күн, (Қолдарын жоғары көтеріп

Жаса, жаса, алтын күн. Күнді көтереді.)

2.4. Ән салу.

"Машина". Әні К.Куатбаев, сөзі Т.Тұяқбаев,Музыкалық

жетекші:

- Балалар, аналар мен әкелер сендерді таңертең балабақшаға немен әкеледі?
- Дәл солай, көлікпен. Сендер көлік мінгенді ұнатасыңдар ма?
- Жүргізуші көлікті қалай басқарады? Маған көліктің рулін көрсетіңдерші.

Автокөлік қалай қоңырау соғады? Жарайсыңдар!

- Бүгін біз көлік туралы керемет ән үйренеміз.
- К.Куатбаевтың «Машина» әнін тыңдаңдар.
- Музыкалық жетекші балаларға әнді орындап береді.





«Бип-бип» - дейді,
«Жолдан былай кет» дейді.

Күшікті басуға, басуға,

Болмайды, болмайды, машина!

Бип-бип-бип!

Бип-бип-бип!
Бип-бип-бип!
«Бип-бип» - дейді,
«Жол шетінде жүр» - дейді.

Көшеде жүргуге асыға,

Болмайды, болмайды, машина!

Бип-бип-бип!

Бип-бип-бип!
Бип-бип-бип!
Балалар әуенді «ла-ла-ла» дыбыспен үйренеді. Содан кейін музыкалық жетекшібалалармен бірге әннің сөздерін қайталайды.

2.5. Би.

Музыкалық жетекші:
- Балалар, аюмен бір көңілді би билейік,Би

"Қоңыр қонжық" Т.Сарыбаев.

Музыкалық жетекші әнді орындап, балаларға қимылдарын көрсетеді. Балаларшеңбер бойымен тұрып қимылдарды қайталайды.

- Қоңыр қонжық көңілді (қонжық болып қорбандайды)
- Міне, бізге келеді.
- Шапалақтап, қуанып, (балалар шапалақтайды)
- Иіліп сәлем береді. (иеледі)
- Қоңыр қонжық көңілді, (қимыл қайталанады)
- Міне бізге келеді.
- Топылдатып, айналып, (аяқтарын топылдатады)
- Көңілді билеп береді. (айналады).


Қоңыр қонжық

2.6. Музыкалық-қимылды ойын "Сылдырмақты тап".

Сылдырмақтың дыбысы шығады. (Перденің артында тәрбиеші сылдырмақпенойнайды).

Музыкалық жетекші:
- Балалар, сендер естідіңдер ме? Менің ойымша, балалар, бір жерде

сылдырлаған дыбыс естілді ме? Енді оны іздейік.

Музыкалық жетекші мен бар балалар сылдырмақ дауысына барып, оны перденіңартында табады.

- Сонымен, сылдырмақ табылды. Оның қаншалықты әдемі екенін және қаншалықты қатты қоңырау шалатынын көріңдер. Сендер сылдырмақпен ойнағыларың келе ме?

- Олай болса, балалар, сылдырмақ туралы ән тындап ойнаймыз. Музыкалық жетекші балаларға әнді тыңдауға мүмкіндік береді. Балаларғасылдырмақ таратады. Сөздерге сәйкес әндер сылдырмақтарда ойналады. Қолымызда сылдырмақ,

Қоңырауы сылдырлап. Сылдыр-

сылдыр, сылдырмақ,

Сөлейтіндей былдырлап.

"Көңілді сылдырмақтар". Әні И.Сапарбай, сөзі А.Тоқсанбаев.



Қолымызда сылдырмақ,

Қоңырауы сылдырлап. Сылдыр-

сылдыр, сылдырмақ,

Сөлейтіндей былдырлап.

Қайырмасы:

Әні қандай әдемі, Сәні

қандай әдемі.

Сылдыр-сылдыр, сылдырмақ,

Сөйлейтіндей былдырап.

Қайда бала дауысы, Неге

тыныш зал іші?

Сылдыр-сылдыр, сылдырмақ,

Сөйлейтіндей былдырап.

Қайырмасы:

Әні қандай әдемі, Сәні

қандай әдемі.

Сылдыр-сылдыр, сылдырмақ,

Сөйлейтіндей былдырап.

Балалар қайда кетті екен,

Бұл маңайда жоқ па екен?

Ортада әлі ойын бар, Кәне,

шыға қойыңдар.

3. ҚОРЫТЫНДЫ
Музыкалық жетекші:
- Балалар, сендерге бүгінгі сабағымызда не ұнады?
- Біз бүгін қандай ойыншықтармен ойнадық?
- Менің сабағыма тағыда келесің бе?
- Маған ендердің бүгінгі ән мен билегендерің өте қатты ұнады.
- Сау болыңдар, балалар.

Тақырыбы: «Бір үйде біз нешеуміз?»
Күні 21.02 .2023 ж.

Оқу қызметінің мақсаты
Балаларды шеңбер бойымен қозғалуға үйретуді жалғастыру. Балалардың есту тәжірибесін әр түрлі биіктік пен тембрлік дыбыстармен байыту. Балаларды шеңбер бойымен қозғала отырып, заттармен қарапайым қимылдарды орындауғаүйрету. Балаларды ән айтқанда қимылмен үйлестіруге, қимыл-қозғалыс кезінде музыканың сипатын жеткізу қабылетін дамыту. Балаларға таныс би қимылдарынқолдануға және оларды әуенмен орындауға үйрету.

Сөздік жұмыс
Аю, қоян, бақа, мысықай сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер
Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс,пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, музыкалық баспалдақ,ойыншықтар: үлкен және кішкентай мысық, аю, қоян, сылдырмақтар.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР
Әр балаға сылдырмақ.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу
Балалар залға Е. Тиличеева «Марш» әуенімен кіреді.

Музыка жетекшісі балаларға залдың ішінде жүру ұсынады.
Музыка жетекшісі балалардың назарын үйге аударады.
- Балалар, қараңдаршы, үй бізді қарсы алады.
- Бірақта онда кім тұрады?

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі:
- Бұл үй балаларға арналған ба?
- Мүмкін, жануарларға керек шығар?
- Біздің үйде кім тұрады екен? Бізге музыка көмектеседі.

Е.Тиличееваның «Аю» пьесасы ойналады



з бұл әуенді білеміз! Бұл әуенге кім жүреді?

.

е кім тұрады.

екшісі ойыншық аюды үйден алып шығады.

- Ал міне, бізге таныс аю. Кәне, аюмен бірге би билейік.

Балалар аяқтарымен топылдатады, қолдарын алдына дөңгелетіп қойып. Бірорында айналады, оңға-солға тербетіліп.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

"Қояндар" музыка Т.Ломова.



- Балалар, тыңдаңдар, менің ойымша, біздің үйде тағыда біреу тұрады. Бұл кім болуы мүмкін?

Музыка жетекшісі ойыншық қоянды үйден алып шығады.
- Ия, бұл қоян. Олар біздің үйде аюмен бірге тұрады.
- Қоян қалай секіреді? (балалар секіруді орнында орындайды).

2.2. Музыкалық - дидактикалық ойын "Мысықай мен мысық"

Музыка жетекшісі:
- Бұл үйшікте тағыда кім тұрады екен?

Музыка жетекшісі үйшіктен ойыншық мысықты алып шығады,
- Балалар, қараңдаршы, бұл мысық қой. Мысық бізге қызықты ойын алып келіпті.

Ойынның аты "Мысықай мен мысық".

Мақсаты: дыбыстың биіктігін айыруға арналған ойын.

Ойын материалы: музыкалық баспалдақ, ойыншықтар: үлкен және кішкентаймысық.

Музыка жетекшісі әуенді орындайды, бір бала мазмұнына байланысты мысықайдың қимылын баспалдақпен жоғары қарай көрсетеді де, биік дыбыспенмияу десе, ал мысық (басқа бала) төменде тұрып жуан дыбыспен мияу дейді.

Содан кейін музыка жетекшісі кімнің әндетіп тұрғанын табуды ұсынады, мысықпа әлде мысықай ма.

Мысықай өрлеп ақрын,

Басына шықты сатының.

Жіңішке үнмен жырлайды.

Анасы оны тыңдайды.

Анасы отыр төменде, Тышқанды

аңдып еленděп.Даусы жуан

шығады, Мысықай оны ұғады.

2.3. Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшісі:
- Ән салатын кез келді. Алдында жаттығу жасап алайық.
- Он саусақ екі қолда,
- Он башпай екі аяқта,
- Екі құлақ, екі көз,
- Мұрының жалғыз бірақ та:
- Бірге шапалақта.

2.4. Ән салу

Ән "Мамамның мерекесі" музыка Н.Тілендиевтікі сөзі М.Макатаевтікі.



Айналайын мама,

Туған күніңмен.

Сыйлайыншы саған

Дала гүлін мен.

Күлімдеген көзің

Күннің нұрындай.

“Ұлым” деген сөзің

Ақын жырындай.

Дүниеде артық
Жан жоқ мамамнан.

Дариядай шалқып,

Ән боп таралған.

Айналайын мама,

Туған күніңмен.

Сыйлайыншы саған

Дала гүлін мен.

Музыка жетекшісі әннің мазмұны туралы әңгіме жүргізеді, балалардан аналарынжақсы көретіндерін сұрайды. Музыка жетекшісі жақында аналар мен әжелер мерекесі келе жатқанын айтады. Балалармен бірге әннің сөздерін үйренеді.

2.5. Би

"Жайдарман" қазақ халық әні өндеген К.Куатбаев.Музыка жетекшісі:

- Балалар, Әйгерім қуыршағы сендерге сылдырмақ аспабын әкелгенін естеріндебар ма?

Кәнекей осы сылдармақтармен биімізді есімізге түсірейік.

Музыка жетекшісі балаларға сылдырмақтарды таратады.
Балалар сылдырмақты жоғары көтеріп, ойнап көрсетеді, сылдырлатады.
Бір аяқтың тізесін сәл бүгіп, сылдырмақты ақырын тізеге соғып сылдырлаталды.Әуен екінші рет қайталанғанда - сылдырмақты екінші бос алақанға соғады.

Сылдырмақты жоғары көтеріп, бір орында айналады.



2.6. Музыкалық қимылды ойын "Аю"

Мақсаты: жүгіру кезінде жаттығу жасау, мәтінге сәйкес әрекет етуге үйрету,балалардың тілін дамыту.

Тәрбиеші аюға арналған бетпердесін киеді. Аю қисая ұйықтап жатқан түрін көрсетеді. Балалар айналып жүреді:

- Бірде орманда жүрдік
- Қоңыр аюды көрдік
- Ол ағаштың астында
- Ұйықтап қалыпты масқара.
- Тұр, аю, тездет,
- Бізді қуып жет!

3. ҚОРЫТЫНДЫ

4. Музыка жетекшісі:

- Балалар, біз бүгін кімнің үйімен таныстық?
- Біздің әдемі үйде кім тұрады?
- Бүгін біздің аңдармен ойнағанды ұнаттың ба?
- Сау болыңдар, балалар!
- Енді сендердің топқа кететін кездерің келді.

Тақырыбы: «Көңілді сауысқан»

Күні: 28.02 .2023 ж.

Оқу қызметінің мақсаты

Музыка сипатының өзгеруімен балаларды қимылдарды өзгертуге үйрету. Көңілді табиғаттағы әндерді мұқият тыңдап, олардың мазмұнын түсіну үйрету. Би қимылдарын үйрену. Тайтұяқ аспаппен қарапайым ойын дағдысын дамыту.

Балаларға таныс би қимылдарын қолдануға және оларды әуенмен орындауғаүйрету.

Сөздік жұмыс

Құстар, шеңбер, аналар мерекесі сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс,пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар
КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, құстар, балапандарбейнеленген карточкалар (боялмаған), металлофон.

Оқу қызметінің барысы
1. КІРІСПЕ БӨЛІМ
1.1. Сәлемдесу
Балалар залға Г.Абдрахмановтың "Шеңбермен жүреміз" әуенмен кіреді.
Шеңбер бойымен тұрады.
Музыка жетекшісі балалармен амандасады.
Жаттығу барысында балалар шеңбермен жүреді, бір-бірінің қолдарынан ұстапшеңбер құрады.
Қолымызды ұстаймыз,
Шеңберге біз тұрамыз.
Дөңгелене келеміз
Тез-тез, тез-тез, тез-тез, тез-тез жүгіреміз.
Жүгіреміз, жүгіреміз, орнымызға келеміз.
Жай-жай жүреміз,
Дөңгелене келеміз. 2рет
Жай-жай, жай-жай адымдап жүр, Жүреміз,
жүреміз, орнымызға келеміз.

1.2. "Музыкалық - ырғақты қимылдар
"Көңілді ырғақтар" музыка Б.Дәлденбайдікі.
Балалар шеңбер бойымен тұрады.
Қолдарын шапалақтайды. Әуен өзгерген кезде қолдарын жасырады.Аяқтарын топылдатады. Орындарында тұрып айналады.
Аяқтарын жасырып ақырын отырып қалады.



2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау
Әуен «Құстардың ұшуы» музыка Г.Фридтікі.
Жаттығу балалардың бойында бір-біріне соқтығыспай, оңай жүгіру қабілетін қалыптастырады. Музыкалық жетекші балаларды «қанаттарын жайып» (қолдарын екі

жаққа кеңінен жайып), оларды сермеп, «ұшуға» (жүгіру) шақырады.

Музыка жетекшісі:

- Балалар, қандай керемет әуен естілетінін тыңдаңдар. Ол «Құстардың ұшуы»деп аталады. Құстар қалай ұшады?

- Қане, қанаттарымызды жайып алайық (қолдарын қанаттардай жайып), ал ұшыпкетейік (балалар залды кездейсоқ жүгіріп қолдарын сермеп).

Музыка жетекшісі балаларға әуеннің аудиожазбасын тыңдатады.



2.2. "Құстар мен балапандар" музыкалық - дидактикалық ойын

Мақсаты: Балаларды екі дыбысты қабылдауға жаттықтыру ("до" 1 - "до" 2). Ойын материалы: құстар, балапандар бейнеленген карточкалар (боялмаған),металлофон.

Ойын барысы:

Музыка жетекшісі құс пен балапандардың даустарын балалардың естеріне салады. Ол тиісті дыбыстың металлофон таяқшасын соғылып: «Сендерді не шақырады - құс немесе балапан?» - деп сұрайды. Балалар жауап береді немесеқұстардың немесе балапандардың суреті салынған карточкаларды алады (боялмаған).

2.3. Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшісі:

- Ән салатын кез келді. Алдында жаттығу жасап алайық.
- Қояным тұршы,
- Бетіңді жушы,
- Шашыңды тарашы,
- Айнаға қарашы.

~~**"Зерек бөтақан" №10, 2015, 24 бет, olen2030.kz"**~~

2.4. Ән салу

Музыка жетекшісі:

- Көктем келді. Далада күн жылиды, алғашқы құстар жылы жақтан ұшып келді.
- Көктем басталысымен ең нәзік мереке - аналар мерекесі келеді. Сіз өз аналарыңызды жақсы көресіз бе?

- Олай болса кәнекей аналарға арналған жаттаған әнімізді қайталайық.Ән "Мамамның мерекесі" музыка Н.Тілендиевтікі сөзі М.Макатаевтікі.



Айналайын мама,

Туған күніңмен.

Сыйлайыншы саған

Дала гүлін мен.

Күлімдеген көзің

Күннің нұрындай.

“Ұлым” деген сөзің

Ақын жырындай.

Дүниеде артық
Жан жоқ мамамнан.

Дариядай шалқып, Ән

боп таралған.

Айналайын мама,

Туған күніңмен.

Сыйлайыншы саған

Дала гүлін мен.

2.5. Би

Музыка жетекшісі:
- Балалар, аналарымызға арнап бір көңілді би билейік.

"Билейміз" музыка Е.Андосовтікі.

Музыка жетекшісі:
"Билейміз" атты көңілді би бар. Мен кәзір сендерге бидің қимылдарын

көрсетемін, ал сендер менімен бірге қайталайсыңдар.

Балалар музыка жетекшінің көрсетуімен бірге билейді.
Балалар жұптасып қарама - қарсы тұрып, әуенмен қол шапалақтайды. Қолдарын

белдеріне қойып, жеңіл тізе бүгу - "серіппе" қимылын орындайды.Қолұстасып,

екеуден айналады.

Әуен аяқталғанда бір-біріне иеледі.



2.6. Ойын - ән "Құрсау - құрсау" Музыка О.Байділдаев сөзі

М.Әлімбаев.

Балалар шеңбер бойымен қолұстасып жүреді.
Шеңбер ішіне қарай жиналады. Кері қарай жүріп шеңберді үлкейтеді.Қол

ұстасып отырады. Орындарынан тұрады.

Қолдарын жоғары көтеріп, буынынан "фонарики" өздері де айналады.
- Біз ойнайтын дөңгелек,

- Өзгелерден тым ьөлек.
- "Құрсау - құрсау" ойнайық,
- Қызығына тоймайық.



Біз ойнайтын дөңгелек,

Өзгелерден тым бөлек.

“Құрсау-құрсау” ойнайық,

Қызығына тоймайық. 2рет

Құрсаудан тез өтейік

Кәне, жеделдетейік.

“Құрсау-құрсау” дөңгелек,

Айналасы шыркөбелек! 2рет

3. ҚОРЫТЫНДЫ Музыка

жетекшісі:
- Балалар, біз сендермен қандай ойындар ойнадық?
- Кімге арнап ән салдық, би биледік?
- Жарайсыңдар!
- Маған сендердің бүгінгі ән мен билерің қатты ұнады. Сау болыңдар.

Тақырыбы: «Анам менің тамаша»
Күні 7.03 .2023 ж.

Оқу қызметінің мақсаты
Балалардың дыбыстарды биіктігі бойынша ажырата білу қабілеттерін арттыру.Музыка жетекшісінің әніне еліктей отырып, әндегі фразалар бойынша ән айту қабілетін дамыту. Қазақтың халық аспаптарында орындалатын тыңдалған шығармаға эмоционалды жауап беруді дамыту.
Сөздік жұмыс
Қақпа, құлыншақ, тайтұяқ, төлдер, наурыз сөздерін падалану.

Әдіс-тәсілдер
Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс,пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, жалаулар, тайтұяқ аспабы, жануарлардың және олардың төлдерінің суреттері бейнеленген карточкалар.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға жалауша.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу

"Жүгіру және секіру" Т.Ломовая.



Балалар залға Т.Ломованың «Жүгіру және секіру» әуенімен кіреді. Музыкалық жетекші балаларды залды өз бетімен жүгіруге, музыканыңөзгеруімен екі аяғымен ырғақты секіруге шақырады."

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

«Жүру» музыка Р.Рустамовтікі



Музыка жетекшісі балаларға жалаушаларды таратып, балаларға жалаушалардықалай ұстау керектігін ескертеді.
Музыка жетекшісі:
- Балалар, кәзір біз "Қақпа" ойының ойнаймыз. Біз қазір әдемі қақпаны құрамыз,ал сендер қолдарыңда жалаушалармен «қақпадан» әдемі өтулерің керек.
Тәрбиешімен бірге музыка жетекші «қақпаны» құрайды. Балалар осы «қақпалардан» өтеді.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

"Құлыншақ" музыка Е.Ташеновтікі сөзі Ә.Тәжибаевтікі.



Құлыншағым - құндызым
Құлдырайды, шабады,
Жылтылдаған жұлдызым
Құстай қанат қағады.
Қайырмасы:
Құлыншағым, құлыншақ,
Болшы маған қуыршақ.
Құлыншағым, құлыншақ,Әр
нәрсеге ұрыншақ.
Еміп алып мамасын,
Тағы қайта жөнеді,
Алаңдатып анасын,
Көлеңкесін тебеді.
Қайырмасы:
Музыка жетекшісі:
- Балалар, бүгін біз жасыл шалғынға барамыз.
Музыка жетекшісі тақтада жасыл шалғынның суретін көрсетеді.



- Қараңдаршы, шалғын шөптерден жап-жасыл түске боялып тұр.
Е.Ташеновтің «Құлыншақ» әуені ойналады.
- Балалар, менің ойымша, біреу бізге қарай шауып келе жатыр.
Музыка жетекшісі қазақтың музыкалық аспабы тайтұяқпен, әуен ырғағын ойнап көрсетеді.



Экранда жүйрік аттардың суреті шығады.

- Ия, бұлар жүйрік аттар, олардың үстінде қыз бен жігіт отыр. Олар жылдам шауып келе жатыр. Тұяқтары жерді қалай қағып жатқанын естіп тұрсыңдар ма?Музыка жетекшісі тайтуякте ырғақ жасайды.
Музыка жетекшісі балаларды жаңа туындымен таныстырады, мұқият тыңдап,ондағы «тұяқ әуенін» естуге тырысады.

2.2. Музыкалық - дидактикалық ойын "Өз анаңды тап"
Ойынның шарты: Әнді немесе әуенді тыңдап, жануарлар мен төлдерінің жүрісін,қимыл-қозғалысын көрсете білуге, олардың дауыс ырғақтарын ажыратып, еске сақтауға үйрету.
Ойынның шарты: Жануарлардың және олардың төлдерінің суреттері бейнеленген карточкалар беріледі. Музыка жетекшісі шығарманы ойнап, балалар әуенге сәйкес

суреттегі жануардың төлін тауып, енесінің жанынақояды. Олардың жүрісін, қимылын көрсетіп, дауысын салады.
Дауыс жаттығулары
Музыка жетекшісі:
- Ән салатын кез келді. Алдында жаттығу жасап алайық.
- Қояным тұршы,
- Бетіңді жушы,
- Шашыңды тарашы,
- Айнаға қарашы.

2.3. Ән салу
Ән "Наурыз келді" әні Н.Дүкенбаевтікі сөзі Қ.Смағуловтікі.
Музыка жетекшісі:
- Балалар, көктемнің бірінші айында екі мереке келеді. Ол аналар мерекесі жәнеНаурыз мейрамы. Наурыз туралы бүгін бір көңілді әнді жаттаймыз.
Ән үйрену. Музыка жетекшісі мәтіннің айтылуына назар аударады. Балаларәуенді «ла-ла-ла» деп үйренеді.



Наурыз келді далама,
Наурыз келді қалама.
Қуанады ата-ана,
Қуанады бала да. 2 рет

Оң болды да жорамыз,
Төлге толды қорамыз.
Айран, қымыз толығып, Аққа
толды шарамыз. 2 рет

Наурыз болсын әніміз,
Наурыз болсын сәніміз.
Наурыз көже көп ішсек
Жасарамыз бәріміз. 2 рет

2.4. Би
Музыка жетекшісі:
- Балалар, аналарымызға арнап бір көңілді би билейік.
"Билейміз" музыка Е.Андосовтікі.
Музыка жетекшісі:
"Билейміз" атты көңілді би бар. Мен кәзір сендерге бидің қимылдарын көрсетемін, ал сендер менімен бірге қайталайсыңдар.
Балалар музыка жетекшінің көрсетуімен бірге билейді.
Балалар жұптасып қарама-қарсы тұрып, әуенмен қол шапалақтайды. Қолдарын белдеріне қойып, жеңіл тізе бүгу - "серіппе" қимылын орындайды.Қолұстасып,

екеуден айналады.
Әуен аяқталғанда бір-біріне иеледі.



2.5. Ойын - ән "Құрсау - құрсау"
Музыка жетекшісі:
- Балалар, өткен сабақта біз бір қызықты ойын ойнадық, сол ойынды есімізге салайық.
Музыка О.Байділдаев сөзі М.Әлімбаев. Балалар
шеңбер бойымен қолұстасып жүреді.
Шеңбер ішіне қарай жиналады. Кері қарай жүріп шеңберді үлкейтеді.Қол ұстасып отырады. Орындарынан тұрады.
Қолдарын жоғары көтеріп, буынынан "фонарики" өздері де айналады.
- Біз ойнайтын дөңгелек,
- Өзгелерден тым бөлек.
- "Құрсау - құрсау" ойнайық,
- Қызығына тоймайық.



Біз ойнайтын дөңгелек,
Өзгелерден тым бөлек.
“Құрсау-құрсау” ойнайық,
Қызығына тоймайық. 2рет

Құрсаудан тез өтейік Кәне, жеделдетейік.
“Құрсау-құрсау” дөңгелек,
Айналасы шыркөбелек! 2рет

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі:
- Балалар, сендерге біздің музыка сабағымыз ұнады ма?
- Біз бүгін не істедік?
- Әнді не туралы айттыңдар?
- Ал құлын қалай жүйрік жүреді?
- Құлынның тұяғы қалай қағылады?
Музыка жетекшісі балаларға тайтуяқ ойнауға мүмкіндік береді.
- Енді сендермен қоштасатын кез келді, сау болыңдар.

Тақырыбы: «Әжемізде барайық қонаққа»

Күні: 14.03.2023 ж.

Оқу қызметінің мақсаты

Музыка жетекшісі көрсеткен қимылдарды қабылдау және қайталау қабілетіндамытуды жалғастыру. Балаларды жаңа әнмен және бимен таныстыру.

Балаларды ойын жағдайына белсенді қатысуға шақырыңыз.

Сөздік жұмыс

Әже, төлдер, би, паровоз, қоян, түлкі сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс,пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, төлдер бейнеленгенсуреттер, қуыршақ, қоян атрибуттары, ойыншық түлкі.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға қоян атрибуттары.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу

Балалар С.Рахманиновтың «Полька» әуенімен залға аяқтың ұшымен жеңілжүгіріп кіреді. Шеңбер құрып тұрады.

Музыка жетекшісі:
- Сәлеметсіңдер ме, былалар, мен сендерді барлығыңызды көргеніме қуаныштымын.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі хат көрсетеді. Музыка жетекшісі:

- Балалар, бізге әжеден хат келді. Біз оны оқимыз ба?
- Сәлеметсіңдер ме, менің қымбатты немерелерім.
- Мен сендерді қатты сағындым, сендерді маған қонаққа шақырамын.
- Балалар, әжеге қонаққа барамыз ба?
- Олай болса, біздің көңілді «поездың» вагондарына жайғасыңыз.

А.Ермолованың «Паровоз» әні ойналады.

Экранда қозғалатын паровоз бейнесі шығады.

Паровоздың қозғалысын бейнелейтін балалар залды айналып шеңбер бойыментоқтайды.

- Бұл бірінші аялдама.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

Музыка жетекшісі:
- Балалар мынау әнді тыңдаңдар. Ән кім турады екен?

Музыка жетекшісі "Ақ әжем" музыка К.Куатбаевтікі сөзі О.Әубәкіровтікі әнінорындайды.

Балалар әже туралы ән екенін жауап береді.
- Ән көңілді ме, әлде қайғылы ма?
- Әрине, бұл көңілді ән. Әжелерің сендерді қатты жақсы көреді. Олар сендерүшін әрдайым тәтті тағамдар дайындап сендерді күтіп отырады.
- Балалар, сендер біз әжеге баратынымызды ұмытып қалған жоқсыңдар ма? Ал,біз поездға отырып, әрі қарай жүреміз.

«Поезд» әні шырқалады, балалар әрі қарай жүреді.

2.2. «Үлкен – кішкентай» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балаларды ұзақ және қысқа дыбыстарды ажырата білугеүйрету; музыканың ырғағын сезіне білуге баулу.

Ойынның барысы: Музыка жетекшісі балаларға әуенді тыңдата отырып, жолда кімнің келе жатқанын және сол адамның жүрісін қолдарымен шапалақ ұру арқылы көрсетуді ұсынады. Ауыр жүріс болса, яғни, үлкен адамның жүрісін ұзақшапалақпен, баланың жеңіл жүрісін қысқа шапалақпен ажырата отырып, көрсеті керектігін айтады

2.3. Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшісі:
- Ән салатын кез келді. Алдында жаттығу жасап алайық.

"Поезд келеді" А.Досмагамбетова.

- Ду! Ду! Ду! Дук! Дук!
- Поезд келеді.
- Ду! Ду! Ду! Дук! Дук!
- Бәрі жол береді.
- Ду! Ду! Ду! Дук! Дук!
- Жүгіріп өтпе.

"Зерек ботақан" №10, 2015, 24 бет, olen2030.kz

2.4. Ән салу

Музыка жетекшісі:
- Ауылда аталары мен әжелері тұратын балалар бар ма? Оларда сиыр, түйе, қозыбар ма?

Үй жануарларының көктемде төлдейді.

- Балалар, бүгін біз жаңадан «Төлдер» атты музыкасы Б.Ғизатовтікі, сөзі

Ж.Өмірбековтікі әнді жаттаймыз.

Музыка жетекшісі сурет көрсетеді.
- Суретке қараңдаршы, мында аналармен олардың кішкентай төлдер бейнеленген: бұзау, құлын, торай, қозы.







Музыка жетекшісі "Толдер" әнін орындап береді.

Қошақаны қойдың,
Қайда қалып қойдың?
Бұлтиып тұр бүйірің,
Қай өрістен тойдың?
Секең-секең, ей, лақ,
Жүрмін саған киіп-ақ

Тыным тапсаң, болмай ма?
Секірмей- ақ, кей, уақ!

Томпаң-томпаң торай,
Дауысыңның зорын–ай.

Дөкей бола қаласың,
Туысыңмен он ай.

Ботақаны нардың,
Жарға неге бардың?
Тілерсегің дірілдеп,
Секіре алмай қалдың.

Музыка жетекшісі балалармен әннің сөзін жаттайды. Әнді орындау кезінде балалар музыкалық жетекшімен бірге ән айтады.

Музыка жетекшісі:
- Біз вагондарға отырып, одан әрі әжеге барамыз.

2.5. Би

"Қуыршақпен билейміз" музыка Ж.Тұрсынбаевтікі сөзі Е.Өтетілеуұлы Музыка жетекшісі қуыршақты ұйықтатуға жатқызады және ол туралы әнайтады.

-Тыныш, тынаш, балалар, (тәрбиеші балалармен бірге ұйықтап жатқанқуыршаққа жақындап келеді)
- Қуыршағым - Ақмарал
- Ұйықтап жатыр дамылдап, (оны әлдилейді)
- Әлди, әлди, әлди-ай!
- Уақыт болды тұратын, (қуыршақ оянады, тәрбиеші оны қолына алады, билей бастайды)
- Ойын-сауық құратын.
- Би билейді Ақмарал, (Балалар қолдарын соғады, әрқайсысы өзінше билейді)
- Қол соғыңдар, балалар!

2.6. Музыкалық - қимылды ойын "Қояндар мен қу түлкі"

Балалар шеңберге тұрады. Шеңберге әже (орамал таққан тәрбиеші) кіредіӘже:
- Сәлеметсің бе, балалар,
- Менің сүйкімді немерелерім!
- Мен сенендерді көптен күттім, сендерді қатты сағындым.

Музыка жетекшісі:

- Біз де Сізбен кездескенімізге өте қуаныштымыз. Біздің балалар Сіздің ойындарыңызды сағынды, әже.

Әже:
- Мен сендерге қызықты ойын алып келдім.

Балаларға қоян атрибуттары кигізіледі. Балалар қояндар залдың бір жақ қабырғасында тұрады. Ойыншық түлкіні ұстаған музыка жетекшісі оларға қарама-қарсы тұрып, әнді орындайды.
- Ор қоян ойнайды,
- Мерекені тойлайды.
- Секірісіп секектеп,
- Ойыңға бір тоймайды.

Қояндар залдың ішінде секіріп, жүгіріп, ойнақтайды.
- Күні бойы тыңбайды,
- Бір орында тұрмайды.
- Ін қазбақшы бола ма
- Жердің бетін тырнайды.

Қояндар тізерлеп отырып, қолдарымен жерді қазып, ін жасамақшы болады.
- Көрдіңдер ме түлкіні?
- Жаман екен құлқыны.

- Ойнап жүрген сендерді
- Жеп қоймасын бір күні.

Түлкі балалардың ортасында жүгіріп, қояндар секіреді. Ән соңында қояндарқашып, түлкі қуады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі:

- Міне, біздің кездесуіміз аяқталуға жақын.
- Ал біз бүгін кімге бардық?
- Сендерге әжеміздің ойыны ұнады ма?
- Ал біз сендермен қандай би биледік?
- Ал енді сендердің топқа кететін кез келді.
- Сау болыңдар, балалар.

Тақырыбы: «Бесік жыры»

Күні 28.03 .2023 ж.

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды бірге ән айту кезінде белсенді болуға баулу. Біртіндеп жеке ән айтуға үйрету. Би мен ойынды қайталау. Балаларды ойын жағдайына белсендікатысуға шақыру.

Сөздік жұмыс

Қоян, ауыл, бесік жыры, саяхат сөздерді пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс,пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, қуыршақ театырдыңойыншығы қоян, әр түрлі көлемдегі қоңыраулар жиынтығы.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу

Балалар С.Рахманиновтың «Полька» әуенімен залға аяқтың ұшымен жеңілжүгіріп кіреді. Шеңбер құрып тұрады.

Музыка жетекшісі:
- Сәлеметсіңдер ме, былалар, мен сендерді барлығыңызды көргеніме қуаныштымын.
- Балалар, мен біреудің дауысын естіп тұрмын.
Музыка жетекшісі қолына қуыршақ қоянды киеді.
Қоян:
- Мен қоянмын, мен ойнағанды жақсы көремін.
- Балалар, мен ойын ауылына бара жатырмын, менімен бірге барғыларың келеме?
Музыка жетекшісі:
- Балалар, қоянмен бірге барамыз ба? Атқа мініп барайық.
Балалар шеңбер бойымен тізелерін жоғары көтеріп, аттарға еліктеп жүреді.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі:
- Ал біз қоянмен жүруден жалықпас үшін, онымен бірге секірейік.
"Көңілді ырғақ" Б.Далденбаева.



- Қандай керемет секірдіңдер, жарайсыңдар.
- Балалар, енді қоянды қуып жетейік, оның соңынан жүгірейік.
- Ой, аяқтарымыз шаршаған сияқты. Қоян да шаршады. Келіңдер, отырайық.Балалар кілемшенің шеңберіне отырады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

Музыка жетекшісі:
- Балалар, біз музыкалық шалғынға жеттік.
- Тыңдаңыз, музыкалық шалғында музыка ойнайды. Б.Дәлденбаевтың өңдеуіндегі «Хайләйлім» қазақтың халық әуені.



- Бұл қазақтың «Хайләйлім» халық әуені. Әуен ұнады ма?
Балалар музыканы мұқият тыңдайды.
- Олай болса, әрі қарай жүрейік.

2.2. «Кел, билейік, демаламыз» музыкалық-дидактикалық ойыны

Мақсаты: музыканы эмоционалды қабылдауды дамыту.

Ойын барысы: Музыкалық жетекші көңілді музыка ойнайды, осы музыкада неістеуге болатындығын сұрайды (би, балалар би - айналдыру, секіру, қол соғу және т.б.). Баяу қайғылы музыка ойнайды, енді не істейміз деп сұрайды.

Ұйықтаңыз, демалыңыз (балалар көздерін жұмып, ұйықтап жатқандай түр көрсетеді).

2.3. Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшісі:

- Ән салатын кез келді. Алдында жаттығу жасап алайық.

"Поезд келеді" А.Досмагамбетова.

- Ду! Ду! Ду! Дук! Дук!
- Поезд келеді.
- Ду! Ду! Ду! Дук! Дук!
- Бәрі жол береді.
- Ду! Ду! Ду! Дук! Дук!
- Жүгіріп өтпе.

2.4. Ән салу

Музыка жетекшісі:

- Балалар, сендерге жатардың алдында аналарың бесік жырын айтып бере ме?
- Ендеше, бүгін біз бір әдемі ән жаттаймыз.
- Әннің аты "Ұйықта, бөпем" музыкасыҚ.Шілдебаевтікі сөзі А.Асылбектікі
-
- Мамасының мақтаны,

Мамасының ақ таңы.

- Біраз болды, бөпешім,
- Ел ұйқыға жатқалы.

Қайырмасы:

Ұйқыда қала, бар дала,
Жата ғой сен де, бал бала.
Ғажайып небір түс көріп,
Жетерсің алтын таңға да.
Ұйқыда қала, бар дала,
Жат ғой сен де, бал бала.
Жетерсің алтын таңға да,
Жата ғой, енді бал бала.

Қайырмасы:

Ұйқыда қала, бар дала,
Жата ғой сен де, бал бала.
Ғажайып небір түс көріп,
Жетерсің алтын таңға да.

Музыка жетекшісі балаларға әнді орындап береді. Және әннің мазмұнынтүсіндіріп береді.
Балалар музыка жетекшімен әнді жаттайды.

2.5. Музыкалық және ойындық шығармашылық

Музыка жетекшісі:
- Міне, біздің ойын аулымыз. Қазақтың
«Шамыршақ» халық ойыны.
Балалар шеңберге тұрып, музыка жетекшісі көрсеткендей қимылдар жасайды.
- Шымыршақ, шымыршақ,
- Қоян қалай жүреді?
- Қоян былай? қоян былай?
- Дәл осылай жүреді?
Балалар қоянды, түлкіні, аюды бейнелей отырып, ойынға эмоционалды түрдежауап береді. Музыка жетекшінің көрсетуімен.

2.6. «Тыныш және қатты қоңырау» музыкалық-дидактикалық ойыны

Музыка жетекшісі:
- Балалар, қараңдаршы, мына ағашқа қоңырау ілулі. (жасалған ағашта үлкен-кіші қоңыраулар ілулі тұр).
- Менің ойымша, ол қоңыраулардың не екенін білемін. Біз сендермен өткен сабақта қоңырау ойынын ойнадық. Қоян бұл ойынды сенедермен тағы ойнағысыкеледі.
Мақсаты: динамикалық естуді дамыту.
Ойын материалы: әр түрлі көлемдегі қоңыраулар жиынтығы.Ойын
барысы:
Музыка жетекшісі:
- Балалар, қараңдаршы біздің қоңырауларымыз қандай әдемі. Үлкен және кіші.
- Енді олармен ойнайық.
Музыка жетекшісі дыбыстың күшін өзгерте отырып, фортепианода ойнайды. Балалар аспаптың қалай дыбысталуына байланысты қоңырауды көтереді (қаттыдыбыс үшін үлкен қоңырауларды, тыныш дыбыс үшін кішкентайларды көтереді).

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Қоян:
- Ойын ауылына баруға көмектескендеріңе рахмет, балалар. Жолда сендер ән айттыңдар, би биледіңдер. Маған өте ұнады. Мен сендерге міндетті түрде тағыда қонаққа келемін.
Музыка жетекшісі:
- Сендер қоянмен саяхаттағанды ұнаттыңдар ма?
- Біз бүгін қоянға қандай ән айттық?
- Сендер қандай ойын ойнадыңдар?
- Маған ойын ауылына саяхат ұнады.
Сау болыңдар, балалар.

Тақырыбы: «Көңілді пойыз»
Күні: 04.04.2023 ж.

Оқу қызметінің мақсаты

Баланың музыканың айқын табиғатына сәйкес қимыл-қозғалыс орындау қабілеттерін дамыту. Баланы музыкамен баурап алу, оның есту тәжірибесін байыту, сүйікті музыкалық шығармалар қорын жасау. Балаларға достық сезімінтәрбиелеу. Сабырлы, жылы шырайлы табиғат әніне эмоционалды қатынасты дамыту. Балалар арасындағы достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Поезд, лақ, бұзау, музыкалық аспаптар сөздерді пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс,пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, музыка аппаратурасы, аю,қоян, құс, лақ, бұзау бейнелері, музыкалық аспаптары бар қорап.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу

Балалар залға "Жүреміз, жүгіреміз" Г.Абдрахмановтың әуенімен кіреді.



Жүгіреміз, жүгіреміз көтеріп аяқты,
Қане, біздің балақай, алақай, алақай.
Бір-екі, балақай, алақай, алақай,Бір-
екі, балақай, көтеріп аяқты
Кері қарай жүреміз, сүрінбей жетеміз,
Кәне, бәрің балақай, алақай, алақай.Бір-
екі, балақай, алақай, алақай,
Бір-екі, балақай, көтеріп аяқты

Балалар бір қатар болып тұқрады. Музыка жетекшісі әнді бастап айтқанда, балалар

қосылып айтып, алға қарай жүреді. Денесін тік ұстап, қолдарын кезек -кезек алға, артқа, бастарын жоғары көтеріп жүреді. Екінші шұмағында артқа қарай жүріп, орындарына барады.

Музыка жетекшісі:

- Сәлеметсіңдер ме, былалар, мен сендерді барлығыңызды көргеніме қуаныштымын.

1.2. Музыкалық - ырғақтық қимылдар



Музыка жетекшісі:

- Балалар, бүгінгі сабаққа біз поездбен жүреміз. Кәнекей бәріміз сапқа тұрыпбірінің артынан бірі жалғасып поезд боламыз.
- Мен кәзір әндетем, ал сендер қимылдарды орындайсыңдар.
- Қиындықтан қашпайық, (балалар қатарлап жүреді)
- "Поезд" ойынын бастайық.
- Бип-бип, бип!
- Мен паровоз от алам,
- Астанаға бет алам. (балалар поезддың жүрген қимылын көрсетеді)
- Бип, бип, пыш.
- Бірте, бірте, тездейміз, (балалар тездете жүреді)
- Тез жүруді көздейміз.
- У, у, у.
- Көп қаладан өтеміз,
- Астанаға жетеміз.
- У, у, у.
- Қызық болда, кеп қалдық, (балалар тоқтайды)
- Енді жайлап тоқтадық.
- Бип, бух, пыш.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

Музыка жетекшісі:

- Балалар, қараңдаршы мен бүгін сендерге қандай әдемі кішкентай пойыз дайындадым. Бұл паровоздың тіркемелерінде қарапайым паровоз емес, музыкабар, біз оған бүгін билейміз, ән айтамыз және ойнаймыз.

Музыка жетекшісі поезддің бірінші терезесінен бұзаудың суретін алып шығады.

Музыка жетекшісі:

- Балалар, қараңдаршы, бұл не?



- Ия, бұл бұзау. Бұзау қалай дауыстайды.
- Бұзаудың әні бар. Сол әнді мен сендерге орындап берейін, ал сендер тыңдаңдар.



Музыка жетекшісі балалармен бұзаудың суретін анықтап қарайды. Бұдан кейін әнді айтады, ән қайталанып отырғанда балалар тәрбиешінің көрсетуімен "мө", "мө" деп бұзауға еліктейді.

2.2. Музыкалық - дидактикалық ойын "Орманда"

Мақсаты: балаларды музыканың регистрлік дыбысын ажырата білуге үйрету.Ойынның көрнекілері: аю, қоян, құс бейнелері.

Музыкалық - дидактикалық материал: Т.Ломоваяның «Аюлар», «Қояндар», «Құстар» әуендері.

Ойын барысы: балалар музыка бөліктеріне сәйкес жануарлардың жүрісін саладыжәне көтереді.

2.3. Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшісі:

- Ән салатын кез келді. Алдында жаттығу жасап алайық.

"Поезд келеді" А.Досмагамбетова.

- Ду! Ду! Ду! Дук! Дук!
- Поезд келеді.
- Ду! Ду! Ду! Дук! Дук!
- Бәрі жол береді.
- Ду! Ду! Ду! Дук! Дук!
- Жүгіріп өтпе.

~~**"Зерек бөтақан" №10, 2015, 24 бет, olen2030.kz**~~

2.4. Ән салу

Музыка жетекшісі поезддың терезесінен лақтың суретін шығарып көрсетеді.

Музыка жетекшісі:

- Балалар, ал мында кім келе жатыр екен?
- Дұрыс, бұл лақ. Қараңдаршы қандай сүйкімді лақ.
- Ал лақ қалай секендейді:
- Осы лақ туралы әдемі ән бар, сол әнді бүгін жаттап көрейік."Лақ" музыкасы Д.Ботбаевтікі сөзі А.Асылбектікі.



2.5. Музыкалық - дидактикалық ойыны
«Мен немен ойнайтынымды тап»
Музыка жетекшісі балаларға пойыз ойыншықтар қорабын әкелгенін айтады. Қорапта не бар екенін көруді ұсынады. Музыка жетекшісі музыкалық аспаптардықораптан шығарады. Балалар музыкалық аспаптарды көреді, олардың дыбысынтыңдайды. Музыка жетекшісі балаларға музыкалық аспаптарда ойнауды ұсынады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі:
- Балалар, бүгін көңілді пойызд бізге не әкелді?
- Біз бүгін қандай ән орындадық?
- Бүгін қандай ойындар ойнадыңдар?
- Біздің поездың үйге оралатын уақыты келді.
- Ал мен де сендермен қоштасамын. Сау болыңыз.

Тақырыбы: «Қошақаны қойдың»

Күні 11.04.2023 ж.

Оқу қызметінің мақсаты

Аяқтың ұшымен оңай қозғалуды үйренуді жалғастыру. Бейнелі музыканы эмоционалды түрде қабылдау үйрету. Әнді орташа қарқынмен, баяу орындау қабілетін дамыту. Кіріспеден кейін биді бірге бастау үйрету. Балаларды музыкалық ойындарға белсенді қатысуға, мүмкіндігінше мәтіндегі рөлдерді немесе қимылдарды орындауға үйрету.

Сөздік жұмыс

Күшік, лақ, шеңбер, бубен сөздерді пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, музыка аппаратурасы, бубен, әр балаға лақтың

бетпердесі, және күшік ойыншығы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР Әр
балаға лақтың бетпердесі.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу
Балалар залға "Шеңбермен жүреміз" музыкасы мен сөзі Г.Абдрахмановтікі әуенге кіреді.

Балалар кіріп шеңбер құрады. - Қолымызды ұстаймыз,
- Шеңберге біз тұрамыз. -
Дөңгелене келеміз
- Тез - тез - тез жүгіреміз.
- Жүгіреміз, орнымызға келеміз. (жүгіреді, тоқтайды). - Жай - жай
жүреміз,
- Дөңгелене келеміз.
- Жай - жай, жай - жай адымдап жүр, (жай жүріп тоқтайды) - Жүреміз,
жүреміз, орнымызға келеміз.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар
Музыка жетекшісі балалардың назарын ойыншық итке аударады. - Балалар,
қараңдаршы, бізге ит жүгірін келіпті.
- Ол бізбен ойын ойнағысы келіп тұрған сияқты. - Олай болса,
күшікпен бірігіп билейік.
"Кел, балақан" музыка К.Куатбаевтікі сөзі А.Асылбектікі.
- Кел, балақан, балақан, (балалар шеңбер бойымен тұрады) - Шапалақта алақан
(қолдарын шапалақтайды)
- Жай - жай, жай,
- Шапалақта алақан.
- Қозғап барлық денеңді.
- Қолды қатты соқ енді. (қолдарын қаттырақ шапалақтайды) - Шарт - шарт,
шарт.
- Қолды қатты соқ енді. -
Тықылдатпа таяқты,
- Ақырын бас аяқты (аяқтарын топылдатады)
- Жай - жай, жай,
- Ақырын бас аяқты.

Кел, балақан, балақан,

Шапалақта алақан.
Жай, жай, жай,
Шапалақта алақан.
Қозғап барлық денеңді, Қолды
қатты соқ енді.
Шарт, шарт, шарт,
Қолды қатты соқ енді.
Тықылдатпа таяқты,
Ақрын бас аяқты.
Жай-жай, жай,
Ақырын бас аяқты.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау Музыка
жетекшісі:
- Балалар, кішкентай күшік сендерге бір әдемі ән алып келіпті. Тыңдап көріңдерші.
- Әннің аты "Қошақаным қойдың" музыка Әсет Бейсеуовтікі сөзі Сабырхан Асановтікі.

Музыка жетекшісі балаларға видеожазбаны тындатып көрсетеді.

2.2. Музыкалық - дидактикалық ойын
"Бубенмен ойын"
Музыка жетекшісі:
- Балалар, қараңдаршы, қоңыр аю сендерге бубен тастап кетті. Осы бубенмен ойнап көреміз бе?
Балалар жартылай шеңберге тұрады, музыка жетекшісі әуенмен бубенді балаға әкеліп, бубенді қағуға мүмкіндік береді, қалған балалар алақандарын соғады. Музыка жетекшісі баладан кімге бубенді бергісі келетінін сұрайды. Содан кейін олар баламен бірге, мысалы, Алиханға жақындайды. (Балалардың аттары әр уақытта өзгеріп отырады).
2.3. Дауыс жаттығулары Музыка жетекшісі:
- Ән салатын кез келді. Алдында жаттығу жасап алайық. "Лағым"
А.Досмагамбетова
- Құтын-құтын, -
Құтындап,
- Тықылдатып тұяқты.
- Жүгіргенің бұлтыңдап,
- Би билеген сияқты.
- Биле, биле, -
Билесең,

- "Кірем" дейсің үйге сен. - Қамап
сені қоймас ем,
- Гүлдеріме тимесең.

2.4. Ән салу Музыка
жетекшісі:
- Балалар, өткен сабақты біз кішкентай лақ туралы ән жаттағанбыз. Кәнекей сол әнді есімізге түсірейік. "Лақ" музыкасы Д.Ботбаевтікі сөзі А.Асылбектікі.

Балалар музыка жетекшінің орындауына қосылып ән айтады, және көрсеткен қимылдарды қайталайды.

2.5. Музыкалық қимылды ойын "Лақ пен күшік" Музыка
С.Соснин.
Мақсаты: балалардың есту, тыңдау қабілеттерін дамыту.
Ойынның көрнекілігі: әр балаға лақтың бетпердесі, және күшік ойыншығы. Балалар көңілді музыкамен жан-жаққа секіріп, жүгіріп ойнайды. Музыка аяқталғанда кішкене күшік жүгіріп шығып, лақтарды қуа жөнеледі. Лақтар жан-жаққа қашады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ
Музыка жетекшісі:
- Балалар, күшік сендермен қоштасқысы келеді. Оған сендерде өте ұнады. Және ол тағы да қонаққа келуге уәде береді. Күшікпен қоштасайық.
- Осымен біздің сабағымыз аяқталды, балалар, сендердің топқа баратын кездерің келді.
- Сау болыңдар!

Тақырыбы: «Жаңбыр жауды себелеп»
Күні 18.04.2023 ж.
Оқу қызметінің мақсаты
Балаларды әуен мен мәтінге сәйкес қимылдауға үйрету. Динамикалық естуді, ырғақ сезімін дамыту. Көркемдік және ойындық образдарды жеткізе білу дағдыларын нығайту. Балаларға жүргізушіның рөлін өздігінен ойнауға үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс
Жаңбыр, қолшатыр, күн, түн, бұлт сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер
Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, қолшатыр, қуыршақ, ойыншықтар: ит, әтеш, аю.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу
Балалар залға Г.Абдрахмановтың "Шеңбермен жүреміз" әуенмен кіреді. Шеңбер бойымен тұрады. Музыка жетекшісі балалармен амандасады.
Жаттығу барысында балалар шеңбермен жүреді, бір-бірінің қолдарынан ұстап шеңбер құрады.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар
В. Агафонниковтың «Үлкен және кіші аяқтар» әуені естіледі. Экранда әннің бейнежазбасы шығады.

Музыка жетекшісі:
- Балалар, қараңдаршы жолда қандай үлкен ақтар келе жатыр. Біз де пілдер сияқты үлкен аяқтармен жүреміз..

Әуен өзгереді.
- Ал кім осындай кішкентай аяқпен жүгіріп жүр? Дәл сол, бұл тышқан. Біз де кішкентай тышқандай жүгіреік.

«Жүгіру және қолдарды сермеу » «Вальс» музыкасы А.Жилинікі.
Музыка для дошкольниковhttp://paranicheva.svetlyachok-varn.edusite.ru › ... Музыка жетекшісі балаларға ленталар таратып, олармен жаттығуды орындауға шақырады.
Музыка жетекшісі:
- Балалар, біз осы ленталармен билегенбіз. Қозғалыстарымызды еске түсірейік. Балалар қолдарына ленталарын ұстап жүгіреді, музыка жетекшінің көрсетілімінде олар тоқтап, лентаны оң және сол қолдарымен айналдырады.

Әуен өзгерген кезде, олар музыкалық жетекшінің артынан жүгіреді, тоқтайды, орнында айналады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау
Музыка жетекшісі:
- Балалар, түннен кейін таң атанын. Таңертең сендерді кім оятады?
- Мына суретке қараңдаршы, онда не көріп тұрсыңдар?

- Бұл әтеш. Ол бізге таңертең келді және бәрін ояну керек деп ән айтады.

- Әтешпен бірге, балалар, күн оянады.
- Мынау әдемі суретке қараңдаршы. Мында күн шығып тұр.

Балалар сурет қарап "Күн" музыкасы Т.Попатенко әуенін тыңдайды. Музыка жетекшісі музыканың мазмұнын түсіндіреді.

2.2. Музыкалық - дидактикалық ойын "Қуыршақты оят"
Мақсаты: Балаларға әр түрлі сипаттағы музыканы: мейірімді бесік жырын, көңілді би музыкасын ажырата білуге үйрету. Берілген музыкаға сәйкес әрекеттерді орындау.
Ойын материалы: қуыршақ, ойыншықтар: ит, әтеш, аю. Ойын барысы:
Музыка жетекшісі «Бесік жырын» айтып, қуыршақты тербетеді. Содан кейін ол балаларды оны оятуға шақырады. Балалар қуыршақты атымен атайды немесе көңілді әуенмен қолдарын шапалақтайды - «қуыршақ оянады». Ән қайталанған кезде қуыршақты ойыншықтар оятуға болады:

«ит», «әтеш», «аю».

2.3. Дауыс жаттығулары
Музыка жетекшісі:
- Ән салатын кез келді. Алдында жаттығу жасап алайық.
- Он саусақ екі қолда,
- Он башпай екі аяқта,
- Екі құлақ, екі көз,
- Мұрының жалғыз бірақ та:
- Бірге шапалақта.

""Зерек ботақан"" №10, 2015, 27 бет, olen2030.kz

2.4. Ән салу
Музыка жетекшісі:
- Балалар, қараңдаршы бізідің күнді бұлт жауып қойды. Жаңбыр жауайындеп

тұрған сияқты.

- Кәнекей жаңбыр туралы ән айтып жаңбырдың көтерейік. "Балалар мен жаңбыр" музыка мен сөзі Г.Абдрахмановтікі.

Жау-жау, жаңбыр, (Қолдарын жоғары көтеріп,
Жау-жау, жаңбыр, саусақтарымен төмен қарай бұлғайды.)
Тық-тық-тық. (Сол алақанға оң саусақтарын тықылдатып соғады)
Ойнап, ойнап су боламыз. (Қолдарын тқмен түсіріп, етектерін қағады, алақанға саусақтарын соғады.)
Жаңбырдан да қашамыз, алақай, (Екі қолды төбеге түйістіреді)
(Орнынан тұрып қол бұлғайды) Қолға шатыр аламыз біз, балақай. (Екі қоды төбеге түйістіреді, отырады.)
Шатыр қолда, шатыр қолда, (Екі қоды төбеге түйістіреді, ашады.)
Тық-тық, тық-тық. (Сол алақанға оң саусағын ұрады)
Қорықпаймыыз жаңбырдан біз, тық-тық-тық (Оң қолдың сұқ саусағымен, оңға- солға қозғайды.)
Балалар музыка жетекшінің орындауында әнге би қимылдарын орындайды. "Тық-тық-тық" деген сөздерді қайталайды. Қимылдарды музыка жетекшінің көрсетуімен оырндайды.

2.5. Музыкалық - қимылды ойын "Күн мен бұлт"
Орыс халық әні өндірген В.Фере.
Ойын басында қолшатыр дайындалады.
Көңілді музыка әуенімен балалар еркін жүреді. Белгі берілгенде тәрбиеші қолшатырды жоғары көтеріп ашады. Ал балалар шатыр астына жиналып тұра қалады. Ойын 1-2 рет қайталанады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыкалық режиссер:
- Бізге қонаққа келген балалар?
- Бүгін немен ойнадық?

- Қандай ән айттық?
- Ал енді сенімен қоштасатын кез келді. Сау болыңыз.

Тақырыбы: Күні 25.04.2023 ж
«Жалаушама қарашы, досым"

Оқу қызметінің мақсаты
Балаларды әуенмен заттармен қарапайым қимылдарды орындауға үйрету. Музыка бөліктерінің қарама-қарсы сипатына байланысты қимыл-қозғалысты өзгерту. Музыкалық аспаптар - барабандар мен сылдырмақтар ойнауға жаттықтыру. Динамикалық есту қабілетін дамыту. Әннің көңілді сипатына назараудару үйрету.
Сөздік жұмыс
Шеру, жалауша, даңғыра, сылдырмақ сөздерін пайдалану.
Әдіс-тәсілдер
Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс,пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар
1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, музыка аппаратурасы,даңғыра, сылдырмақ, әр балаға түрлі-түсті жалаушалар.
2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР
Әр балаға түрлі-түсті жалаушалар.

Оқу қызметінің барысы
1. КІРІСПЕ БӨЛІМ
1.1. Сәлемдесу
Балалар Р.Рустамовтың «Біз жүреміз» атты шығарманың әуенімен залға кіреді.Музыка жетекші марш әуенін ойнайды, балаларды музыкамен өздігінен жүруге шақырады. Балалар өздеріне таныс музыкамен қимыл - қозғалысты өз бетінше
орындайды.
- Сәлеметсіңдер ме, балалар, мен сендердің барлығыңызды көргенімеқуаныштымын.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар
Е.Тиличееваның «Марш және жүгіру»
Балаларға музыканың өзгеруіне қарай әрекет жасауға үйрету. Жаттығу музыканың әр түрлі табиғатын ажыратуға көмектеседі. Негізгі қимылдарды:жүру мен жүгіруді орындау қабілеті дамиды.
Балалар бөлмеде еркін қозғалады.
Музыка жетекшісі балалардың назарын тақтаға аударады және Е.Тиличееваның «Марш пен жүгіру» әуенінің бейнежазбасын көрсетеді.
Музыка жетекшісі:
- Балалар, жауынгер қолына жалаушамен қалай жүретінін қараңдаршы. Біз деонымен

бірге жүрейік.
Музыка жетекшісі балаларға жалаушаларды таратады. Балалар залдың айналасында еркін жүреді. Музыка жетекшісі балалардың назарын әуенніңөзгергеніне аударады.
- Балалар, баланы қараңдар, ол енді әскери емес, спортшы, әрі өте жақсыжүгіреді.
Біз де онымен бірге жүгірейік.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

«Барабан» музыкасы Б.Дәлденбаевтікі, сөзі Ж.Әбдірашевтікі.
Музыка жетекшісі балаларды шығарманы не туралы ойнағанын білуге шақырады. Балалар оны тыңдай алатындай етіп әнді 2-3 рет қайталайды.Музыка жетекшісі:
- Балалар, ән не туралы?
- Барабанды қалай ойнайсыңдар?
- Осы әнге жүріп көрейік, ал (баланың атын атайды) бізді барабанда ойнайды.
Барабан балаларға бәрінде ойнай алатындай етіп беріледі.

Соқ, барабан
Соқ, соқ, соқ.
Соқ, барабан,
Бір екі үш
Соқ, барабан,
Соқ,соқ, соқ.
Соқ, барабан,
Бізде қайрат күш.
Соқ, барабан,
Соқ,соқ, соқ.
Соқ, барабан,
Жастар, алға түс.

2.2. "Сылдырмақ пен даңғара" музыкалық-дидактикалық ойын

Ойынның мақсаты: балалардың аспаптардың дыбысын тыңдау және ажыратуқабілетін дамыту.
Ойынның шарты:
Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:
- Балалар, "Сылдырмақ пен даңғара" музыкалық - дидактикалық ойынын ойнаймыз.
Мен керменің артында тұрып, аспапты ұрамын. Ал сендер жіңішке аспаптың дыбысы естілсе, аяқтың ұшымен, жуан аспаптың дыбысы естілсе, отыра қаласыңдар.
Сылдырмақтың дыбысына балалар шеңбермен аяқтың ұшымен жүреді, даңғараның дауысы естілгенде, балалар отыра қалады, бірақкешіккен балалар жеңілген болып есептеледі.

2.3. Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшісі:
- Ән салатын кез келді. Алдында жаттығу жасап алайық.
- Қояным тұршы,
- Бетіңді жушы,

- Шашыңды тарашы,
- Айнаға қарашы.

"Зерек ботақан" №10, 2015, 24 бет, olen2030.kz

2.4. Ән салу

«Жалауша» музыка А.Тоқсанбаевтікі сөзі И.Сапарбаевтікі.Музыка жетекшісі:

- Балалар, бүгін біз сендермен ойын ойнадық, музыка тыңдадық және сол әуенге жүрдік. Ал енді мен сендерге әдемі түрлі - түсті жалаушалар бергімкеледі, олармен біз жүріп өтіп, жалаулар туралы ән айтамыз.

Музыкалық жетекші А.Тоқсанбаевтікі «Жалауша» әнін орындайды және әуенді балалармен бірге «ла-ла-ла» әніне үйретеді. Балаларға түрлі - түсті жалаушалартаратады. Балалар музыка жетекшімен бірге залды айналып өтеді.

1. Алға қарай атта,
   Тоқта десе, тоқта.
   Қалып қойа артта,
   Қатарыңды сақта.
   Бір-екі, бір-екі...
2. Қарап тұрмай бекр,
   Жалаушаңды көтер.
   Ұстамасаң қысып,
   Қолдан түсіп кетер.
   Бір-екі, бір-екі...
3. Қолыңдағы жалау,
   Бейне біздің алау.
   Жалауыңды биік
   Ұстасаңшы, бала-ау.
   Бір-екі, бір-екі...

2.5. Жалаушамен би

Музыка А.Затаевичтікі.

Балаларға жалаушалар таратылады.

Жалаушыларды жоғары көтеріп, қозғап, "желбірете" шаңбер бойымен жүреді.Бір орында тұрып, аяқтарын топылдатады, жалаушыларды қозғамай, кеуде тұсында ұстайды.

Жалаушаларын жоғары көтере "желбірете" қозғайды.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі:

- Балалар, біз бүгін қандай әндер тыңдадық?
- Бұл не? (жалаушаны көрсетеді).
- Біз қандай ән айттық?
- Балалар, даңғырада қалай ойнайтындарыңды көрсетіңдер? Сылдырмақтақалай ойнадың?
- Жарайсың. Енді балалар, сендермен қоштасатын кез келді. Сау болыңдар.

Тақырыбы: Шеңберге жылдам тұрайық
Күні : 02.05.2023 ж

Оқу қызметінің мақсаты
Музыка өнерінде балалардың қызығушылықтарын арттыру; музыка өнері саласыарқылы бүкіл әлемге деген көзқарасын қалыптастыру; сенсорлық қабілеттерін дамыту.
Музыка саласында ересек адаммен және баланың өзара байланысы. Әртүрлі өнерге деген қызығушылықтарын, бала өнерін дамуына ықпал ету.
Музыкалық-ырғақтық қимылдар қабілеттерін арттыру арқылы баланың денесін дамуына ықпал ету.

Сөздік жұмыс
Шыбын, маса, инелік.

Әдіс-тәсілдер
Музыка тыңдау, ойыншықты көрсету, сөзбен түсіндіру, аудио жазбаларды қолдану, суреттерді қолдану, жеке тәсіл, "тізбек бойымен" әндету, музыкалықойындар.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Көріністер-декорации (үйшік, қақпа), Айгерім қуыршақ.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР
Бетперде: шыбын, маса, инелік.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Педагог балаларды музыкалық залға ертегі көруге шақырады.
1.2. Балалар музыкалық залға барады. Музыкалық залда ертегі көруге барлық көріністер дайындалып тұрады: үйшік, қақпа- көріністері.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог, қуыршақ Айгерімге қарап айтады:
- Сәлеметсің бе, қуыршақ Айгерім! Балалар саған ертегі көрсетуге келді. Бірақертегі жай ертегі емес.
- Балалар, қандай ертегі?
- Музыкалық ертегі.
- Бұл ертегісінде сөйлемейді, тек ән айтады. Ал, балалар, кім ертегінің кейіпкері болады?

Қол көтерген балаларды шақырады, масқаларын кигізеді.

2.2. Аңдар бірге тату-тәтті өмір суреді.
Ешқашан бір-бірін ренжітпейді.
Бізде Айгерімге жұптасып би билеп берейік. "Жүгіреміз,



жүреміз" муз. Г. Абдрахманованікі.

Жүгіреміз, жүгіреміз көтеріп аяқты,

Қане, біздің балақай, алақай, алақай.

Бір-екі, балақай, алақай, алақай,

Бір-екі, балақай, көтеріп аяқты
Кері қарай жүреміз, сүрінбей жетеміз,

Кәне, бәрің балақай, алақай, алақай.Бір-

екі, балақай, алақай, алақай,

Бір-екі, балақай, көтеріп аяқты
(Балалар орындарынан тұрып би билейді)
Педагог балалардың назарын музыканың сипатын дәл келтіруге шақырады.

2.3. Педагог:
(Балалар қол ұстасып шеңбер бойымен жүреді)
"Кел, балақан" әні. Муз. К. Құатбаевтікі, сөзі А. Асылбектікі



Кел, балақан, балақан.
Шапалақта алақан.

Жай-жай, жай,

Шапалақта алақан.

Қозғап барлық денеңді.

Қолды қаты соқ енді.

Шарт-шарт, шарт,

Қолды қатты соқ енді.

Тықылдатпа таяқты,

Ақрын, ақрын бас аяқты.

Жай-жай, жай,

Ақрын бас аяқты.
- Педагог: Балалар, шеңбермен қандай кеіпкерлер жүрді?
- Шыбын, маса, инелік.
- Дұрыс, ал құмырсқа жүрді ме?
- Жо-оқ!
- Олай болса, балалар, келесі келгенде музыкалық залға, біз өзіміз кейіпкерболамыз.
- Келесіңдер ме? Кейіпкер боламыз ба?
- Ия!
- Жарайсыңдар, балалар!

3. ҚОРЫТЫНДЫ

4. Педагог:
- Балалар, келесі ОҰҚ біз өзіміз кейіпкер болып ойнаймыз! Келісітік пе?
- Ия!
- Олай болса, Сау болыңдар!

Тақырыбы: Гүлді барып терейік
Күні 16.05.2023 ж

Оқу қызметінің мақсаты
Баяу және жылдам сипаттағы әуен екпінде жүруін жаттаттыру. Әнді басынан аяғына дейін жаттап айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар қабілеттерін арттыруарқылы баланың денесін дамуына ықпал ету. Әртүрлі өнерге деген қызығушылықтарын, бала өнерін дамыуна ықпал ету.

Сөздік жұмыс
Торғай (ойыншық бибабо). Түрлі-түсті орамалдар.
Әдіс-тәсілдер
Музыка тыңдау, ойыншықты көрсету, сөзбен түсіндіру, аудио жазбаларды қолдану, суреттерді қолдану, жеке тәсіл, "тізбек бойымен" әндету, музыкалықойындар.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Түрлі-түсті орамалдар, бетперделер: шыбын, маса, инелік.
2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР
Бетперде: шыбын, маса, инелік.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ
1.1. Музыка жетекшісі топқа келеді, балаларды сабаққа шақырады, бүгін олар шеңбермен жүріп биді үйренетіндерін еске түсіру. Балалар залға барады.
1.2. Мен қазір әуен ойнаймын.
Г.Абдрахмановтың "Шеңбермен жүреміз"

Қолымызды ұстаймыз,
Шеңберге біз тұрамыз.
Дөңгелене келеміз
Тез-тез, тез-тез, тез-тез, тез-тез жүгіреміз.
Жүгіреміз, жүгіреміз, орнымызға келеміз.
Жай-жай жүреміз,
Дөңгелене келеміз. 2рет
Жай-жай, жай-жай адымдап жүр, Жүреміз,

жүреміз, орнымызға келеміз.Сіз ол кім
туралы екенін білесіз бе?
Әуенді орындайды. Балалар оны таниды. Жаттығу 2-ден 3 ретке дейін орындалады. Музыка жетекшісі балалардың жаттығуды дұрыс оырндауын қадағалайды.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. «Құстар» Т.Ломоваяның жаттығуларына арналған музыканы орындайды. Музыка жетекшісі жаттығуды бастайды, біртіндеп оған барлық балалар қосылады. Бұл жаттығу қимылдарды жеңіл орындау қабілетін дамытады. Музыка жетекшісі: - Жарайсың! Сендер қандай керемет құстар едіңіз: жеңіл, күлкілі, көңілді. Біздің торғай сияқты! Міне, ол келді. (Торғай оыншығын көрсетеді). Кәнекей амандасайық торғаймен?
- Чик-чи-рик!

2.2. Музыка жетекшісі:
- Біздің «Біздің қақпамыздағыдай» шеңбер биімізде биді кім басқарды?
Балалар: - Шыбын, маса, инелік.
Музыка жетекшісі: - Құмырсқа болды ма?
- Жоқ. Ол шаршап, әрең дегенде жүрді.
- Шыбынның қалай көңілді әндер айтқанын көрсетші. (Балалар музыка жетекшімен бірге «пружинка» жаттығуын орындайды). Масалар скрипкадақалай ойнады? Былай (Ойынның қабылдауын көрсетеді).
Құмырсқаның қаншалықты шаршағанын, оның әрең жүргенін көрсетіңдер.Балалар шығармашылықты көрсете отырып, ойнақы образ жасайды.
Музыка жетекшісі: Жақсы! Бүгін әннің кейіпкерлері кім болады? Құмырсқа,шыбын, инелік, масаны кім бейнелейді? Мен бетперде кигіземін.
Ән аяқталғаннан кейін жүргізушілер өз орнын басатын адамды таңдайды. Дөңгелек би бірнеше рет қайталанады - жаңа көшбасшылармен. Оған белсендіемес, жасқаншақ балаларды тарту, оларды жігерлендіру маңызды.

2.3. - Біз жақсы биледік! Бірақ оны одан да қызықты әрі қызықты ету үшін мен сендерге орамал ұсынғым келеді. Міне, олар әр түрлі, жасыл, қызыл, сары, көк,кез-келгенін өздерің таңдаңдар. (Балалар таңдалған орамалды бұрышқа шығарады). Енді сендер орамалыдарыңда ұстап, би музыкасын тыңдаңдар "Орамалмен билейміз" музыкасы Т.Сарыбаевтікі



Қызыл, сары, жасыл, көк (Орамалдарды оң қолдарына ұстап,

Орамалды алайық.
Қолды көкке созайық,
Қозғап-қозғап қалайық.
Кел, балақай, тамаша,
Би билейік жараса!
2. Қызыл, сары, жасыл, көк,
Ормалдар көп-көп.
Көңіліміз жараса,
Би билейік жаңаша.

Алға созып, көрсетеді.)
(Орамалды жоғары көтереді,
тез қозғайды.)
(Аяқтарын топылдатады.)
(Бір орында айналады.)
(Орамалды алға созып
Көрсетіп қимылдатады.)
(Сол қолдары белдерінде, орамалды
Көтеріп тербетіле қозғалады.)

2.4. Музыка жетекшісі:

- Балалар,сендер естідіңдер ме, әуен әр түрлі орындаоды? Басында тыныш, оңайкөңілді, содан кейін қатты, анық естілді. Музыка жеңіл естілгенде біз орамалмен шашырай бастап жүгіреміз. Және музыканың дыбысы қатты орындалса - біз аяқпен топылдатып, орамалды көтеріп сермейміз.

Соңындамузыка тыныш - біз әдемі айналамыз,орамалға тамсанып қараймыз.

Биді бөліктерге бөліп үйренеді. Музыка жетекшісі үнемі орамалға назар аударады, оның орналасуына және қимылдардың жеңілдігіне. Орамалдың қалайоңай ұшатынын көрсетеді.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі:

- Мен орамалымды сермеп жіберемін, мен сендермен қоштасамын!
  Қоштасатын уақыт келді. Сау болыңдар

Тақырыбы: Қош келдің, жаз!
Күні: 23.05.2023 ж

Оқу қызметінің мақсаты

Музыка өнерінде балалардың қызығушылықтарын арттыру; музыка өнері саласы арқылы бүкіл әлемге деген көзқарасын қалыптастыру; сенсорлық қабілеттерін дамыту.

Музыка саласында ересек адаммен және баланың өзара байланысы. Әртүрлі өнерге деген қызығұшылықтарын, бала өнерін дамуына ықпал ету.

Музыкалық-ырғақтық қимылдар қабілеттерін арттыру арқылы баланың денесін дамуына ықпал ету.

Сөздік жұмыс

Сыбызғы, шыбын, маса, инелік, әдемі көбелек.

Әдіс-тәсілдер

Музыка тыңдау, ойыншықты көрсету, сөзбен түсіндіру, аудио жазбаларды қолдану, суреттерді қолдану, жеке тәсіл, "тізбек бойымен" әндету, музыкалық ойындар.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Сыбызғы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр бетперделер: шыбын, маса, инелік.



Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Балалар залға "Серуен" музыка Э.Беттольфтың музыкасына асықпай кіреді.

1.2. Музыка жетекшісі балаларды интербелсенді тақтаға назарларын аударады.

- Балалар, қараңдаршы, қандай әдемі көбелектер.
- Міне жаз да жақындап қалды. Әдемі көбелектер гүлдердің үстінде ұшып-қонып жүр.
- Ал енді сендер көбелек туралы ең жеңіл, әсем музыканы естисіңдер. Пьеса ойналады.

Музыка қандай жеңіл, көңілді естілді! Кішкентай көбелек ұшады, ауада ойнайды, гүлге отырады және қайтадан ұшады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Музыка жетекші К.Шілдебаевтің "Вальс" әуенін орындайды.

Сендер қандай жеңіл, әуенді музыка естідіңдер! Бұл вальс. Көбелектер ұшады, айналады, қалықтайды. Біз де жеңіл, салмақсыз көбелектерге айналамыз және шалбындықта айналамыз. Балалар өз шығармашылықтарын көрсете отырып, еркін көбелектер сияқты билейді. Мұғалім назарын ең әдемі, жеңіл «көбелекке» аударады. Ол оны өзінің биін орындауға шақырады, ал қалғандары гүлге отырады.

2.2. Музыка жетекшісі:

- Балалар, шабындықта инелік, құмырсқа, маса және шыбын пайда болды. Олар не істеп жатыр?

Балалар:

- Шеңбермен жүреді, скрипкада ойнайды, би билйді.

Балалар «Бөбектер биі» музыка К.Куатбаевтікі дөңгелек биін орындайды, бетперде киеді, жеке әншілерді өздері таңдайды, барлық қимылдарды өз бетінше орындайды. Музыка жетекші мен тәрбиеші қарап отырады.



3. ҚОРЫТЫНДЫ

Біздің шабындықта қандай көңілді болды!
Келесіде жолы нағыз мереке ұйымдастырайық - көптеген билер мен әндер болатындай, мұнда барлығы көңілді, қуанышты, вальс биімен айналады. Мерекені ұйымдастырамыз ба?
Олай болса әдемі жазғы киім киіп келіңдер. Мен сендерді
күтемін.
Сау болындар!

Тақырыбы: Құстар қалай шиқылдайды? (мерекеге тура келеді)

Күні .2022 ж.

Оқу қызметінің мақсаты

"Әлди-әлди" әуеніне балаланың эмоцианалды, жағымды әсер алуын қалыптастыру. Дауысты біркелкі, әндетіп шығаруға үйрету, сөздің екпінді буындарын созып айтуға үйрету. Қимылдардың нақты көрсету шеберлігін дамыту. Өзін еркін ұстауға тәрбиелеу. Құстар туралы түсінік беру.

Сөздік жұмыс

Металлофон

Әдіс-тәсілдер

Музыка ,тыңдау, ойыншықты көрсету, сөзбен түсіндіру, аудио жазбаларды қолдану, суреттерді қолдану, жеке тәсіл, "тізбек бойымен" әндету, музыкалық ойындар.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Металлофон, торғайдың суреті.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Күзгі жапырақтар, мәшинеңің рулі, "мәшине" маскасы.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Балалар тәрбиешімен бірге музыкалық залға "пойыз" боп келеді. Педагог залдан шығып қарсы алады.

Қиындықтан қашпайық,
"Пойыз" ойын бастайық.
Бип, бип, бип.
Мен паровоз от алам,
Астанаға бет алам.
Бип, бип, пыш.
Бірте, бірте тездейміз, Тез
жетуді көздейміз. У,у-у.
Көп қаладан өтеміз,
Астанаға жетеміз. У, у-у.

Қызық болды, кеп қалдық, Енді
жайлап тоқталық. Бип, бух, пыш,

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог балаларды қарсы алады:
- Кім келді? Менің балапандарым ғой! Сәлеметсіздер ме, балалар! Қараңдаршы, қандай әдемі біздің залымыз! (еденде күзгі жапырақтар) Балалар, бұл Күз мезгілі жапырақтарды шашып тастады.
- Орманда, біз келеміз,
Жапырақты тереміз. Қызыл
жапырақ,
Сары жапырақ,
Жасыл-сары, міне- міне,
Саудырайды түседі.
- Балалар, жапырақтарды музыка әуенімен жинаймыз.

Орманда біз келеміз.
Жапырақты тереміз (Шеңбермен тізіле жүреді.)
(Алдын ала дайындаған қызылғ сары түсті жапырақтарды бірінен соң бірі кезекпен алады.)
Қайырмасы:
Қызыл жапырақ, Сары жапырақ,
Жасыл-сары, міне-міне,
Саудырайды, түседі
2.Жапырақты жоғары,
Оңға, солға бұлғаймыз.
Жайқаламыз, билейміз,
Жарқыраған күндейміз.
Айналамыз бәріміз
Иілеміз қане біз.

– Әннің сөзін жазған ақын кім? Балалар естеріне түсіре бастайды. Педагог тағыда балаларға көмек береді.
– Балалар, біз тыңдаған ән қалай аталады? Сағындым, әже, сағындым.
Жарайсыңдар.

2.2. "Музыкалық қорап" музыкалық-дидактикалық ойын.
Мақсаты: балалар шығармашылығын дамыту.
Ойын материалы: түрлі-түсті безендірілген қорап, таныс әндердің мазмұнын суреттейтін суреттері бар карталар (бақылау картасының артқы жағында әнніңатауы мен композитор көрсетілген).
Ойын барысы: Қорапта 5-6 карточкалар орналастырылған. Балалар кезек-кезек карточкаларды алып, музыкалық шығарма мен композиторды атай отырып, оларды жүргізушіге береді. Әндер барлық балалар тобымен немесе жеке-жеке музыкалық сүйемелдеусіз орындалады. Болашақта ойын концерт ретінде өткізіледі.

2.3. Дауыс жаттығулары.
Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:
– Балалар, денемізді тік ұстап, орындықтың шетіне отырамыз.
– Балалар, орманда бір қоян келе жатып сәбізін жоғалтып алды. Ол сәбізін табуүшін ағаштардың маңына барып мұрнымен иіскей жөнелді. Кәне, қоян қалай сәбізін тауып алды?
– Балалар, қоян сияқты иіскейміз. Енді тілдің ұшын тістеп, тілді оң және сол жақ тістермен кезек басамыз, тілді таңдайға тигіземіз, тілді алға созамыз, тіл астын көрсетеміз. Жарайсыңдар.
– Енді, балалар, менімен бірге әннің сөзін бірге айтамыз.
– Тоқ- тоқ, тоқылдақ,
– Жерден тары шоқып ап,
– Тоқылдайды тоқылдақ,
– Тоқ-тоқ-тоқ.
– Ахау ,егигай,
– Ән сал бозторғай,
– Біз әніңді үйреніп,
– Күнде ән сап жүрейік. Тамаша.
– Балалар, енді бәріміз, ара болайықшы?!
– Аралар,
– Арамыз, біз арамыз,
– Әнге салып барамыз.
– Жу-жу-жу-жу-жу-жу.
– Қызыл, жасыл гүлдерден,
– Балды сорып аламыз.
– Жу-жу-жу-жу-жу-жу. Жарайсыңдар.

2.4. Ән салу.
Музыка жетекшісі:
Педагог тақтадағы нотаны көрсеткішпен көрсетеді.
– Балалар, нота дегеніміз не?
– Иә, дұрыс айтасыңдар.
– Нота дегеніміз - музыка дыбыстарын қағаз бетіне жазатын белгі. Ән нотаарқылы жазылады. Нотаның астына әннің сөзін жазып, оны айтамыз.
– Біз сөзді оқығанда әріптерді бір-біріне қосып, сөздерді байланыстырып оқимыз.Ал ән салғанда әнді нотамен айтамыз.

– Балалар, орнымыздан тұрайық, менімен бірге қайталаймыз:
– Үйренсек нотаны,
– Ән де саламыз.
– Барлығын оп-оңай,
– Жаттап аламыз.
– Енді, балалар, менімен ноталар аталуын қайталаймыз:
– До, ре, ми, фа, соль, ля, си.
– Музыкада 7 нота болады.
– Балалар, тағы да тақтаға қарайық.



– Ол ноталар бес сызықтың бойына жазылады. Ноталар іші боялған, таяғы мен жалаушасы бар домалақ түрінде болады.
– Балалар, нота туралы да ән бар, сол әнді айтып, үйренейік.
Өмірбек Байділданың әні «До-ре-ми».
Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.
– Балалар, тамаша, әнді жақсы айтып жатырсыңдар! Жарайсыңдар!
Музыка жетекшісі балаларға ән үйретуді жалғастыра отырып, «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен, кіші алмаларға қарап,әннің ырғағын дәл сақтап, алақан соғып жаттықтырады.
– Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші бұлбұлдар» да келді.
Балаларға бұлбұлдармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады. Музыка жетекшісі айтылып жатқан әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасын барлық топ қосылып орындауға үйретеді.

2.5. "Музыкалық қорап" музыкалық-дидактикалық ойын.
Мақсаты: балалар шығармашылығын дамыту. Ойын материалы: түрлі-түсті безендірілген қорап, таныс әндердің мазмұнын суреттейтін суреттері бар карталар (бақылау картасының артқы жағында әннің атауы мен композитор көрсетілген). Ойын барысы: Қорапта 5-6 карта орналастырылған. Балалар кезек-кезек карточкаларды алып, музыкалық шығарма мен композиторды атай отырып, оларды жүргізушіге береді. Әндер барлық балалар тобымен немесе жеке-жеке музыкалық сүйемелдеусіз орындалады. Болашақта ойын концерт ретінде өткізіледі.

3. ҚОРЫТЫНДЫ
Музыка жетекшісі оқу қызметінің аяғында:
– Балалар, бүгінгі оқу қызметіміз ұнады ма сендерге?
– Б. Бейсенованың «Сағындым, әже, сағындым» әнін.
– Әжелердің болғаны сондай жақсы, солай ма, балалар?
– Қандай нота түрлерімен таныстық?
– Нота дегеніміз не?
– Балалар, бүгін қандай ән айтуды үйрендік? Ө. Байділданың «До-ре-ми» әнін.
– Бәрекелді, балалар, бүгінгі оқу қызметінде жақсы белсенділік көрсеттіңдер,рақмет, бәріңе!

Музыка: Бақа, бақа, бақ-бақ

15.09.2022ж

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды халық әнін тыңдай отырып, мағынасын түсіне білуге үйрету; бақа туралы әнді айту кезінде музыкалық-қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру.

Сөздік жұмыс

"Гүлдерайым", "лирика", "халық әні", "табиғат әлемі", "жаңбыр", "Бақа, бақа, бақ-бақ" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Релаксация, түсіндіру, баяндау, жаттығу, қайталау, көркем сөз, миға шабуыл,кері байланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

1. Көрнекілік материалдар

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, құстар суреті, бақа туралысурет пен бейнебаян, суретті өріктер (слайд), «Әнші торғайлар» макеті, бақалар бетпердесі

Е. Тиличеева «Марш» шығармасы
Н.Шахина «Қандай ырғақ» шығармасы
Халық әні «Гүлдерайым» (ән тыңдау)
Т. Тайбеков «Бақа, бақа, бақ-бақ» әні (ән айту)"Күннің көзі және бұлт" дидактикалық ойыны
"Менің балаларым қайда?" музыкалық-дидактикалық ойыны

2. Үлестірмелі материалдар

бала санына қарай бақалар бетпердесі

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Релаксация "Табиғат"

Балалар оқу қызметінің басында залға әуенімен адымдап кіреді. Музыкажетекшісі балалардың көңіл-күйін көтеру үшін:

- Міне, жарайсыңдар! Денемізді тік, еркін, басымызды түзу ұстаймыз. Керемет, жарайсыңдар! Арамыздағы арақашықтықты сақтаймыз. Балалар зал бойымен шеңбер жасап, ортаға келіп тоқтайды.

Музыка жетекшісі:

- Балалар, жарайсыңдар! Бүгін табиғат әлемі керемет болып тұр, солай ма, балалар?
- Олай болса, қазіргі ойналатын "Табиғат" әуенімен шеңбер айналып, қимылдар жасайықшы?!
- Балалар, тақтаға қарайықшы?!



- Музыка әуенімен өзімізді осы бақта жүргендей сезінейік.
- Қимылдарды менімен бірге қайталаймыз.
- Табиғат көрінісі қандай тамаша, балалар!
- Жарайсыңдар, балалар.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі:

- Балалар, алдымен кең, әдемі шеңбер жасап алайық, музыка басталғанда менімен ілесе жүріп, адым қимылдарын жасауға дайындаламыз.

Шығарма бойынша музыка жетекшісі балаларды шеңберге тұрғызып, бірінің артынан бірі жеңіл адыммен жүргізіп, арасында музыка сипатына қарай шашыраңқы жүріспен жүру керектігін көрсетеді. Балалар жүргенде аяқ-қол үйлесімділігін сақтап, денелерін түзу, еркін ұстаулары қажет. Жүргенде қарапайым адыммен сол аяқпен бастап, 3-тік өлшемде сол аяқпен аяқтау керектігі ескертіледі. Басында музыка жетекшісі өзі көш бастап, көрсетіп жүреді.Арасында балалардың өздеріне адымдатады. Әсіресе, аяқ, қол үйлесімділігін музыка сипатына сай сәйкестендіру маңызды екендігін ескертеді.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

Музыка жетекшісі балалардың назарын тақтаға аударады:

- Балалар, тақтаға назар аударайықшы?! Балалар тақтаға қарайды



- Балалар, мына суреттен кімді көріп тұрсыңдар?
- Балалар, қыз не істеп отыр?
- Қыз домбыра тартып отыр, солай ма?
- Балалар, ертеде де қазақтың қыздары өте өнерлі болған.
- Олардың есімдері де ерекше аталған. Сондай ерекше есімдердің бірі - Гүлдерайым.
- Балалар, қазір біз жаңа халық әнін тыңдаймыз. Ән "Гүлдерайым" деп аталады.
- Балалар, «Гүлдерайым» - лирикалық ән. Лирика деген сөз - сезім, нәзік деген мағынаны білділеді. Бұл арманына жете алмаған жігіттің әні. Халық өзінің жақсы көретін адамына, атына, жер-суға арнап ән жазған. Ол әндер ауызша айтылып, әнді шығарған кісі ұмыт қалып, бұл әндер «халық әні» аталып кеткен.
- Балалар, «Гүлдерайым» әнін тыңдайық
- Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.
- Балалар, ән қалай аталады? Гүлдерайым.
- Балалар, әннің әуенін жазған кім?
- Халық екен.
- Ақ көңіл ағызайық әннің майын,
- Жас дәурен шалқып жатқан айдындайын.
- Астынан алты қырдың шыққан даусым,
- Жетсе екен құлағына қалқатайдың.
- Ахау, Гүлдерайым,
- Күн мен айым.
- Ұшарға қанатым жоқ,
- Неғылайын.

- Жаз шықты жадыратып майдың айын,
- Әніне шырқай кетті Гүлдерайым.
- Шығады ащы даусым әнге бассам,
- Қарағым, сені есіме алған сайын.
- Балалар, менімен бірге шапалақтап, әнді тағы да қайталап тыңдайықшы!

Керемет! Өте сазды ән, балалар, солай ма? Әнді бәріміз тағы да қосылып тыңдаймыз. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайта тыңдатып, сұрақтар қояды:

- Балалар, біз тыңдаған ән қалай аталады? Гүлдерайым.
- Әннің авторы кім?
- Бұл ән халық арасынан шыққан ән.

2.2. "Күннің көзі және бұлт" дидактикалық ойыны

Ойын шарты: Пьесаны тыңдай отырып, пьесаның мазмұнын (көңілді болса - күннің көзін, көңілсіз болса - бұлтты, ал жәй ғана орташа болса - күннің көзімен бұлт араласқан) карточкалар арқылы көрсету. Жауаптың дұрыстығын балалардың өздеріне бағалату.

- Балалар, қазір "Күннің көзі және бұлт" ойынын ойнаймыз. Екі командаға бөлінесіңдер. Екі команданың алдында бірдей карточкалар бар.
- Балалар, қазір сендерге әртүрлі пьесалар ойналады. Сол пьесалардың сипатына қарай алдарыңда жатқан карточкаларды көрсетесіңдер. Мысалы, пьесаның мазмұны көңілді болса - күннің көзін, көңілсіз болса - бұлтты, ал жәйғана орташа болса - күннің көзімен бұлт араласқан карточкаларды көрсетесіңдер, түсінікті ме? Иә.
- Олай болса, ойынды бастаймыз. Педагог пьесаның мазмұнына қарай карточкаларды дұрыс көрсеткен балалардың командасын мақтайды. Команда балалары қателескен жағдайда педагог көмек көрсетеді.

2.3. Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшісі балалармен ән салу алдында дауыс жаттығуларын орындауы міндетті болып табылады. Дем алу ән айту кезінде қалыптасады. Дем алу ән айтардың алдында жүргізіледі және музыкалық шумақтан кейін жүргізіледі. Сөз ортасында дем алу жүргізілмейді. Сондықтан педагог мынадай бағытта дауыс жаттығуларын жүргізеді:

- Балалар, орындықтың шетіне отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз. Жарайсыңдар.
- Енді менімен бірге қайталаймыз.
- Біз көңілді балалармыз,
- Бір орында тұрмаймыз.
- Ля-ля-ля (екі рет қайталанады).

Дем алу бір жолдан кейін жүргізіледі және ән шумағы ақырын, әрі асықпай орындалуы керек.

- Біз сабырлы балалармыз,
- Біз апайды тыңдаймыз.
- Ля-ля-ля (екі рет қайталанады).
- Жарайсыңдар, балалар.
- Енді, балалар, менімен бірге дауыс жаттығуларын жасаймыз.
- Балалар, енді тырналар қалай дыбыстайды екен, көрейік.
- Аспан ашық, дала кең,
- Кел, қоныңдар тырналар.
- Мен сендерге жем берем,
- Дос болайық, тырналар.
- Трау-трау-трау-трау!
- Трау-трау-трау-трау!

- Тамаша.

2.4. Ән салу

Т.Тайбековтың «Бақа, бақа, бақ-бақ» әні

- Балалар, сендер табиғатты жақсы көресіңдер ме?
- Міне, жарайсыңдар!



Балалар, мына суретке қараңдаршы, нені көріп тұрсыңдар?

- Бақаның қандай пайдасы бар?
- Жаңбырдан кейін бақаның қалай пайда болатынын білесіңдер ме?



Балалар, тақтаға қарап, жаңбырдан кейінгі бақаның қалай пайда болатынын бақылайықшы!?

- Балалар, бақа туралы да әннің бар екенін білесіңдер ме?
- Олай болса, бақа туралы әнді үйреніп, айтып көрейікші, балалар!
- Балалар, орындыққа ыңғайлы жайғасып, алдымен әнді тыңдайық.
- Енді балалар, менімен бірге әнді қайталаймыз.

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді. Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.

- Балалар, тамаша, әнді жақсы айтып жатырсыңдар! Жарайсыңдар!

Музыка жетекшісі балаларға ән үйретуді жалғастыра отырып, «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен, кіші өріктерге қарап, әннің ырғағын дәл сақтап, алақан соғып жаттықтырады.

- Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші торғайлар» да келді.

Балаларға торғайлармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады. Музыка жетекшісі айтылып жатқан әннің үш шумағын үш командаға айтқызып,ал, қайырмасын барлық команда қосылып орындауға үйретеді.

2.5. "Менің балаларым қайда?" музыкалық-дидактикалық ойын

Ойын шарты: Музыка жетекшісі балаларға карточкада тауық, үйрек, күрке тауық, ит, мысық енелерін көрсетеді,

ал балалардың қолдарында кіші карточка (балалары) музыка жетекшісі әндетіп балалардан сұрайды, балалар әуенді танып не туралы айтылғанын ұғып, керек карточканы көрсетеді.

- Балалар, мен сендерге әндетіп жүріп, қай карточканы көрсетемін, сол карточкаға сай карточканы көтересіңдер.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Оқу қызметінің қорытынды бөлімінде музыка жетекшісі:

- Балалар, бүгін оқу қызметі сендерге ұнады ма?
- Сендер де жақсы қатыстыңдар.
- Бүгін қандай ән тыңдадық? "Гүлдерайым" әнін.
- "Гүлдерайым" әнін жазған кім?
- Ал қандай ән айттық? "Бақа, бақа, бақ-бақ"" әнін.
- Бақа қалай бақылдайды екен? Бақ-бақ.
- Біз де оқу қызметін аяқтайық, сау болыңдар, балалар!

Музыка: Табиғат көрінісі
20.09.2022

Оқу қызметінің мақсаты
Балаларды халық әнін тыңдай отырып, мағынасын түсіне білуге үйрету; бақа туралы әнді айту кезінде музыкалық-қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіруді пысықтау.

Сөздік жұмыс
"Гүлдерайым", "лирика", "халық әні", "табиғат әлемі", "жаңбыр", "Бақа, бақа, бақ-бақ" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер
Релаксация, түсіндіру, баяндау, жаттығу, қайталау, көркем сөз, миға шабуыл,кері байланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар
Көрнекілік материалдар
Интербелсенді тақта, музыкалық-дидактикалық ойындар, музыкалық аппаратура, тақырыпқа байланысты көрнекі суреттер, көрсеткіш, әндер менәуендер жазбасы.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу.
Балалар оқу қызметінің басында залға Е. Тиличееваның «Марш» шығармасы («Марш» Е. Тиличеевой) әуенімен адымдап кіреді. Музыка жетекшісі балалардыңкөңіл-күйін көтеру үшін:
– Міне, жарайсыңдар! Денемізді тік, еркін, басымызды түзу ұстаймыз. Керемет, жарайсыңдар! Арамыздағы арақашықтықты сақтаймыз. Балалар зал бойымен шеңбер жасап, ортаға келіп тоқтайды.
1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар.
Музыка жетекшісі:
– Балалар, алдымен кең, әдемі шеңбер жасап алайық, музыка басталғандаменімен ілесе жүріп, адым қимылдарын жасауға дайындаламыз. ~~**(Аудиозапись произведения ""Какой ритм? ""Н.Шахиной)**~~
Н.Шахинаның «Қандай ырғақ?» шығармасы бойынша музыка жетекшісі балаларды шеңберге тұрғызып, бірінің артынан бірі жеңіл адыммен жүргізіп, арасында музыка сипатына қарай шашыраңқы жүріспен жүру керектігін көрсетеді. Балалар жүргенде аяқ-қол үйлесімділігін сақтап, денелерін түзу, еркінұстаулары қажет. Жүргенде қарапайым адыммен сол аяқпен бастап, 3-тік өлшемде сол аяқпен аяқтау керектігі ескертіледі. Басында музыка жетекшісі өзі көш бастап, көрсетіп жүреді. Арасында балалардың өздеріне адымдатады.
Әсіресе, аяқ, қол үйлесімділігін музыка сипатына сай сәйкестендіру маңыздыекендігін ескертеді.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау.
Музыка жетекшісі балалардың назарын тақтаға аударады:
– Балалар, қазір біз жаңа халық әнін тыңдаймыз. Ән "Гүлдерайым" деп аталады.

– Балалар, «Гүлдерайым» - лирикалық ән. Лирика деген сөз - сезім, нәзік деген мағынаны білдіреді. Бұл арманына жете алмаған жігіттің әні. Халық өзінің жақсыкөретін адамына, атына, жер-суға арнап ән жазған. Ол әндер ауызша айтылып, әнді шығарған кісі ұмыт қалып, бұл әндер «халық әні» аталып кеткен.
– Балалар, «Гүлдерайым» әнін тыңдайық.
– Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.
– Балалар, ән қалай аталады? Гүлдерайым.
– Балалар, әннің әуенін жазған кім?
– Халық екен.
– Ақ көңіл ағызайық әннің майын,
– Жас дәурен шалқып жатқан айдындайын.
– Астынан алты қырдың шыққан даусым,
– Жетсе екен құлағына қалқатайдың.
– Ахау, Гүлдерайым,
– Күн мен айым.
– Ұшарға қанатым жоқ,
– Неғылайын.
– Жаз шықты жадыратып майдың айын,
– Әніне шырқай кетті Гүлдерайым.
– Шығады ащы даусым әнге бассам,
– Қарағым, сені есіме алған сайын.
– Балалар, менімен бірге шапалақтап, әнді тағы да қайталап тыңдайықшы! Керемет! Өте сазды ән, балалар, солай ма? Әнді бәріміз тағы да қосылып тыңдаймыз. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайта тыңдатып, сұрақтар қояды:
– Балалар, біз тыңдаған ән қалай аталады? Гүлдерайым.
– Әннің авторы кім?
– Бұл ән халық арасынан шыққан ән.

2.2. "Қатты, ақырын" музыкалық-дидактикалық ойын.
Мақсаты: балалардың диатоникалық есту қабілетін дамыту.*Ойын материалы*: кез-келген ойыншық.
Ойын барысы: Балалар жүргізушіні таңдайды. Ол бөлмеден кетеді. Барлығы ойыншықты қайда жасыруға келіседі. Жүргізуші оны барлық балалар ән салатынәннің көлемін басшылыққа ала отырып табуы керек; ойыншық орналасқан жергежақындаған сайын дыбыс күшейеді немесе одан алыстаған сайын әлсірейді.
Егер бала тапсырманы сәтті орындаса, ойынды қайталаған кезде ойыншықты жасыруға құқылы.

2.3. Дауыс жаттығулары.
Музыка жетекшісі балалармен ән салу алдында дауыс жаттығуларын орындауыміндетті болып табылады. Дем алу ән айту кезінде қалыптасады. Дем алу ән айтардың алдында жүргізіледі және музыкалық шумақтан кейін жүргізіледі. Сөзортасында дем алу жүргізілмейді. Сондықтан педагог мынадай бағытта дауыс жаттығуларын жүргізеді:
– Балалар, орындықтың шетіне отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз. Жарайсыңдар.
– Енді менімен бірге қайталаймыз.
– Біз көңілді балалармыз,
– Бір орында тұрмаймыз.
– Ля-ля-ля (екі рет қайталанады).
Дем алу бір жолдан кейін жүргізіледі және ән шумағы ақырын, әрі асықпай орындалуы керек.

– Біз сабырлы балалармыз,
– Біз апайды тыңдаймыз.
– Ля-ля-ля (екі рет қайталанады).
– Жарайсыңдар, балалар.
– Енді, балалар, менімен бірге дауыс жаттығуларын жасаймыз.
– Балалар, енді тырналар қалай дыбыстайды екен, көрейік.
– Аспан ашық, дала кең,
– Кел, қоныңдар тырналар.
– Мен сендерге жем берем,
– Дос болайық, тырналар.
– Трау-трау-трау-трау!
– Тамаша.

2.4. Ән салу. Т.Тайбековтың «Бақа, бақа, бақ-бақ» әні.
Педагог интербелсенді тақтадан бақаның бейнежазбасын көрсетеді.
– Балалар, орындыққа ыңғайлы жайғасып, алдымен әнді тыңдайық.
– Енді балалар, менімен бірге әнді қайталаймыз.
Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.
– Балалар, тамаша, әнді жақсы айтып жатырсыңдар! Жарайсыңдар!
Музыка жетекшісі балаларға ән үйретуді жалғастыра отырып, «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен, кіші өріктерге қарап, әнніңырғағын дәл сақтап, алақан соғып жаттықтырады.
– Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші торғайлар» да келді. Балаларға торғайлармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады. Музыка жетекшісі айтылып жатқан әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасын барлық команда қосылып орындауға үйретеді.

2.5. "Музыкалық лото" музыкалық-дидактикалық ойын.
Мақсаты: жоғары есту қабілетін дамыту.
Ойын материалы: карточкалар ойыншылардың саны бойынша, әрқайсысында бессызғыш (музыкалық диірмен), шеңбер ноталары, балалар музыкалық аспаптары(балалайка, металлофон, триола) салынған.
Ойын барысы: Жетекші бала әуенді аспаптардың бірінде жоғары, төмен немесебір дыбыста ойнайды. Балалар карточкаға ноталар қоюы керек-бірінші сызғыштан бестен немесе бестен біріншіге дейін немесе бір сызғышта шеңберлер. Ойын сабақтан бос уақытта өткізіледі.

3. ҚОРЫТЫНДЫ
Музыка жетекшісі оқу қызметінің соңында:
– Балалар, бүгін оқу қызметі сендерге ұнады ма? Ұнаса бас бармағымызды көрсетйік, ұнамаса бас бармағымызды төмен қаратайық.
– Бүгін қандай әнді қайталадық?
– Иә, бәрекелді, гүлдерайым әнің.
– "Гүлдерайым" әні сендерге ұнайды ма?
Балалардың жауаптары.
– Біз де оқу қызметін аяқтайық, сау болыңдар, балалар!

27.09.2022

Оқу қызметінің мақсаты
Балаларды тіл туралы әнді қызыға айта білуге үйрету; дыбысты есту қабілеті мен хорда ән айтуға дағдыландыру; дауыстың жоғары және төмен ырғақтарын ажырата білу қабілетін қалыптастыру; өз ана тіліне сүйіспеншіліктерін арттырыппысықтау.

Сөздік жұмыс
"Маусымжан", "Салтанатты күн", "көңілді адым", "Көңілді ноталар", "Ана тілім - тұғырым" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер
Психологиялық көңіл-күй, түсіндіру, баяндау, қайталау, жаттығу, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалықойын.

Құрал-жабдықтар
1. Көрнекілік материалдар
Интербелсенді тақта, музыкалық аппартура, музыкалық-дидактикалық ойынтоптамасы.
2. Үлестірмелі материалдар
Әр балаға жеті нота салынған қаптамалар

Оқу қызметінің барысы
1. КІРІСПЕ БӨЛІМ
1.1. Сәлемдесу.
Оқу қызметінің басында балалар Е.Макшанцеваның «Сергу» әуенімен қатартүзеп залға кіреді.
Музыка жетекшісі:
– Балалар, бізге бүгін қонаққа нота ханшайымы келіпті.



Нота ханшайымы өзінің әндерін ала келіпті, ендеше бүгінгі оқу қызметіміздібастайық, тезірек әндерді жаттап алайық.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар.
Балалар Е. Андосовтың «Біз билейміз» шығармасы әуенімен билеп шығады.
Е. Андосова "Мы танцуем"
Музыка жетекшісі балаларды ортаға шақырады:
– Балалар, төрт баладан қол ұстасып тұрамыз. Музыка әуенімен бірге төртеуденқол ұстасып, айналамыз. Тамаша.
– Кәне, балалар, енді бәріміз бірігеміз! Қандай керемет шеңбер, қараңдаршы,балалар! Тағы да төртеуден қол ұстасып, айналамыз.
– Бәріміз еркіміз бойынша қимылдар жасап, ортада билейміз!
– Керемет, балалар! Басында музыка жетекшісі өзі көш бастап, көрсетіп жүреді. Арасында балалардың өздеріне адымдатады. Әсіресе, аяқ, қол үйлесімділігін музыка сипатына сай сәйкестендіру маңызды екендігін ескертеді. Ерікті қимылдар кезінде балалардың әуен мен қимылды сәйкестендіруіне мән береді.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау.

Музыка жетекшісі:
– Балалар, алдыңғы сабақта біз қандай ән үйрендік?
– Сондай әндердің бірі - халық әні «Маусымжан» әні. Сол әнді тыңдап көрейікші, балалар!

– Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.
– Балалар, ән қалай аталады? Маусымжан.
– Балалар, әннің әуені мен сөзін жазған - халық.
– "Маусымжан" әні тұрмысқа шығатын қызға жақсы тілектер мен бата беру мағынасында жазылған ән.
– Қыз қосылса теңімен жыламасын-ау,
– Көздің жасын көл қылып бұламасын
(Қайырмасы)
– Маусымжан, Маусымжан,
– Танимын қалқам даусыңнан.
– Екі жасты бақытты ете көр деп-ау,
– Біздер бата берейік сұраған соң.
(Қайырмасы)
– Маусымжан, Маусымжан,
– Танимын қалқам даусыңнан.
– Балалар, менімен бірге шапалақтап, әнді тағы да қайталап тыңдайықшы! Керемет! Әнді бәріміз тағы да қосылып тыңдаймыз. Музыка жетекшісі балаларғаәнді қайта тыңдатып, сұрақтар қояды:
– Балалар, әнін жазған сазгер кім?
– Бұл ән халық арасынан шыққан.
– Балалар, біз тыңдаған ән қалай аталады? Маусымжан.
– Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да тыңдап алайықшы! Керемет!
– Әнді бәріміз қосылып тыңдаймыз. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайта тыңдатады.
– Жарайсыңдар, балалар.

2.2. "Ырғақты қайтала" музыкалық-дидактикалық ойыны.
Мақсаты: Аспапты тембірлік үнінен тануға үйрету.
Көрнекіліктер: Аккордеон, металлофон, қоңырау, үшбұрыш, ағаш қасықтар.
Шарты: Екі бала бір-біріне арқасымен тұрады. Алдарында бірдей аспаптар қойылады.Бірінші бала таныс әннің ырғағын аспапта ойнайды, екінші бала дәлсол аспапта ырғақты қайталайды. Бала дұрыс тауып ойнаса, балалар шапалақтайды.








2.3. Дауыс жаттығулары.
Музыка жетекшісі:
– Енді менімен бірге қайталаймыз.
– га-га,
– ду-ду,
– ко-ко,
– ля-ля. Жарайсыңдар.
– Енді балалар, ешкі лағын қалай шақырады, естідіңдер ме?
– Олай болса, менімен бірге қайталап отырамыз.
Лағым
– Шөре-шөре, лағым,
– Тентек болма, шырағым,
– Секектеме, деміңді ал,
– Селтеңдемей құлағың. Тамаша.
– Балалар, көкек қалай шақырады? Балалар "Кө-кек, кө-кек". Жақсы.
– Ендеше, балалар, бәріміз көкек болайық.
Көкек
– Ағашта биік,
– Бір құсты көрдік.
– Сайрайды сол құс,
– Сайрайды талмай.
– Кө-кек, кө-кек,
– Аты оның содан,
– Атанған кө-кек.
– Тамаша, жарайсыңдар, балалар.

2.4. Ән салу. Б. Бейсеновaның «Ана тілім» әні.
– Балалар, біз өз ана тілімізде әндерді білгеніміз дұрыс, иә?
Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.
– Балалар, тамаша, әнді жақсы айтып жатырсыңдар! Жарайсыңдар!
Музыка жетекшісі балаларға ән үйретуді жалғастыра отырып, «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен, кіші күндерге қарап, әнніңырғағын дәл сақтап, алақан соғып жаттықтырады.
– Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші құстар» да келді.
Балаларға құстармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады. Музыка жетекшісі айтылып жатқан әннің үш шумағын үш командаға айтқызып,ал, қайырмасын барлық топ қосылып орындауға үйретеді.

2.5. "Құралды анықта" музыкалық-дидактикалық ойын.
Мақсаты: тембрлік есту қабілетін дамыту.
Ойын материалы: металлофон, қоңыраулар, қасықтар, таяқшалар, барабан. *Ойын*

барысы: Екі бала бір-біріне артқы жағында отырады. Олардың алдындаүстелдерде бірдей құралдар бар. Ойыншылардың бірі кез-келген аспапта ырғақты сурет салады, екіншісі оны сол аспапта қайталайды. Егер бала
музыкалық тапсырманы дұрыс орындаса, онда барлық балалар шапалақтайды. Дұрыс жауап бергеннен кейін ойыншы келесі жұмбақты шешуге құқылы. Егер бала қателессе, онда ол тапсырманы өзі тыңдайды. Ойын сабақтан бос уақыттаөткізіледі.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі:
– Балалар, бүгінгі оқу қызметіне белсенді қатыстыңдар.
– Қандай ән тыңдадық? "Маусымжан" әнін.

Музыка: Кел ән тыңдайық

4.10.2022

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың музыканы тыңдай білуге қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдайотырып, сипатын ажырата білуге үйрету; ән айтуда сөздік мағынасын түсініп, жетекшімен бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын пысықтау.

Сөздік жұмыс

"Күз әуені", "Жапырақ жауады", "Сап-сары жапырақтар", "Дөп-дөңгелек", "Әңгелек" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Түсіндіру, баяндау, жаттығу, қайталау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

Көрнекілік материалдар

Интербелсенді тақта, музыкалық аппаратура, музыкалық-дидактикалық ойын топтамасы,

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу.

Педагог алдын ала жапырақтар таратады. Қолдарына жапырақты ұстап музыказалына И.Соколовскийдің «Марш» әуенімен кіреді. Музыка жетекшісі балаларға денелерін түзу, бастарын тік, өздерін еркін ұстау керектерін ескертеді. Балалар
музыка әуенімен залдың ортасына келіп тұрады.
– Балалар, бәріміз шеңбер бойымен тұрамыз. Міне, жарайсыңдар!
Педагог интербелсенді тақтадан жапырақтардың жауып тұрғанын көрсетеді.

Күзгі баққа да келдік. Бақ іші қандай тамаша! Сары түске боялыпты.
Жұмбақ шешіңдерші:

– Ағайынды
бәрі,Шықса көк,

– Түссе сары!

Бұл не? Күзгі жапырақтарды жинап алып, көңілді әуенмен би билейік!

– Жарайсыңдар, балалар! Бәрекелді.

– Бақтағы ағаш жапырақтары желмен тербеліп, сыбырласып тұрғандай.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:

– Балалар, бүгін біз «Далада қайың тұрғанда» орыс халық әуені шығармасы бойынша ырғақтық қимылдарды жасаймыз, сондықтан мен көрсететін қимылдарды мұқият қарап алыңдар, жарай ма?

«Далада қайың тұрғанда» орыс халық әуені шығармасы бойынша музыка жетекшісі балаларды шеңберге тұрғызып, музыка басталғанда орамалдарын қолдарына ұстап, шеңбер бойымен кібіртік адыммен ақырын жүреді, бір орында тұрып, орамалдарымен оң және сол жаққа кезек-кезек сермеу жаттығуларын жасайды, орындарында тұрып айналады, арасында музыка тоқтағанда балалар орындарында тұрып, аяқтың ұшымен шашырап жүріп, екі және төрт баладан бірігіп, орамал ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, адымдау, музыка соңында орамалдарын жоғары көтеріп, залды айналады. Соңында балалар жерге отырып,беттерін орамалдармен жауып, музыка аяқталғанда орамалдарын оң жаққа көтеріп, сол аяқтарын ұшына қойып, биді аяқтайды. Басында музыка жетекшісі өзі көш бастап, ырғақтық қимылдарды көрсетіп жүреді.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау.

Музыка жетекшісі:

– Балалар қазір қай жыл мезгілі?

– Иә, дұрыс айтасыңдар, күз мезгілі.

– Балалар, алдыңғы оқу қызметінде қандай ән тыңдадық? Кімнің шығармасын тыңдадық?

– Иә, жарайсыңдар, Д. Ботбаевтың «Күз әуені» әні. Ендеше, барлығымыз, тағыбір қайталап көреміз бе?

– Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.

Күзгі, күзгі әуен,

– Күзгі әуен не деген!

– Оның әнін тыңдаңыздар,

– Қосыла бірге жырлаңыздар.

– Кәне, балалар, шапалақпен ұра отырып, әуенді тағы да қайталап тыңдайықшы! Керемет! Ән өте көңілді балалар, солай ма? Иә.

Музыка жетекшісі бір баладан өзі білетін әннің әуенін ля - ля буыны арқылыорындауды, екінші баладан сөзін тақпақтап айтуды ұсынады.

Музыка жетекшісі әнді балалар қабылдағанша тыңдатады.

Музыка жетекшісі әнге қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтарқояды:

– Балалар, ән жазатын адамды кім деп атаймыз? Сазгер. Тамаша.

– Қандай сазгерлерді білеміз? Бота Бейсенова, Өтебай Байділдаев.

Жарайсыңдар.

– Әннің сөзін кім жазады? Ақын. Жақсы.

– Әнді орындайтын адамды кім дейміз? Әнші. Керемет.

– Балалар, қандай ырғақты әндерді білеміз? "Ойыншықтар", "Топ-топ, балақан", "Қамажай". Тамаша, балалар.

– Енді, балалар, ән тыңдай отырып, күз кереметтерін тамашалайық! Педагог Д.



Ботбаевтың «Күз әуені» әнін және интербелсенді тақтаны қосып, күз кереметтерін көрсетеді.

– Қандай керемет, күз көрінісі, қараңдаршы, балалар! Қандай күз ерекшеліктерін көріп отырсыңдар, балалар?

Музыка жетекшісі балаларға әнді тыңдатып, сұрақтар қояды:

– Әнде не туралы айтылады? Күз туралы.

– Қандай күз ерекшеліктерін көрдіңдер және байқадыңдар?

– Жарайсыңдар, балалар!

2.2. Дауыс жаттығулары.

Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:

– Балалар, денемізді тік ұстап, орындықтың шетіне отырамыз.

– Балалар, тауда келе жатып, бір-бірімізден көз жазып қалдық. Бір-бірімізді табуүшін қалай айғайлаймыз? Балалар, үндемей қалады.

– Балалар, алдымен ақырын "ауууу" дейміз. Кәне бәріміз, ақырын "ауууу" дейміз. Балалар қайталайды.

– Біздің дауысымызды ешкім естімеді, енді сәл дауысымызды көтеріп, тағы да "ауууу" дейміз. Балалар қайталайды.

– Балалар, дауысымызды ешкім естімеген сияқты ғой, енді қаттырақ "ауууу" дейміз. Балалар қайталайды. Сол кезде "ауууу" деген жаңғырық естіледі.

– Естідіңдер ме, балалар, біз іздеген адамдар табылды.

Педагог балаларға картон қағаздан жасалған аспаптар бейнесін (домбыра,қобыз, сыбызғы, дабыл) үлестіріп береді.

– Балалар, бәріміз "Көңілді музыканттар" болайықшы!? Балалар таңырқап қалады.

– Балалар, аспаптардың үнін әндете отырып, аспапты ұстау, ойнау ерекшелігін көрсету керек.

– Мен сөздерін айтып отырамын, ал сендер аспаптарда ойнап отырасыңдар, керек жерінде сөзін қайталайсыңдар, мысалы, "дан-диги-дан"- дегенде қайталайсыңдар.

– Бастаймыз, балалар.

– Домбыраны қолға алып,

– Ән айтамыз толғанып.

– Дан-диги-дан.

– Қобыз аспап киелі,

– Оны бәрі сүйеді.

– Пара-ри,пара-ри.

– Сыбызғыны үрлейміз,

– Жалқаулықты білмейміз.

– Ду-ду-ду.

– Трам-та соқса барабан,

– Қызыға жұрт қараған.

– Трам-та-та.

– Жарайсыңдар, балалар.

2.3. Ән салу. М. Әубәкіровтің "Әнгелек" әні.

– Балалар, әңгелек қандай?

– Иә, түсі сап-сары, дәмі тәтті.

– Әңгелек дегеніміз не екен? Кімнің есінде?

– Иә, әңгелек деп қауынды айтамыз.



Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.

– Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар! Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен,кіші алмаларға қарап, әннің ырғағын дәл сақтап, алақан соғып жаттықтырады.

– Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші құстар» да келді.

Балаларға құстармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады. Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасынбарлық топ қосылып орындауға үйретеді.

2.4. "Кім көбірек біледі?" музыкалық-дидактикалық ойын.

Бағдарламалық мазмұн: Музыкалық аспаптар туралы білімді кеңейту және бекіту (сыртқы түрі, дыбысталуы, атауы).

Ойын материалы: балалар алдыңғы музыкалық сабақтармен бұрыннан таныстүрлі музыкалық аспаптардың суреттері бар карталар.

Өткізу әдістемесі: Жүргізуші (мұғалім де, бала да болуы мүмкін) карталарды араластырады және ойыншыларға бір-бірден көрсетіп: "Бұл не?". Онда не суреттелгенін бірінші болып дұрыс атаған адам өзіне карта алады. Ойын карталар аяқталғанша жалғасады. Көп карточкаларды жинаған адам жеңеді.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі оқу қызметінің соңында:

– Балалар, бүгінгі оқу қызметіміз қалай өтті?

Балалардың жауаптары.

– Балалар, біз қандай ән үйрендік?

– Қандай ән тыңдадық?

– Әнді шығарған сазгер кім? М. Әубәкіров.

– Оқу қызметі ұнады ма , сендерге? Иә.

– Балалар, бүгінгі оқу қызметі сәтті өтті, сендерге рақмет, сау болыңдар!

Музыка: Күз қазан
6.10.2022

Оқу қызметінің мақсаты
Балалардың халық әнін тыңдауға ықыласын арттыру; әннің сипатын түсініп, эмоцияларымен көрсете білуге дағдыландыру; әуеннің ауыспалы сипатын беруге және табиғат құбылысын музыкамен байланыстыра білуге үйрету; дикцияның тазалығы мен әнді анық айту дағдыларын жетілдіру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға жаттықтыру.

Сөздік жұмыс

"Илигай", "Күз әуені", "Еркін таудың еркесі", "Еліктей сұлу", "Күзгі вальс"сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Релаксация, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс,пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар
1. Көрнекілік материалдар

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, домбыра аспабыныңсуреті, соқыр теке атрибуты,
картон қағаздан жасалған аспаптар суреттері (домбыра, қобыз, сыбызғы, дабыл),
торғайлар және торғай балапандарының суреттері (слайд), үлкен және кіші дабыл,
«Әнші мысықтар» макеті

2. Үлестірмелі материалдар
аспаптар суреттері

Э.Парлов "Марш" шығармасы (Пр 36)
Д. Ботбаев «Күз әуені» музыкалық-ырғақтық қимылдарХалық әні
«Илигай» (ән тыңдау)
Б. Бейсенова «Күзгі вальс» әні (ән айту)
«Соқыр теке» дидактикалық ойыны
«Қос дабыл» музыкалық-дидактикалық ойын

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Релаксация "Күздің күні қандайды".
Музыка жетекшісі балаларды оқу қызметі алдында залға Э.Парловтың "Марш" шығармасымен салтанатты адымдап кіргізеді. Музыка жетекшісібалалардың музыка әуенімен жасаған адымдарына қарап:
- Денемізді тік ұстаймыз, басымызды салбыратпай түзу ұстаймыз. Жарайсыңдар.Шеңбер жасап, залдың ортасына келіп тұрамыз (балалар кілемнің үстіне келіп тұрады).
Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:
- Балалар, қазір ойналатын музыкамен бірге қимылдар жасаймыз. Қимылдардыменімен бірге ілесе орындайсыңдар, келістік пе? Иә. Онда бастаймыз.

Музыка жетекшісі:
- Орнымызда тұрып, музыка әуенімен оңға бір-екі адым жасаймыз, қолымызды шынтағымызбен бірге қозғаймыз, тамаша.
- Енді орнымызда тұрып, музыка әуенімен солға бір-екі адым жасаймыз, қолымызды шынтағымызбен бірге қозғаймыз, жарайсыңдар.
- Орнымыздан оң жақ иығымызға бұрылып, нәзік қимыл жасап, айналамыз,
- Енді орнымыздан сол жақ иығымызға бұрылып, нәзік қимыл жасап, айналамыз.
- Ақырын кілемге отырамыз, екі тіземізді көтеріп, қолымызды бүгіп, тіземіздіңүстіне қойып, иегімізге саусағымызды тіреп, бір-бірімізге қарап, күлімсірейміз. Жарайсыңдар.
Балалар музыка жетекшісімен бірге қимылдарды қайталайды.
- Балалар, тамаша болды, рақмет.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі балаларды шеңберге тұрғызып:
- Балалар, біз музыка басталмай тұрып, орнымызда адым жаттығуларын жасап, жаттығып алайық. Бәріміз бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтауға үйрене алмай жатырмыз. Сондықтан сендер шеңберде жүріп ырғақты қимылдар жасауды жақсы игеріп алуларың қажет. Музыка жетекшісі балаларға музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді. Д. Ботбаевтың «Күз әуені» әнімен балалар орындарында тұрып, өзі тұрған орнында айналып, қарапайым вальс адымын жасайды. Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, екеуден бірігіп, айналады, қайта шеңбердегі қалыпқа түседі, жүріп келе жатып, қолды оңға және солға сермеу ырғақтық қимылдарын жасайды, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Орындарында тұрып, қолдарын оң жаққа, сол жаққа кезек-кезек айналдырып, аяқтарын жеңіл топылдатады. Аяқтарымен сол жанына, орнына, оңжанына, орнына жаттығуларын жасайды. Қимылдар музыка жетекшісінің көрсетуі бойынша орындалады. Балалар ақырын залдың ортасына келіп тұрады, сол кезде педагог интербелсенді тақтаны қосып:
- Қандай керемет, күз көрінісі, қараңдаршы, балалар!

- Қандай күз ерекшеліктерін көріп отырсыңдар, балалар? Жемістер пісті - бәрікүз кереметі.
- Балалар, күз жомарттығы неде, оны қандай ерекшеліктерінен байқадыңдар? Жемістер мен көгөністер өте көп. Тамаша, балалар!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

Музыка жетекшісі балалардың назарын тақтаға аударады:
- Балалар, бәріміз тақтаға қарайықшы?!
- Тақтадан кімді көріп тұрсыңдар?
Музыка жетекшісі суретке қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтарқояды:
- Балалар, алдыңғы оқу қызметінде қандай қазақ қыздарының есімдеріне арналған әндер тыңдадық?
- Неге ол әндер халық әні деп аталды?
- Балалар, қазақ қызының есіміне байланысты тағы да әдемі ән бар екен, тыңдап көрейікші? Халық әні «Илигай».
- «Илигай» есімі еркін таудың еркесі, еліктей сұлу қыз деген мағынаны білдіреді.
- Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз
Музыка жетекшісі әнді балалар қабылдағанша тыңдатады.
- Илигай деп атыңды қойдым таңдап,

- Әнге қостым атыңды әдейі арнап.
- Еркін таудың еркесі, елік болсаң,
- Мен де өзіңдей жалғызбын ерке саңлақ.

Музыка жетекшісі әнге қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтарқояды:
- Балалар, «Илигай» есімі қандай мағынаны білдіреді?
- Әннің сөзінен не түсіндіңдер?
- Әннің қандай сөздері естеріңде қалды?
- Әнді орындайтын адамды кім дейміз?
- Енді, балалар, «Илигай» туралы шығарманы тағы да тыңдаймыз! Музыка жетекшісі балаларға әнді тыңдатып болған соң, сұрақтар қояды:
- Балалар, біз бүгін қандай ән тыңдадық?
- Әннің әуені жәй орындала ма, әлде, қатты орындала ма?
- Лирикалық ән деп айта аламыз ба?
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. «Соқыр теке» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: Балаларды ән айта жүріп, епті, әрі жылдам болуға үйрету. Ойынның барысы: Балалар бір-бірінің қолынан ұстап шеңбер жасап тұрады, 3 – 4бала шеңбердің сырт жағында тұрады.

Музыка жетекшісі:
- Балалар, қазір біз «Соқыр теке» дидактикалық ойынын ойнаймыз. Ол үшін алдымен «Соқыр теке» болатын баланы таңдап алуымыз керек.
- Кім «Соқыр теке» болғысы келеді? Ортаға «Соқыр теке» болуға тілек білдіріп,бір пысық бала шығады.

Балалар шеңбермен айналып жүріп, әннің 1-ші шумағын айтады. 2-шумақты «Соқыр теке» айтады. 2-ші шумақ басталғанда балалар бекіткен қолдарын жоғары көтереді, ал сыртта тұрған балалар ішке еніп, «Соқыр текеге» ұстатпаймыз деп жан-жаққа жүгіреді. «Соқыр теке» біреуді ұстап алуға тырысады. Егер ұстап алса, әннің 2-ші шумағын айтады, ойын қайталанғандаұсталған бала «Соқыр теке» болады. Егер ұстай алмаса, «Соқыр теке» өзі болады.

Балалар айтатын «Соқыр теке» әнінің шумағы:
- Соқыр теке, бақ, бақ,
- Біз айтамыз тақпақ.
- Мықты болсаң қанекей,
- Бірімізді тап, тап.

2.3. Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшісі ән салар алдында балалардың назарын өзіне аударып:
- Балалар, денемізді тік ұстап, орындықтың шетіне отырамыз.

Музыка жетекшісі балаларға картон қағаздан жасалған аспаптар бейнесін (домбыра, қобыз, сыбызғы, дабыл) үлестіріп береді.
- Балалар, бәріміз "Көңілді музыканттар" болайықшы!? Балалар қуанып қалады.

-Балалар, аспаптардың үнін әндете отырып, аспапты ұстау, ойнау ерекшелігінкөрсету керек.
- Мен сөздерін айтып отырамын, ал сендер аспаптарда ойнап отырасыңдар,керек жерінде сөзін қайталайсыңдар, мысалы, "дан-диги-дан"- дегенде қайталайсыңдар.
- Бастаймыз, балалар.
- Домбыраны қолға алып,
- Ән айтамыз толғанып.
- Дан-диги-дан.
- Қобыз аспап киелі,
- Оны бәрі сүйеді.
- Пара-ри,пара-ри.

- Сыбызғыны үрлейміз,
- Жалқаулықты білмейміз.
- Ду-ду-ду.
- Трам-та соқса барабан,
- Қызыға жұрт қараған.
- Трам-та-та.
- Жарайсыңдар, балалар.

2.4. Ән салу

Б. Бейсенованың «Күзгі вальс» әні(әні: Б. Бейсенованікі).
Музыка жетекшісі ән айтудан бұрын жазбаны қояды
- Балалар, ән қандай сипатта орындалды?
- Әннің сөздерін естеріңе түсірдіңдер ме?
- Балалар, әнде не туралы айтылады?
- Тақтаға қараңдаршы, қандай керемет күзгі көрініс?

- Балалар, күзге арналған тамаша "Күзгі вальс" деген ән бар, сол әнді үйреніп алайық?!
- Б. Бейсенованың әні «Күзгі вальс», бәріміз орындықтың шетіне отырып, кеңтыныс алып, ән айтуға дайындалайық.
- Алдымен балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды.

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.
- Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін торғайларға, торғайдың балапандарына қарап, әннің ырғағын дәлсақтап, алақан соғып жаттықтырады.
- Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші торғайлар» да келді.

Балаларға торғайлармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады.Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасын барлық топ қосылып орындауға үйретеді.
- Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!
- Бүгін өте көңілді балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз, «әнші торғайлар» да сендермен айтамыз дейді. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады.

2.5. "Ән салған кім?" музыкалық-дидактикалық ойын

- Балалар, қолдарыңдағы «әдемі көңілді шарларды» алып, маған қарай ойыналаңына келіңдер. Жарайсыңдар.
- Қазір біз "Ән салған кім?" ойынын ойнаймыз. Ойын шарты: әннің шумағында «әдемі көңілді шарларды» арттарыңа тығып шеңбер бойымен жай жүресіңдер, ал қайырмасында «әдемі көңілді шарларды» қолдарыңмен музыка ырғағына сайбір-біріне соғасыңдар. Санамақ арқылы ойын бастаушысын сайлайды. Балаларұстаған шарлардың ішінің кейбіреуінде дыбыс шығаратын қоңыраулар бар.

Балалар сол қоңыраулар үнін анықтап табулары керек.
- Ал, балалар, бастаймыз.
- Достығымыз жараса,
- Асыр салып таласа
- Ойынды тез бастайық,
- Шартын қатаң сақтайық

- Бір, екі, үш,
- Ойын баста, ұш!

Педагог балалар ойынын музыка жетекшісімен бірге бақылап, арасында ескертужасап отырады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі оқу қызметінің аяғында:

- Балалар, сендер бүгін оқу қызметіне өте белсенді қатыстыңдар.
- Балалар, бүгін оқу қызметінде қандай ән тыңдадық? "Айгөлек" әнін.
- Қандай әдемі ән айттық? "Ұшағым" әнін.
- Балалар, бүгін оқу қызметіне бәрің жақсы қатыстыңдар! Ал сендерге ұнады ма,оқу қызметі? Тамаша!
- Кәне, балалар, оқу қызметі де аяқталды! Біз де жақсы демалдық. Сау болыңыздар!

Музыка: Менің балапандарым қайда?
11.10.2022

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың музыканы бар ықыластарымен тыңдай білу қабілетін арттыру; әндітыңдап, мажорлық және минорлық сипаттағы әндерді ажырата білуге үйрету; дыбыс ұзақтығы туралы ұғым беру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білуге пысықтау.

Сөздік жұмыс

"Күз сыйы", "Күз қазан", "Құрманғазы", "Күй атасы", "Күйші", "Балбырауын"сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, жаттығу, қайталау, көркем сөз, миға шабуыл,кері байланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

Көрнекілік материалдар

Интербелсенді тақта, музыкалық аппаратура, музыкалық-дидактикалықойындар, тақырыпқа байланысты көрнекі суреттер,

Оқу қызметінің барысы


1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу

Қ. Шілдебаевтің «Жүгіру» шығармасы желісінде жеңіл жүгіріспен кіреді де, ирекжасау, айналып жүгіру, жанымен жүгіру жаттығуларын жасайды. Жеңіл адыммен залдың ортасына келіп тұрады.

Музыка жетекшісі:

Педагог балаларға тауықтың суреті бейнеленген пазл таратады.



– Балалар, пазлда қандай сурет шықты?

– Иә, жарайсыңдар, тауықтың суреті. Балалар бүгін бізге қонаққа тауық келді.Тауық өзінің балапандарын іздеуге шығыпты.
– Балапандарын тауып беруге көмектесейік? Келістік пе?
Балалардың жауаптары.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі:
- Балалар, бәріміз шеңбер жасап тұрайықшы, енді орнымызда тұрып,адымдаймыз.
1,2,3 - деп санаған кезде менімен бірге адымдаймыз.
Жарайсыңдар! Енді музыка әуенімен адымдаймыз.
Е. Хасанғалиевтің «Сылдырмақ» шығармасы бойынша музыка жетекшісі балаларды бірінің артынан бірі жеңіл адыммен жүру керектігін көрсетеді. Балалар жүргенде аяқ-қол үйлесімділігін сақтап, денелерін түзу, қолдарындағы сылдырмақтарды еркін ұстаулары қажет. Жүргенде адымды сол аяқпен бастап, оң қолдарымен сылдырмақты ойнату керектігі ескертіледі. Басында музыка жетекшісі өзі көш бастап, көрсетіп жүреді. Арасында музыка тоқтағанда балаларорындарында тұрып, адымдайды, сылдырмақтарды жоғары көтеріп, сылдырлатады. Сылдырмақпен би адымы жеңіл, көтеріңкі көңіл-күймен орындалады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Күй тыңдау.

Музыка жетекшісі балаларға:
– Балалар, тақтаға қарайықшы?!

– Кімнің суретін көріп тұрсыңдар? Атаның.
– Атаның қолында не бар?
– Балалар, атаның қолында домбыра бар екен.
– Балалар, атаға домбыра не үшін қажет?
– Балалар, бұл атамыз - атақты күйші Құрманғазы.
– Құрманғазыны - күй атасы деп атаймыз.
– Құрманғазы жастайынан зерек болған. Кішкене бала кезден-ақ ұшқан құстың,соққан желдің, әрбір құбылыстың өзіне мән беріп, есті білген. Бала кезінде малсоңында жүріп, кішкене домбыра жасап алып, осы естігендерін домбыраға салып тартып үйренген. «Аман бол, шешем, аман бол», «Сарыарқа», «Кісен ашқан», «Түрмеден қашқан» күйлерін шығарған. Қазір тыңдайтын күйлеріңнің аты - «Балбырауын».

– Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.
– Балалар, күй қалай аталады? Балбырауын.
– Балалар, күйді шығарған Құрманғазы, қайталайық.
– Балалар, күйді тағы да қайталап тыңдайықшы! Керемет! Музыка жетекшісі балаларға күйді қайта тыңдатып, сұрақтар қояды:
– Күй қалай орындалды?
– Көңілді ме, көңілсіз бе?
– Жарайсыңдар.

2.2. "Сиқырлы ноталар" дидактикалық ойыны.

Ойынның мақсаты: Әуенді тыңдап, ноталарды дұрыс орналастыруға үйрету. *Ойынның шарты:* Музыка жетекшісі халық әні «Еркемайды» өзі орындап береді,екінші рет ноталардың атын атап, орналастырып отырып айтып көрсетеді.
Балалар әнді қайталап орындайды, ноталардың атын атап, нота сызықтарына орналастыруға үйренеді. Балаларға нотаны үйрету жеңіл әндерден бастап, бірте-бірте күрделендіреді.

2.3. Дауыс жаттығулары.
Музыка жетекшісі балалармен ән салу алдында дауыс жаттығуларын орындауыміндетті болып табылады. Дем алу ән айту кезінде қалыптасады. Дем алу ән айтардың алдында жүргізіледі және музыкалық шумақтан кейін жүргізіледі. Сөзортасында дем алу жүргізілмейді. Сондықтан педагог мынадай бағытта дауыс жаттығуларын жүргізеді:
– Балалар, орындықтың шетіне отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз. Жарайсыңдар.
– Енді менімен бірге қайталаймыз.
– Біз көңілді балалармыз,
– Бір орында тұрмаймыз.
– Ля-ля-ля (екі рет қайталанады).
Дем алу бір жолдан кейін жүргізіледі және ән шумағы ақырын, әрі асықпай орындалуы керек.
– Біз сабырлы балалармыз,
– Біз апайды тыңдаймыз.
– Ля-ля-ля (екі рет қайталанады).
– Жарайсыңдар, балалар.
– Енді, балалар, менімен бірге дауыс жаттығуларын жасаймыз.
– Балалар, енді тырналар қалай дыбыстайды екен, көрейік.
– Аспан ашық, дала кең,
– Кел, қоныңдар тырналар.
– Мен сендерге жем берем,
– Дос болайық, тырналар.
– Трау-трау-трау-трау!
– Тамаша.

2.4. Ән салу. Д.Ботбаевтың «Күз қазан» әні.
Музыка жетекшісі:
– Балалар, бүгін біз ән саламыз, ұлдар дережер болады, ал қыздар ән салады.
– Балалар, алдымен «Күз қазан» әнін тыңдап алайық, ән тыңдай отырып, күздепісетін жемістерді тамашалайық!
Музыка жетекшісі балаларға әнді тыңдатып, сұрақтар қояды:
– Әнде не туралы айтылады? Қазан айындағы күз туралы.
– Қандай күзгі жемістерді көрдіңдер және байқадыңдар? Жарайсыңдар, балалар!
Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.
– Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!
Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен, кіші жемістерге қарап, әннің ырғағын дәл сақтап, алақансоғып жаттықтырады.
– Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші жемістер» де келді.
Балаларға жемістермен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады. Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасынбарлық топ қосылып орындауға үйретеді.

2.5. "Жемістер мен көкөністер" музыкалық-дидактикалық ойыны
Мақсаты: Жемістерді көкөністерден ажыратуға үйрету. Музыка ауысымын сезінуге, түрлерін ажыратуға үйрету.
Көрнекіліктер: Жемістер мен көкөністердің бет пердесі.
Шарты: Музыка әуенінің ауысымына қарай жемістер мен көкөністердің бет пердесін

киген балалар шеңбер бойымен билеп жүреді. Музыка әуені тоқтағандажемістер, көкөністер болып екі топқа бөлініп тұра қалады.
ҚОРЫТЫНДЫ
Оқу қызметінің аяғына қарай музыка жетекшісі:
– Балалар, оқу қызметі ұнады ма?
Балалардың жауаптары.
– Қандай ән айтуды үйрендік? Күз қазан әнін.
– "Күз қазан" әнін жазған сазгер кім? Д.Ботбаев.
Балалар, осымен оқу қызметіміз аяқталды. Сау болыңдар

Музыка: Бауырсақ
13.10.2022

Оқу қызметінің мақсаты
Балаларды күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді айтуда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасайбілу дағдысын жетілдіру.

Сөздік жұмыс
"Ас атасы – нан", "Бауырсақ","Тәттімбет", "Күйші", "Саржайлау" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер
Шаттық шеңбері, түсіндіру, баяндау, жаттығу, қайталау, көркемсөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалықойын.

Құрал-жабдықтар

1. Көрнекілік материалдар.
Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, үлкен, кіші тәтті тоқаштар картотекасы, «Әнші тоқаштар» макеті, әр балаға үлкен, орта және кіші қоңыраулар, тәтті тоқаш бейнеленген таңбалауыштар, төрт үлкен карточка: көңілді құлыншақ, көңілді ойыншықтар (тиін немесе піл), мұңды ит, мұңды қоян,балаларға көңілді құлыншақ, көңілді ойыншықтар (тиін немесе піл), мұңды ит, мұңды қоян бейнеленген карточкалар.

2. Үлестірмелі материалдар.
Әр балаға үлкен, орта және кіші қоңыраулар, тәтті тоқаш бейнеленген таңбалауыштар, балаларға көңілді құлыншақ, көңілді ойыншықтар (тиін немесепіл), мұңды ит, мұңды қоян бейнеленген карточкалар.

– Б. Бейсенованың әні «Келді, міне, Жаңа жыл! », бәріміз орындықтың шетіне отырып, кең тыныс алып, ән айтуға дайындалайық.
– Алдымен балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды.

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.
– Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау

Балалар оқу қызметінде отырғанда «Ай жарқырап тұр» орыс халық әуеніестіледі.

Музыка жетекшісі:

– Балалар, тыңдайықшы, ненің дыбысы шығып жатыр! Балалар еленделп отырғанда педагог есік жаққа барып, көп сылдырауықтарды алып кіреді:

– Балалар, қараңдаршы, бізге көп сылдырауықтар алып келіпті. Сылдырауықтарды алайық, балалар! Енді балалар, жаңа ән тыңдай отырып, сылдырауық аспабында ойнайық! Орыс халық әуені «Ай жарқырап тұр» деп аталады. Педагог интербелсенді тақтаны қосып, «Ай жарқырап тұр» орыс халықәуенін балаларға тыңдатады.

Педагог балаларға әнді тыңдатып, сұрақтар қояды:

– Әнде не туралы айтылады? Айдың жарқырағаны туралы.

– Балалар, ай қалай жарқырайды екен? Анық. Тамаша, балалар!

– Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге сылдырауықтарды сыңғырлатамыз. 1,2 - 1,2 бастаймыз. Музыка жетекшісі балалармен әнді тыңдай отырып, сылдырауықтарды бірге сыңғырлатып жаттықтырады.

2.6. "Шуыл мен әуен" музыкалық-дидактикалық ойыны.

Ойынның мақсаты: балаларда шу мен музыкалық дыбыстарды ажырата білуқабілетін дамыту.

Ойынның шарты: шу мен музыкалық дыбысытар қосылады, балалар дыбыстарды ажыратып атайды.

Балалар шулы дыбыс екенің анықтаса аяқтарымен топылдатады, ал егер әуенекенің анықтаса онда шапалақтайды.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі оқу қызметінің соңында:

– Балалар, бүгін Ақшақар сендерге риза болды, Аяз атаны тез-тез тауып сендерге жақсы көңіл-күй мен сыйлықтар сыйлауға асығыс болып кетті.

– Кім маған айтады, қандай ән тыңдап, қандай әнді үйрендік?

– «Қыс» шығармасын тыңдадық және «Келді, міне, Жаңа жыл!» әнін айтуды үйрендік.

– Балалар, ұнады ма, оқу қызметі? Жақсы, сау болыңдар!

Музыка: Аяз ата

15/12.2022

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың Аяз ата туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мазмұнын дұрыс түсіне білуге үйрету; музыка жетекшісімен және топпен ілесеән айту қабілетін жетілдіру; әндегі ырғақты сезіне білу қабілеті мен би элементтерін орындауда ептілік пен дәлдік дағдыларын дамыту.

Сөздік жұмыс

"Аяз ата", "көптен күткен", "сағынып жеткен", "Аяз ата сыйлығы" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Релаксация, түсіндіру, баяндау, жаттығу, қайталау, көркем сөз, миға шабуыл,кері байланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

1. Көрнекілік материалдар

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы,теңіздің әртүрлі толқыны бейнеленген карточкалар, үлкен және кіші шыршалар картотекасы, «Әнші құстар» макеті

2. Үлестірмелі материалдар

әр балаға теңіздің әртүрлі толқыны бейнеленген карточкаларИ.
Гуммель «Жүгіру» шығармасы
«Табиғат әуені» оркестрлік нұсқасына музыкалық-ырғақтық қимылдар
«Ай жарқырап тұр» орыс халық әуенін сылдырауықтарда ойнау
П.И.Чайковский «Щелкунчик» балетінен үзінді тыңдау (ән тыңдау)
С. Мұхамеджанов «Аяз ата» әні (ән айту)
«Теңіз» дидактикалық ойыны
«Ән салған кім?» музыкалық-дидактикалық ойын

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Релаксация "Жаңа жылдық ертегі ".
Музыка жетекшісі балаларды оқу қызметі алдында залға И. Гуммельдің «Жүгіру» шығармасымен жеңіл жүгіріп кіреді. Музыка жетекшісі балалардың музыка әуенімен жүгірген қимылдарына қарап:
- Денемізді тік ұстаймыз, басымызды салбыратпай түзу ұстаймыз, жеңіл, әдемі, ырғақты жүгіреміз.
- Балалар, қар қалай әдемі ұшады, солай әдемі қалықтап жүгіреміз.
Жарайсыңдар. Шеңбер жасап, залдың ортасына келіп тұрамыз (балалар кілемнің үстіне келіп тұрады).
Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:
- Балалар, қазір ойналатын музыкамен бірге қимылдар жасаймыз. Қимылдардыменімен бірге ілесе орындайсыңдар, келістік пе? Иә. Онда бастаймыз.

Музыка жетекшісі:
- Балалар, екі қолымызды жоғары көтеріп, әдемі айқастырып, аяқтың ұшымен қалықтап, ақырын оң жаққа айналамыз. Жарайсыңдар. Енді осы қимылдарды аяқтың ұшымен қалықтап, ақырын сол жаққа айналамыз. Тамаша.
- Орнымызда тұрып, музыка әуенімен қолымызды шынтағымызбен бүгіп, бірге қозғаймыз және қол білезіктерін айналдырамыз, тамаша.
- Енді орнымызда тұрып, музыка әуенімен солға бір-екі адым жасаймыз, қолымызды шынтағымызбен бірге қозғаймыз, жарайсыңдар.
- Орнымыздан оң жақ иығымызға бұрылып, нәзік қимыл жасап, айналамыз,
- Енді орнымыздан сол жақ иығымызға бұрылып, нәзік қимыл жасап, айналамыз.
- Ақырын аяқтың ұшымен, екі тіземізді кезек көтеріп, қолымызды бүгіп, тіземіздіңүстіне қойып, орнымызда тұрып айналамыз. Жарайсыңдар.

Балалар музыка жетекшісімен бірге қимылдарды қайталайды.
- Балалар, тамаша болды, рақмет.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі:
- Балалар, бүгін біз «Табиғат әуені» оркестрлік нұсқасына музыкалық-ырғақтық қимылдар жасап, жұптасып билеудің басқа да элементтерін үйренеміз

«Табиғат әуені» оркестрлік нұсқасы бойынша музыка жетекшісі балаларды екеуден жұппен шеңберге тұрғызып, музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді. Балалар шеңбер бойымен екеуден қол ұстасып,вальс адымдарын жасайды да шеңбер бойымен қол ұстасып, жеңіл, қалықтап жүгіреді. Балалар жұппен бірігіп, аяқтың ұшымен жеңіл адым элементтерін жасайды, орындарында тұрып, өзі тұрған орнын айналып, шеңбер адымын жасайды. Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Соңында әрқайсысы жеке-жеке өз алдарына тұрған орындарында айналып, аяқтың ұшымен жеңіл адымдар жасап, жұппен бірігіп, шеңбер айналып, қайтадан қол ұстасып, жеңіл жүгіріп барып, тоқтап, бір-біріне қарама-қарсы қарап, биді аяқтайды.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

Музыка жетекшісі балаларға:
- Балалар, бәріміз тақтаға қарайықшы?!

- Суреттен нені көріп тұрсыңдар, балалар?
- П.И.Чайковскийдің «Щелкунчик» балетінен үзінді сурет көріп отырсыңдар. Музыка жетекшісі балетке қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтарқояды:
- Балет дегеніміз не, балалар?
- Қимылмен берілетін би жанры, солай ма?
- Балалар, П.И.Чайковскийдің «Щелкунчик» балетіне барып көрдіңдер ме?
- П.И.Чайковскийдің «Щелкунчик» балетіне арналған керемет шығарма бар, сол шығарманы тыңдап көрейікші?! -
Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз. П.И.Чайковскийдің «Щелкунчик» балетінен үзіндішығарма

- Балалар, шығарма қалай аталады? «Щелкунщик».
- "Щелкунщик" шығармасының авторы кім? П.И.Чайковский.
- Енді, балалар, шығарманы тыңдаймыз. Музыка жетекшісі арасында музыканың сипатына көңіл бөліп, түсіндіріп отырды.

2.2. «Теңіз» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балалардың музыканы есту, тыңдау, көру қабілеттеріндамыту.
Ойынның барысы: балаларға үнтаспадан теңіздің дыбысы қосылған әуенді естірту. Әуенді тыңдап болған соң балалар әуеннің мінез -құлқын айтып өз ойларымен бөліседі. Музыка жетекшісі композитордың жазған әуеніндегі кездесетін әртүрлі көңіл-күйіне балалардың көңілін аударады. Әуенде толқын бірде ақырын, бірде қатты, бірде жәй естіледі. Содан соң музыка жетекшісі балаларды картинкада көрсетілген теңіздің әр түрлі толқынымен таныстырады.Музыка жетекшісі балаларға музыканы қайтадан тыңдатқыза отырып, балалардан теңіздің әртүрлі толқынын карточканың көмегімен көрсетуді сұрайды.

2.3. Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшісі балаларды орындықтарға ыңғайлы отырғызып:
- Балалар, дауыс жаттығуларын жасар алдында қалай отырушы едік? Балалар орындықтың шетіне отырады.
- Балалар, ерінмен жаттығу жасаймыз (еріннің үстін және астын тістеу, ерінді алға бүрістіру, көңілді кейіпке ену, астыңғы ерінді түсіру - көңілсіз кейіпке ену).
- Енді, балалар, дауысты дыбыстарды әндеткенде келесі дауысты дыбысқа кедергісіз, жайлы әндете қосылуымыз тиіс:
- Уууааооо.
- Уууууууууу,

Енді, балалар менімен бірге қайталаймыз:
- Га-га-га,
- Ду-ду-ду,
- Ко-ко-ко,
- Ля-ля-ля.
- Тамаша, балалар.

2.4. Ән салу

С. Мұхамеджановтың «Аяз ата» әні
(әні: С. Мұхамеджановтікі).

Музыка жетекшісі балаларға:
- Балалар, жақында қандай мейрам болады?
- Балалар, бәріміз тақтаға қарайықшы?!



- Суреттен нені көріп тұрсыңдар, балалар? Аяз Атаны. Дұрыс.

Музыка жетекшісі Аяз Атаға қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтарқояды:
- Аяз Ата кім, балалар? Сыйлық алып келетін Ата. Дұрыс.
- Балалар, жылда Жаңа жылда Аяз Атадан сыйлық күтесіңдер ме? Иә.
- Балалар, Жаңа жылда Аяз Атадан басқа кімнен сыйлық күтесіңдер?
- Балалар, Аяз Ата туралы керемет шығарма бар, сол шығарманы айтып, үйренейікші?!
- Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.
- С. Мұхамеджановтың «Аяз ата» әні
(Аудиозапись произведения С. Мухамеджанова «Дед Мороз»).
- Балалар, шығарма қалай аталады? «Аяз ата».
- "Аяз ата" шығармасының авторы кім? С. Мұхамеджанов.
- Енді, балалар, шығарманы тыңдаймыз. Музыка жетекшісі арасында музыканың сипатына көңіл бөліп, түсіндіріп отырды.
- Енді, балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды.

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.
- Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен және кіші шыршаларға қарап, әннің ырғағын дәл сақтап,алақан соғып жаттықтырады.
- Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші құстар» да келді.

Балаларға құстармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады. Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасынбарлық топ қосылып орындауға үйретеді.
- Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!
- Бүгін өте көңілді балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз, «әншіқұстар» да сендермен айтамыз дейді. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады.

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау

Музыка жетекшісі:
- Балалар, кеше біз көп сылдырауықтар аспабында ойнадық!
- Қандай әуенге сылдырауықтар аспабында ойнадық?
- «Ай жарқырап тұр» орыс халық әуеніне. Жарайсыңдар.

Педагог интербелсенді тақтаны қосып, «Ай жарқырап тұр» орыс халық әуенінбалаларға тағы да тыңдатады
Педагог балаларға әнді тыңдатып, сұрақтар қояды:
- Әнде не туралы айтылады? Айдың жарқырағаны туралы.
- Балалар, ай қалай жарқырайды екен? Анық. Тамаша, балалар!
- Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге сылдырауықтарды сыңғырлатамыз. 1,2 - 1,2 бастаймыз.
- Тамаша, балалар, бүгін кешегіден жақсы ойнадыңдар! Педагог балалармен әнді тыңдай отырып, сылдырауықтарды бірге сыңғырлатады.

2.6. «Ән салған кім?» музыкалық-дидактикалық ойын (тембрді айыруүшін арналған ойын)

Ойынның мақсаты: балаларды дауыс тембрін ажырата білуг үйрету.
Ойынның барысы: балалар шеңбер жасап жүріп әндетеді. Шет жақтағы балаларға сыртын беріп отырған бала ән салған баланың дауысын тануы керек.Отырған бала ән салған баланы дауысынан таныса, олар орын ауыстырады.
- Көп бала бар бөлмеде,
- Бірі ғана ән салады.
- Ал сырттағы
- Кім екен деп тамсанады
- Бір бала былай деп әндетеді.
- Мен бақытты бөбекпін,
- Таудай биік талабым,
- Ән мен күйге зерекпін,
- Бірден қағып аламын.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі көтеріңкі көңіл-күймен:

- Балалар, біз қандай көңілді шығарма тыңдадық?
- П.И.Чайковскийдің «Щелкунчик» балетінен үзінді шығарма тыңдадық.
- Бүгінгі оқу әрекетінде айтқан әніміз не туралы болды? Аяз ата туралы болды.
- Жарайсыңдар, балалар!
- Балалар, ұнады ма, оқу қызметі? Жақсы, сау болыңдар!

Музыка: «Щелкунчик» балеті
20.12.2022

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды әнді көтеріңкі көңіл күйде эмоционалды орындай білуге, музыкадағы контрастық бөлімдерді ажыратып, биді әуеннің сыр-сипатына, ырғағына сай орындай білу қабілеттерін жетілдіру; музыка ырғағын, сипатын сезіне білуге ынталандыру, түйсігін дамыту.

Сөздік жұмыс

"Аяз ата", "көптен күткен", "сағынып жеткен", "Аяз ата сыйлығы" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, жаттығу, қайталау, көркем сөз, миға шабуыл,кері байланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

Көрнекілік материалдар
Интербелсенді тақта, музыкалық-дидактикалық ойын, әуендер, музыкалық аппаратура, тақырыпқа байланысты көрнекі суреттер.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу
Музыка жетекшісі балаларды оқу қызметі алдында залға кіреді. И. Гуммелдің "Жүгіру" шығармасын жеңіл жүгіріп кіреді.
Музыка жетекшісі балалардың музыка әуенімен жүгірген қимылдарына қарап:
- Денемізді тік ұстаймыз, басымызды салбыратпай түзу ұстаймыз, жеңіл, әдемі, ырғақты жүгіреміз.
- Балалар, қазір ойналатын музыкамен бірге қимылдар жасаймыз. Қимылдардыменімен бірге ілесе орындайсыңдар, келістік пе? Иә. Онда бастаймыз.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар
Музыка жетекшісі:
- Балалар, бүгін біз «Табиғат әуені» оркестрлік нұсқасына музыкалық-ырғақтық қимылдар жасап, жұптасып билеудің басқа да элементтерін үйренеміз.

«Табиғат әуені» оркестрлік нұсқасы бойынша музыка жетекшісі балаларды екеуден жұппен шеңберге тұрғызып, музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді. Балалар шеңбер бойымен екеуден қол ұстасып,вальс адымдарын жасайды да шеңбер бойымен қол ұстасып, жеңіл, қалықтап жүгіреді. Балалар жұппен бірігіп, аяқтың ұшымен жеңіл адым элементтерін жасайды, орындарында тұрып, өзі тұрған орнын айналып, шеңбер адымын жасайды. Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары

көтереді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Соңында әрқайсысы жеке-жеке өз алдарына тұрған орындарында айналып, аяқтың ұшымен жеңіл адымдар жасап, жұппен бірігіп, шеңбер айналып, қайтадан қол ұстасып, жеңіл жүгіріп барып, тоқтап, бір-біріне қарама-қарсы қарап, биді аяқтайды.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау.

Музыка жетекшісі балаларға:

- Балалар, алдыңғы оқу қызметінде қандай ән тыңдадық?
- "Щелкунщик" шығармасын.
- Авторы кім?
- П.И.Чайковский.
- Балалар, П.И.Чайковскийдің «Щелкунчик» балетіне барып көрдіңдер ме?
- П.И.Чайковскийдің «Щелкунчик» балетіне арналған керемет шығарма бар, сол шығарманы тыңдап көрейікші?!

- Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.
- Балалар, шығарма қалай аталады? «Щелкунщик».
- "Щелкунщик" шығармасының авторы кім? П.И.Чайковский.
- Енді, балалар, шығарманы тыңдаймыз. Музыка жетекшісі арасында музыканың сипатына көңіл бөліп, түсіндіріп отырды.

2.2. "Үйшікте не істеп жатыр?" музыкалық - дидактикалық ойыны.

Ойынның мақсаты: Ойын балаларда музыканың негізгі жанрлары (ән, би, марш,бесік жыры) туралы идеяны дамытады. Қарапайым музыкалық-аналитикалық ойлауды - әр түрлі сипаттағы музыканы тыңдау және салыстыру қабілетін дамытады.

Ойынның шарты: Үйдің ішінде орман тұғындарын әуенге байланысты қандайқимыл іс-әрекет жасап жатқандары туралы табу керек.

- Балалар, орманда бір әдемі үйшік бар екен, (осы кезде интерактивті тақтадан балаларға көрсете бастайды) бірақ күнде неше түрлі әуендер сыртқа естіледі екен, барлық басқа орман тұрғындары таңданып, кім біледі "Үйшікте аңдар не істеп жатыр?" деп бір-бірінен сұрайды екен.

2.3. Дауыс жаттығулары.

Музыка жетекшісі балаларды орындықтарға ыңғайлы отырғызып:

- Балалар, дауыс жаттығуларын жасар алдында қалай отырушы едік? Балалар орындықтың шетіне отырады.
- Балалар, ерінмен жаттығу жасаймыз (еріннің үстін және астын тістеу, ерінді алға бүрістіру, көңілді кейіпке ену, астыңғы ерінді түсіру - көңілсіз кейіпке ену).
- Енді, балалар, дауысты дыбыстарды әндеткенде келесі дауысты дыбысқа кедергісіз, жайлы әндете қосылуымыз тиіс:
- Уууааооо.
- Уууууууууу,

Енді, балалар менімен бірге қайталаймыз:
- Га-га-га,
- Ду-ду-ду,
- Ко-ко-ко,
- Ля-ля-ля.
- Тамаша, балалар.

2.4. Ән салу. С. Мұхамеджановтың «Аяз ата» әні.

Музыка жетекшісі:
- Балалар, алдыңғы оқу қызметінде қандай ән үйрендік?
- Аяз ата әнің.
- Аяз атаның авторы кім?
- С. Мұхамеджанов.
- Балалар, шығарма қалай аталады? «Аяз ата».
- "Аяз ата" шығармасының авторы кім? С. Мұхамеджанов.
- Енді, балалар, шығарманы тыңдаймыз. Музыка жетекшісі арасында музыканың сипатына көңіл бөліп, түсіндіріп отырды.
- Енді, балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды.

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.

- Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен және кіші шыршаларға қарап, әннің ырғағын дәл сақтап,алақан соғып жаттықтырады.

- Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші құстар» да келді.

Балаларға құстармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады. Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасынбарлық топ қосылып орындауға үйретеді.

- Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!
- Бүгін өте көңілді балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз, «әншіқұстар» да сендермен айтамыз дейді. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады.

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау.

Музыка жетекшісі:
- Балалар, кеше біз көп сылдырауықтар аспабында ойнадық!
- Қандай әуенге сылдырауықтар аспабында ойнадық?
- «Ай жарқырап тұр» орыс халық әуеніне. Жарайсыңдар.

Педагог интербелсенді тақтаны қосып, «Ай жарқырап тұр» орыс халық әуенінбалаларға тағы да тыңдатады.

Педагог


- Әнде не туралы айтылады? Айдың жарқырағаны туралы.
- Балалар, ай қалай жарқырайды екен? Анық. Тамаша, балалар!

- Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге сылдырауықтарды сыңғырлатамыз. 1,2 - 1,2 бастаймыз.
- Тамаша, балалар, бүгін кешегіден жақсы ойнадыңдар! Педагог балалармен әнді тыңдай отырып, сылдырауықтарды бірге сыңғырлатады.

2.6. "Көңілді ноталар" дидактикалық ойыны.

Ойынның шарты: нотаны түстермен құрастыру арқылы кемпірқосақ бейнесін шығару.

- Балалар, тақтадағы суреттен ненің бейнесін көріп тұрсыңдар? Кемпірқосақтың.Дұрыс.
- Кемпірқосақта неше түс бар? Жеті түс бар. Жақсы.
- Балалар, біздің музыка әлемінде де 5 қара сызықтың бойындағы скрипкакілтінде 7 нотаның түсі осы түстермен белгіленеді.



- 1 - нота қызыл түс
- 2 - нота қызғылт сары түс
- 3 - нота сары түс
- 4 - нота жасыл түс
- 5 - көгілдір түс
- 6 - көк түс
- 7 - күлгін түс
- Балалар, осы ноталар өздеріне сәйкес дыбысталады. Бұлттарда ноталар шашылып жатыр, оларды ретімен апарып орналастырайықшы?! Балалар да қызығып қалады.
- Бәріміз шеңбер құрып отырамыз, берілген түстерді ретімен қоямыз. Әр балағажеті нота салынған каптамалар беріледі, балалар ноталарды өз түсінгендері бойынша және түсінбеген жағдайда жетекшінің айтуымен орналастырады.

Соңғы нота қойылған соң орындарынан тұрады.

- Балалар, қараңдаршы, біздің құрастырған түстерден ненің бейнесін көріп тұрмыз? Кемпірқосақтың. Тамаша.
- Балалар, нота орналастырылған кемпірқосақ қалай көңілді билеп тұр, қараңдаршы?



- Балалар, бәріміз орындарымыздан тұрып, көңілді кемпірқосақпен бірге қимылдар жасайық. Балалар да педагогпен бірге әуенге сай қимылдар жасайды.
- Жарайсыңдар, балалар.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі:
- Балалар, біз қандай көңілді шығарма тыңдадық?
- П.И.Чайковскийдің «Щелкунчик» балетінен үзінді шығарма тыңдадық.
- Бүгінгі оқу әрекетінде айтқан әніміз не туралы болды? Аяз ата туралы болды.
- Жарайсыңдар, балалар!
- Балалар, ұнады ма, оқу қызметі? Жақсы, сау болыңдар!

Музыка: Аппақ әлем
22.12.2022

Мақсаты: Вальс музыкасының ырғағын өзге музыкалардан ажырата білуге ұмтылдыру.

Міндеттері: Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненіңмазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру, дыбыстардыажырату, қолымен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысынажырату. Музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру, тізені көтеріпжүгіруді орындау. Би элементтері арқылы балаларға эстетикалық тәрбие беру.

Күтілетін нәтижелер:

Жасайды: әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажыратады, ән орындайды.

Түсінеді: бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланысу.

Қолданады: музыканың сипатына сәйкес қозғалады.

Қолданылатын көрнекі құралдар: Қ. Шілдебаевтың суреті, интерактивті тақтаданқыс көріністерін бейнелейтін суреттер, нота хрестоматиясы.

Полилингвальді компонент: қар – снег – snow.

ҰОҚ барысы

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Балаларды музыка залында көңілді музыка әуенімен қарсы алу.

Айналамда ұшып жүр,Ақ мамық
қар себелеп.
Қалт-құлт еткен бейне бірАқ
қанатты көбелек.

2. **Негізгі кезең**

Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді балалар» литва халық әуені(өңдеген Т. Ломова).

Балалар шеңберде жүріп, музыкаға ілесіп қимылдар жасайды.

Музыка тыңдау: «Вальс» (Қ. Шілдебаев).

Балаларға Қ. Шілдебаевтың суретін көрсетіп, оның өмірі туралы қысқаша мәлімет беру. «Вальс» – би музыкасы, көбіне ол музыкаға жұптасып билейді.
- Балалар қыс көріністерінің бейнелейтін суреттерге көз салыңдаршы,қандай құбылысты байқадыңдар?
- Қазір жылдың қай мезгілі?
- Қыс сендерге несімен ұнайды?

Ән айту: «Айнала ақша қар» (И. Мамақов).

Ән айтар алдында дауысты қалыпқа келтіріп, денені тік ұстап,ережені еске түсіру. Әуенді дұрыс айтуына көңіл аудару.
Өткен оқу қызметінде үйренген әнді еске түсіру.
«Қыс келді» әнін (Б. Жұмабекова) сөздерін анық айтуға, ән ырғағыменорындауға

баулу.

Билер: «Қоян биі» (В. Питерцев).

Балалар музыкаға ілесіп қоянның қимылдарын үйренеді, «шөп жұлу», «үрку», «айбат көрсету» секілді қимылдарды үйренеді.

Ойындар, хороводтар: «Көлеңке» (К. Қуатбаев).

Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар шеңбер бойымен тұрады.
Педагог топ ішінен бойы ұзын бір баланы және бойы аласа баланы таңдап алады.Бойы қысқа баланың «көлеңке» болатынын түсіндіреді.
Яғни, әнді айта жүріп, бойы ұзын бала қандай қимыл жасаса, «көлеңке»соның қимылын шатаспай қайталауы тиіс. Ойын шарты бұзылса, айып ретінде тақпақ немесе ән орындап береді.

Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар» румын халық әні (өңдеген Т. Попатенко). Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.

3. Рефлексия

Педагог қорытынды жасайды. Бүгінгі оқу қызметінде жылдың қай мезгілін әңгімеледік?

Қандай әуенге қимылдар жасадық? Балаларды мадақтау.

Музыка: Қыс әлемі

27.12.2022

Оқу қызметінің мақсаты

балаларға аппақ қыс әлемі туралы әннің сыр-сипатын түсіндіру, ән айтуға ынталандыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырату дағдысын дамыту; музыкадағы ырғақты сезінуді, музыкалық аспапта ойнау қабілетінжетілдіру; музыкалық шығармашылықтарын арттыру.

Сөздік жұмыс

"Қыс қызығы", "Аяз ата", "Ақшақар", "қаңтар", "сыйлықтар", "аппақ әлем" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, жаттығу, қайталау, көркемсөз, миға шабуыл, керібайланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

Көрнекілік материалдар

Интербелсенді тақта, музыкалық-аппаратура, аспаптар бейнеленгенкартотекалар, музыкалық-дидактикалық ойындар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу.

Балалар залға Е.Тиличееваның «Жылқы адымы» шығармасы желісінде кіріп, музыка жетекшісінің көрсетуі бойынша "жылқы адымы" жаттығуын жасайды.
Музыка жетекшісі балаларға:



Амансыңба, алтын күн,
Амансың ба, көк аспан
Амансың ба, достарым
Сендерді көрсем қуанам.

1.2. Музыкалық-ырғақты қимылдар.

Музыка жетекшісі балалардың назарын аудару мақсатында қолыменшапалақтайды:
- Балалар, қазір «Ах вы, сени» орыс халық әуеніне музыкалық-ырғақтық қимылдар жасауды үйренеміз.

«Ах вы, сени» орыс халық әуені бойынша музыка жетекшісі балаларды шеңбергетұрғызып, музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді.
Музыка жетекшісі балалармен бірге шеңбер адымдарын жасайды да "галоп" адымын балаларға көрсетеді. Балалар жұппен бірігіп, орындарында тұрып, өзі тұрған орнын айналып, "галоп" адымын жасайды. Шеңбер бойыменжүріп, қолдарын жоғары көтереді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді.
Орындарында тұрып, жұппен оң жаққа, сол жаққа кезек-кезек қарап, айналады. Аяқтарымен сол жанына, орнына, оң жанына, орнына жаттығуларын жасайды.
Қимылдар музыка жетекшісінің көрсетуі бойынша орындалады. «Ах вы, сени» орыс халық әуені бойынша орындалатын негізгі адымдар "галоп", "тарпылдату","аяқты қайшылау".

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау.

Ән тыңдаудың алдында музыка жетекшісі балалардың назарын тақтағааударады:
- Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.

Балалар музыканы тыңдап отырғанда музыка жетекшісі оның сипатымен таныстырады, мәнін түсіндіреді. Балалар музыкалық шығарманы тыңдап, сипатымен екпінін анықтайды.
- Балалар, шығарма ақырындап басталып, орта шамасына келгенде үдей бастайды, бұл музыка сипаты да қаңтар айының суып бара жатқанын аңғартады.
- Кәне, балалар, шапалақпен ұра отырып, әуенді тағы да қайталап тыңдайықшы! Керемет!
- Өте тамаша шығарма балалар, солай ма? Иә.

Музыка жетекшісі шығармаға қатысты ой қозғау мақсатында балаларға туралытүсінік береді:
- Балалар, бұл шығарма орыстың композиторы - П.Чайковскийдің шығармасы. Ол классик сазгер, яғни, композитор болып табылады. Қайталайықшы, балалар. Жарайсыңдар!
- Классик композитор дегеніміз - музыкалық шығармаларымен бүкіл әлемге танылған композитор. Қайталайықшы, балалар. Жақсы.

Музыка жетекшісі балаларға шығарманы тыңдап болған соң, сұрақтар қояды:
- Балалар, біз бүгін қандай шығарма тыңдадық? Қаңтар айы туралы.
- Әуенін жазған сазгер кім? П.Чайковский.
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. "Үш гүл" әуеннің көңіл-күйін ажыратып білу қабілетін дамытуға арналған дидактикалық ойын.

Ойынның шарты:
1. Музыка жетекшісі музыкалық шығарманы ойнайды. Бір бала шығып әуеннің көңіл-күйіне сай гүлді алып шығады. Егер де балаға музыкалық шығарма танысболса, ол бала шығарманың атын және де сазгерін атайды.

2. Әр баланың алдында үш гүл жатады. Музыка жетекшісі музыкалық шығарманы ойнайды да балалар әуеннің көңіл-күйін ажыратып әуенге сай гүлдіалып шығады. Ойын құралдары: картоннан жасалған үш гүл (гүлдің ортасында көңілді, көңілсізжәне ұйықтап жатқан «тұлғаның» суреті салынған), (гүлдердің орнына үш күннің көзін немесе үш бұлтты істеп алуға болады), бұл суреттер әуеннің үш көңіл-күйін көрсетеді, жәй әуен, көңілсіз әуен, көңілді әуен жазбалары.
Үш гүлдің көңіл-күйлерін бейнелейтін картиналар.
- көңілді гүл.



- көңілсіз гүл.



- ұйқыдағы гүл



Үлестірмелі жабдықтар: Әр балаға әуеннің көңіл-күйін білдіретін бір гүлденберіледі.
Педагог балалардың назарын өзіне аударып:
- Балалар, қазір біз "Үш гүл" ойынын ойнаймыз. Ойынның шарты бойынша алдарыңда жатқан гүлді ойналатын әуеннің сипатына сай көрсетесіңдер. Егер,әннің аталауы мен әнді шығарған сазгерді білсеңдер, орындарыңнан тұрып айтуға болады. Педагог музыка жетекшісімен біріге отырып, балалардың назарына бес-алты әннің вариантын тыңдауға ұсынады.

2.3. Дауыс жаттығулары.

Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:
- Балалар, денемізді тік ұстап, орындықтың шетіне отырамыз.
- Балалар, тауда келе жатып, бір-бірімізден көз жазып қалдық. Бір-бірімізді табуүшін қалай айғайлаймыз? Балалар, үндемей қалады.
- Балалар, алдымен ақырын "аууу" дейміз. Кәне бәріміз, ақырын "аууу" дейміз.Балалар қайталайды.
- Біздің дауысымызды ешкім естімеді, енді сәл дауысымызды көтеріп, тағы да"аууу" дейміз. Балалар қайталайды.

- Балалар, дауысымызды ешкім естімеген сияқты ғой, енді қаттырақ "аууу" дейміз. Балалар қайталайды. Сол кезде "аууу" деген жаңғырық естіледі.
- Естідіңдер ме, балалар, біз іздеген адамдар табылды.

Музыка жетекшісі балаларға картон қағаздан жасалған аспаптар бейнесін (домбыра, қобыз, сыбызғы, дабыл) үлестіріп береді.

- Балалар, бәріміз "Көңілді музыканттар" болайықшы!? Балалар таңырқапқалады.
- Балалар, аспаптардың үнін әндете отырып, аспапты ұстау, ойнау ерекшелігінкөрсету керек.
- Мен сөздерін айтып отырамын, ал сендер аспаптарда ойнап отырасыңдар,керек жерінде сөзін қайталайсыңдар, мысалы, "дан-диги-дан"- дегенде қайталайсыңдар.
- Бастаймыз, балалар.
- Домбыраны қолға алып,
- Ән айтамыз толғанып.
- Дан-диги-дан.
- Қобыз аспап киелі,
- Оны бәрі сүйеді.
- Пара-ри,пара-ри.
- Сыбызғыны үрлейміз,
- Жалқаулықты білмейміз.
- Ду-ду-ду.
- Трам-та соқса барабан,
- Қызыға жұрт қараған.
- Трам-та-та.
- Жарайсыңдар, балалар.

2.4. Ән салу. Ә. Бейсеуов «Аппақ әлем» әні.

- Ә. Бейсеуовтің әні «Аппақ әлем», бәріміз орындықтың шетіне отырып, кеңтыныс алып, ән айтуға дайындалайық.
- Алдымен балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды.
- Ақ мамық гүлдей себелеп,
- Әлемді тұтас қар басты.
- Ұшқандай мың-мың көбелек,
- Бір шеті жермен жалғасты.

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.

- Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен қаршалар, кіші қаршаларға қарап, әннің ырғағын дәл сақтап,алақан соғып жаттықтырады.

- Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші торғайлар» да келді.

Балаларға торғайлармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады. Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасын барлық топ қосылып орындауға үйретеді.

- Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!
- Бүгін өте көңілді балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз, «әнші торғайлар» да сендермен айтамыз дейді. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады.

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау

Музыка жетекшісі балалардың бәріне металлофонды үлестіріп береді де:

- Балалар, тыңдайықшы, мен қазір мына металлофон аспабында ойнаймын, ал сендер

менімен бірге қайталап отырасыңдар, келістік пе? Иә.
- Балалар, металлофонды алдымызға ыңғайлы қояйық, балалар! Енді балалар, металлофонда ойнауға дайындалайық! Педагог интербелсенді тақтаны қосып, қыс мезгілінен көрініс көрсетеді.



- Қандай көрініс көріп тұрсыңдар, балалар! Аппақ таулар. Дұрыс.
- Таудың басынан не байқап тұрсыңдар? Желді. Тамаша!
- Балалар, қыстыгүні тау басындағы жел қандай болады? Суық. Жақсы.
- Ал қыстыгүні жылы жел бола ма? Болмайды. Жарайсыңдар!
- Енді музыканы тыңдай отырып, менімен бірге металлофонда ойнаймыз. Брэдбери Рейдің «Суық және жылы жел» аудиошығармасына металлофондаойнаймыз.

Музыка жетекшісі балаларға шығарманы тағы да тыңдатып, музыканың қайбөлігіне келгенде металлофонда ойнау керектігін айтады. Металлофон аспабында ойнап болған соң, музыка жетекшісі балаларға сұрақ қояды:
- Шығармада не туралы айтылады? Жел туралы.
- Шығарма авторы кім? Брэдбери Рей.
- Балалар, желдің қандай түрі болады екен? Суық және жылы жел. Жарайсыңдар!
- Тамаша, балалар! Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге металлофонда ойнаймыз. 1,2 - 1,2 бастаймыз. Педагог балалармен шығарманытыңдай отырып, металлофонды бірге ойнатып жаттықтырады.

2.6. «Ноталарды орналастыр» музыкалық-дидактикалық ойын.
- Қандай ноталар болады?
- Ән қанша нотадан тұрады?

Осы ноталарды құрастырып, ән, шығармаларды жазатын адамды композитордейміз. Қазақ ССР-не еңбегі сіңген қайраткер, балалардың досы Латиф Хамидидіңсуретін көрсетіп, таныстырады.
Л.Хамидидің жазған әндері өте көп, оның ішңнде Ы.Алтынсариннің «Кел,балалар, оқылық» өлеңіне ән жазған, тағы да көптеген әндері бар.
Бала саны бойынша үлестірмелі текшелер таратады.(Нота сызықтары мен ноталар).
Соль, фа, ми, ре, до, до, ре.
Ән саламын өз-ге-ше, - деп әндетіп, күйсандықты тартады.
- Мен жаттығуды қалай орындадым? – деп сұрайды. Қолымен жоғарыдан төменге сермеп көрсетеді.
- Ең жоғары қай нотадан басталды?
- Соль нотасын мен айтамын, ал сендер әрі қарай жалғастырындар.
- Соль нотасын екінші сызыққа қоямыз, ал қалғанын өздерің орналастырындар. Сольдан кейін фа, ми, ре, до.

Дауыс жаттығуын бірте-бірте жоғары, бірте-бірте төмен айтуға үйренеді.Сызықтарға дұрыс орналыстыруға талпынады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі оқу қызметінің соңында:
- Балалар, бүгінгі оқу қызметіміз сендерге ұнады ма?

Балалардың жауаптары.
- Бүгін оқу әрекетінде қандай ән тыңдадық? П.Чайковскийдің «Қаңтар» шығармасын тыңдадық.
- Балалар, қандай ән айттық? Ә. Бейскуовтің «Аппақ әлем» әнін тыңдадық.

- Балалар, бүгін оқу әрекетіне бәрің жақсы қатыстыңдар! Рақмет, оқу әрекеті аяқталды. Жақсы, сау болыңдар!

Музыка: Зырлайды шанамыз

29.12.2022
Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға әннің сөздік мазмұнын эмоционалды қабылдауды үйрету; төмен жәнежоғары дыбыстарды ажырату қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен жүгіруге және алға-артқа секіруге және музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға жаттықтыру; музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру.

Сөздік жұмыс
"А.Вивальди", "Қыс", "жігерлі, ашулы, аязды", "концерт", "серия", "Зырлайдышанамыз" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер
Шаттық шеңбері, түсіндіру, баяндау, жаттығу, қайталау, көркемсөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалықойын.

Құрал-жабдықтар
1. Көрнекілік материалдар

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, қоңыраулар аспабы, әнніңырғақтық суретін көрсететін үлкен және кіші қаршалар картотекасы, «Әнші шыршалар» макеті, керме, сылдырмақ пен даңғара аспаптары.
2. Үлестірмелі материалдар
балалардың әрқайсысына қоңыраулар аспабыЕ.Тиличеева
«Жылқы адымы» шығармасы
«Табиғат әуені» оркестрлік нұсқасына музыкалық-ырғақтық қимыл
А.Вивальди "Қыс" концерті (ән тыңдау)
Д. Мацуцин «Зырлайды шанамыз» шығармасы (ән айту)
В. Моцарт «Қоңыраулар сыңғыры» шығармасын қоңырауларда ойнау (папка)"Жаңа жылдық әзіл" дидактикалық ойыны
"Сылдырмақ пен даңғара" музыкалық-дидактикалық ойын

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері
Бүгінгі оқу қызметінде де балалар залға Е.Тиличееваның «Жылқы адымы» шығармасы желісінде кіріп, музыка жетекшісінің айтуымен "жылқы адымы" жаттығуын тағы да қайталайды.
Музыка жетекшісі балаларға:
- Балалар, мойнымызды сәл иеміз, енді жылқы сияқты жүріп келе жатып, ырғақты секеңдейміз. Жарайсыңдар. Балалар жылқы адымынан кейін жайадымға ауысып, залдың ортасына келіп тұрады.

Музыка жетекшісі:
- Балалар, бәріміз үлкен, әдемі шеңбер жасап тұрайықшы!
- Міне, тамаша! Қазір балалар, қыс айы. Қар өте қалың солай ма? Иә.
- Балалар, қыс несімен қызықты? Қарымен.

- Олай болса, қыста қызықты болсын деп, шаттық сезімімізді білдірейік:
- Шаттанамыз қуанып (қол білезіктерін айналдырады),
- Сырғанаймыз шанамен (алақандарымен сырғанағандай қимыл көрсетеді).
- Аппақ қардан көп алып (алақандарын бір-біріне жақындастырып, дөңгелектейді),
- Лақтырысып баламен (қол білезіктерін айналдырады).
- Шаттанады айнала (қолдарын жанына жібереді),
- Қуанады бар бала (қолдарын жоғары көтереді),
- Аппақ қармен ойнаймыз (қол білезіктерін айналдырады),
- Би билейміз айнала! (орындарында тұрып, айналады).
- Тамаша!

1.2. Музыкалық-ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі балалардың назарын аудару мақсатында қолыменшапалақтайды:
- Балалар, қазір «Табиғат әуені» оркестрлік нұсқасына музыкалық-ырғақтық қимылдар жасауды үйренеміз

«Табиғат әуені» оркестрлік нұсқасы бойынша музыка жетекшісі балаларды жұппен қатарға тұрғызып, музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді. Музыка жетекшісі балалармен бірге шеңбер адымдарын жасайды да "вальс" адымын балаларға көрсетеді. Балалар жұппен бірігіп, орындарында тұрып, өзі тұрған орнын айналып, "үштік" вальс адымын жасайды.Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, орындарында тұрып, жеңіл айналады. Орындарында тұрып, жұппен оң жаққа, сол жаққа кезек-кезек қарап,айналады. Аяқтарымен сол жанына, орнына, оң жанына, орнына жаттығуларын жасайды. Қимылдар музыка жетекшісінің көрсетуі бойынша орындалады.

Соңында балалар жұппен біріге үлкен шеңбер жасайды да гүлденген жердіңбейнесін жасап, биді аяқтайды.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

Музыка жетекшісі:
- Балалар, қыста ауа райы қандай болады?
- Ашулы, аязды болады. Солай ма, балалар?



- Балалар, мына суретке қараңдаршы?
- Кімнің суретін көріп тұрсыңдар?
- Бұл суреттегі италияндық ұлы сазгер Антонио Вивальди, бәріміз қайталаймыз.
- Балалар, осы италияндық ұлы сазгер Антонио Вивальдидің "Қыс" деп аталатын концерті бар.
- Концерт шығармасы дегеніміз - бірнеше аспаптың орындауында берілетін шығарма.
- Антонио Вивальдидің "Қыс" деп аталатын концерті бірнеше скрипканың орындауында ойналады.
- Олай болса, балалар, Антонио Вивальдидің "Қыс" концертін тыңдап көрейік?!

- Бәріміз орындықтың шетіне отырып, кең тыныс алып, шығарманы тыңдауға дайындалайық.
- Алдымен балалар, шығарманы мұқият тыңдаймыз. Музыка жетекшісі балалармен тыңдауды бастайды

Балалар шығарманы тыңдап отырғанда музыка жетекшісі оның сипатымен таныстырады, мәнін түсіндіреді. Балалар музыкалық шығарманы тыңдап, сипатымен екпінін анықтайды. Музыка жетекшісі шығармаға қатысты ой қозғау мақсатында сұрақтар қояды:

- Балалар, біз бүгін қандай шығарма тыңдадық?
- Мығарманың сипаты қалай орындалды?
- Жігерлі, ашулы, сипатта болды, солай ма?
- Шығарманың авторы кім? Антонио Вивальди.
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. "Жаңа жылдық әзіл" дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балаларды шапшаңдылыққа, байқампаздыққа тәрбиелейотырып, шығармашылық қабілеттерін арттыру.

Ойынның шарты: шеңберде тұрған балалар Аяз атаға әнді орындай отырып, әннің сөздік мағанасына сай дене мүшелері мен киімдерін көрсетеді. СоңындаАяз ата:

- Мені мазақ етесіңдер ме? деп балаларды ұстап алады. Ұсталған бала өз өнерін көрсетеді.

1. Біздің Аяз атаның,
- Аппақ екен шапаны.
- Ха-ха-ха,хи-хи-хи.
- Аппақ екен шапаны (үстеріндегі киімдерін көрсетеді).

2. Біздің Аяз атаның,
- Ұзын екен сақалы.
- Ха-ха-ха,хи-хи-хи.
- Ұзын екен сақалы (иектерін ұстап көрсетеді).

3. Біздің Аяз атаның
- Қызыл екен мұрыны.
- Ха-ха-ха,хи-хи-хи.
- Қызыл екен мұрыны (мұрындарын ұстап көрсетеді).

2.3. Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшісі балалармен ән салу алдында дауыс жаттығуларын орындауыміндетті болып табылады.

Дем алу ән айту кезінде қалыптасады.

Дем алу ән айтардың алдында жүргізіледі және музыкалық шумақтан кейін жүргізіледі. Сөз ортасында дем алу жүргізілмейді. Сондықтан педагог мынадайбағытта дауыс жаттығуларын жүргізеді:

- Балалар, орындықтың шетіне отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз. Жарайсыңдар.
- Енді менімен бірге қайталаймыз.
- Біз көңілді балалармыз,
- Бір орында тұрмаймыз.
- Ля-ля-ля (екі рет қайталанады).

Дем алу бір жолдан кейін жүргізіледі және ән шумағы ақырын, әрі асықпай орындалуы керек.

- Біз сабырлы балалармыз,
- Біз апайды тыңдаймыз.
- Ля-ля-ля (екі рет қайталанады).
- Жарайсыңдар, балалар!
- Енді, балалар, менімен бірге дауыс жаттығуларын жасаймыз.

- Балалар, енді тырналар қалай дыбыстайды екен, көрейік.
- Аспан ашық, дала кең,
- Кел, қоныңдар тырналар.
- Мен сендерге жем берем,
- Дос болайық, тырналар.
- Трау-трау-трау-трау!
- Трау-трау-трау-трау!
- Тамаша!

2.4. Ән салу

Д. Мацуцин «Зырлайды шанамыз» әні.(әні: Д. Мацуциндікі).

Музыка жетекшісі ән айтудың алдында балалардың өлеңнің атына сай сурет көрсетеді



- Балалар, суретте нелер бейнеленген? Шаналар.
- Балалар шана тек сырғанау үшін керек пе? Қар тасу үшін де керек.
- Балалар, шаналардың көп болғаны жақсы ма? Иә.
- Көп шана не үшін қажет, бір шана болса, сол жарайды.
- Балалар, шанаға да арналған "Зырлайды шанамыз" әні бар, сол әнді үйреніп алайық?!
- Д. Мацуциннің әні «Зырлайды шанамыз», бәріміз орындықтың шетіне отырып,кең тыныс алып, ән айтуға дайындалайық.
- Алдымен балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.

- Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. Музыка жетекшісі әннің ырғағын дәл сақтап, алақансоғып жаттықтырады.

- Балалар, тамаша, әнімізді тағы да қайталайық.

Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасынбарлық топ қосылып орындауға үйретеді.

- Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!
- Балалар, әнді бәріміз қосылып айтамыз, жарайсыңдар. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады. Соңында музыкажетекшісі балалармен бірге әнді тақтадағы аудиожазбаға қосылып, ән айтуды аяқтайды.

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау

Музыка жетекшісі балалардың бәріне қоңырауларды үлестіріп береді де:

- Балалар, тыңдайықшы, мен қазір мына қоңырау аспабында ойнаймын, алсендер менімен бірге қайталап отырасыңдар, келістік пе? Иә.Балалар, қоңырауларды алайық, балалар! Енді, балалар, музыка тыңдай отырып, қыс қызығын тамашалайық! Педагог интербелсенді тақтаны қосып, қысмезгілінен көрініс көрсетеді



- Қандай керемет, қыс көрінісі, қараңдаршы, балалар! Енді музыканы тыңдай отырып, менімен бірге қоңырауларда ұрамыз. В. Моцарт «Қоңыраулар үні»

шығармасы.

Педагог балаларға әнді шығарманы тағы да тыңдатып, музыканың қай бөлігінекелгенде қоңырауларда ойнау керектігін айтады. Қоңырау аспабында ойнап болған соң, музыка жетекшісі балаларға сұрақ қояды:
- Шығармада не туралы айтылады? Қоңыраулар туралы.
- Балалар, бұл шығарманың авторы кім? В. Моцарт. Жарайсыңдар!
- Тамаша, балалар! Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге қоңырауларды сыңғырлатамыз. 1,2 - 1,2 бастаймыз. Педагог балалармен шығарманы тыңдай отырып, қоңырауларды бірге сыңғырлатып жаттықтырады.

2.6. "Сылдырмақ пен даңғара" музыкалық-дидактикалық ойын Ойынның мақсаты: балалардың аспаптардың дыбысын тыңдау және ажыратуқабілетін дамыту.
Ойынның шарты:
Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:
- Балалар, "Сылдырмақ пен даңғара" музыкалық-дидактикалық ойынын ойнаймыз. мен керменің артында тұрып, аспапты ұрамын. Ал сендер жіңішкеаспаптың дыбысы естілсе, аяқтың ұшымен, жуан аспаптың дыбысы естілсе, отыра қаласыңдар. Сылдырмақтың дыбысына балалар шеңбермен аяқтың ұшымен жүреді, даңғараның дауысы естілгенде, балалар отыра қалады, бірақкешіккен балалар жеңілген болып есептеледі.

3. ҚОРЫТЫНДЫ
Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:
- Балалар бүгін оқу қызметінде қандай шығарма тыңдадық?
- А. Вивальдидің «Қыс» концертін.
- Ал, балалар, сендер қандай ән айтуды үйрендіңдер? Д. Мацуциннің «Зырлайды шанамыз» әнін айттық.
- Балалар, бүгін қандай аспаптарда ойнадық? Қоңыраулар аспабында.
- Балалар, бүгін оқу қызметінде бәрің жақсы қатыстыңдар! Оқу қызметі аяқталды, сау болыңдар!

Музыка: Ақ тиін
12.01/2023

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды тиін туралы әнді қызығушылықпен тыңдай білуге үйрету; әннің сипатына қарай музыкадағы төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыка сипатына қарай аңдардың қимылдарын дұрыс қайталау және музыкалық аспап сылдырауықпен ойнау қабілетін қалыптастыру.

Сөздік жұмыс
"Аңдардың қысқы тіршілігі", "Қыстағы жануарлар тіршілігі", "Аю ұйқыда", "Құтүлкі", "Қасқыр", "Тамаша!", "Ақ тиін" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер
Шаттық шеңбері, түсіндіру, баяндау, жаттығу, қайталау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалықойын.

Құрал-жабдықтар
1. Көрнекілік материалдар

Интербелсенді тақта, сылдырауықтар, аңның, құстың, қоянның бет пердесі,керме, дабыл, сылдырауық, металлофон аспаптары, түрлі-түсті жіптер

2. Үлестірмелі материалдар

балалардың әрқайсысына сылдырауық аспаптарыР.
Глиэр «Байсалды қолдар» әуені
"Ламбада" музыкалық-ырғақтық қимылы
Самуил Майкапардың шығармасы «Вальс» (ән тыңдау)
«Калинка» - орыс халық әуенін сылдырауықтар аспабында ойнау
Ә. Бейсеуов «Ақ тиін жыры» әні (ән айту) "Бізге
келген қонақтар" дидактикалық ойыны"Жіп
орау" музыкалық-дидактикалық ойын

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері

Балалар залға Р. Глиэрдің «Байсалды қолдар» әуені шығармасы желісінде кіріп, музыка жетекшісінің көрсетуімен және айтуымен "байсалды қолдар" жаттығуынжасайды.
Музыка жетекшісі балаларға:
- Балалар, мойнымызды тік, денемізді түзу ұстаймыз, жүріп келе жатып, қолдарымызбен ырғақты қимылдар жасаймыз. Жарайсыңдар. Балалар қол қимылдарына байланысты жаттығуларды жасай жүріп, жай адыммен залдың ортасына келіп тұрады.

Музыка жетекшісі: Балалар, бәріміз үлкен, әдемі шеңбер жасап тұрайықшы!Міне, тамаша!
- Балалар, қыста адамдар қалай тоңбайды? Қалың киінеді. Жақсы.
- Балалар, қыста киім кимейтін қандай тіршілік иелерін білесіңдер? Балалар ойланып қалады.
- Балалар, орманда өмір сүретін қандай тіршілік иелері бар? Балалар "аңдар" депжауап береді. Дұрыс.
- Жабайы аңдар қыста тоңа ма? Олардың жүндері қалың болады. Жарайсыңдар.
- Олай болса,балалар, қыста тіршілік жағдайы қиындайтын аңдарға да ілтипат білдірейік:
- Жортып қыста жүретін (балалар қолдарын жандарына жібереді),
- Сақ боп, құлақ түретін (балалар алақандарымен құлақтарын ұстайды).
- Аялайық аңдарды (балалар қолдарын жоғары көтереді),
- Қыстан қорқып жүретін (балалар қолдарымен иықтарын құшақтайды).
- Балалар, жарайсыңдар.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі:
- Балалар, қазір біз жаңа "Ламбада" би қимылдарын жасауды үйренеміз, бәріміз шеңберге тұрайық, енді маған қараймыз. Менімен бірге қимылдарды қайталап, жаттығып аламыз. Содан кейін музыка әуенімен жүріп, билейміз. "Ламбада" музыкалық-ырғақтық қимыл бойынша музыка жетекшісі балаларды шеңбермен бірінің артынан бірі жеңіл адыммен жүру керектігін көрсетеді

Балалар шеңберде жүріп келе жатып, қолдарын белдеріне қойып, денесімен ирелеңдеп, ырғақты қимыл жасап жүреді. Музыка жетекшісінің белгі беруі бойынша "Бірігеміз"" дегенде жүріп келе жатып, шеңберде бір-бірінің белдеріненұстап жүріп, билейді. "Ажыра" дегенде балалар шеңберде өздері жеке ирелеңдеу қимылдарын жасап жүреді. Басында музыка жетекшісі өзі көш бастап, қимылдарды көрсетіп жүреді. Арасында музыка тоқтағанда балалар орындарында тұрып, ирелеңдейді. Балалар шеңберде ирелеңдеп жүргенде адымдары жерге сүйретілмей, қимыл жеңіл орындалады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

Музыка жетекшісі бірге балаларға сұрақ қояды:
- Балалар, "вальс" дегеніміз не?
- Ол ән бе, би ме?
- Балалар, тақтадан нені көріп тұрсыңдар?

- Қандай би билеп жатыр?
- Вальс екенін қайдан білдіңдер?
- Жұппен билеп жатыр екен.
- Балалар, осындай вальсқа арналған шығармалар бар, сол шығармалардытыңдап көрейікші?
- Самуил Майкапардың шығармасы «Вальс».
- Самуил Майкапар орыс классикалық сазгері, қайталайық.

- Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз (

Музыка жетекшісі балаларға С. Майкапардың «Вальс» шығармасын тыңдатып, шығармаға қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтар қояды:
- Балалар, музыканы көздеріңді жұмып отырып тыңдауға болады. Сендер мұндай музыкаға қандай қимыл жасағыларың келеді?
- Мұздың үстінде қалықтап сырғанауға болады. Аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, жұбымен айналуға болады.
- Шығарма қалай орындалды? Жеңіл.
- Енді, балалар, шығарманы тағы да тыңдаймыз! Музыка жетекшісі балаларға шығарманы тыңдата отырып, шығарманың сипаты мен мағынасын түсіндіреді.
- Балалар, шығарманы жазған кім? Самуил Майкапар.
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. "Бізге келген қонақтар" дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: Кейіпкердің мінезіне сай, аспаптық әуенді ажырата білугеүйрету.
Ойынның көрнекілігі: аңның, құстың, қоянның бет пердесі.
Ойынның шарты: алдын-ала бір бала керменің артына барып, аңның немесеқұстың бет пердесін киеді.
Ал 3-4 бала аспаптарды (дабыл, сылдырауық, металлофон) алдына қойып,келген қонақтың мінезіне сай, аспапты соғады.
Аю келсе, жуан дыбыстар, қоян келсе, секіртпелі дыбыстар, торғай келсе,жіңішке дыбыстарды соғу керек.

2.3. Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:
- Балалар, денемізді тік ұстап, орындықтың шетіне отырамыз.
- Балалар, орманда бір қоян келе жатып сәбізін жоғалтып алды. Ол сәбізін табуүшін ағаштардың маңына барып мұрнымен иіскей жөнелді. Кәне, қоян қалай сәбізін тауып алды?
- Балалар, қоян сияқты иіскейміз. Енді тілдің ұшын тістеп, тілді оң және сол жақ тістермен кезек басамыз, тілді таңдайға тигіземіз, тілді алға созамыз, тіл астын көрсетеміз. Жарайсыңдар.
- Енді, балалар, менімен бірге әннің сөзін бірге айтамыз.
- Тоқ- тоқ, тоқылдақ,

- Жерден тары шоқып ап,
- Тоқылдайды тоқылдақ,
- Тоқ-тоқ-тоқ.
- Ахау ,егигай,
- Ән сал бозторғай,
- Біз әніңді үйреніп,
- Күнде ән сап жүрейік. Тамаша.
- Балалар, енді бәріміз, ара болайықшы?!
- Аралар,
- Арамыз, біз арамыз,
- Әнге салып барамыз.
- Жу-жу-жу-жу-жу-жу.
- Қызыл, жасыл гүлдерден,
- Балды сорып аламыз.
- Жу-жу-жу-жу-жу-жу. Жарайсыңдар.

2.4. Ән салу

Ә. Бейсеуовтің «Ақ тиін жыры» әні(әні:
Ә. Бейсеуовтікі).
Музыка жетекшісі балалардың назарын тақтаға аударып:
- Балалар, суретке қарайықшы?

- Қандай әдемі ақ тиін!
- Балалар, ақ тиін туралы "Ақ тиін жыры" деген ән бар, сол әнді үйреніп алайық?!
- Ә. Бейсеуовтің әні «Ақ тиін жыры», бәріміз орындықтың шетіне отырып, кең тыныс алып, ән айтуға дайындалайық.
- Алдымен балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды.
Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.
- Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!
Музыка жетекшісі ән үйренуді жалғастырады. Әннің ырғағын дәл сақтап, алақансоғып жаттықтырады. Балалармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуды жалғастырады. Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасынбарлық топ қосылып орындауға үйретеді.
- Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!
- Бүгін өте көңілді балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз, жарайсыңдар.

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау

Музыка жетекшісі балалардың бәріне сылдырауықтарды үлестіріп береді де:
- Балалар, тыңдайықшы, мен қазір мына сылдырауық аспабында ойнаймын, алсендер менімен бірге қайталап отырасыңдар, келістік пе? Иә.
- Балалар, сылдырауықтарды алайық, балалар! Енді музыканы тыңдай отырып, менімен бірге сылдырауықтарды сылдыратамыз. «Калинка» - орыс халық әуенінсылдырауықтар аспабында ойнау
- Педагог балаларға әнді шығарманы тағы да тыңдатып, музыканың қай бөлігіне келгенде сылдырауықтарда ойнау керектігін айтады. Сылдырауықтар аспабындаойнап болған соң, музыка жетекшісі балаларға сұрақ қояды:
- Шығарма қалай аталады? Калинка.
- Балалар, бұл шығарманың авторы кім? Халық. Жарайсыңдар.

- Қай халықтың шығармасы? Орыс халқының. Тамаша.
- Тамаша, балалар! Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге сылдырауықтарды сылдыратамыз. 1,2 - 1,2 бастаймыз. Педагог балалармен шығарманы тыңдай отырып, сылдырауықтарды бірге сылдыратып жаттықтырады.

2.6. "Жіп орау" музыкалық-дидактикалық ойын

Ойынның мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, әуеннің аяқталуын сезіне білугеүйрету.
Ойынның көрнекілігі: түрлі-түсті жіптер.
Ойынның шарты: 2 топтан 2 бала шығады.Түрлі-түсті тарқатылған жіпті көңілдіәуенмен орай бастайды. Музыка аяқталғанда қай баланың жібі көп оралса, сол бала жеңімпаз атанады.
Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:
- Балалар, екі командаға бөлінеміз. Әр командадан екі баладан шығып, көңілдімузыка әуенімен қолдарыңдағы жіпті орай бастайсыңдар, қай команда баласытез, әрі көп жіп орайды, сол команда жеңіске жетеді.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі оқу қызметінің аяғында:

- Балалар бүгін оқу қызметінде қандай шығарма тыңдадық?
- С.Майкапардың әні «Вальс» әнін.
- Сендер қандай ән айтуды үйрендіңдер?
- Ә. Бейсеуовтің «Ақ тиін жыры» әнін.
- Балалар, бүгін қандай аспаптарда ойнадық?
- Сылдырауықтар аспабында.
- Жарайсыңдар, балалар! Оқу қызметі аяқталды, сау болыңдар!

Музыка: Қысқы ойындар

10.01.2023

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды аппақ қыс әлемі туралы әннің сипатын түсіне білуге үйрету; төменжәне жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру; музыкалық шығармашылықтарын арттыру.

Сөздік жұмыс

"Қыс қызығы", "Қаңтар", "Аяз ата", "Ақшақар", "Сыйлықтар", "Аппақ әлем" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, жаттығу, қайталау, көркем сөз, миға шабуыл,кері байланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

1. Көрнекілік материалдар

Интербелсенді тақта, шарлар, аспаптар бейнеленген картотекалар, әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен және кіші қаршалар картотекасы, «Әнші торғайлар» макеті, металлофондар, суретті карточкалар: үйрек-балапан, аю-қонжық, қоян-көжек, жылқы-құлын.

2. Үлестірмелі материалдар

балалардың әрқайсысына металлофон, әр балаға аспаптар бейнеленген картотекалар, әр балаға суретті карточкалар: үйрек-балапан, аю-қонжық, қоян-көжек, жылқы-құлын.
Е.Тиличеева «Жылқы адымы» шығармасы

«Ах вы, сени» орыс халық әуеніне музыкалық-ырғақтық қимылдар

Брэдбери Рей аудиошығармасы «Суық және жылы жел» - металлофонда ойнау
П.Чайковский «Қаңтар» шығармасы (ән тыңдау)
Ә. Бейсеуов «Аппақ әлем» әні (ән айту)"Шар
ұшты!" дидактикалық ойыны
"Жоғарғы және төменгі дыбысты тап" музыкалық-дидактикалық ойын

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу

Балалар залға Е.Тиличееваның «Жылқы адымы» шығармасы.
желісінде кіріп, музыка жетекшісінің көрсетуі бойынша "жылқы
адымы" жаттығуын жасайды.

Музыка жетекшісі балаларға:

- Балалар, тақтадағы суретке қараңдаршы, ат қалай әдемі адымдап бара жатыр,сендер де солай адымдап жүріңдер.
- Балалар, мойнымызды сәл иеміз, енді жылқы сияқты жүріп келе жатып, ырғақты секеңдейміз. Жарайсыңдар. Балалар жылқы адымынан кейін жайадымға ауысып, залдың ортасына келіп тұрады.

Музыка жетекшісі: Балалар, бәріміз үлкен, әдемі шеңбер жасап тұрайықшы!

- Қазір балалар, қыс айы. Қыс мезгілінің қай айы?

- Енді, балалар, жаңа қыс айының басталғанына шаттық сезімімізді білдірейік:

- Аппақ әлем әдемі (балалар қолдарын жандарына созады),

- Әдемінің әлемі (балалар қолдарын жоғары көтереді).

- Бізден сізге барады (балалар құшақтарын жаяды),

- Жаңа айдың сәлемі (балалар қол білезіктерін айналдырады). Музыка жетекшісі балалармен бірге қимылдарды қайталайды.
- Балалар, жарайсыңдар!

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі балалардың назарын аудару мақсатында қолыменшапалақтайды:
- Балалар, қазір «Ах вы, сени» орыс халық әуеніне музыкалық-ырғақтық қимылдар жасауды үйренеміз

. «Ах вы, сени» орыс халық әуені бойынша музыка жетекшісі балаларды шеңберге тұрғызып, музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді. Музыка

жетекшісі балалармен бірге шеңбер адымдарын жасайды да"галоп" адымын балаларға көрсетеді. Балалар жұппен бірігіп, орындарында тұрып, өзі тұрған орнын айналып, "галоп" адымын жасайды. Шеңбер бойыменжүріп, қолдарын жоғары көтереді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді.
Орындарында тұрып, жұппен оң жаққа, сол жаққа кезек-кезек қарап, айналады. Аяқтарымен сол жанына, орнына, оң жанына, орнына жаттығуларын жасайды. Қимылдар музыка жетекшісінің көрсетуі бойынша орындалады. «Ах вы, сени» орыс халық әуені бойынша орындалатын негізгі адымдар "галоп", "тарпылдату","аяқты қайшылау".

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

Ән тыңдаудың алдында музыка жетекшісі балалардың назарын тақтағааударады:
- Балалар, бәріміз тақтаға қарайықшы?!
- Тақтадан не көріп тұрсыңдар?

Музыка жетекшісі жыл мезгіліне қатысты ой қозғау мақсатында балаларғасұрақтар қояды:
- Балалар, суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген?

- Қыс мезгілінің қай айы екенін білуге бола ма?

- Желтоқсан айында біз желтоқсан айы туралы сурет көрдік, есімізге

түсірейікші?

- Ал, мына суреттен қаңтар айы екенін қалай байқауға болады?

- Балалар, жерде қар қалың жауған, ағаштардың басына қар қатып қалған,таудың басындағы қар да қалың, солай ма?
- Олай болса, балалар, қыста кешке қарай тыңдап отыратын әдемі музыка бар,естіп көрейікші? П.Чайковскийдің «Қаңтар» шығармасы.
- Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз

Балалар музыканы тыңдап отырғанда музыка жетекшісі оның сипатымен таныстырады, мәнін түсіндіреді. Балалар музыкалық шығарманы тыңдап, сипатымен екпінін анықтайды.
- Балалар, шығарма ақырындап басталып, орта шамасына келгенде үдей бастайды, бұл музыка сипаты да қаңтар айының суып бара жатқанын аңғартады.
- Кәне, балалар, шапалақпен ұра отырып, әуенді тағы да қайталап тыңдайықшы! Керемет!
- Өте тамаша шығарма балалар, солай ма? Иә.

Музыка жетекшісі шығармаға қатысты ой қозғау мақсатында балаларға туралытүсінік береді:
- Балалар, бұл шығарма орыстың композиторы - П.Чайковскийдің шығармасы. Ол классик сазгер, яғни, композитор болып табылады. Қайталайықшы, балалар. Жарайсыңдар.
- Классик композитор дегеніміз - музыкалық шығармаларымен бүкіл әлемге танылған композитор. Қайталайықшы, балалар. Жақсы.
Музыка жетекшісі балаларға шығарманы тыңдап болған соң, сұрақтар қояды:

- Балалар, біз бүгін қандай шығарма тыңдадық? Қаңтар айы туралы.

- Әуенін жазған сазгер кім? П.Чайковский.

- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. "Шар ұшты!" дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балаларды әуен ырғағымен шеңбер жасап тұруға үйрету.Ойынның көрнекілігі: үнтаспа, шарлар
Ойынның барысы: Балалар шеңбер жасап шардың үлкендігін, пішінін көрсетеді.

«Шар үрлейміз!» - деген белгіге балалар ортаға жиналып, аузымен үрлей отырып, шеңбер құрастырады. «Шар ұшты!» - дегенде музыка ырғағымен шеңбер жасап айналады. Дабыл соғылғанда балалар шардын жарылғаныңқолдарын босатып жібереді. Осы шартты орындай алмаған бала ән немесетақпақ айтып, би билейді.

2.3. Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, денемізді тік ұстап, орындықтың шетіне отырамыз.

- Балалар, тауда келе жатып, бір-бірімізден көз жазып қалдық. Бір-бірімізді табуүшін қалай айғайлаймыз? Балалар, үндемей қалады.
- Балалар, алдымен ақырын "ауууу" дейміз. Кәне бәріміз, ақырын "ауууу" дейміз.Балалар қайталайды.
- Біздің дауысымызды ешкім естімеді, енді сәл дауысымызды көтеріп, тағы да ""ауууу"" дейміз. Балалар қайталайды.
- Балалар, дауысымызды ешкім естімеген сияқты ғой, енді қаттырақ "ауууу"дейміз. Балалар қайталайды. Сол кезде "ауууу" деген жаңғырық естіледі

- Естідіңдер ме, балалар, біз іздеген адамдар табылды.

Музыка жетекшісі балаларға картон қағаздан жасалған аспаптар бейнесін (домбыра, қобыз, сыбызғы, дабыл) үлестіріп береді.
- Балалар, бәріміз "Көңілді музыканттар" болайықшы!? Балалар таңырқапқалады.
-Балалар, аспаптардың үнін әндете отырып, аспапты ұстау, ойнау ерекшелігінкөрсету керек.
- Мен сөздерін айтып отырамын, ал сендер аспаптарда ойнап отырасыңдар,керек жерінде сөзін қайталайсыңдар, мысалы, "дан-диги-дан"- дегенде қайталайсыңдар.
- Бастаймыз, балалар.

- Домбыраны қолға алып,

- Ән айтамыз толғанып.

- Дан-диги-дан.

- Қобыз аспап киелі,

- Оны бәрі сүйеді.

- Пара-ри,пара-ри.

- Сыбызғыны үрлейміз,

- Жалқаулықты білмейміз.

- Ду-ду-ду.

- Трам-та соқса барабан,

- Қызыға жұрт қараған.

- Трам-та-та.

- Жарайсыңдар, балалар.

2.4. Ән салу

Ә. Бейсеуов «Аппақ әлем» әні(әні: Ә.

Бейсеуовтікі).
Музыка жетекшісі:

- Балалар, қыстыгүні дала қандай түрге енеді?

- Олай болса, балалар, қыс мезгіліне арналған "Аппақ әлем" деген ән бар, соләнді үйреніп алайық?!
- Ә. Бейсеуовтің әні «Аппақ әлем», бәріміз орындықтың шетіне отырып, кеңтыныс алып, ән айтуға дайындалайық.
- Алдымен балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды.
- Ақ мамық гүлдей себелеп,

- Әлемді тұтас қар басты.

- Ұшқандай мың-мың көбелек,

- Бір шеті жермен жалғасты.

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.
- Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен қаршалар, кіші қаршаларға қарап, әннің ырғағын дәл сақтап,алақан соғып жаттықтырады.
- Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші торғайлар» да келді.

Балаларға торғайлармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады.Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасын барлық топ қосылып орындауға үйретеді.
- Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!

- Бүгін өте көңілді балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз, «әнші торғайлар» да сендермен айтамыз дейді. Музыка жетекшісі балаларға әнді

қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады.

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау

Музыка жетекшісі балалардың бәріне металлофонды үлестіріп береді де:

- Балалар, тыңдайықшы, мен қазір мына металлофон аспабында ойнаймын, ал сендер менімен бірге қайталап отырасыңдар, келістік пе? Иә.
- Балалар, металлофонды алдымызға ыңғайлы қояйық, балалар! Енді балалар, металлофонда ойнауға дайындалайық! Педагог интербелсенді тақтаны қосып, қыс мезгілінен көрініс көрсетеді
- Қандай көрініс көріп тұрсыңдар, балалар! Аппақ таулар. Дұрыс.

- Таудың басынан не байқап тұрсыңдар? Желді. Тамаша.

- Балалар, қыстыгүні тау басындағы жел қандай болады? Суық. Жақсы.

- Ал қыстыгүні жылы жел бола ма? Болмайды. Жарайсыңдар.

- Енді музыканы тыңдай отырып, менімен бірге металлофонда ойнаймыз.
Брэдбери Рейдің «Суық және жылы жел» аудиошығармасына

металлофонда ойнаймыз. Музыка жетекшісі балаларға шығарманы тағы да тыңдатып, музыканың қай бөлігіне келгенде металлофонда ойнау керектігін айтады. Металлофон аспабында ойнап болған соң, музыка жетекшісі балаларғасұрақ қояды:
- Шығармада не туралы айтылады? Жел туралы.

- Шығарма авторы кім? Брэдбери Рей.

- Балалар, желдің қандай түрі болады екен? Суық және жылы жел.
Жарайсыңдар.
- Тамаша, балалар! Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге металлофонда ойнаймыз. 1,2 - 1,2 бастаймыз. Педагог балалармен шығарманытыңдай отырып, металлофонды бірге ойнатып жаттықтырады.

2.6. "Жоғарғы және төменгі дыбысты тап" музыкалық-дидактикалықойын

Ойынның мақсаты: балаларды музыкалық дыбыстардың төмен жәнежоғарылығын ажырата білуге үйрету.
Ойынның көрнекілігі: әр балаға суретті карточкалар: үйрек-балапан, аю-қонжық,қоян-көжек, жылқы-құлын.
Ойынның барысы: балалар музыкалық дыбыстардың төмен және жоғарылығынажырату кезінде әрбір карточкамен жеке жұмыс жасауы тиіс.
Ре (төмен дыбысты естігінде карточкадағы жануар тұрған дөңгелекті жабу.) Ля(жоғарғы дыбыс) жануардың баласын көрсету керек. Балалардан музыканың өзгеру темпін қимылмен көрсетуді және сұрақтарға жауап берулерін сұрайды:
- Үйректің дауысы қандай? Жуан.
- Балапанның дауысы ше? Жіңішке.
- Музыканың сипаты қандай? Жуан.
- Балапан қалай дыбыстайды? (балапанның дауысын салу)
- Балалар, жарайсыңдар.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі оқу қызметінің аяғында:

- Балалар, біз бүгін қандай аспапта ойнадық? Металлофонда.
- Қандай шығармаға ойнадық? Суық жел және жылы жел.
- Шығарманың авторы кім? Брэдбери Рей.
- Бүгін оқу әрекетінде қандай ән тыңдадық? П.Чайковскийдің «Қаңтар» шығармасын тыңдадық.
- Балалар, қандай ән айттық? Ә. Бейскуовтің «Аппақ әлем» әнін тыңдадық.
- Балалар, бүгін оқу әрекетіне бәрің жақсы қатыстыңдар! Рақмет, оқу әрекеті аяқталды. Жақсы, сау болыңдар!

Музыка: Ақ тиін

12.01.2023

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды тиін туралы әнді қызығушылықпен тыңдай білуге үйрету; әннің сипатына қарай музыкадағы төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыка сипатына қарай аңдардың қимылдарын дұрыс қайталау және музыкалық аспап сылдырауықпен ойнау қабілетін қалыптастыру.

Сөздік жұмыс

"Аңдардың қысқы тіршілігі", "Қыстағы жануарлар тіршілігі", "Аю ұйқыда", "Қу түлкі", "Қасқыр", "Тамаша!", "Ақ тиін" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Шаттық шеңбері, түсіндіру, баяндау, жаттығу, қайталау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

1. Көрнекілік материалдар

Интербелсенді тақта, сылдырауықтар, аңның, құстың, қоянның бет пердесі, керме, дабыл, сылдырауық, металлофон аспаптары, түрлі-түсті жіптер

2. Үлестірмелі материалдар

балалардың әрқайсысына сылдырауық аспаптары

Р. Глиэр «Байсалды қолдар» әуені
"Ламбада" музыкалық-ырғақтық қимылы
Самуил Майкапардың шығармасы «Вальс» (ән тыңдау)
«Калинка» - орыс халық әуенін сылдырауықтар аспабында ойнауӘ. Бейсеуов «Ақ тиін жыры» әні (ән айту) "Бізге келген қонақтар" дидактикалық ойыны "Жіп орау" музыкалық-дидактикалық ойын

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері

Балалар залға Р. Глиэрдің «Байсалды қолдар» әуені шығармасы желісінде кіріп, музыка жетекшісінің көрсетуімен және айтуымен "байсалды қолдар" жаттығуын жасайды.
Музыка жетекшісі балаларға:
- Балалар, мойнымызды тік, денемізді түзу ұстаймыз, жүріп келе жатып, қолдарымызбен ырғақты қимылдар жасаймыз. Жарайсыңдар. Балалар қол қимылдарына байланысты жаттығуларды жасай жүріп, жай адыммен залдың ортасына келіп тұрады.
Музыка жетекшісі: Балалар, бәріміз үлкен, әдемі шеңбер жасап тұрайықшы!

Міне, тамаша!
- Балалар, қыста адамдар қалай тоңбайды? Қалың киінеді. Жақсы.
- Балалар, қыста киім кимейтін қандай тіршілік иелерін білесіңдер? Балалар ойланып қалады.
- Балалар, орманда өмір сүретін қандай тіршілік иелері бар? Балалар "аңдар" деп жауап береді. Дұрыс.
- Жабайы аңдар қыста тоңа ма? Олардың жүндері қалың болады. Жарайсыңдар.
- Олай болса,балалар, қыста тіршілік жағдайы қиындайтын аңдарға да ілтипат білдірейік:
- Жортып қыста жүретін (балалар қолдарын жандарына жібереді),
- Сақ боп, құлақ түретін (балалар алақандарымен құлақтарын ұстайды).
- Аялайық аңдарды (балалар қолдарын жоғары көтереді),
- Қыстан қорқып жүретін (балалар қолдарымен иықтарын құшақтайды).
- Балалар, жарайсыңдар.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі:
- Балалар, қазір біз жаңа "Ламбада" би қимылдарын жасауды үйренеміз, бәріміз шеңберге тұрайық, енді маған қараймыз. Менімен бірге қимылдарды қайталап, жаттығып аламыз. Содан кейін музыка әуенімен жүріп, билейміз. "Ламбада" музыкалық-ырғақтық қимыл бойынша музыка жетекшісі балаларды шеңбермен бірінің артынан бірі жеңіл адыммен жүру керектігін көрсетеді

Балалар шеңберде жүріп келе жатып, қолдарын белдеріне қойып, денесімен ирелеңдеп, ырғақты қимыл жасап жүреді. Музыка жетекшісінің белгі беруі бойынша "Бірігеміз"" дегенде жүріп келе жатып, шеңберде бір-бірінің белдерінен ұстап жүріп, билейді. "Ажыра" дегенде балалар шеңберде өздері жеке ирелеңдеу қимылдарын жасап жүреді. Басында музыка жетекшісі өзі көш бастап, қимылдарды көрсетіп жүреді. Арасында музыка тоқтағанда балалар орындарында тұрып, ирелеңдейді. Балалар шеңберде ирелеңдеп жүргенде адымдары жерге сүйретілмей, қимыл жеңіл орындалады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

Музыка жетекшісі бірге балаларға сұрақ қояды:
- Балалар, "вальс" дегеніміз не?
- Ол ән бе, би ме?
- Балалар, тақтадан нені көріп тұрсыңдар?

- Қандай би билеп жатыр?

- Вальс екенін қайдан білдіңдер?
- Жұппен билеп жатыр екен.
- Балалар, осындай вальсқа арналған шығармалар бар, сол шығармаларды тыңдап көрейікші?
- Самуил Майкапардың шығармасы «Вальс».
- Самуил Майкапар орыс классикалық сазгері, қайталайық.
- Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз (

Музыка жетекшісі балаларға С. Майкапардың «Вальс» шығармасын тыңдатып, шығармаға қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтар қояды:
- Балалар, музыканы көздеріңді жұмып отырып тыңдауға болады. Сендер мұндай музыкаға қандай қимыл жасағыларың келеді?
- Мұздың үстінде қалықтап сырғанауға болады. Аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, жұбымен айналуға болады.
- Шығарма қалай орындалды? Жеңіл.
- Енді, балалар, шығарманы тағы да тыңдаймыз! Музыка жетекшісі балаларға шығарманы тыңдата отырып, шығарманың сипаты мен мағынасын түсіндіреді.
- Балалар, шығарманы жазған кім? Самуил Майкапар.
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. "Бізге келген қонақтар" дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: Кейіпкердің мінезіне сай, аспаптық әуенді ажырата білуге үйрету.
Ойынның көрнекілігі: аңның, құстың, қоянның бет пердесі.
Ойынның шарты: алдын-ала бір бала керменің артына барып, аңның немесе құстың бет пердесін киеді.
Ал 3-4 бала аспаптарды (дабыл, сылдырауық, металлофон) алдына қойып, келген қонақтың мінезіне сай, аспапты соғады.
Аю келсе, жуан дыбыстар, қоян келсе, секіртпелі дыбыстар, торғай келсе, жіңішке дыбыстарды соғу керек.

2.3. Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:
- Балалар, денемізді тік ұстап, орындықтың шетіне отырамыз.
- Балалар, орманда бір қоян келе жатып сәбізін жоғалтып алды. Ол сәбізін табу үшін ағаштардың маңына барып мұрнымен иіскей жөнелді. Кәне, қоян қалай сәбізін тауып алды?
- Балалар, қоян сияқты иіскейміз. Енді тілдің ұшын тістеп, тілді оң және сол жақ тістермен кезек басамыз, тілді таңдайға тигіземіз, тілді алға созамыз, тіл астын

көрсетеміз. Жарайсыңдар.

- Енді, балалар, менімен бірге әннің сөзін бірге айтамыз.Тоқ- тоқ, тоқылдақ,
- Жерден тары шоқып ап,
- Тоқылдайды тоқылдақ,
- Тоқ-тоқ-тоқ.
- Ахау ,егигай,
- Ән сал бозторғай,
- Біз әніңді үйреніп,
- Күнде ән сап жүрейік. Тамаша.
- Балалар, енді бәріміз, ара болайықшы?!
- Аралар,
- Арамыз, біз арамыз,
- Әнге салып барамыз.
- Жу-жу-жу-жу-жу-жу.
- Қызыл, жасыл гүлдерден,
- Балды сорып аламыз.
- Жу-жу-жу-жу-жу-жу. Жарайсыңдар.

2.4. Ән салу

Ә. Бейсеуовтің «Ақ тиін жыры» әні
(әні: Ә. Бейсеуовтікі).

Музыка жетекшісі балалардың назарын тақтаға аударып:

- Балалар, суретке қарайықшы?

- Қандай әдемі ақ тиін!
- Балалар, ақ тиін туралы "Ақ тиін жыры" деген ән бар, сол әнді үйреніп алайық?!
- Ә. Бейсеуовтің әні «Ақ тиін жыры», бәріміз орындықтың шетіне отырып, кең тыныс алып, ән айтуға дайындалайық.
- Алдымен балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды.

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді. Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.

- Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Музыка жетекшісі ән үйренуді жалғастырады. Әннің ырғағын дәл сақтап, алақан соғып жаттықтырады. Балалармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуды жалғастырады.

Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасын барлық топ қосылып орындауға үйретеді.

- Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!
- Бүгін өте көңілді балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз, жарайсыңдар.

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау

Музыка жетекшісі балалардың бәріне сылдырауықтарды үлестіріп береді де:
- Балалар, тыңдайықшы, мен қазір мына сылдырауық аспабында ойнаймын, ал сендер менімен бірге қайталап отырасыңдар, келістік пе? Иә.
- Балалар, сылдырауықтарды алайық, балалар! Енді музыканы тыңдай отырып, менімен бірге сылдырауықтарды сылдыратамыз. «Калинка» - орыс халық әуенін сылдырауықтар аспабында ойнау

Педагог балаларға әнді шығарманы тағы да тыңдатып, музыканың қай бөлігіне келгенде сылдырауықтарда ойнау керектігін айтады. Сылдырауықтар аспабында ойнап болған соң, музыка жетекшісі балаларға сұрақ қояды:
- Шығарма қалай аталады? Калинка.
- Балалар, бұл шығарманың авторы кім? Халық. Жарайсыңдар.
- Қай халықтың шығармасы? Орыс халқының. Тамаша.
- Тамаша, балалар! Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге сылдырауықтарды сылдыратамыз. 1,2 - 1,2 бастаймыз. Педагог балалармен шығарманы тыңдай отырып, сылдырауықтарды бірге сылдыратып жаттықтырады.

2.6. "Жіп орау" музыкалық-дидактикалық ойын

Ойынның мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, әуеннің аяқталуын сезіне білуге үйрету.
Ойынның көрнекілігі: түрлі-түсті жіптер.
Ойынның шарты: 2 топтан 2 бала шығады.Түрлі-түсті тарқатылған жіпті көңілді әуенмен орай бастайды. Музыка аяқталғанда қай баланың жібі көп оралса, сол бала жеңімпаз атанады.
Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:
- Балалар, екі командаға бөлінеміз. Әр командадан екі баладан шығып, көңілді музыка әуенімен қолдарыңдағы жіпті орай бастайсыңдар, қай команда баласы тез, әрі көп жіп орайды, сол команда жеңіске жетеді.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі оқу қызметінің аяғында:

- Балалар бүгін оқу қызметінде қандай шығарма тыңдадық?
- С.Майкапардың әні «Вальс» әнін.
- Сендер қандай ән айтуды үйрендіңдер?

- Ә. Бейсеуовтің «Ақ тиін жыры» әнін.
- Балалар, бүгін қандай аспаптарда ойнадық?
- Сылдырауықтар аспабында.

Жарайсыңдар, балалар! Оқу қызметі аяқталды, сау болыңдар

Музыка: Жануарлар туралы әндер
17.01.2023

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың тиін туралы әнді тыңдап, әннің сипатына қарай музыкадағы төмен және жоғары дыбыстарды ажыратып білу қабілетін жетілдіру; музыка сипатынақарай аңдардың қимылдарын дұрыс қайталау және музыкалық аспап сылдырауықпен ойнау қабілетін жетілдіру.

Сөздік жұмыс

"Аңдардың қысқы тіршілігі", "Қыстағы жануарлар тіршілігі", "Аю ұйқыда", "Құтүлкі", "Қасқыр", "Тамаша!", "Ақ тиін" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, жаттығу, қайталау, көркем сөз, миға шабуыл,кері байланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

Көрнекілік материалдар.
Интербелсенді тақта, музыкалық-дидактикалық ойындар картотекасы,музыкалық аппаратура.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу.
Балалар залға Р. Глиэрдің «Байсалды қолдар» әуені шығармасы желісінде кіріп, музыка жетекшісінің көрсетуімен және айтуымен "байсалды қолдар" жаттығуынжасайды.
Музыка жетекшісі балаларға:
- Балалар, мойнымызды тік, денемізді түзу ұстаймыз, жүріп келе жатып,қолдарымызбен ырғақты қимылдар жасаймыз. Жарайсыңдар. Балалар қол қимылдарына байланысты жаттығуларды жасай жүріп, жай адыммен залдың ортасына келіп тұрады.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар.
Музыка жетекшісі:
- Балалар, қазір біз жаңа "Ламбада" би қимылдарын жасауды үйренеміз, бәріміз шеңберге тұрайық, енді маған қараймыз. Менімен бірге қимылдарды қайталап,жаттығып аламыз. Содан кейін музыка әуенімен жүріп, билейміз.

"Ламбада" музыкалық-ырғақтық қимыл бойынша музыка жетекшісі балаларды шеңбермен бірінің артынан бірі жеңіл адыммен жүру керектігін көрсетеді.

Балалар шеңберде жүріп келе жатып, қолдарын белдеріне қойып, денесімен ирелеңдеп, ырғақты қимыл жасап жүреді. Музыка жетекшісінің белгі беруі бойынша "Бірігеміз" дегенде жүріп келе жатып, шеңберде бір-бірінің белдеріненұстап жүріп, билейді. "Ажыра" дегенде балалар шеңберде өздері жеке ирелеңдеу қимылдарын жасап жүреді. Басында музыка жетекшісі өзі көш бастап, қимылдарды көрсетіп жүреді. Арасында музыка тоқтағанда балалар орындарында тұрып, ирелеңдейді. Балалар шеңберде ирелеңдеп жүргенде адымдары жерге сүйретілмей, қимыл жеңіл орындалады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау.

- Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.

Музыка жетекшісі балаларға С. Майкапардың «Вальс» шығармасын тыңдатып, шығармаға қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтар қояды:

- Балалар, музыканы көздеріңді жұмып отырып тыңдауға болады. Сендер мұндай музыкаға қандай қимыл жасағыларың келеді?
- Мұздың үстінде қалықтап сырғанауға болады. Аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, жұбымен айналуға болады.
- Шығарма қалай орындалды? Жеңіл.
- Енді, балалар, шығарманы тағы да тыңдаймыз! Музыка жетекшісі балаларға шығарманы тыңдата отырып, шығарманың сипаты мен мағынасын түсіндіреді.
- Балалар, шығарманы жазған кім? Самуил Майкапар.
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. "Ненің әуені" музыкалық-дидактикалық ойын.

Ойынның мақсаты: Ойын есту қабілеті мен музыкалық жадыны дамытуғакөмектеседі.
Ойынның шарты: Педагог интербелсенді тақтадан орман тұрғындарын көрсетіп және олардың әуендерін қосады, сол әуен қай аңға қатысты екенін балалар табуқажет.

- Балалар, сендерді орман тұрғындарымен таныстырғым келеді. Тыңдап, олардың әуендерің естеріне сақтап алыңдар.
- Балалар, сендер барлық орман тұрғындарының әуендерін таба алдыңдар ма?
- Жарайсыңдар!

2.3. "Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, денемізді тік ұстап, орындықтың шетіне отырамыз.
- Балалар, орманда бір қоян келе жатып сәбізін жоғалтып алды. Ол сәбізін табуүшін ағаштардың маңына барып мұрнымен иіскей жөнелді. Кәне, қоян қалай сәбізін тауып алды?
- Балалар, қоян сияқты иіскейміз. Енді тілдің ұшын тістеп, тілді оң және сол жақ тістермен кезек басамыз, тілді таңдайға тигіземіз, тілді алға созамыз, тіл астын көрсетеміз. Жарайсыңдар.
- Енді, балалар, менімен бірге әннің сөзін бірге айтамыз.
- Тоқ- тоқ, тоқылдақ,
- Жерден тары шоқып ап,
- Тоқылдайды тоқылдақ,
- Тоқ-тоқ-тоқ.
- Ахау ,егигай,
- Ән сал бозторғай,
- Біз әніңді үйреніп,
- Күнде ән сап жүрейік. Тамаша.
- Балалар, енді бәріміз, ара болайықшы?!

- Аралар,
- Арамыз, біз арамыз,
- Әнге салып барамыз.
- Жу-жу-жу-жу-жу-жу.
- Қызыл, жасыл гүлдерден,
- Балды сорып аламыз.
- Жу-жу-жу-жу-жу-жу. Жарайсыңдар.

2.4. "Ән салу. Ә. Бейсеуовтің «Ақ тиін жыры» әні.

- Балалар, мына ағашта не отыр?
- Иә, ақ тиін екен.
- Балалар, біз алдыңғы оқу қызметінде ақ тиін әнің үйренген болатынбыз? Сол әнкімнің есіңде? Маған сол әнді кім айтып береді?
- Иә, жарайсыңдар, балалар.
- Ә. Бейсеуовтің әні «Ақ тиін жыры», бәріміз орындықтың шетіне отырып, кең тыныс алып, ән айтуға дайындалайық.
- Алдымен балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды.

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.

- Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Музыка жетекшісі ән үйренуді жалғастырады. Әннің ырғағын дәл сақтап, алақансоғып жаттықтырады. Балалармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуды жалғастырады. Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасынбарлық топ қосылып орындауға үйретеді.

- Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!
- Бүгін өте көңілді балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз, жарайсыңдар.

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау.

Музыка жетекшісі балалардың бәріне сылдырауықтарды үлестіріп береді де:

- Балалар, тыңдайықшы, мен қазір мына сылдырауық аспабында ойнаймын, алсендер менімен бірге қайталап отырасыңдар, келістік пе? Иә.
- Балалар, сылдырауықтарды алайық, балалар! Енді музыканы тыңдай отырып, менімен бірге сылдырауықтарды сылдыратамыз. «Калинка» - орыс халық әуенінсылдырауықтар аспабында ойнау.

Педагог балаларға әнді шығарманы тағы да тыңдатып, музыканың қай бөлігіне келгенде сылдырауықтарда ойнау керектігін айтады. Сылдырауықтар аспабындаойнап болған соң, музыка жетекшісі балаларға сұрақ қояды:

- Шығарма қалай аталады? Калинка.
- Балалар, бұл шығарманың авторы кім? Халық. Жарайсыңдар.
- Қай халықтың шығармасы? Орыс халқының. Тамаша.
- Тамаша, балалар! Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге сылдырауықтарды сылдыратамыз. 1,2 - 1,2 бастаймыз. Педагог балалармен шығарманы тыңдай отырып, сылдырауықтарды бірге сылдыратып жаттықтырады.

2.6. "Жоғарғы және төменгі дыбысты тап"музыкалық-дидактикалық ойын.

Ойынның мақсаты: балаларды музыкалық дыбыстардың төмен жәнежоғарылығын ажырата білуге үйрету.

Ойынның көрнекілігі: әр балаға суретті карточкалар: үйрек-балапан, аю-қонжық,қоян-көжек, жылқы-құлын.

Ойынның барысы: балалар музыкалық дыбыстардың төмен және жоғарылығын ажырату кезінде әрбір карточкамен жеке жұмыс жасауы тиіс. Ре (төмен дыбысты естігінде карточкадағы жануар тұрған дөңгелекті жабу.) Ля (жоғарғыдыбыс) жануардың баласын көрсету керек. Балалардан музыканың өзгеру темпін қимылмен көрсетуді және сұрақтарға жауап берулерін сұрайды:

- Үйректің дауысы қандай? Жуан.
- Балапанның дауысы ше? Жіңішке.
- Музыканың сипаты қандай? Жуан.
- Балапан қалай дыбыстайды? (балапанның дауысын салу)
- Балалар, жарайсыңдар.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі оқу қызметінің аяғында:

- Балалар бүгін оқу қызметінде қандай шығарма тыңдадық?
- С.Майкапардың әні «Вальс» әнін.
- Сендер қандай ән айтуды үйрендіңдер?
- Ә. Бейсеуовтің «Ақ тиін жыры» әнін.
- Балалар, бүгін қандай аспаптарда ойнадық?
- Сылдырауықтар аспабында.
- Жарайсыңдар, балалар! Оқу қызметі аяқталды, сау болыңдар!

Музыка: Сауысқан
Құстартармен бірг жырлайық
19.01.2023
24.01.2023

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды қараторғай туралы әнді тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; сауысқан туралы әнді сезімталдықпен қабылдай білу қабілетін қалыптастыру;әндегі орташа қарқындылықтың ерекшелігін ажырата білу қабілетін жетілдіру;жаңа би элементтерін музыка әуенімен үйлесімді жасауға жаттықтыру; музыкалық аспаптағы ырғақты сезіне білу қабілетіне баулу.

Сөздік жұмыс

"Қараторғай", "Ұштың зорға-ай", "Қанат қағып", "Маржан тағып", "Сәулем едің", "Сауысқан" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Релаксация, түсіндіру, баяндау, жаттығу, қайталау, көркем сөз, миға шабуыл,кері байланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

1. Көрнекілік материалдар

Интербелсенді тақта, сылдырауықтар, үлкен (бүркіт, қарға, сауысқан, тырна, үйрек) және кішкентай (торғай, қарлығаш, сарнауық құс, сары шымшық, суықторғай)

құстардың суреті, әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен қарғалар мен кішкентай торғайлар картотекасы, «Әнші торғайлар» макеті, түлкі мен қаздың бет пердесі.

2. Үлестірмелі материалдар

әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен қарғалар мен кішкентай торғайларкартотекалар
Р. Глиэр «Байсалды қолдар» әуені "Ламбада"
музыкалық-ырғақтық қимылыАқан сері
«Қараторғай» әні (ән тыңдау)
«Калинка» - орыс халық әуенін сылдырауықтар аспабында ойнауР.
Байқоңыров «Сауысқан» әні (ән айту)
"Құстың дауысын тап" дидактикалық ойыны
"Түлкі мен қаздар" музыкалық-дидактикалық ойын

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Релаксация "Құстар әні"
Оқу қызметі басталысымен балалар залға өздеріне таныс әуен Р. Глиэрдің «Байсалды қолдар» әуені шығармасы желісінде кіріп, музыка жетекшісініңкөрсетуімен "байсалды қолдар" жаттығуын жасайды.
Музыка жетекшісі балаларға:
- Балалар, мойнымызды тік, денемізді түзу ұстаймыз, жүріп келе жатып, қолдарымызбен ырғақты қимылдар жасаймыз. Жарайсыңдар. Балалар қол қимылдарына байланысты жаттығуларды жасай жүріп, жай адыммен залдың ортасындағы кілемнің үстіне келіп тұрады.
Музыка жетекшісі: Балалар, бәріміз үлкен, әдемі шеңбер жасап тұрайықшы!Міне, тамаша!
-Балалар, құстар қанаттарын қалай қағады, көрсетейікші?! Балалар қолдарыменқанат қаққандай қимылдар жасайды.
- Сендер құстардың әнін тыңдап көрдіңдер ме?
- Олай болса, алдымен торғайдың әнін тыңдап көрейікші!
- Алдымен бәріміз осы шеңберді сақтаған күйімізде кілем үстіне отырамыз. Балалар шеңбер жасап отырады. Педагог интербелсенді тақтадан құстардыңәнін тыңдатады

- Балалар, бәрің көздеріңді жұмып, өздеріңді орманда құстардың ортасында жүргендей сезініңдер.
- Қандай керемет! Құстар қалай тамаша ән салады! Көзімізді ашпаймыз. Ақырынорманнан шығып, залға кіреміз. Балалар көздерін ашады.
- Балалар, құстар қалай керемет айтады әнді? Өздері кішкентай болса да нәзікүнімен шырқап жатыр.
- Ұнады ма, құстардың әні, балалар? Иә.
- Балалар, орнымыздан тұрып, шеңбер құрамыз.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар
Музыка жетекшісі балаларға алдыңғы оқу қызметі туралы естеріне салып:
- Балалар, біз бүгін "Ламбада" би қимылдарын үйренуді әрі қарай жалғастырамыз, бәріміз шеңберге тұрайық, енді маған қараймыз. Менімен біргеқимылдарды қайталап, жаттығып аламыз. Содан кейін музыка әуенімен жүріп, билейміз. "Ламбада" музыкалық-ырғақтық қимыл бойынша музыка жетекшісі балаларды шеңбермен бірінің артынан бірі жеңіл адыммен жүру керектігін көрсетеді

Балалар шеңберде жүріп келе жатып, қолдарын белдеріне қойып, денесімен ирелеңдеп, ырғақты қимыл жасап жүреді. Музыка жетекшісінің белгі беруі бойынша "Бірігеміз" дегенде жүріп келе жатып, шеңберде бір-бірінің белдеріненұстап жүріп, билейді. "Ажыра" дегенде балалар шеңберде өздері жеке ирелеңдеу қимылдарын жасап жүреді. Басында музыка жетекшісі өзі көш бастап, қимылдарды көрсетіп жүреді. Арасында музыка тоқтағанда балалар орындарында тұрып, ирелеңдейді. Балалар шеңберде ирелеңдеп жүргенде адымдары жерге сүйретілмей, қимыл жеңіл орындалады. Бүгінгі оқу қызметінде музыка жетекшісі бидің көш жетекшісіне пысық баланы тағайындайды.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

Музыка жетекшісі балалардың назарын тақтаға аударады:алалар, ненің суреті?
- Қандай құстың суреті?
- Қара торғай екен.
- Балалар, қара торғай қыста бола ма?
- Мына суреттерге қарайықшы?!



- Әр құстың өзіне тән өмір сүру ерекшелігі бар.
- Балалар, біз құстар туралы әнді білеміз.
- Балалар, ертеде шыққан бір ән бар, сол әнді тыңдап көрейікші!
- Ән тыңдайтын кезде қалай отырушы едік? Жақсы.
- Ақан серінің әні «Қара торғай» деп аталады.

- Балалар, тақтаға назар аударайық.
- Ақан серінің суреті. Ақан сері - ақын, әнші, композитор.
- Балалар, әннің шығу тарихын тыңдайық.
- Ақанның Әлібек батырдан алған Қараторғай атты бүркіті

берірек келген соң қартайып, қанаты бүтін болғанымен құйрығының қауырсынытүсіп, азайып, жерге жақындап келгенде біраз уақыт қона алмай жүретін болды.
Өйткені, халық аузында «Құс қанатымен ұшып, құйрығымен қонады» деудің белгілі мәні бар мәтел болса керек. Қараторғай шырылдап, айналғанда қонуғақорқады екен. Шаршап барып жерге жақындап, құйрығымен ешнәрсе істей алмай құлайды. Міне, осы аянышты суретті көрген Ақан құсына арнап ән шығарады.
- Балалар, ән қара торғай құсына емес, Ақан серінің "Қара торғай" деп аталатын бүркітіне арналған екен.
- Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз

- Келеді қараторғай қанат қағып,
- Астына қанатының маржан тағып.
- Бірге өскен кішкентайдан сәулем едің,
- Айрылдым қапылыста сенен нағып.
- Қараторғай,
- Ұштың зорға-ай.
- Бейшара, шырылдайсың,
- Жерге қонбай.

Музыка жетекшісі балаларға әнге қатысты ой қозғау мақсатында балаларғасұрақтар қояды:
- Балалар, әнде не туралы айтылады?
- Балалар, ән қандай қарқында орындалады?
- Балалар, әнде құсқа деген аяныш бар, солай ма?
- Енді, балалар, «Қара торғай» әнін тағы да тыңдаймыз! Музыка жетекшісі балаларға шығарманы тыңдата отырып, шығарманың сипаты мен мағынасынтүсіндіреді.
- Балалар, әнді жазған сазгер кім? Ақан сері.
- Керемет, балалар!

2.2. "Құстың дауысын тап" дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балалардың музыкадағы жоғарғы және төменгі дыбыстардыажырату және есту қабілетін қалыптастыру.
Ойынның көрнекілігі: үлкен (бүркіт, қарға, сауысқан, тырна, үйрек) және кішкентай (торғай, қарлығаш, сарнауық құс, сары шымшық, суық торғай)құстардың суреті.
Ойынның шарты: құстардың суреттері балаларға үлестіріліп беріледі. Ку-ку депқұстар сияқты әндетеміз.Үлкен құстар - жуан дауыспен әндетеді, кішкентай құстар - жіңішке дауыспен әндетеді.

2.3. Дауыс жаттығулары

Ән салу алдында дауыс жаттығуларын орындау міндетті болып табылады. Сондықтан музыка жетекшісі мынадай бағытта дауыс жаттығуларын жүргізеді:
- Балалар, орындықтың шетіне отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз. Жарайсыңдар.
- Енді менімен бірге қайталаймыз.
- Ооо,ооо, ооо,
- Біз айтамыз "до". Қайталаймыз. Тамаша.
- Бір орында тұрмаймыз, жүгіреміз секі - ре, "ре". Қайталаймыз.
- Мимикамен күлеміз, күлеміз кәне, "ми"(екі рет қайталанады). Жақсы.
- Досымызға айтамыз,
- Қандай күшті "фа"! Қайталаймыз. Тамаша.
- Досым менің ол, ол,
- Дейді маған "соль", қайталаймыз.
- Біз бәріміз әндетіп,
- Ән саламыз "ля-ля-ля".
- Тамаша, балалар.

2.4. Ән салу

Р. Байқоңыров «Сауысқан» әні(әні: Р. Байқоңыровтікі).
Музыка жетекшісі балаларға:
- Балалар, мына суретке қарайықшы, нені көріп тұрсыңдар?



- Сауысқан екен.
- Балалар, қыста құстарға қатты суықта оңай болмайды.
- Сондықтан балалар, қыста құстарға қамқор бола білуіміз керек, солай ма?
- Балалар, сауысқан туралы ""Сауысқан"" деген ән бар, сол әнді үйреніп алайық?!
- Р. Байқоңыровтың әні «Сауысқан», бәріміз орындықтың шетіне отырып, кеңтыныс алып, ән айтуға дайындалайық.
- Алдымен балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты

шығармаймыз. Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды.
Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.
- Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!
Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен қарғалар мен кішкентай торғайларға қарап, әннің ырғағын дәлсақтап, алақан соғып жаттықтырады.
- Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші торғайлардың» өздері де келді. Балаларға торғайлармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады.Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасынбарлық топ қосылып орындауға үйретеді.
- Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!
- Бүгін өте көңілді балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз, «әнші торғайлар» да сендермен айтамыз дейді. Музыка жетекшісі балалармен біргеәнді қайталап, ән салуды аяқтайды.

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау

Музыка жетекшісі:
- Балалар, бәріңде сылдырауық бар ма? Иә.
- Онда тыңдайықшы, мен қазір мына сылдырауық аспабында ойнаймын, алсендер менімен бірге қайталап отырасыңдар, келістік пе? Иә.
- Балалар, сылдырауықтарды алайық, балалар! Енді музыканы тыңдай отырып, менімен бірге сылдырауықтарды сылдыратамыз. «Калинка» - орыс халық әуенінсылдырауықтар аспабында ойнау

Педагог балаларға әнді шығарманы тағы да тыңдатып, музыканың қай бөлігінекелгенде сылдырауықтарда ойнау керектігін айтады.
- Балалар, бұл сылдырауықтармен ойнап жатқан шығарманы құстарға арнаймыз,солай ма? Иә.
Сылдырауықтар аспабында ойнап болған соң, музыка жетекшісі балаларға сұраққояды:
- Шығарма қалай аталады? Калинка.
- Балалар, бұл шығарманың авторы кім? Халық. Жарайсыңдар.
- Қай халықтың шығармасы? Орыс халқының. Тамаша.
- Тамаша, балалар! Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге сылдырауықтарды жақсы сылдыраттыңдар.

2.6. "Түлкі мен қаздар" музыкалық-дидактикалық ойын

Ойынның мақсаты: кейіпкер рөліне еніп, музыкалық дыбыстарды мәнерлеуқұралдарын жетілдіру.
Ойынның көрнекілігі: түлкі мен қаздың бет пердесі.
Ойынның шарты: түлкінің бет пердесін киген бала әндете, музыка әуеніне сайбилей қазға келеді.
Қаз бейнесіне енген бала әндете жауап береді. Түлкі қазды қуады. Ұсталған қазәнмен, тақпақпен айыбын өтейді.
Түлкі:
- Қаңқ,,қаңқ, қалың қаз,
- Ұстап жеймін қарным аш!
Қаздар:
- Қой, қой түлкі, сұм түлкі,
- Балапандар әлі жас!

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі тақтадан қыстайтын құстардың бейнесі көрсетеді:

- Балалар, бүгінгі оқу қызметіміз қыстайтын құстарға арналды.
- Балалар, бүгін оқу қызметі қалай өтті деп ойлайсыңдар? Өте жақсы.
- Қандай ән тыңдадық? Қара торғай туралы әнді.
- Қандай ән айтуды үйрендік? Сауысқан туралы.
- Балалар, бүгін оқу қызметіне жақсы қатысып, белсендлілік көрсеттіңдер. Менде сендерге сондай риза болдым. Қазір оқу қызметі аяқталды, сау болыңдар!

Музыка: Ақ лақ
Менің қамқорлығым
26.01.2023
31.01.2023

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды ақ лақ туралы әннің сипаты мен әннің сөздік мағынасын түсініп, айтабілу, музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтай білу қабілеттерін жетілдіру; дыбысты есту қабілеті мен музыкалық аспапта жатық ойнау қабілетін дамыту.

Сөздік жұмыс

"Ақсақ құлан","Жабайы жануар", "тағы жануар", "ақ лақ", "секеңдейді" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, жаттығу, қайталау, миға шабуыл,кері байланыс, пысықтау, суреттер көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

Көрнекілік материалдар
Интербелсенді тақта, сылдырауықтар, музыкалық аппаратура, әуенді жазба,тақырыпқа байланысты сурет пен бейнежазбалар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу.
Балалар И.Соколовскийдің "Марш" әуенімен залға кіреді. Музыка жетекшісібалаларға денелерін түзу, бастарын тік, өздерін еркін ұстау керектерін ескертеді. Балалар музыка әуенімен залдың ортасына келіп тұрады.
Психологиялық жаттығу «Ұлпа қарлар».
- Балалар бір сәт көзімізді жұмып ,өзімізді бұлттан түскен кішкентай көңілді ұлпа қарлар сияқты елестетіп көрейікші. Олар бір-бірімен ойнап ,айналып ұшыпбарлық жерді ақ мамықпен жабады.

- Ой балалар, қараңдар біздің тобымызға да ұлпа қарлар ұшып келіпті. Олар жәйемес, сиқырлы ұлпақарлар сияқты. Ұлпақарлардың бірнеше сұрақтары бар екен.
- Алдыңғы оқу қызметінде қандай ырғақты билер үрендік кім айтады?
- Иә, жарайсыңдар, «Күн пен түн» жұптық биін үйрендік.
- Ал қандай ән тыңдадық? Кімнің шығармасы екен?
- Иә, дұрыс айтасыңдар, Ақсақ құлан күйін тыңдадық, халықтан халыққа таралған күй.
- Жарайсыңдар, қандай ән үйрендік, авторы кім? Әніміз не туралы еді?
- Ақ лақ әні. Авторы С.Әубәкіров, ақ лақ әнінің атында тұрғандай ақ лақ туралы.
- Ендеше, балалар барлығымыз осы әндерді, билерді қайталап пысықтап алайық,есімізде сақталсын.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар.

Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:
- Балалар, бүгін біз жұппен билеу қимылдарын үйренеміз. Алдымен әуен басталмас бұрын жұппен билеу элементтерін қайталап алайық. Музыка жетекшісі балаларды жұппен тұрғызып, «Күн пен түн» қазақ халық әуенінің сипатына сай жұптық қимылдарды жасауды үйретеді. Ұл балалар "түн" болып, қолдарымен қыз балаларды биге шақырып, иіліп тағзым жасайды. Ұл балалар қолдарымен қыз балалардың белдерінен ұстап, педагогпен бірге жұппен айналуадымдарын жасайды. Ұл балалар орындарында тұрады, қыз балалар "күн" болып, өзі тұрған орнын айналып, шағын шеңбер бойымен жұп адымын жасайды. Жұптар шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, түсіреді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Орындарында тұрып, қолдарын оң жаққа, сол жаққа кезек-кезек айналдырып, қолдарын жанына созады. Аяқтарымен солжанына, орнына, оң жанына, орнына жаттығуларын жасайды. Қимылдар мен музыка үйлесімділігі музыка жетекшісінің көрсетуі бойынша орындалады.

Музыка жетекшісі балалардың қимыл мен әуенді үйлесімді қабылдау қабілеттеріне де көңіл бөледі.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау.

- Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.

Музыка жетекшісі балаларға «Ақсақ құлан» қазақ халық әуеніне жазылған бейнебаянды көрсетеді және балалар күйді қабылдағанша тыңдатады.

Музыка жетекшісі әнге қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтарқояды:
- Балалар, күй қандай аспапта орындалған? Домбырада. Тамаша.
- Күй не туралы? Ақсақ құлан туралы. Жарайсыңдар.
- Балалар, бұл күйді кім шығарғанын білесіңдер ме? Балалар үндемей қалады.
- Балалар, бұл күй - халық күйі. Сондықтан халық арасынан шыққан күй деп айтамыз.
- Енді, балалар, «Ақсақ құлан» күйін тағы да тыңдаймыз! Музыка жетекшісі балаларға күйді тыңдата отырып, күйдің сипаты мен мағынасын түсіндіреді.
- Балалар, біз бүгін қандай күй тыңдадық? «Ақсақ құлан» күйін.
- Күйді шығарған кім? Халық.
- Күй қандай аспапта орындалады? Домбырада.
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. Аспаптарды топтастыру" музыкалық-дидактикалық ойын.

Мақсаты: Аспаптарды танып, топтастыра білуге үйрету. *Көрнекіліктер:* ойыншықтар, аспаптар.

Шарты: Ойыншықтар мен аспаптар суреті тақтаға топтастырылып ілінеді.

2.3. Дауыс жаттығулары.

Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, денемізді тік ұстап, орындықтың шетіне отырамыз.
- Балалар, орманда бір саршұнақ келе жатып гүлді кездестіреді. Оның гүлге қызыққаны сондай қасына барып, мұрнымен ұзақ иіскейді.
- Балалар, саршұнақ сияқты гүлді иіскейміз. Енді тілдің ұшын тістеп, тілді оңжәне сол жақ тістермен кезек басамыз, тілді таңдайға тигіземіз, тілді алға созамыз, тіл астын көрсетеміз. Жарайсыңдар.
- Енді, балалар, саршұнақ иіскеген гүл де қоңырауға ұқсайды, солай ма? Бірақ,ол гүл қоңыраугүл емес.
- Балалар, меніиен бірге қайталаймыз.
- Қоңыраулар "дин" дейді,
- Сыңғырлайды, "дин" дейді,
- Сыңғырлайды қоңырау,
- Дин-дин-дин дейді қоңырау. Тамаша, әрі қарай жалғастырамыз.
- Ахау, егигай,
- Ән сал бозторғай,
- Біз әніңді үйреніп,
- Күнде ән сап жүрейік. Тамаша.
- Балалар, енді бәріміз, ара болайықшы?!
- Аралар,
- Арамыз, біз арамыз,
- Әнге салып барамыз.
- Жу-жу-жу-жу-жу-жу.
- Қызыл, жасыл гүлдерден,
- Балды сорып аламыз.
- Жу-жу-жу-жу-жу-жу. Жарайсыңдар.

2.4. Ән салу. С. Әубәкіровтің «Ақ лақ» әні.

Музыка жетекшісі:

- С. Әубәкіровтің әні «Ақ лақ», бәріміз орындықтың шетіне отырып, кең тынысалып, ән айтуға дайындалайық.
- Алдымен балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды.

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.

- Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен мысықтарға, кіші мысықтың балаларына қарап, әннің ырғағын дәл сақтап, алақан соғып жаттықтырады.

- Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші мысықтар» да келді.

Балаларға мысықтармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады.Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасын барлық топ қосылып орындауға үйретеді.

- Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!
- Бүгін өте көңілді балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз, «әнші мысықтар» да сендермен айтамыз дейді. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады.

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау.

Балалар оқу қызметінде отырғанда «Ай жарқырап тұр» орыс халық әуеніестіледі.

Музыка жетекшісі:
- Балалар, тыңдайықшы, ненің дыбысы шығып жатыр! Балалар елеңдеп отырғанда педагог есік жаққа барып, көп сылдырауықтарды алып кіреді:
- Балалар, қараңдаршы, бізге көп сылдырауықтар алып келіпті. Сылдырауықтарды алайық, балалар! Енді балалар, жаңа ән тыңдай отырып, сылдырауық аспабында ойнайық! Орыс халық әуені «Ай жарқырап тұр» деп аталады. Музыка жетекшісі интербелсенді тақтаны қосып, «Ай жарқырап тұр»орыс халық әуенін балаларға тыңдатады.

Музыка жетекшісі балаларға әнді тыңдатып, сұрақтар қояды:
- Әнде не туралы айтылады? Айдың жарқырағаны туралы.
- Балалар, ай қалай жарқырайды екен? Анық. Тамаша, балалар!
- Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге сылдырауықтарды сыңғырлатамыз. 1,2 - 1,2 бастаймыз. Музыка жетекшісі балалармен әнді тыңдайотырып, сылдырауықтарды бірге сыңғырлатып жаттықтырады.

2.6. «Қоңырау» музыкалық-дидактикалық ойын.
Ойынның мақсаты: балалардың дауысты дыбыс арқылы ажырата білу қабілетіндамыту.

Ойын шарты: әуеннің сипатына қарай қоңырауларды пайдалану. Педагог балаларды үш командаға бөледі, балалардың әрқайсысында қоңыраудың үш түрі (үлкен, орта және кіші). Егер, кең өлшемдегі әуен естілсе, ойыншылар үлкен қоңырауды көтеруі керек, қалыпты әуенге орташа, ал егер тыныш, ақырын ойналатын әуенге кішкентай қоңырауды көтеріп, сылдырлатуыкерек.

3. ҚОРЫТЫНДЫ
Музыка жетекшісі оқу қызметінің соңында балалардың білімдерін пысықтау мақсатында сұрақтар қояды:
- Балалар, бізге бүгін ән тыңдадық? «Ақсақ құлан» қазақ халық әуенін тыңдадық.
- Қандай ән айтуды үйрендік? «Ақ лақ» әнін.
- Қандай би биледік? «Күн мен түн» биін.
- Балалар, бүгін сендер айтқан «Ақ лақ» әні маған қатты ұнады. Сендерге оқуқызметі ұнады ма? Иә.
- Оқу қызметі де осымен аяқталды, сау болыңдар!

Музыка: Комбайншы

02.02.2023
07.02.2023

Оқу қызметінің мақсаты
Балалардың комбайыншы туралы әнді тыңдап, әннің сипатын ажырып, ырғақтық қимылдарды музыка әуенімен ілесе отырып, үйлесімді жасай білу қабілетерін дамыту; музыкалық аспапта жатық ойнау қабілетін жетілдіру.

Сөздік жұмыс
"Комбайыншы", "комбайн", "кәсіп", "мамандық","қызмет", "егістік" сөздерінпайдалану.
Әдіс-тәсілдер
Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, жаттығу, қайталау, миға шабуыл,кері байланыс, пысықтау, суреттер көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар
1. Көрнекілік материалдар
Интербелсенді тақта, музыкалық аппаратура.
2. Үлестірмелі материалдар
Әр балаға арналған балға.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ
1.1. Сәлемдесу.
Балалар оқу қызметінің басында залға В.Тюльковтың «Марш» шығармасы («Марш» В.Тюльканова) әуенімен адымдап кіреді. Музыка жетекшісі балалардыңкөңіл-күйін көтеру үшін:
- Міне, жарайсыңдар! Денемізді тік, еркін, басымызды түзу ұстаймыз. Керемет, жарайсыңдар! Арамыздағы арақашықтықты сақтаймыз. Балалар зал бойымен шеңбер жасап, ортаға келіп тоқтайды. Музыка жетекшісі Г. Абдрахмановаңың «Сәлемдесу жаттығуы» әуенін ойнайды.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар.
Музыка жетекшісі:
- Балалар, алдымен кең, әдемі шеңбер жасап алайық, музыка басталғандаменімен ілесе жүріп, адым қимылдарын жасауға дайындаламыз.
Ойынның мақсаты: балаларды музыкадағы бейнелерді әнді тыңдау арқылы ажырата білуге үйрету; әнді тыңдау қабілеттерін арттыру.
Ойынның барысы: Музыкалық жетекші әнді орындап береді және балалардан сол әнге байланысты суретті таңдап көрсетулерін өтінеді. Бала неге сол суреттітаңдап алғанын, ол суретте ненің бейнеленгенін, айтылған әннің не туралы екенін айтып береді. Ойын барысында айтылатын әндер: "Мысығым", "Ойыншықтар", «Тәтті нан», «Балабақша», «Алтын күз» әндері. Осы әндерге
байланысты суреттер топтамасы.

2.3. Дауыс жаттығулары.
Музыка жетекшісі:
– Балалар, орындықтың шетіне отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз. Жарайсыңдар.
– Енді менімен бірге қайталаймыз.
– га-га,
– ду-ду,
– ко-ко,
– ля-ля. Жарайсыңдар.
– Енді балалар, ешкі лағын қалай шақырады, естідіңдер ме?
– Олай болса, менімен бірге қайталап отырамыз.
Лағым
– Шөре-шөре, лағым,
– Тентек болма, шырағым,
– Секектеме, деміңді ал,
– Селтеңдемей құлағың. Тамаша.
– Балалар, көкек қалай шақырады? Балалар "Кө-кек, кө-кек". Жақсы.
– Ендеше, балалар, бәріміз көкек болайық.
Көкек
– Ағашта биік,
– Бір құсты көрдік.
– Сайрайды сол құс,
– Сайрайды талмай.
– Кө-кек, кө-кек,
– Аты оның содан,
– Атанған кө-кек.
– Тамаша, жарайсыңдар, балалар.

2.4. Ән салу. Б. Бейсенова «Ауылымды сағындым» әні.
– Б. Бейсенованың әні «Ауылымды сағындым», бәріміз орындықтың шетіне отырып, кең тыныс алып, ән айтуға дайындалайық.

– Алдымен балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды.
Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын -

хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.
– Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!
Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен алма, кішкентай алмаларға қарап, әннің ырғағын дәл сақтап,алақан соғып жаттықтырады.
– Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші қарлығаштар» да келді.
Балаларға қарлығаштармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады.
Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасынбарлық топ қосылып орындауға үйретеді.
– Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!
– Бүгін өте көңілді балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз, «әнші қарлығаштар» да сендермен айтамыз дейді. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады.

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау

Музыка жетекшісі:
– Балалар, бәріңде сылдырауық бар ма? Иә.
– Онда тыңдайықшы, мен қазір мына сылдырауық аспабында ойнаймын, алсендер менімен бірге қайталап отырасыңдар, келістік пе? Иә.
– Балалар, сылдырауықтарды алайық, балалар! Енді музыканы тыңдай отырып,менімен бірге сылдырауықтарды сылдыратамыз.Музыка жетекшісі балаларға әнді шығарманы тағы да тыңдатып, музыканың қайбөлігіне келгенде сылдырауықтарда ойнау керектігін айтады.
– Балалар, бұл сылдырауықтармен ойнап жатқан шығарманы аналарға арнаймыз, солай ма? Иә.
– Балалар, аналарға әлемдегі бар байлықты тарту етсек те аз болады, солай ма?Иә.
Сылдырауықтар аспабында ойнап болған соң, музыка жетекшісі балаларға сұраққояды:
– Шығарма қалай аталады? Айгөлек.
– Балалар, бұл шығарманың авторы кім? Халық. Жарайсыңдар.
– Қай халықтың шығармасы? Қазақ халқының. Тамаша.
– Тамаша, балалар! Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге сылдырауықтарды жақсы сылдыраттыңдар.

2.6. Ойын: «Домбыра».

Балаларға ойын шартын түсіндіру. Балалар шеңберге тұрады, бір бала шеңберортасында айналып домбыра тартады, ал қалған балалар әндетеді. "Домбыраның құлағын мәнерімен бұрайық,
Ал кәнекей достарым келіңдер ән салайық." - деген кезде ортадағы бала екі баланың қасына жақындап тұрады, сол балалар шеңбер сыртынан жүгіріп кімбірінші домбыраны ұстап алады, сол шеңбер ортасында домбыра тартады.
Балалар енді кememізге отырып елімізге қайтайық. Біздің кеме тек мұхитта жүзіпқана қоймай сонымен қатар ол сиқырлы кеме, ұшуда біледі, сендер көздеріңді жұмсаңдар залымызға келеміз.1, 2, 3 Көзімізді жұмайық, 1, 2, 3, көзімізді ашайық.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі оқу қызметінің аяғында:
– Балалар, бүгінгі оқу қызметінде қандай ән тыңдадық?
– Жаяу Мұсаның «Ақ сиса» әнін.
– Балалар, бүгін қандай ән айтуды үйрендік?
– «Ауылымды сағындым» әнін.
– Қандай би биледік? "Ах вы, сени" биін биледік.
– Балалар, бүгінгі оқу қызметінде жақсы белсенділік көрсеттіңдер, рақмет!

– Оқу қызметі аяқталды, сау болыңдар!

Музыка: Тұсаукесер

9.03.2023

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың музыканың сипатын түсіне білу, дыбысты есту қабілетін және бидің элементтерін есте сақтай отырып, музыка әуенімен бірге орындай білу дағдыларын жетілдіру; оркестрлық ұжымда қарапайым әуенді сүйемелдеуге асппа арқылы дағдыландыру; Наурыз мерекесін, салт-дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Тұсау кесер", "Бесік той", "Шілдехана", "Сүндет той", "Қызыр ата батасы", "Наурыз мейрам", "Жыл басы" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, жаттығу, қайталау, көркем сөз, миға шабуыл,кері байланыс, сурет көрсету, пысықтау, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

Көрнекілік материалдар

Интербелсенді тақта, музыкалық аппаратура, домбыра,

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу.

Оқу қызметі басталысымен балалар залға «Қара жорға» шығармасы желісіндекіріп, музыка жетекшісінің көрсетуі бойынша "жорға жүріс" жаттығуларын жасайды.

Музыка жетекшісі балалардың саптағы адымдарына қарап:

– Балалар, До-ре-ми әнің орындап көрейікші.

«До – ре – ми» әні Ө Байділдаевтың әнін орындап береді.Әннің сөзін, әуенін үйренеді.

До-ре-ми, до-ре-ми

Үйреніп аламын.

Фа- соль- ля,соль-ля-си,

До-до-до,

Деп әнге саламын.
До-ре-ми, до-ре-ми
Нотаның аттарын,
Фа-соль ля, соль- ля-си,
До-до-до,
Деп күнде жаттадым.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар.

Би: «Қара жорға».

Балаларды тұрғызып, би қимылдарын көрсетеді. «Айналма», «ашамай», «сырға», «толқын», «иек», «буын» қимылдары, иық, аяқ,бел, мойын буындарының еркін,ырғатылып қимылдауын үйретеді.

Балалардың қиялына байланысты би жарысын ұйымдастырады. Биге деген құштарлығы сезілген балалардың өз бетінше билеуіне рұқсат береді. Және әлсіз,биге ілесе алмайтын балаларды мақтап, мадақтап, алдына тұрғызып, белсенділігін оятады, үйретеді, көңіл күйін көтереді.

Би қимылдарын күннің екінші жартысында қайталатып үйретуге болады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау.

Музыка жетекшісі балаларға сұрақ қояды:

– Балалар, Наурыз мейрамының келгенін қандай ерекшеліктерден білуге болады? Балалар өз білетіндері бойынша жауап береді.

– Иә, дұрыс айтасыңдар, киіз үй тігіледі, бауырсақ пен наурыз көже және әртүрліұлттық тағамдар пісіріледі, ұлттық ойындар ойналады, адамдардың бәрі ұлттық киім киеді - деп, педагог наурыз мейрамы кезіндегі суреттерді көрсетеді.

Музыка жетекшісі Наурыз мерекесіне қатысты ой қозғау мақсатында балаларғасұрақтар қояды:

– Балалар, суретте не бейнеленген? Наурыз мерекесі. Жақсы.

– Наурыз мерекесі екенін қайдан білдіңдер? Әже үлкен қазанда наурыз көжепісіріп жатыр. Тамаша, балалар.

– Балалар, суретте тағы не бейнеленген?

– Суретте тағы кімді көріп тұрсыңдар?

– Балалар, Наурыз мерекесі керемет мереке, солай ма?

– Балалар, Наурыз мерекесінде көптеген салт-дәстүрлеріміз орындалады.

– Қандай салт-дәстүрлерді білесіңдер?

– "Тұсау кесер", "Бесік той", "Шілдехана", "Сүндет той".

– Балалар, баланың тұсауын кесуге арналған әдемі ән бар, естіп көрейікші?

– Б. Бейсенованың «Тұсау кесер» әні.



– Балалар, тақтадан баланың тұсауын кесіп жатқан суретті көруге болады.
– Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз
Балалар музыканы тыңдап отырғанда музыка жетекшісі оның сипатымен таныстырады, мәнін түсіндіреді. Балалар музыкалық шығарманы тыңдап, сипатымен екпінін анықтайды.
– Кәне, балалар, шапалақпен ұра отырып, әуенді тағы да қайталап тыңдайықшы!
Керемет! Өте тамаша шығарма балалар, солай ма? Иә.
Музыка жетекшісі мерекеге қатысты ой қозғау мақсатында балаларға түсінікбереді:
– Балалар, Наурыз қандай мейрам? Жаңа жыл мейрамы.
– Наурыз мейрамы қай кезде аталып өтеді? Наурыздың 22 жұлдызында. Музыка жетекшісі балаларға шығарманы тыңдап болған соң, сұрақтар қояды:
– Әнде не туралы айтылады? Тұсау кесу туралы.
– Әуенін жазған сазгер кім? Б. Бейсенова.
– Жарайсыңдар, балалар!

2.2. «Мен күйшімін» ойыны.

Балаларды шеңберге тұрғызып, бастаушы баланың қолына домбыра береді.
Бастаушы үнтаспадан берілген күйге шеңбер ішімен билеп қимылдап жүреді, балалар бір орнында билеп тұрады. Күй тоқтағанда бастаушы өзі қалаған екі баланың ортасына тұра қалады, оң жақтағы бала солға қарай шеңбердің сыртымен билеп келіп, қай басладан домбыраны алса, сол бала бастаушы болып,ойынды әрі қарай жалғастырады.
Балалар ойынға қызыға қатысып, бәрі де күйші болып, домбыра аспабын ұстауға тырысады. Домбырамен билеп келіп, шартты бұзбауға талпынады.

2.3. Дауыс жаттығулары.

Музыка жетекшісі балалармен дауыс жаттықтырудың жаңаша тәсілін қолдану мақсатында ұршықты көрсетіп:
– Балалар, ұршықтың не екенін ұмытып қалған жоқсыңдар ма? Жүннен жіпиіретін құрал.
– Балалар, ұршық та ұлттық құралдың бірі болып табылады.
– Балалар, ұршықтағы жіптің де өзіне тән дыбысы бар, естігілерің келе ме? Иә.
– Олай болса, балалар, тыңдаймыз. Музыка жетекшісі микрофонды ұршықтың жібіне жақындатып, жіпті тартқан кезде "дың" деген дыбыс естіледі. Балалар дадыбысты тыңдайды.
– Балалар, ұршықтың жібін тартқан кезде қандай дыбыс шықты? Дың. Жақсы.
– Кәне, бәріміз қайталайықшы "Дың"- "дың"- "дың". Жарайсыңдар.
– Балалар, денемізді тік ұстап, орындықтың шетіне отырамыз. Жарайсыңдар.
– Балалар, біздер алдымен әнді айту үшін құлағымызға жаттығу жасаймыз.
– Енді, балалар, менімен бірге дауыс жаттығуларын жасаймыз.
– Ля - ля - ля - ля - ля - ля - ля

– Ля - ля - ля - ля - ля - ля - ля
– Ми - ми - ми - ми - ми - ми - ми
– Ми - ми - ми - ми - ми - ми - ми
– Жарасып тұр сәніміз,
– Ән шырқайық бәріміз.
– Естіген жұрт таң қалсын,
– Әдемі ән шырқалсын. Тамаша.

2.4. "Ән салу. Н. Тілендиев «Бесік жыры» (ән айту).

– Балалар, бесіктегі бөпеге арналған "Бесік жыры" деген ән бар, сол әндіүйреніп алайық?!
– Н. Тілендиевтің әні «Бесік жыры», бәріміз орындықтың шетіне отырып, кең тыныс алып, ән айтуға дайындалайық.
– Алдымен балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды.

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.
– Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!
Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасынбарлық топ қосылып орындауға үйретеді.
– Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!
– Ән өте сазды балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады.

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау.

Музыка жетекшісі:
– Балалар, бәріңде даңғара бар ма? Иә.
– Онда тыңдайықшы, мен қазір мына даңғара аспабында ойнаймын, ал сендерменімен бірге қайталап отырасыңдар, келістік пе? Иә.
– Балалар, даңғараларды алайық, балалар! Енді музыканы тыңдай отырып, менімен бірге даңғараларды сылдыратамыз. Б. Бейсеновaның «Наурыз көктем»әнін даңғара аспабында ойнау.
Музыка жетекшісі балаларға әнді шығарманы тағы да тыңдатып, музыканың қай бөлігіне келгенде даңғарада ойнау керектігін айтады.
– Балалар, бұл даңғаралармен ойнап жатқан шығарманы Наурыз мерекесіне арнаймыз, солай ма? Иә.
Даңғара аспабында ойнап болған соң, музыка жетекшісі балаларға сұрақ қояды:
– Ән қалай аталады? Наурыз көктем.
– Балалар, бұл әннің авторы кім? Б. Бейсенова. Жарайсыңдар.
– Тамаша, балалар! Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге

даңғараларды жақсы сылдыраттыңдар.

2.6. «Аспапты тану» музыкалық-дидактикалық ойын.

Ойын ережесі: Үнтаспа арқылы аспаптар үні беріледі (балалар қимылменкөрсетеді).

Домбыра – Домбыра аспабында қалай ойнайды? (Шертіп) Ендеше шертпелі аспап.

Қобыз – Қобызды қалай ойнайды? (Ысып) Ендеше ыспалы аспап.

Жетіген – Жетіген аспабында қалай ойнайды? (Шертіп) Жетіген шертпелі аспап.

Сыбызғы – Сыбызғы аспабында қалай ойнайды? (Үрлеп) Үрмелі аспап.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Оқу қызметінің соңында:

– Балалар, музыканы тыңдаған ұнай ма?

Балалардың жауаптары.

– Балалар, бүгін оқу қызметінде қандай ән тыңдадық?

– «Тұсау кесер» әнін.

– Кім әнді жеке айтқысы келеді?

– Балалар, бүгін қандай ән айтуды үйрендік?

– «Бесік жыры» әнін.

– Қандай би биледік? "Биге шақыру" биін биледік.

– Қандай композиторларды білесіңдер?

– Балалар, бүгінгі оқу қызметінде жақсы белсенділік көрсеттіңдер, рақмет!

– Сендер өте жақсы ән салып, би биледіңдер. Наурыз мейрамдарың құттыболсын!

Оқу қызметі аяқталды, сау болыңдар!

Музыка: Көңілді ән салайық

14.03.2022

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың музыканың сипатын түсіне білу, дыбысты есту қабілетін және бидің элементтерін есте сақтай отырып, музыка әуенімен бірге орындай білу дағдыларын жетілдіру; оркестрлық ұжымда қарапайым әуенді сүйемелдеуге асппа арқылы дағдыландыру; Наурыз мерекесін, салт-дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Тұсау кесер", "Бесік той", "Шілдехана", "Сүндет той", "Қызыр ата батасы", "Наурыз мейрам", "Жыл басы" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, жаттығу, қайталау, көркем сөз, миға шабуыл,кері байланыс, сурет көрсету, пысықтау, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар
Көрнекілік материалдар
Интербелсенді тақта, музыкалық аппаратура, домбыра,

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ
1.1. Сәлемдесу.
Оқу қызметі басталысымен балалар залға «Қара жорға» шығармасы желісіндекіріп, музыка жетекшісінің көрсетуі бойынша "жорға жүріс" жаттығуларын жасайды.
Музыка жетекшісі балалардың саптағы адымдарына қарап:
– Балалар, До-ре-ми әнің орындап көрейікші.
«До – ре – ми» әні Ө Байділдаевтың әнін орындап береді.Әннің сөзін, әуенін үйренеді.
До-ре-ми, до-ре-ми
Үйреніп аламын.
Фа- соль- ля,соль-ля-си,До-до-до,
Деп әнге саламын. До-ре-ми, до-ре-ми
Нотаның аттарын,
Фа-соль ля, соль- ля-си,До-до-до,
Деп күнде жаттадым.
1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар.
Би: «Қара жорға».
Балаларды тұрғызып, би қимылдарын көрсетеді. «Айналма», «ашамай», «сырға», «толқын», «иек», «буын» қимылдары, иық, аяқ,бел, мойын буындарының еркін,ырғатылып қимылдауын үйретеді.
Балалардың қиялына байланысты би жарысын ұйымдастырады. Биге деген құштарлығы сезілген балалардың өз бетінше билеуіне рұқсат береді. Және әлсіз,биге ілесе алмайтын балаларды мақтап, мадақтап, алдына тұрғызып, белсенділігін оятады, үйретеді, көңіл күйін көтереді.
Би қимылдарын күннің екінші жартысында қайталатып үйретуге болады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау.
Музыка жетекшісі балаларға сұрақ қояды:
– Балалар, Наурыз мейрамының келгенін қандай ерекшеліктерден білуге болады? Балалар өз білетіндері бойынша жауап береді.
– Иә, дұрыс айтасыңдар, киіз үй тігіледі, бауырсақ пен наурыз көже және әртүрліұлттық тағамдар пісіріледі, ұлттық ойындар ойналады, адамдардың бәрі ұлттық киім киеді -



деп, педагог наурыз мейрамы кезіндегі суреттерді көрсетеді.

Музыка жетекшісі Наурыз мерекесіне қатысты ой қозғау мақсатында балаларғасұрақтар қояды:

– Балалар, суретте не бейнеленген? Наурыз мерекесі. Жақсы.

– Наурыз мерекесі екенін қайдан білдіңдер? Әже үлкен қазанда наурыз көжепісіріп жатыр. Тамаша, балалар.

– Балалар, суретте тағы не бейнеленген?

– Суретте тағы кімді көріп тұрсыңдар?

– Балалар, Наурыз мерекесі керемет мереке, солай ма?

– Балалар, Наурыз мерекесінде көптеген салт-дәстүрлеріміз орындалады.

– Қандай салт-дәстүрлерді білесіңдер?

– "Тұсау кесер", "Бесік той", "Шілдехана", "Сүндет той".

– Балалар, баланың тұсауын кесуге арналған әдемі ән бар, естіп көрейікші?

– Б. Бейсенованың «Тұсау кесер» әні.



– Балалар, тақтадан баланың тұсауын кесіп жатқан суретті көруге болады.

– Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз

Балалар музыканы тыңдап отырғанда музыка жетекшісі оның сипатымен таныстырады, мәнін түсіндіреді. Балалар музыкалық шығарманы тыңдап, сипатымен екпінін анықтайды.

– Кәне, балалар, шапалақпен ұра отырып, әуенді тағы да қайталап тыңдайықшы! Керемет! Өте тамаша шығарма балалар, солай ма? Иә.

Музыка жетекшісі мерекеге қатысты ой қозғау мақсатында балаларға түсінікбереді:

– Балалар, Наурыз қандай мейрам? Жаңа жыл мейрамы.

– Наурыз мейрамы қай кезде аталып өтеді? Наурыздың 22 жұлдызында. Музыка жетекшісі балаларға шығарманы тыңдап болған соң, сұрақтар қояды:

– Әнде не туралы айтылады? Тұсау кесу туралы.

– Әуенін жазған сазгер кім? Б. Бейсенова.

– Жарайсыңдар, балалар!

2.2. «Мен күйшімін» ойыны.

Балаларды шеңберге тұрғызып, бастаушы баланың қолына домбыра береді. Бастаушы үнтаспадан берілген күйге шеңбер ішімен билеп қимылдап жүреді, балалар бір орнында билеп тұрады. Күй тоқтағанда бастаушы өзі қалаған екі баланың ортасына тұра қалады, оң жақтағы бала солға қарай шеңбердің сыртымен билеп келіп, қай басладан домбыраны алса, сол бала бастаушы болып,ойынды әрі қарай жалғастырады.

Балалар ойынға қызыға қатысып, бәрі де күйші болып, домбыра аспабын ұстауға тырысады. Домбырамен билеп келіп, шартты бұзбауға талпынады.

2.3. Дауыс жаттығулары.

Музыка жетекшісі балалармен дауыс жаттықтырудың жаңаша тәсілін қолдану мақсатында ұршықты көрсетіп:

– Балалар, ұршықтың не екенін ұмытып қалған жоқсыңдар ма? Жүннен жіпиіретін құрал.

– Балалар, ұршық та ұлттық құралдың бірі болып табылады.

– Балалар, ұршықтағы жіптің де өзіне тән дыбысы бар, естігілерің келе ме? Иә.

– Олай болса, балалар, тыңдаймыз. Музыка жетекшісі микрофонды ұршықтың жібіне жақындатып, жіпті тартқан кезде "дың" деген дыбыс естіледі. Балалар дадыбысты тыңдайды.

– Балалар, ұршықтың жібін тартқан кезде қандай дыбыс шықты? Дың. Жақсы.

– Кәне, бәріміз қайталайықшы "Дың"- "дың"- "дың". Жарайсыңдар.

– Балалар, денемізді тік ұстап, орындықтың шетіне отырамыз. Жарайсыңдар.

– Балалар, біздер алдымен әнді айту үшін құлағымызға жаттығу жасаймыз.

– Енді, балалар, менімен бірге дауыс жаттығуларын жасаймыз.

– Ля - ля - ля - ля - ля - ля - ля

– Ля - ля - ля - ля - ля - ля - ля

– Ми - ми - ми - ми - ми - ми - ми

– Ми - ми - ми - ми - ми - ми - ми

– Жарасып тұр сәніміз,

– Ән шырқайық бәріміз.

– Естіген жұрт таң қалсын,

– Әдемі ән шырқалсын. Тамаша.

2.4. "Ән салу. Н. Тілендиев «Бесік жыры» (ән айту).

– Балалар, бесіктегі бөпеге арналған "Бесік жыры" деген ән бар, сол әндіүйреніп алайық?!

– Н. Тілендиевтің әні «Бесік жыры», бәріміз орындықтың шетіне отырып, кең тыныс алып, ән айтуға дайындалайық.

– Алдымен балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды.

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.

– Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасынбарлық топ қосылып орындауға үйретеді.

– Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!

– Ән өте сазды балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады.

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау.

Музыка жетекшісі:

– Балалар, бәріңде даңғара бар ма? Иә.

– Онда тыңдайықшы, мен қазір мына даңғара аспабында ойнаймын, ал сендерменімен бірге қайталап отырасыңдар, келістік пе? Иә.

– Балалар, даңғараларды алайық, балалар! Енді музыканы тыңдай отырып, менімен бірге даңғараларды сылдыратамыз. Б. Бейсенованың «Наурыз көктем»әнін даңғара аспабында ойнау.

Музыка жетекшісі балаларға әнді шығарманы тағы да тыңдатып, музыканың қайбөлігіне келгенде даңғарада ойнау керектігін айтады.

– Балалар, бұл даңғаралармен ойнап жатқан шығарманы Наурыз мерекесіне арнаймыз, солай ма? Иә.

Даңғара аспабында ойнап болған соң, музыка жетекшісі балаларға сұрақ қояды:

– Ән қалай аталады? Наурыз көктем.

– Балалар, бұл әннің авторы кім? Б. Бейсенова. Жарайсыңдар.

– Тамаша, балалар! Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге даңғараларды жақсы сылдыраттыңдар.

2.6. «Аспапты тану» музыкалық-дидактикалық ойын.

Ойын ережесі: Үнтаспа арқылы аспаптар үні беріледі (балалар қимылменкөрсетеді).

Домбыра – Домбыра аспабында қалай ойнайды? (Шертіп) Ендеше шертпелі аспап.

Қобыз – Қобызды қалай ойнайды? (Ысып) Ендеше ыспалы аспап.

Жетіген – Жетіген аспабында қалай ойнайды? (Шертіп) Жетіген шертпелі аспап.Сыбызғы – Сыбызғы аспабында қалай ойнайды? (Үрлеп) Үрмелі аспап.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Оқу қызметінің соңында:

– Балалар, музыканы тыңдаған ұнай ма?

Балалардың жауаптары.

– Балалар, бүгін оқу қызметінде қандай ән тыңдадық?

– «Тұсау кесер» әнін.

– Кім әнді жеке айтқысы келеді?

– Балалар, бүгін қандай ән айтуды үйрендік?

– «Бесік жыры» әнін.

– Қандай би биледік? "Биге шақыру" биін биледік.

– Қандай композиторларды білесіңдер?

– Балалар, бүгінгі оқу қызметінде жақсы белсенділік көрсеттіңдер, рақмет!

– Сендер өте жақсы ән салып, би биледіңдер. Наурыз мейрамдарың құттыболсын!

Оқу қызметі аяқталды, сау болыңдар!

Бөлімі: Музыка
16.03.2022

Тақырыбы: «Домбыраның күмбірі»
Мақсаты: Қазақтың қасиетті аспабы домбыраны қастерлей білуге,күй құдіретін түсіне білуге ұмтылдыру.
Міндеттері: Домбыраның дыбысталуы бейнеленген пьесаларды әсерлі реңкі мен музыкалық мәнерлілік құралдарын белгілей отырып тыңдау. Фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен ән айту, ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру**.** Балаларға арналғанаспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын игеру.
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жеке немесе топпенәндерді орындайды.
Түсінеді: домбыраның, күй үнінің ерекшелігін түсінеді.
Қолданады: әуенге лайық қимылдарды жасайды, ойын кезінде қолданады, аспаптардаойнайды.
Қолданылатын көрнекі құралдар: қазақтың ұлттық аспабы домбыра, металлофон, нота хрестоматиясы.
Полилингвальді компонент: домбыра – домбра – dombra.

ҰОҚ барысы

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Көңілді әуенмен музыка залына келіп, жеңіл әуенмен жүгіру, жай жүру.

2. **Негізгі кезең**

Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Айна» орыс халық әуені(өңдеген М. Раухвергер).
Бір бала ортаға шығып, түрлі қимылдарды көрсетіп тұрады, балалар айнаның көрсеткен қимылдарын музыкаға ілесіп жасайды.
Музыка тыңдау: «Келіншек» халық күйі (өңдеген Б. Дәлденбай).Балаларға күй мағынасын түсіндіру.
Өлеңге қоспай-ақ әуенмен түрлі оқиғаларды суреттеуге болатынын түсіндіру.Қазақтың ұлттық аспабы домбыраны көрсету.
Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.
Ән айту: «Домбыра сазы» (И. Нүсіпбаев).

Елдің жырын жырлаған,Қайғысын
да толғаған, Домбырасыз ешқашан
Жүрекке ем қонбаған, –

деп халқымыз қасиет тұтқан аспап туралы әнді И. Нүсіпбаев ағамыз жазған.Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.
Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.
Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.Әнді асықпай, мәнеріне келтіріп орындау керек.
Өткен оқу қызметінде үйренген әнін еске түсіру. «Анашым» (Е. Хасанғалиев) әнінің сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.
Билер: «Апатайым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан).Би өте көңілді, жеңіл, ойнақы биленеді.

Ойындар, хороводтар: «Қос дабыл» (А. Райымқұлова).
Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балаларды екі түрлі дыбысты ажырата білугеұмтылдыру.
Музыкалық аспапта ойнау: «Ұйықташы, бөпешім» (В. Агафонников).
Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды.
Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.

3. Рефлексия

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

- Бүгінгі оқу қызметінде қандай ән тыңдадық?
- Ұлттық домбыра аспабының құрылысын білесіңдер ме?
- Домбырада қандай шығармалар орындалады?

Музыка: Қасиетті домбыра

28.03.2023

Оқу қызметінің мақсаты
Балалардың музыка жетекшімен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Белсенділікке, ынтымақтастық қабілеттілікке, музыкалық және шығармашылықойын шараларына белсенді қатысуға деген ұмтылысқа тәрбиелеу.
Сөздік жұмыс
Денсаулық, гүлдер, дәуірмендер, домбыра, үшбұрыш - сөздерді пайдалану.
Әдіс-тәсілдер
Сәлемдесу, көркем сөз, көрініс көрсету; түсіндіру, көрсету, баяндау, керібайланыс, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар
1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Музыкалық аппаратура, музыкалық-дидактикалық ойындар, дидактикалықойындар картотекасы.
2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР
Әр балаға үшбұрыштар аспаптары.
Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу

Балалар оқу қызметінің басында залға В.Тюльковтың «Марш» шығармасы(«Марш» В.Тюльканова) әуенімен адымдап кіреді.
Музыка жетекшісі Г. Абдрахмановаңың «Сәлемдесу жаттығуы» әуенін ойнайды.
- Балалар осы әуенмен шеңбер жасап, көңіл-күйімізді көтерейікші!
- Шаттанамыз баршаға!
- Күлкі сыйлап басқаға!
- Би билейміз, ән салып,
- Келгендей бір тамашаға!
- Балалар, жарайсыңдар!

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі:
- Балалар, қазір А.Тоқсанбаевтың «Биге шақыру» музыкалық-ырғақтық шығармасымен жаңа жұптасып билеудің элементтерін үйренуді жалғастырамыз.

~~(Аудиозапись песни А.Токсанбаева ""Пригласить на танец"").~~ А.Тоқсанбаевтың шығармасы бойынша музыка жетекшісі балаларды жұппен шеңберге тұрғызып, музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді. Музыка жетекшісі балалармен бірге шеңбер адымдарын жасайды да шеңбер бойымен адымдап бара жатқан балаларды бақылайды. Балалар жұппен бірігіп, аяқтың ұшымен жеңіл адым элементтерін жасайды, орындарында тұрып,өзі тұрған орнын айналып, шеңбер адымын жасайды. Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Орындарында тұрып, жұппен оң жаққа, сол жаққа кезек-кезек қарап, айналады. Аяқтарымен сол жанына, орнына, оң жанына, орнына жаттығуларын жасайды.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

Музыка жетекшісі балалардың назарын тақтаға аударады:
- Балалар, тақтадан нені көріп тұрсыңдар?



- Гүлді. Жақсы.
- Балалар, қандай гүл? Балалар ойланып қалады. Балалардың ойлануына мүмкіндік бере отырып, музыка жетекшісі балаларға тағы да сурет көруді ұсынады:
- Балалар, енді мына суретке назар аударайықшы?!



Балалар суретке қарап, қоңырау екендігін айтады.
Музыка жетекшісі суретке қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтарқояды:
- Балалар, тағы да екі суретке қараңдаршы, екі сурет бір-біріне ұқсай ма? Ұқсайды. Дұрыс.
- Балалар, гүл мен қоңырау бір-біріне ұқсаса, гүл қалай аталады деп ойлайсыңдар?
- Балалар, екі суреттің түстері ғана әртүрлі, аталуы бірдей. Балалар жарыса "қоңырау" деп жауап береді.
- Әрине, балалар, бұл гүл далада өсетін жабайы қоңыраугүл. Қоңырау гүлдермаусым айының ортасынан бастап пайда болады.
- Балалар, осы қоңыраулар туралы әдемі музыка бар, сол музыканы естіп көрейікші? Шығарма "Қоңыраулар үні" деп аталады. Шығарманың авторы австриялық классик композитор Вольфганг Моцарт.

Музыка жетекшісі балаларға «Қоңыраулар үні» шығармасының күйсандықтаойналуын шағын бейнебаян арқылы тыңдатады.
Музыка жетекшісі әнге қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтарқояды:
- Балалар, музыка қандай аспапта орындалған? Күйсандықта. Тамаша.
- Музыка не туралы? Қоңыраулар үні туралы. Жарайсыңдар.
- Балалар, бұл музыканы кім шығарғанын білесіңдер ме? Балалар үндемейқалады.
- Енді, балалар, «Қоңыраулар үні» шығармасын тағы да тыңдаймыз! Музыка жетекшісі балаларға шығарманы тыңдата отырып, шығарманың сипаты мен

мағынасын түсіндіреді.
- Балалар, біз бүгін қандай музыка тыңдадық? «Қоңыраулар үні» шығармасын.
- Шығарманың авторы кім? Вольфганг Моцарт. Тамаша.
- Музыка қандай аспапта орындалады? Күйсандықта.
- Керемет, балалар!

2.2. «Ән салған кім?» музыкалық-дидактикалық ойын (тембрді айыруүшін арналған ойын)

Ойынның мақсаты: балаларды дауыс тембрін ажырата білуг үйрету.
Ойынның барысы: балалар шеңбер жасап жүріп әндетеді. Шет жақтағы балаларға сыртын беріп отырған бала ән салған баланың дауысын тануы керек.Отырған бала ән салған баланы дауысынан таныса, олар орын ауыстырады.
- Көп бала бар бөлмеде,
- Бірі ғана ән салады.
- Ал сырттағы
- Кім екен деп тамсанады
- Бір бала былай деп әндетеді.
- Мен бақытты бөбекпін,
- Таудай биік талабым,
- Ән мен күйге зерекпін,
- Бірден қағып аламын.

2.3. Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшісі:
- Енді, балалар, менімен бірге дауыс жаттығуларын жасаймыз.
- Ля - ля - ля - ля - ля - ля - ля
- Ля - ля - ля - ля - ля - ля - ля
- Ми - ми - ми - ми - ми - ми - ми
- Ми - ми - ми - ми - ми - ми - ми
- Жарасып тұр сәніміз,
- Ән шырқайық бәріміз.
- Естіген жұрт таң қалсын,
- Әдемі ән шырқалсын. Тамаша.

2.4. Ән салу

Б. Бейсенова "Қасиетті домбыра"
Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:
- Балалар, бүгін оқу қызметінде домбыра туралы көп нәрсе білдік.
Сондықтан домбыра туралы "Қасиетті домбыра" деген ән бар, сол әнді үйреніпалайық?!
- Б. Бейсенованың әні «Қасиетті домбыра», бәріміз орындықтың шетіне отырып,кең тыныс алып, ән айтуға дайындалайық.
- Алдымен балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды
Музыка жетекшісі әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.
- Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!
- Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!
- Ән өте сазды балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады.

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау

Музыка жетекшісі балалардың бәріне үшбұрыштар аспаптарын үлестіріп берәдіде:
- Балалар, тыңдайықшы, мен қазір мына үшбұрыштар аспабында ойнаймын, алсендер менімен бірге қайталап отырасыңдар, келістік пе? Иә.
- Балалар, музыка аспаптарды алайық! Енді музыканы тыңдай отырып, меніменбірге аспаптарды сылдыратамыз.

"Әуенді үшбұрыш" Р.Рустамов.
Музыка жетекшісі балаларға әнді шығарманы тағы да тыңдатып, музыканыңқай бөлігіне келгенде аспаптарда ойнау керектігін айтады.
- Тамаша, балалар! Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге аспаптарды сылдыратамыз. 1,2 - 1,2 бастаймыз.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Оқу қызметінің соңында:

- Балалар, бүгінгі оқу қызметі ұнады ма?
Балалардың жауаптары.
- Балалар, қандай ойындар ойнадық?
Балалардың жауаптары.
- Қандай ән айтуды үйрендік?
- Иә, жарайсыңдар!
- Бәрекелді, балалар, бүгін сендер жақсы белсенділік көрсеттіңдер, рақмет! Оқуқызметі аяқталды. Сау болыңдар!

Музыка: А й ғ а ұ ш а м ы н
30.03.2023

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға жаңа әннің мазмұнын оның әуені арқылы эмоциямен қабылдай білуге үйрету; музыканың көңілді, ойнақы сипатын алақандарымен баяу, ырғақты ұрып,әуен сүйемелдеуіне еріп, жұптасып көңілді би билеу дағдысын меңгерту; музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білу қабілетін қалыптастыру.

Сөздік жұмыс
«Ғарышқа саяхат», «Аспан әлемі», «Ғарыштағы қоңыраулар», «Кел, билейік!»сөздерін пайдалану.
Әдіс-тәсілдер
Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс,пысықтау, портфолио, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, портфолио, қоңырау аспабы, сылдырмақ, металлофон, қоңырау, үшбұрыш, ағаш қасықаспаптары, ғарыш кереметтері бейнеленген таңбалауыштар.
2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР
Ғарыш кереметтері бейнеленген таңбалауыштар, балалардың әрқайсынақоңырау аспабы.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу

Е.Тиличееваның «Марш» шығармасы қосылады. Балалар музыкалық жетекшінің көрсетуімен салтанатты адымдар жасап залға кіреді.

Е.Тиличееваның «Марш» шығармасы.

Педагог балаларға:

- Адымды кең, тізені жоғары көтеріп аламыз. Жарайсыңдар!
- Арақашықтықты сақтауды ұмытпаңдар. Тамаша!
- Салтанатты адыммен жүреміз. Керемет!

Балалар ортаға келіп тоқтайды.

Педагог:

- Балалар, бәріміз үлкен, әдемі шеңбер жасап тұрайықшы! Міне, жарайсыңдар!Қазір, балалар, көктем айы. Көктем сендерге ұнай ма? Иә.
- Енді, балалар, көктем айына сәлемімізді жолдайық, қимылды менімен бірге жасаймыз:

Тамылжып сәуір айы (балалар қолдарын жандарына созады),Келіпті

жайнап бізге (балалар қолдарын жоғары көтереді).

Көктемнің сұлу айы (балалар құшақтарын жаяды),

Мың сәлем бізден сізге! (балалар қол білезіктерін айналдырады).

Педагог балалармен бірге қимылдарды қайталайды.

- Балалар, жарайсыңдар!

1.2. Музыкалық-ырғақты қимылдар

Музыкалық жетекші балалардың назарын аудару мақсатында қолыменшапалақтайды:

- Балалар, қазір орыс халқының «Ах вы, сени» әуеніне музыкалық-ырғақты қимылдарды жасауды үйренеміз.

Музыкалық жетекші орыс халқының «Ах вы, сени» әуеніне балаларды шеңберге тұрғызып, музыка сипатына сай ырғақты қимылдарды жасауды үйретеді. Педагог балалармен бірге шеңбер адымдарын жасайды да «галоп» адымын балаларға көрсетеді. Балалар жұппен бірігіп, өздері тұрған орнын айналып «галоп» адымын жасайды. Шеңбер бойымен жүріп қолдарын жоғары көтереді, орындарында тұрып жеңіл секіреді. Орындарында тұрып, жұппен оң жаққа, солжаққа кезек-кезек қарап айналады. Аяқтарымен сол жағына, орнына, оң жағына, орнына жаттығуларын жасайды. Қимылдар музыкалық жетекшінің көрсетуі бойынша орындалады. «Ах вы, сени» әуеніне орындалатын негізгіадымдар «галоп», «тарпылдату», «аяқты қайшылау».

Музыкалық жетекші балалармен сұхбаттасып отырғанда көп қоңыраулардың дыбысы естіледі:

- Балалар, ненің дыбысы шығып жатыр?

Балалар елеңдеп отырғанда педагог есік жаққа барып, көп қоңырауларды алыпкіреді:

- Қараңдаршы, балалар, біреу қоңырауларды тастап кетіпті. Әлде, ұмытып кеттіме екен? Жарайды, балалар, егер біреу ұмытқан болса, іздеп келер.

Қоңырауларды алайық, балалар! Енді, балалар, бізге қонаққа ұшақ келді. Ол өзітуралы жаңа ән алып келіпті. Жаңа әнді тыңдап ғарышқа саяхатты тамашалайық!

Педагог интербелсенді тақтаны қосып, ғарыш кереметтерінен көрініс көрсетеді.

- Қандай керемет! Қараңдаршы, балалар! Енді, әнді тыңдаймыз.

Е. Тиличееваның «Ұшақ» әні (Аудиозапись песни Е.Тиличеевой "Самолет").Педагог балаларға әнді тыңдатып, сұрақтар қояды:

- Әнде не туралы айтылады? Ұшақ туралы. Балалар, әннің ұшақ туралы екенінқандай дыбыстардан ажыраттыңдар? Тамаша, балалар!

Балалар, дыбысты тыңдап отырып, менімен бірге қоңырауларды сыңғырлатамыз. (Аудиозапись. Звон колокольчиков). 1, 2 - 1, 2 бастаймыз. Педагог балалармен бірге әнді тыңдап отырып, қоңырауларды сыңғырлатып жаттықтырады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

Музыкалық жетекші балалардың назарын тақтаға аударады:
- Балалар, тақтадан нені көріп тұрсыңдар?
Балалар суреттен ғарыш әлемі көрініп тұрғанын айтады.
- Балалар, ғарышта да дыбыстар болады, тыңдап көрейікші?!
Балалар ғарыш дыбысын естіп отырып, қандай дыбыстардың болатындығынестеріне сақтайды.
Музыкалық жетекші:
- Балалар, қандай дыбыстарды естідіңдер? Құстың. Жақсы. Бірақ, ғарышта құс болмайды.
- Тағы қандай дыбыстар естеріңде қалды?
Балалар ойланып қалады.
- Балалар, сендер ойланғанша, әдемі музыканы тыңдап алайық. Шығарма «Қоңыраулар сыңғыры» деп аталады. Шығарманың авторы австриялық композитор Вольфганг Моцарт.
- Балалар, осы қоңыраулар туралы әдемі музыканы тыңдағанымыз естеріңдеме? Сол музыканы тағы да тыңдап көрейікші?
- Балалар, бәріміз композитордың аты-жөнін қайталайық. Композитор Вольфганг Моцарт. Тамаша!
- Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.
Музыкалық жетекші балаларға күйсандықта ойналған «Қоңыраулар сыңғыры» шығармасын бейнебаян арқылы тыңдатып көрсетеді.
Педагог әнге қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтар қояды:
- Балалар, музыка қандай аспапта орындалған? Күйсандықта. Тамаша!
- Музыка не туралы? Қоңыраулар сыңғыры туралы. Жарайсыңдар!
- Балалар, бұл музыканы кім шығарғанын білесіңдер ме?
Балалар үндемей қалады.
- Балалар, бұл музыка композитор Вольфганг Моцарттың шығармасы.
Қайталаймыз, жарайсыңдар!
- Енді, балалар, «Қоңыраулар сыңғыры» шығармасын тағы да тыңдаймыз!
- Музыкалық жетекші балаларға шығарманы тыңдата отырып, шығарманың сыр-сипаты мен мағынасын түсіндіреді.
- Балалар, бүгін қандай музыка тыңдадық? «Қоңыраулар сыңғыры» шығармасын.
- Шығарманың авторы кім? Вольфганг Моцарт. Тамаша!
- Музыка қандай аспапта орындалады? Күйсандықта.
- Керемет, балалар!

2.2. «Ырғақты қайтала» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: аспапты тембрлік үнінен тануға үйрету.
Ойынның көрнекілігі: сылдырмақ, металлофон, қоңырау, үшбұрыш, ағаш қасықтар.
Ойынның шарты: екі бала бір-біріне арқасымен теріс қарап тұрады. Алдарында бірдей аспаптар қойылады. Бірінші бала таныс әннің ырғағын аспапта ойнайды, екінші бала дәл сол аспапта ырғақты қайталайды. Бала дұрыс тауып ойнаса, балалар шапалақтайды. Жақсы ойнаған балаларға таңбалауыштар таратылады.

2.3. Дауыс жаттығулары

Педагог балалардың назарын өзіне аударып:
- Балалар, денемізді тік ұстап, орындықтың шетіне отырамыз.
- Балалар, тауда келе жатып, бір-бірімізден көз жазып қалдық. Бір-бірімізді табуүшін қалай айғайлаймыз? Балалар, үндемей қалады.
- Балалар, алдымен ақырын «ауууу» дейміз. Кәне бәріміз, ақырын «ауууу» дейміз.Балалар қайталайды.
- Біздің дауысымызды ешкім естімеді, енді сәл дауысымызды көтеріп, тағы да «ауууу» дейміз. Балалар

қайталайды.
- Балалар, дауысымызды ешкім естімеген сияқты ғой, енді қаттырақ «аууу»дейміз.
Балалар қайталайды. Сол кезде «аууу» деген жаңғырық естіледі.
- Естідіңдер ме, балалар, біз іздеген адамдар табылды.
Педагог балаларға картон қағаздан жасалған аспаптар бейнесін (домбыра,қобыз, сыбызғы, дабыл) үлестіріп береді.
- Балалар, бәріміз «Көңілді музыканттар» болайықшы!?
Балалар таңырқап қалады.
- Балалар, аспаптардың үнін әндете отырып, аспапты ұстау, онымен ойнау ерекшелігін көрсету керек.
- Мен сөздерін айтып отырамын, сендер аспаптарда ойнап отырасыңдар. Керекжерінде сөзін қайталайсыңдар, мысалы, «дан-диги-дан» деп қайталайсыңдар.
- Бастаймыз, балалар!

Домбыраны қолға алып,
Ән айтамыз толғанып.
Дан-диги-дан. Қобыз
аспап киелі,Оны бәрі
сүйеді.
Пара-ри, пара-ри.
Сыбызғыны үрлейміз,
Жалқаулықты білмейміз.
Ду-ду-ду.
Трам-та соқса барабан,
Қызыға жұрт қараған.
Трам-та-та.

- Жарайсыңдар, балалар!

2.4. Ән салу

Б. Байқадамов «Кел, билейік» әні.(әні: Б. Байқадамов).
Ән айтудың алдында музыкалық жетекші балалардың көңіл-күйлерін арттырумақсатында сурет көрсетеді.
- Балалар, тақтадан кімді көріп отырсыңдар? Балаларды.
- Балалар не істеп жатыр? Билер жатыр. Тамаша!
- Балалар, қараңдаршы, әлемдегі барлық балалар қосылып, тамаша билепжатыр. Иә.
Балалар да қызыға қарайды.
- Балалар, барлық балалар үнемі көңілді болуы үшін «Кел, билейік» әнін тағы даайтып, есімізге түсіріп алайық. Содан кейін біз де билейміз?!
- Б. Байқадамовтың «Кел, билейік» әні. Бәріміз орындықтың шетіне отырып, кеңтыныс алып, ән айтуға дайындаламыз. Алдымен әнді мұқият тыңдап алайық.
- Енді, балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыкалық жетекші балалармен бірге ән айтуды бастайды.
Әнді хор мінбесіне барып, үнтаспаға қосылып айтады. Шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындайды. Музыкалық жетекші әнге дирижерлық етеді. Музыкалық жетекші әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.
- Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!
Ән үйренуді жалғастырады. Музыкалық жетекші әннің ырғағын дәл сақтап,алақан соғып жаттықтырады.
- Балалар, әнімізді тағы да қайталайық.
Музыкалық жетекші әннің үш шумағын үш топқа айтқызып, қайырмасын барлықтоп бірге қосылып орындауды үйретеді.
- Кәне, балалар, шапалақтап отырып сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!
- Балалар, әнді бәріміз қосылып айтамыз. Жарайсыңдар!

Музыкалық жетекші балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады. Соңында музыкалық жетекші балалармен бірге әнді тақтадағыаудиожазбаға қосылып айтуды аяқтайды.
- Енді, балалар, бәріміз орнымыздан тұрып, еркін қимылдармен би билеп, ән айтамыз.

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау

Музыкалық жетекші балалардың бәріне қоңырауларды үлестіріп береді де:
- Балалар, қазір қоңырау аспабында ойнаймын. Сендер менімен бірге қайталап отырасыңдар. Келістік пе? Иә.
- Балалар, қоңырауларды алайық, балалар! Енді, балалар, музыканы тыңдапотырып, ғарыш қызығын тамашалайық!

Педагог интербелсенді тақтаны қосып, ғарыштан көрініс көрсетеді.
- Ғарыш көрінісі қандай керемет! Қараңдаршы, балалар! Енді музыканы тыңдап отырып, менімен бірге қоңырау соғамыз. В. Моцарт «Қоңыраулар сыңғыры» шығармасы.

Педагог балаларға шығарманы тағы да тыңдатып, музыканың қай бөлігіне келгенде қоңырауларда ойнау керектігін айтады. Қоңырау аспабында ойнапболған соң, музыкалық жетекші балаларға сұрақ қояды:
- Шығармада не туралы айтылады? Қоңыраулар туралы.
- Балалар, бұл шығарманың авторы кім? В. Моцарт. Жарайсыңдар!
- Тамаша, балалар! Балалар, дыбысты тыңдап отырып, қоңырауларды меніменбірге сыңғырлатамыз. 1, 2 - 1, 2 бастаймыз.

Педагог балалармен бірге шығарманы тыңдап отырып, қоңырауларды сыңғырлатып жаттықтырады.

2.6. «Жоғарғы және төменгі дыбысты тап» музыкалық-дидактикалық ойын

Ойынның мақсаты: балаларға музыкалық дыбыстардың төмен не жоғары болуын ажыратуға үйрету.

Ойынның көрнекілігі: әр балаға суретті карточкалар: үйрек-балапан, аю-қонжық,қоян-көжек, жылқы-құлын.

Ойынның барысы: балалар музыкалық дыбыстардың төмен не жоғары болуын ажырату кезінде әрбір карточкамен жеке жұмыс жасауы тиіс. - ре (төмен дыбысты естігенде карточкадағы жануар тұрған дөңгелекті жабу.) - ля (жоғарғы дыбыс) жануардың баласын көрсету керек. Балалардан музыканың өзгеру темпін қимылмен көрсетуді және сұрақтарға жауап берулерін сұрайды:
- Үйректің дауысы қандай? Жуан.
- Балапанның дауысы қандай? Жіңішке.
- Музыканың әуеніне қандай? Жуан.
- Балапан қалай дыбыстайды (балапанның дауысын салу)?
- Балалар, жарайсыңдар!

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог оқу қызметінің аяғында балалардың бүгінгі тапсырманы қандай деңгейде қабылдағандарын пысықтау үшін сұрақтар қояды:
- Балалар, ғарыш деген не? Аспан. Жарайсыңдар, балалар!
- Балалар, оқу қызметінде қандай шығарманы тыңдадық? «Қоңыраулар сыңғыры» шығармасын.
- Қандай ән айтуды үйрендік? «Кел, билейік» әнін.
- Балалар, біз бүгін қандай аспаптарда ойнадық? Қоңырау аспабында.
- Балалар, оқу қызметі ұнады ма?

Балалар бастарын изейді.
- Керемет, балалар, бүгін сендер жақсы белсенділік көрсеттіңдер, рақмет! Оқуқызметі аяқталды. Сау болыңдар!

Музыка: Ғарышкерлер жыры
4.04.2022

Оқу қызметінің мақсаты
Балалардың әннің мазмұнын әуен арқылы эмоциямен қабылдай білу, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, алақандарымен баяу, ырғақты ұрып, әуенсүйемелдеуімен жұбымен жүре отырып, көңілді билей білу дағдыларын жетілдіру.

Сөздік жұмыс
"Скафандр", "Байқоңыр", "Ғарышкер", "Айға ұшамын" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер
Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, жаттығу, қайталау, көркем сөз, миға шабуыл,кері байланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар
Көрнекілік материалдар
Интербелсенді тақта, музыкалық аппаратура, музыкалық-дидактикалықойындар, дидактикалық ойындар картотекасы.
Оқу қызметінің барысы
1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу.
Балалар залға Е.Тиличееваның «Марш» шығармасы желісінде кіріп, музыкажетекшісінің көрсетуі бойынша адым жаттығуларын жасайды.
Шаттық шеңбері:
Арайлап таң атты
Алтын сәуле таратты,
Жарқырайды қаламыз
Жайнай түссін даламыз
Қайырлы таң қонақтар,
Қайырлы күн достарым!
Педагог интербелсенді тақтадан ғарыш бейнежазбасын көрсетеді.
– Балалар біз бүгін қызықты саяхатқа шығамыз. Айтыңдаршы біз қайда өмір сүреміз? Біз нені басып жүрміз? Ал жоғарыда біздің үстімізде не бар? (аспан,ғарыш) Дұрыс балалар.
– Балалар, сендер түнгі аспанды көрдіңдер ме? Сендерге ұнай ма?
– Маған да ұнайды. Түнгі аспан әдемі, сиқырлы сияқты.
– Қалай ойлайсыңдар жұлдыз деген не? Олар неменеге ұқсайды?
– Дұрыс, балалар, біз жұлдыздарға қарағанда олар кішкентай ұсақ болып көрінеді. Өйткені олар өте биік жоғарыда орналасқан. Жарайсыңдар!
– Ал енді солардың арасында ең үлкен жұлдыз бар, ол қалай аталады? (Күн) Күнол үлкен, жарқырап тұрған, ыстық шар. Ал ғарышта біз қандай заттарды кездестіруіміз мүмкін?
Спутниктер, кометалар, астероидтар мен метеориттер (суреттер көрсетіледі). Алғарышқа кімдер ұшады?
– Дұрыс, ғарышкерлер. Ең бірінші болып ғарышқа зерттеуге ұшқан ресейлікғарышкер екен. Ол кім екен? (Ю. Гагарин) Ал әйел адамдардан В. Терешкова,кейін Қазақстаннан да ғарышкерлер ұшты. Олар: Т. Әубәкіров, Т. Мұсабаев.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар.
Музыка жетекшісі балалардың назарын аудару мақсатында қолыменшапалақтайды:
– Балалар, қазір «Ах вы, сени» орыс халық әуеніне музыкалық-ырғақтық қимылдар жасауды үйренеміз.

«Ах вы, сени» орыс халық әуені бойынша музыка жетекшісі балаларды шеңбергетұрғызып, музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді.
Музыка жетекшісі балалармен бірге шеңбер адымдарын жасайды да "галоп" адымын балаларға көрсетеді. Балалар жұппен бірігіп, орындарында тұрып, өзі тұрған орнын айналып, "галоп" адымын жасайды. Шеңбер бойыменжүріп, қолдарын жоғары көтереді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді.
Орындарында тұрып, жұппен оң жаққа, сол жаққа кезек-кезек қарап, айналады. Аяқтарымен сол жанына, орнына, оң жанына, орнына жаттығуларын жасайды.
Қимылдар музыка жетекшісінің көрсетуі бойынша орындалады. «Ах вы, сени» орыс халық әуені бойынша орындалатын негізгі адымдар "галоп", "тарпылдату","аяқты қайшылау".

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау.

– Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.
Музыка жетекшісі балаларға «Қоңыраулар сыңғыры» шығармасының күйсандықта ойналуын шағын бейнебаян арқылы тыңдатады.
Музыка жетекшісі әнге қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтарқояды:
– Балалар, музыка қандай аспапта орындалған? Күйсандықта. Тамаша.
– Музыка не туралы? Қоңыраулар сыңғыры туралы. Жарайсыңдар.
– Балалар, бұл музыканы кім шығарғанын білесіңдер ме? Балалар үндемейқалады.
– Балалар, бұл музыка - классик композитор Вольфганг Моцарттың шығармасы,қайталаймыз, жарайсыңдар.
– Енді, балалар, «Қоңыраулар сыңғыры» шығармасын тағы да тыңдаймыз! Музыка жетекшісі балаларға шығарманы тыңдата отырып, шығарманың сипатымен мағынасын түсіндіреді.
– Балалар, біз бүгін қандай музыка тыңдадық? «Қоңыраулар сыңғыры» шығармасын.
– Шығарманың авторы кім? Вольфганг Моцарт. Тамаша.
– Музыка қандай аспапта орындалады? Күйсандықта.
– Керемет, балалар!

2.2. "Қандай музыка?" музыкалық-дидактикалық ойын. *Мақсаты:*

музыка тыңдау қабілетін дамыту, балалардың музыканыңэмоционалды-бейнелі мазмұны туралы пікірлерін байыту.
Ойын материалы: ойнатқыш, вальс, би, полка жазбалары бар пластинкалар;вальс, Халық биі және полка билері бейнеленген карточкалар.
Ойын барысы: балаларға карточкалар беріледі. Музыкалық жетекші, карточкалардағы суреттердің мазмұнына сәйкес келетін музыкалық пьесалардыфортепианода (грамзаписте) орындайды. Балалар шығарманы танып, қажетті картаны көтереді.

2.3. Дауыс жаттығулары.

Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:
– Балалар, денемізді тік ұстап, орындықтың шетіне отырамыз.
– Балалар, тауда келе жатып, бір-бірімізден көз жазып қалдық. Бір-бірімізді табуүшін қалай айғайлаймыз? Балалар, үндемей қалады.
– Балалар, алдымен ақырын "ауууу" дейміз. Кәне бәріміз, ақырын "ауууу" дейміз.Балалар қайталайды.
– Біздің дауысымызды ешкім естімеді, енді сәл дауысымызды көтеріп, тағы да "ауууу"дейміз. Балалар қайталайды.
– Балалар, дауысымызды ешкім естімеген сияқты ғой, енді қаттырақ "ауууу" дейміз. Балалар қайталайды. Сол кезде "ауууу" деген жаңғырық естіледі.
– Естідіңдер ме, балалар, біз іздеген адамдар табылды.

Музыка жетекшісі балаларға картон қағаздан жасалған аспаптар бейнесін (домбыра, қобыз, сыбызғы, дабыл) үлестіріп береді.

– Балалар, бәріміз "Көңілді музыканттар" болайықшы!? Балалар таңырқапқалады.

– Балалар, аспаптардың үнін әндете отырып, аспапты ұстау, ойнау ерекшелігінкөрсету керек.

– Мен сөздерін айтып отырамын, ал сендер аспаптарда ойнап отырасыңдар,керек жерінде сөзін қайталайсыңдар, мысалы, "дан-диги-дан"- дегенде қайталайсыңдар.

– Бастаймыз, балалар.

– Домбыраны қолға алып,

– Ән айтамыз толғанып.

– Дан-диги-дан.

– Қобыз аспап киелі,

– Оны бәрі сүйеді.

– Пара-ри,пара-ри.

– Сыбызғыны үрлейміз,

– Жалқаулықты білмейміз.

– Ду-ду-ду.

– Трам-та соқса барабан,

– Қызыға жұрт қараған.

– Трам-та-та.

– Жарайсыңдар, балалар.

2.4. Ән салу. М. Маңғытаев «Айға ұшамын» әні.

– Алдымен әнді мұқият тыңдап алайық.

– Енді, балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды.

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Музыка жетекшісі әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.

– Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. Музыка жетекшісі әннің ырғағын дәл сақтап, алақансоғып жаттықтырады.

– Балалар, тамаша, әнімізді тағы да қайталайық.

Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасынбарлық топ қосылып орындауға үйретеді.

– Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!

– Балалар, әнді бәріміз қосылып айтамыз, жарайсыңдар.

– Музыка жетекшісі

балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады. Соңында музыкажетекшісі балалармен бірге әнді тақтадағы аудиожазбаға қосылып, ән айтуды аяқтайды.

– Енді, балалар, бәріміз орнымыздан тұрып, әнді еркін қимылдармен билертұрып, айтамыз.

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау

Музыка жетекшісі балалардың бәріне қоңырауларды үлестіріп береді де:

– Балалар, тыңдайықшы, мен қазір мына қоңырау аспабында ойнаймын, алсендер менімен бірге қайталап отырасыңдар, келістік пе? Иә.

– Балалар, қоңырауларды алайық, балалар! Енді балалар, музыка тыңдай отырып, ғарыш қызығын тамашалайық! Педагог интербелсенді тақтаны қосып,ғарыштан көрініс көрсетеді.



– Қандай керемет, ғарыш көрінісі, қараңдаршы, балалар! Енді музыканы тыңдайотырып, менімен бірге қоңырауларда ұрамыз. В. Моцарт «Қоңыраулар сыңғыры» шығармасы. Педагог балаларға әнді шығарманы тағы да тыңдатып, музыканың қай бөлігінекелгенде қоңырауларда ойнау керектігін айтады. Қоңырау аспабында ойнап болған соң, музыка жетекшісі балаларға сұрақ қояды:

– Шығармада не туралы айтылады? Қоңыраулар туралы.

– Балалар, бұл шығарманың авторы кім? В. Моцарт. Жарайсыңдар.

– Тамаша, балалар! Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге қоңырауларды сыңғырлатамыз. 1,2 - 1,2 бастаймыз. Педагог балалармен шығарманы тыңдай отырып, қоңырауларды бірге сыңғырлатып жаттықтырады.

2.6. «Ноталарды орналастыр» музыкалық-дидактикалық ойын.

– Қандай ноталар болады?

– Ән қанша нотадан тұрады?

Осы ноталарды құрастырып, ән, шығармаларды жазатын адамды композитордейміз. Қазақ ССР-не еңбегі сіңген қайраткер, балалардың досы Латиф Хамидидің суретін көрсетіп, таныстырады. Л.Хамидидің жазған әндері өте көп, оның ішінде Ы.Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық» өлеңіне ән жазған, тағы да көптеген әндері бар. Бала саны бойынша үлестірмелі текшелер таратады. (Нота сызықтары менноталар). Соль, фа, ми, ре, до, до, ре. Ән саламын өз-ге-ше, - деп әндетіп,күйсандықты тартады.

– Мен жаттығуды қалай орындадым? – деп сұрайды. Қолымен жоғарыдан төменге сермеп көрсетеді.

– Ең жоғары қай нотадан басталды?

– Соль нотасын мен айтамын, ал сендер әрі қарай жалғастырындар.

– Соль нотасын екінші сызыққа қоямыз, ал қалғанын өздерің орналастырындар. Сольдан кейін фа, ми, ре, до.

Дауыс жаттығуын бірте-бірте жоғары, бірте-бірте төмен айтуға үйренеді.Сызықтарға дұрыс орналыстыруға талпынады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі оқу қызметінің аяғында балалардың бүгінгі тапсырманықандай деңгейде қабылдағандарын пысықтау үшін сұрақтар қояды:

– Балалар, ғарыш деген не? Аспан әлемі.

– Балалар, оқу қызметінде қандай шығарма тыңдадық? «Қоңыраулар сыңғыры» шығармасын.

– Қандай ән айтуды үйрендік? "Айға ұшамын" әнін.

– Балалар, біз бүгін қандай аспаптарда ойнадық? Қоңыраулар аспабында.

– Оқу қызметі ұнады ма, балалар? Балалар бастарын изейді.

– Керемет, балалар, бүгін сендер жақсы белсенділік көрсеттіңдер, рақмет! Оқуқызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Музыка: Атамекен

6.04.2023

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды әнді тыңдау кезінде оның сөздің мағынасын түсіну және музыкалықфрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білуге және музыкалық аспаптарда ырғақты ойнай білуге үйрету; жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратып, ән айту дағдыларын қалыптастыру; музыкалық сүйемелдеусіз ре-лябірінші октавасының диапазонында ән салуға жаттықтыру.

Сөздік жұмыс

"Атамекен", "Жасыл жайлау", "Туған жер", "Түкті кілем", "Туған жер" сөздерін

пайдалану.

Әдіс-тәсілдер
Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, жаттығу, қайталау, көркем сөз, миға шабуыл,кері байланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар
1. Көрнекілік материалдар

Интербелсенді тақта, сылдырауықтар аспабы, даңғара аспаптары, музыкалықаппаратура, дидактикалық ойынға арналған суреттер

2. Үлестірмелі материалдар

әр балаға сылдырауықтар аспабы, әр балаға даңғара аспаптарыБ.
Жүсіпалиев «Көңілді марш»
Ө.Байділда «Көңілді би» шығармасына музыкалық-ырғақтық қимылдарЕ.
Хасанғалиев «Атамекен» (ән тыңдау);
«Калинка» - орыс халық әуенін сылдырауықтар аспабында ойнауБ.
Бейсенова «Туған жердей жер болмас» әні (ән айту)
«Үлкен – кішкентай» дидактикалық ойыны "Қандай ырғақ?" музыкалық-дидактикалық ойын

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу

Музыка жетекшісі балаларды Б. Жүсіпалиевтің «Көңілді марш» әуенімен залғакіргізеді. Балалар көңілді адыммен залдың ортасына келіп тұрады.
Музыка жетекшісі балаларды шеңберге отырғызып:

- Балалар, сендер "Жер-Ана", "Туған жер" деген сөздердің мағынасын білесіңдер ме? Иә.
- Балалар, "Жер-Ана" дегенді қалай түсінесіңдер? "Жер-Ана" дегеніміз біз өмірсүріп, тұрып жатқан жеріміз. Жарайсыңдар, балалар!
- Неге жерді "Ана" дейміз? Өйткені жер бізге өнім береді, су береді, біздің өмірімізге қажетті нәрсенің бәрін жерден аламыз. Дұрыс айтасыңдар, балалар!
- Балалар, бәріміз шеңбер бойымен тұрамыз. Бәрекелді! "Жер-Анамызға" иіліпсәлем берейік:
- Ардақтап Жер-Ананы (балалар қолдарын жоғары көтереді),
- Толтырған сай-саланы (балалар қолдарын жанына жібереді).
- Иіліп тәжім еткен (балалар қол білезіктерін айналдырады),
- Қарсы алғын мен балаңды! (балалар қолдарын жанына жібереді). Балалармузыка жетекшісімен бірге қимылдарды қайталайды.
- Тамаша, балалар!

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі оқу қызметін әрі қарай жалғастыру мақсатындаӨ.Байділданың «Көңілді би» шығармасы
әуенімен (Аудиозапись произведения О.Байдильды «Веселый танец») балалардышеңберге тұрғызады:
- Балалар, шеңберді кең, әдемі жасайықшы, міне, жарайсыңдар. Енді музыка әуенімен маған ілесе қимылдарды қайталаймыз - деп, музыка сипатына сай ырғақтық

қимылдарды жасауды үйретеді. Балалар шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, түсіреді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Еркінқимылдар (ерікті қимылдарға шеңбермен жүріп келе жатып, қол білезіктерін айналдыру, бір рет айналу, тізені көтеріп жүру, қолдарын жандарына жіберіп, сермеу) бойынша балалар музыка жетекшісінің көрсетуімен ерікті қимылдардыорындайды. Балалардың эмоциялық көңіл-күйі музыка сипатына сай ырғақтыққимылдармен үйлесімді болуы тиіс.


- Жарайсыңдар, балалар, енді орындарымызға жайғасайық.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

Музыка жетекшісі балалардың назарын тақтаға аударады:

- Балалар, тақтаға назар аударайықшы?! Балалар тақтаға қарайды



- Балалар, мына суреттен нені көріп тұрсыңдар?

- Балалар, бұл жайлаудың суреті.

- Жайлау дегеніміз не?

- Балалар, жайлау дегеніміз көп малды кең, құнарлы жерге қоныстандыратынжер.



- Балалар, мына картина "Атамекен" деп аталады.

- ""Атамекен"" деген ұғымның мағынасы өте кең болғандықтан оған барлық құбылыстар - тау да, дала да, ауыл да, туып өскен жеріңнің барлық ұғымы кіреді.
- Балалар, атамекен туралы әдемі ән бар, сол әнді тыңдайық.

- Е. Хасанғалиевтің әні «Атамекен»
- Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.
- Жасыл жайлау,

- Түкті кілем, көк кілем.

- Көк кілемде,

- Көп аунаймын, көп күлем.

- Балалар, менімен бірге шапалақтап, әнді тағы да қайталап тыңдайықшы!

Керемет!

- Өте әсерліі ән, балалар, солай ма? Әнді бәріміз тағы да қосылып тыңдаймыз.Музыка жетекшісі балаларға әнді қайта тыңдатып, сұрақтар қояды:
- Балалар, әнін жазған сазгер кім?

- Балалар, біз тыңдаған ән қалай аталады?

- Жарайсыңдар.

2.2. «Үлкен – кішкентай» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балаларды ұзақ және қысқа дыбыстарды ажырата білугеүйрету;

музыканың ырғағын сезіне білуге баулу.
Ойынның барысы: Музыка жетекшісі балаларға әуенді тыңдата отырып, жолдакімнің келе жатқанын және сол адамның жүрісін қолдарымен шапалақ ұру арқылы көрсетуді ұсынады.
Ауыр жүріс болса, яғни, үлкен адамның жүрісін ұзақ шапалақпен, баланың жеңілжүрісін қысқа шапалақпен ажырата отырып, көрсеті керектігін айтады.

2.3. Дауыс жаттығулары

Ән салу алдында дауыс жаттығуларын орындау міндетті болып табылады. Сондықтан музыка жетекшісі мынадай бағытта дауыс жаттығуларын жүргізеді:
- Балалар, орындықтың шетіне отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз. Жарайсыңдар.
- Енді менімен бірге қайталаймыз.

- Ооо,ооо, ооо,

- Біз айтамыз "до". Қайталаймыз. Тамаша.

- Бір орында тұрмаймыз, жүгіреміз секі - ре, "ре". Қайталаймыз.

- Мимикамен күлеміз, күлеміз кәне, "ми"(екі рет қайталанады). Жақсы.

- Досымызға айтамыз,

- Қандай күшті "фа"! Қайталаймыз. Тамаша.

- Досым менің ол, ол,

- Дейді маған "соль", қайталаймыз.

- Біз бәріміз әндетіп,

- Ән саламыз "ля-ля-ля".

- Тамаша, балалар.

2.4. Ән салу

Б. Бейсенова «Туған жердей жер болмас» әні(әні:
Б. Бейсенованікі).
Музыка жетекшісі балалардың көңіл-күйлерін арттыру мақсатында сурет көрсетеді



- Балалар, тақтадан не көріп отырсыңдар? Қолды.

- Адам қолымен не ұстап тұр? Жерді. Тамаша.

- Адамның аялы алақанында тұрған жер екенін қайдан білдіңдер? Дөңгелек пеншөптен. Жарайсыңдар.
- Балалар, қараңдаршы, біз де өз жерімізді осындай алақанға салып, аялауымызкерек. Иә.
- Балалар, туған жерге арналған ән бар, сол әнді айтуды үйренейік?!

- Б. Бейсенованың «Туған жердей жер болмас» әні, бәріміз орындықтың шетіне отырып, кең тыныс алып, ән айтуға дайындаламыз. Алдымен әнді мұқият тыңдапалайық
- Енді, балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды.
Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Музыка жетекшісі әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.

- Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. Музыка жетекшісі әннің ырғағын дәл сақтап, алақансоғып жаттықтырады.
- Балалар, тамаша, әнімізді тағы да қайталайық.

Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасынбарлық топ қосылып орындауға үйретеді.
- Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!

- Балалар, әнді бәріміз қосылып айтамыз, жарайсыңдар. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады. Соңында музыкажетекшісі балалармен бірге әнді тақтадағы аудиожазбаға қосылып, ән айтуды аяқтайды.

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау

Музыка жетекшісі:

- Балалар, бәріңде сылдырауық бар ма? Иә.

- Онда тыңдайықшы, мен қазір мына сылдырауық аспабында ойнаймын, алсендер менімен бірге қайталап отырасыңдар, келістік пе? Иә.
- Балалар, сылдырауықтарды алайық, балалар! Енді музыканы тыңдай отырып, менімен бірге сылдырауықтарды сылдыратамыз. «Калинка» - орыс халық әуенінсылдырауықтар аспабында ойнау
Музыка жетекшісі балаларға әнді шығарманы тағы да тыңдатып, музыканың қай бөлігіне келгенде сылдырауықтарда ойнау керектігін айтады.
- Балалар, бұл сылдырауықтармен ойнап жатқан шығарманы құстарға арнаймыз,солай ма? Иә.
Сылдырауықтар аспабында ойнап болған соң, музыка жетекшісі балаларға сұраққояды:
- Шығарма қалай аталады? Калинка.

- Балалар, бұл шығарманың авторы кім? Халық. Жарайсыңдар.

- Қай халықтың шығармасы? Орыс халқының. Тамаша.

- Тамаша, балалар! Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге сылдырауықтарды жақсы сылдыраттыңдар.

2.6. "Қандай ырғақ?" музыкалық-дидактикалық ойын

Ойын шарты: Музыка жетекшісінің сөздерді айтуы бойынша балалар даңғара аспабында ойнайды.
- Балалар, бәріңнің қолдарыңда даңғара аспабы бар, мен сөздерді айтып тұрғанда, қай жерінде даңғараны ұру керектігін өздерің мұқият тыңдап, ұрасыңдар.
- Даңғараны ұр қатты,

- Дәл қайтала ырғақты.

- Тоғайда көп тоқылдақ,

- Үн естілді тоқылдап.

- Тоқ, тоқ, тоқ,

- Тоқ, тоқ, тоқ.

- Даңғараны ұр қатты,

- Дәл қайтала ырғақты.

- Күн күркіреп жарқылдап,,

- Бұршақ жауды сартылдап.

- Сарт, сарт, сарт, сарт,

- Сарт, сарт, сарт, сарт.

- Жарайсыңдар! Рақмет!

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Оқу қызметінің аяғына қарай музыка жетекшісі:

- Балалар, Жер-Ана деген мағына нені білдіреді екен? "Жер-Ана" дегеніміз бізөмір сүріп, тұрып жатқан жеріміз.
- Балалар, оқу қызметінде қандай ән тыңдадық?

- «Атамекен» әнін.

- Қандай ән айтуды үйрендік?

- "Туған жер" әнін.

- Туған жер дегенді қалай түсінесіңдер?

- Туған жер - біздің Отанымыз, жеріміз.

- Тамаша, балалар, бүгін сендердің белсенді болып, оқу қызметіне қатысқандарың маған қатты ұнады, рақмет!
- Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар!

Музыка: Атамекен, ақ мекен

11.04.2023

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың әннің сөзі мағынасын түсіне білу, музыкалық фрагментті басынанаяғына дейін мұқият тыңдай білу, музыкалық аспаптарда ырғақты ойнай білу, ;жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратып, ән айта білу қабілеттерін жетілдіру; музыкалық сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октавасының диапазонындаән салуға дағдыландыру; музыканы есту қабілетін дамыту.

Сөздік жұмыс
"Атамекен", "Жасыл жайлау", "Туған жер", "Түкті кілем", "Туған жер" сөздерін пайдалану.
Әдіс-тәсілдер
Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, жаттығу, қайталау, көркем сөз, миға шабуыл,кері байланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.
Құрал-жабдықтар

Көрнекілік материалдар

Интербелсенді тақта, музыкалық аппаратура, музыкалық-дидактикалықойындар, дидактикалық ойындар картотекасы.

Оқу қызметінің барысы
1. КІРІСПЕ БӨЛІМ
1.1. Сәлемдесу.
Музыка жетекшісі балаларды Б. Жүсіпалиевтің «Көңілді марш» әуенімен залғакіргізеді. Балалар көңілді адыммен залдың ортасына келіп тұрады.
Музыка жетекшісі балаларды шеңберге отырғызып:

– Балалар, туған ел дегенді қалай түсінеміз?

Балалардың жауаптары.
Балаларға алдын ала жалаушалар таратады. «Жалаушалармен жаттығу» -1,2,3қатарға тұрып, кінкентай, үлкен шеңбер жасап үйретеді.
– Балалар, біз бақыттымыз, өз туған елімізде мекен етіп жатырмыз, басқа датуған елінен жырақта жүргендер бар.
– Ендеше, барлығымыз көңілді шарларды қолымызға алып, оқу қызметімізді бастайық.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар.

Музыка жетекшісі оқу қызметін әрі қарай жалғастыру мақсатында Ө.Байділданың «Көңілді би» шығармасы әуенімен балаларды шеңбергетұрғызады:)
– Балалар, шеңберді кең, әдемі жасайықшы, міне, жарайсыңдар. Енді музыка әуенімен маған ілесе қимылдарды қайталаймыз - деп, музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді. Балалар шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, түсіреді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Еркінқимылдар (ерікті қимылдарға шеңбермен жүріп келе жатып, қол білезіктерін айналдыру, бір рет айналу, тізені көтеріп жүру, қолдарын жандарына жіберіп, сермеу) бойынша балалар музыка жетекшісінің көрсетуімен ерікті қимылдардыорындайды. Балалардың эмоциялық көңіл-күйі музыка сипатына сай ырғақтыққимылдармен үйлесімді болуы тиіс.
– Жарайсыңдар, балалар, енді орындарымызға жайғасайық.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау.

– Е. Хасанғалиевтің әні «Атамекен».

– Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.
– Жасыл жайлау,

– Түкті кілем, көк кілем.

– Көк кілемде,

–Көп аунаймын, көп күлем.

– Балалар, менімен бірге шапалақтап, әнді тағы да қайталап тыңдайықшы! Керемет!
– Өте әсерлії ән, балалар, солай ма? Әнді бәріміз тағы да қосылып тыңдаймыз.Музыка жетекшісі балаларға әнді қайта тыңдатып, сұрақтар қояды:
– Балалар, әнін жазған сазгер кім?

– Балалар, біз тыңдаған ән қалай аталады?

– Жарайсыңдар.

2.2. "Ритмнен қалма" музыкалық-дидактикалық ойын.

Ойынның мақсаты: Ритмды ұғынып, сезіну, ритмнен қалмауға дағдыландыру. Ойынның шарты: Музыка жетекшісі музыкалық кестелерді көрсетеді және әуендіқосады, ритм бойынша балалар шапалақтап, аяқпен топылдатады.

2.3. Дауыс жаттығулары.

Ән салу алдында дауыс жаттығуларын орындау міндетті болып табылады. Сондықтан музыка жетекшісі мынадай бағытта дауыс жаттығуларын жүргізеді:
– Балалар, орындықтың шетіне отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз. Жарайсыңдар.
– Енді менімен бірге қайталаймыз.

– Ооо,ооо, ооо,

– Біз айтамыз "до". Қайталаймыз. Тамаша.

– Бір орында тұрмаймыз, жүгіреміз секі - ре, "ре". Қайталаймыз.

– Мимикамен күлеміз, күлеміз кәне, "ми"(екі рет қайталанады). Жақсы.

– Досымызға айтамыз,

– Қандай күшті "фа"! Қайталаймыз. Тамаша.

– Досым менің ол, ол,

– Дейді маған "соль", қайталаймыз.

– Біз бәріміз әндетіп,

– Ән саламыз "ля-ля-ля".

– Тамаша, балалар.

2.4. Ән салу. Б. Бейсенова «Туған жердей жер болмас» әні.

Алдымен әнді мұқият тыңдап алайық.

– Енді, балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды.
Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Музыка жетекшісі әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.

– Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!
Ән үйренуді жалғастырады. Музыка жетекшісі әннің ырғағын дәл сақтап, алақансоғып жаттықтырады.
– Балалар, тамаша, әнімізді тағы да қайталайық.
Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасынбарлық топ қосылып орындауға үйретеді.
– Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!

– Балалар, әнді бәріміз қосылып айтамыз, жарайсыңдар. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады. Соңында музыкажетекшісі балалармен бірге әнді тақтадағы аудиожазбаға қосылып, ән айтуды аяқтайды.

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау.

Музыка жетекшісі:

– Балалар, бәріңде сылдырауық бар ма? Иә.

– Онда тыңдайықшы, мен қазір мына сылдырауық аспабында ойнаймын, алсендер менімен бірге қайталап отырасыңдар, келістік пе? Иә.
– Балалар, сылдырауықтарды алайық, балалар! Енді музыканы тыңдай отырып, менімен бірге сылдырауықтарды сылдыратамыз. «Калинка» - орыс халық әуенінсылдырауықтар аспабында ойнау.
Музыка жетекшісі балаларға әнді шығарманы тағы да тыңдатып, музыканың қай бөлігіне келгенде сылдырауықтарда ойнау керектігін айтады.
– Балалар, бұл сылдырауықтармен ойнап жатқан шығарманы құстарға арнаймыз, солай ма? Иә.
Сылдырауықтар аспабында ойнап болған соң, музыка жетекшісі балаларға сұраққояды:
– Шығарма қалай аталады? Калинка.

– Балалар, бұл шығарманың авторы кім? Халық. Жарайсыңдар.

– Қай халықтың шығармасы? Орыс халқының. Тамаша.

– Тамаша, балалар! Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге

сылдырауықтарды жақсы сылдыраттыңдар.

2.6. «Үнінен таны» музыкалық-дидактикалық ойын

Ойынның мақсаты: балалардың аспап дыбыстарын есту арқылы ажырата білуқабілетін дамыту.
Ойын материалы: дабыл, сылдырмақ, үскірік, ксилафон, керме (ширма) *Ойын барысы:* Музыка жетекшісі керменің аржағында тұрып, аспаптарда ойнайды, балалар қандай аспаптың үні екендігін табулары керек. Музыкажетекшісі әр аспапта ойнап тұрып, төмендегі сөздерді айтады:
– Музыка! Музыка!

– Бұл не екен өзі?

– Мүмкін бұл,

– Көгілдір аспан шығар!

– Мүмкін бұл,

– Таңғы арай шығар?

– Ал, мүмкін, музыка –

– Тек қана дыбыстар шығар! Балалар аспап дыбыстарын ажырата алмаған жағдайда музыка жетекшісі аспаптарда қайтадан ойнайды.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Оқу қызметінің аяғына қарай музыка жетекшісі:

– Балалар, Жер-Ана деген мағына нені білдіреді екен? "Жер-Ана" дегеніміз бізөмір сүріп, тұрып жатқан жеріміз.
– Балалар, оқу қызметінде қандай ән тыңдадық?

– «Атамекен» әнін.

– Қандай ән айтуды үйрендік?

– "Туған жер" әнін.

– Туған жер дегенді қалай түсінесіңдер?

– Туған жер - біздің Отанымыз, жеріміз.

– Тамаша, балалар, бүгін сендердің белсенді болып, оқу қызметіне қатысқандарың маған қатты ұнады, рақмет!
– Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар!

Музыка: Көктем келді көңілді
13.04.2022
18.04.2023

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың түрлі қарқындағы музыканы тыңдауға, музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға, дыбыстарды биіктігіне қарай ажыратып, әуеннің басталуы мен аяқталуына мән бере білу қабілеттерін жетілдіру; жұптаса отырыпби қимылдарын орындауға ынталандыру; үйлесімділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Көктемгі ағаштар", "Көктем келді", "Ай жарқырап тұр", "Жарайсың!", "Талбесік" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, жаттығу, қайталау, көркем сөз, миға шабуыл,кері байланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

Көрнекілік материалдар
Интербелсенді тақта, музыкалық аппаратура, музыкалық-дидактикалықойындар, дидактикалық ойындар картотекасы,

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу.
Оқу қызметі басталғанда балалар Б. Жүсіпалиевтің «Көңілді марш» әуенімензалға кіреді де көңілді адыммен залдың ортасына келіп тұрады.
Музыка жетекшісі балаларды шеңберге отырғызып:
Педагог көрсеткішпен ағаштың суретін көрсетеді.

- Балалар, мына жайқалып тұрған ағашқа қараңдаршы, қандай әдемі ағаш.Балалар, сендер бұл ағашты неге теңер едіңдер?
Балалар өз ойларымен бөліседі.
Педагог көрсеткішпен ағаштың діңгегі ғана бейнеленген суретті көрсетеді.

- Балалар, ал енді мына суретке қараңдаршы, мына ағаш көңілсіз, бұл ағаш жайағаш емес, сиқырлы ағаш, көктем келгенде құстар ән салғанда бүршік атып, жапырақтары жайқалып өседі екен. Ендеше, құстармен бірге ән салып, ағаштыңтез жайқалып өсуіне біз де көмектесейік.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар.
- Балалар, шеңберді кең, әдемі жасайықшы, міне, жарайсыңдар. Енді музыка әуенімен маған ілесе қимылдарды қайталаймыз - деп, музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді. Балалар шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, түсіреді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Еркінқимылдар бойынша балалар музыка жетекшісінің көрсетуімен ерікті қимылдарды орындайды. Балалардың эмоциялық көңіл-күйі музыка сипатына сай ырғақтық қимылдармен үйлесімді болуы тиіс.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау.
Ән тыңдаудың алдында музыка жетекшісі балалардың назарын тақтағааударады:
- Балалар, тақтадан кімдерді көріп тұрсыңдар?

- Қыздарды. Жақсы.
- Балалар, мына сурет сендерге таныс па?
Музыка жетекшісі суретке қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтар қояды:
- Балалар, тағы да суретке қараңдаршы?
- Қандай кинодан үзінді?
- Балалар, бұл "Қыз Жібек" фильмінен үзінді.
- Бұл фильм туралы естігендерің бар ма?
- Балалар, осы "Қыз Жібек" туралы опера бар, сол операны тыңдап көрейікші?
- Опера дегеніміз - болған оқиғаның ән арқылы баяндалуы.
- Бұл операда бір-біріне ғашық болған Төлеген мен Қыз Жібектің сезімдерітуралы айтылады.
- Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.

Музыка жетекшісі балаларға «Қыз Жібек» операсынан Жібектің ариясынқабылдағанша тыңдатады.
Музыка жетекшісі операға қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтарқояды:
- Балалар, опера дегеніміз не?
- Операда не туралы айтылады?
- Қыз Жібек қандай ария айтады?
- Енді, балалар, «Қыз Жібек» операсынан Жібектің ариясын тағы да тыңдаймыз!Музыка жетекшісі балаларға арияны тыңдата отырып, арияның сипаты мен мағынасын түсіндіреді.
- Балалар, біз бүгін қандай опера тыңдадық?
- «Қыз Жібек» операсын.
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. «Музыкалық әткеншек» музыкалық-дидактикалық ойын.
Ойынның мақсаты: балаларды музыканың өзгеру темпін ажырата білуге үйрету.
Ойынның барысы: музыка жетекшісі «Әткеншек» әнін орындайды және балалардан әткеншектің қалай қозғалатынын сұрайды. Балалардан музыканың өзгеру темпін қимылмен көрсетуді және сұрақтарға жауап берулерін сұрайды:
- Қай кезде музыка тез ойнады?
- Қай кезде баяу ойнады?
- Музыканың сипаты қандай?
- Әткеншек қалай қозғалады? (жылдам қозғалады, ақырын қозғалады, баяу қозғалады, тоқтайды.)
- Балалар, мына суреттегі әткеншекке қараңдаршы, егер, осы әткеншекті жайитерсек, қалай қозғалады, сондықтан музыка ойнаған кезде әткеншектің қозғалуын көз алдарыңа елестетіп отырыңдар.

2.3. Дауыс жаттығулары.
Музыка жетекшісі дауыс жаттықтырудың алдында балаларды орындықтарға ыңғайлы отырғызып, дауыс жаттығуларын жасатады:
- Балалар, дауыс жаттығуларын менімен бірге қайталаймыз. Алдымен аралар болайық:

Аралар
- Арамыз, біз арамыз,
- Әнге салып барамыз.
- Жу-жу-жу-жу-жу-жу.
- Қызыл, жасыл гүлдерден,
- Балды сорып аламыз.
- Жу-жу-жу-жу-жу-жу.
- Балалар, денемізді тік ұстап, орындықтың шетіне отырамыз. Жарайсыңдар.
- Балалар, біздер алдымен әнді айту үшін құлағымызға жаттығу жасаймыз.
- Кәне, бәріміз мұрынмен дем алып, сол демді үнемді түрде қолымыздағы гүлдіүрлеу арқылы сыртқа шығара отырып үрлейміз. Жарайсыңдар.
- Енді, балалар, менімен бірге дауыс жаттығуларын жасаймыз.
- Ля - ля - ля - ля - ля - ля - ля
- Ля - ля - ля - ля - ля - ля - ля
- Ми - ми - ми - ми - ми - ми - ми
- Ми - ми - ми - ми - ми - ми - ми
- Жарасып тұр сәніміз,
- Ән шырқайық бәріміз.
- Естіген жұрт таң қалсын,
- Әдемі ән шырқалсын. Тамаша.

2.4. Ән салу. Б. Бейсенова «Нұрлы көктем» әні.
Музыка жетекшісі ән айтудың алдында балалардың көңіл-күйлерін көтеру үшін сурет көрсетеді.
- Балалар, тақтадан не көріп отырсыңдар? Көктемді.
- Көктем екенін қайдан білдіңдер? Гүлдерден. Тамаша.
- Гүлдер тек көктемде ғана шыға ма? Дала гүлдері көктемде шығады. Жарайсыңдар.
- Балалар, қараңдаршы, қандай керемет, көктем деген! Иә.
- Балалар, көктемге арналған ән бар, сол әнді айтуды үйренейік?!
- Б. Бейсенованың «Нұрлы көктем» әні, бәріміз орындықтың шетіне отырып, кеңтыныс алып, ән айтуға дайындаламыз. Алдымен әнді мұқият тыңдап алайық.
- Енді, балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды.

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын -

хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Музыка жетекшісі әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.
- Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!
Ән үйренуді жалғастырады. Музыка жетекшісі әннің ырғағын дәл сақтап, алақансоғып жаттықтырады.
- Балалар, тамаша, әнімізді тағы да қайталайық.
Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасынбарлық топ қосылып орындауға үйретеді.
- Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!
- Балалар, әнді бәріміз қосылып айтамыз, жарайсыңдар. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады.

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау.
Балалар оқу қызметінде отырғанда «Ай жарқырап тұр» орыс халық әуеніестіледі.
Музыка жетекшісі:
- Балалар, тыңдайықшы, ненің дыбысы шығып жатыр! Балалар елеңдеп отырғанда педагог есік жаққа барып, көп сылдырауықтарды алып кіреді:
- Балалар, қараңдаршы, бізге көп сылдырауықтар алып келіпті. Сылдырауықтарды алайық, балалар! Енді балалар, жаңа ән тыңдай отырып, сылдырауық аспабында ойнайық! Орыс халық әуені «Ай жарқырап тұр» деп аталады. Музыка жетекшісі интербелсенді тақтаны қосып, «Ай жарқырап тұр»орыс халық әуенін балаларға тыңдатады.

Музыка жетекшісі балаларға әнді тыңдатып, сұрақтар қояды:
- Әнде не туралы айтылады? Айдың жарқырағаны туралы.
- Балалар, ай қалай жарқырайды екен? Анық. Тамаша, балалар!
- Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге сылдырауықтарды сыңғырлатамыз. 1,2 - 1,2 бастаймыз. Музыка жетекшісі балалармен әнді тыңдайотырып, сылдырауықтарды бірге сыңғырлатып жаттықтырады.

2.6. «До – ре – ми» музыкалық-дидактикалық ойын.
Ойынның мақсаты: балаларды музыкадағы бейнелерді әнді тыңдау арқылы ажырата білуге үйрету; әнді тыңдау қабілеттерін арттыру.
Ойынның барысы: Музыкалық жетекші әнді орындап береді және балалардан сол әнге байланысты суретті таңдап көрсетулерін өтінеді. Бала неге сол суреттітаңдап алғанын, ол суретте ненің бейнеленгенін, айтылған әннің не туралы екенін айтып береді. Ойын барысында айтылатын әндер: "Мысығым", "Ойыншықтар", "Тәтті нан", "Балабақша", "Алтын күз" әндері. Осы әндерге байланысты суреттер топтамасы.

3. ҚОРЫТЫНДЫ
Педагог оқу қызметінің аяғында:
- Балалар, сендерге бүгін оқу қызметі ұнады ма?
Балалардың жауаптары.
- Балалар, оқу қызметінде қандай опера тыңдадық?
- «Қыз Жібек» операсын.
- Қандай ән айтуды үйрендік?
- «Нұрлы көктем» әнін.
- Бәрекелді, балалар, бүгін сендер жақсы белсенділік көрсеттіңдер, рақмет! Оқуқызметі аяқталды. Сау болыңдар!

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды еліміз туралы шығарманың мазмұнын тереңірек түсініп, соңына дейінтыңдай білуге және шығарманың бөлімдерін ажырата білуге үйрету; қимылды музыкамен сәйкестендіру және музыканың екінші бөлігінде қимылды өзгертіп, әуенмен орындай білу дағдыларын жетілдіру; музыкалық аспаптық оркестрлық ұжымда қарапайым ырғақты суретті өздігінен орындауға қызығушылығын тудыру.

Сөздік жұмыс
"Бір шаңырақ астында", "Біз бақытты баламыз", "Елім менің", "Асқақтап тауы","Арайлап таңы" сөздерін пайдалану.
Әдіс-тәсілдер

Психологиялық көңіл-күй, түсіндіру, баяндау, жаттығу, қайталау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалықойын.

Құрал-жабдықтар

1. Көрнекілік материалдар

Интербелсенді тақта, музыкалық аппаратура, дидактикалық ойынға арналған суреттер, көңіл-күйі әртүрлі үйлердің суреттері, суретті шиелер (слайд), «Әншібұлбұлдар» макеті.

2. Үлестірмелі материалдар
көңіл-күйі әртүрлі үйлердің суреттері
Е.Макшанцева «Разминка» шығармасы
Ө.Байділда «Көңілді би» шығармасы
Б.Тілеухан «Елім менің» әні (ән тыңдау)
«Қамажай» халық әуенін сылдырауықтар аспабында ойнауБ.Дәлденбай
«Балдырғандар әні» (ән айту)
"Үйлердің көңіл-күйін тап" дидактикалық ойыны
"Сылдырмақ" музыкалық-дидактикалық ойыны (Е.Хасанғалиевтің"Сылдырмақ" әнінің желісінде)

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ
1.1. Психологиялық көңіл-күй
Музыка жетекшісі залға кірген балалардың көңіл-күйлерін көтеру мақсатында:
- Балалар, көңіл-күйлеріңнің жақсы екенін бет-әлпеттеріңнен көріп тұрмын, бүгінбәрің тамаша болып тұрсыңдар! Балалар да көңілденіп қалады. Оқу қызметіне дайынсыңдар ма? Иә.
- Олай болса, бастаймыз.
- Балалар, бәріміз шеңбер бойымен отырамыз. Міне, жарайсыңдар! Енді ақырындап марш әуенімен жүреміз
- Балалар, әннің әуенімен денемізді тік, кеудемізді алға сәл шығыңқы, басымызды көтеріңкі көңіл-күйде ұстаймыз. Жарайсыңдар.
- Балалар, әуеннің сазымен ырғақты жүреміз, денемізді біртіндеп қыздыру үшінәуенге сай жүгіреміз. Тамаша. Енді шеңбер бойымен ақырындап тоқтаймыз.
Керемет, балалар. Енді, тұрған орындарыңда ақырын ойнап тұрған әуенменырғала тұрып, мен қойған сұрақтарға жауап береміз:
- Бір шаңырақ астында деген сөзді қалай түсінесіңдер? Бір елде немесе бір

отбасында деген мағына. Керемет, жарайсыңдар! Музыка жетекшісі интербелсенді тақтадан ұлттар бірлігі туралы бейнелі суреттер көрсетеді
- Балалар, мына көріністе нені байқап тұрсыңдар? Көп ұлтты. Тамаша!
- Балалар, суретте бір шаңыраққа байланысты нені байқауға болады? Бір шаңырақ астында көп ұлт және біз. Тамаша.
- Балалар, біздің еліміз көп ұлтты мемлект, солай ма? Иә. Демек, көп ұлттыхалық жиналған мемлекет бір шаңырақ болып табылады.
- Олай болса, балалар, халықтар достығына жақсы көңіл-күй сыйлайық:
- Көңілдіміз бәріміз (балалар қолдарын жоғары көтереді),
- Ақ, сарымыз бәріміз (балалар қолдарын көкіректеріне қояды).
- Бір шаңырақ астында (балалар қолдарын жанына жібереді),
- Дос болайық бәріміз (балалар қолдарын айналдырады). Балалар музыка жетекшісімен бірге қимылдарды қайталап отырады.
- Жарайсыңдар, балалар.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі оқу қызметін әрі қарай жалғастыру мақсатындаӨ.Байділданың «Көңілді би» шығармасы
әуенімен балаларды шеңберге тұрғызады:
- Балалар, шеңберді кең, әдемі жасайықшы, міне, жарайсыңдар. Енді музыка әуенімен маған ілесе қимылдарды қайталаймыз - деп, музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді. Балалар шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, түсіреді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Еркінқимылдар (ерікті қимылдарға шеңбермен жүріп келе жатып, қол білезіктерін айналдыру, бір рет айналу, тізені көтеріп жүру, қолдарын жандарына жіберіп, сермеу) бойынша балалар музыка жетекшісінің көрсетуімен ерікті қимылдардыорындайды. Балалардың эмоциялық көңіл-күйі музыка сипатына сай ырғақтыққимылдармен үйлесімді болуы тиіс.
- Жарайсыңдар, балалар, енді орындарымызға жайғасайық.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

Музыка жетекшісі балаларға:
- Балалар, тақтаға қарайықшы?!

- Ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Біздің еліміз екен.
- Балалар, біздің еліміз қалай аталады?
- Балалар, өз елің болғаны қандай жақсы!
- Ата тегің, туған жерің, Отаның - бәрі егіз ұғымдар.
- Отан, ел туралы әндер өте көп, балалар.
- Сондай әндердің бірі - Б.Тілеуханның «Елім менің» әні
- Сол әнді тыңдап көрейікші, балалар! Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.
- Балалар, ән қалай аталады? Елім менің.
- Балалар, әннің әуенін жазған Б.Тілеухан.
- Арайлап таңым, асқақтап тауым,
- Ән ойнап, көгім күй тартты елім,
- Қол жетті, міне, аңсаған күнге,
- Жасай бер, жаса, Қазағым менің,
- Қазақстаным - жасыл орманым,
- Қуанышымды жасыра алмадым.
- Аңсаған бабам, аңсаған елім.
- Бостандық еді-ау, асыл арманым.

- Балалар, менімен бірге шапалақтап, әнді тағы да қайталап тыңдайықшы!Музыка жетекшісі балаларға әнді қайта тыңдатып, сұрақтар қояды:
- Балалар, әнін жазған сазгер кім?
- Әннің сөзін жазған кім?
- Балалар, біз тыңдаған ән қалай аталады?
- Жарайсыңдар.

2.2. "Үйлердің көңіл-күйін тап" дидактикалық ойыны

- Балалар, тақтаға қарайықшы, тақтада әртүрлі үйлердің суреттері бар. Қазір әуен ойналған кезде сол әуеннің сипатына қарай тақтадағы қай үйдіңкөңіл-күйіне сәйкес келетінін айтып бересіңдер, келістік пе? Жарайды. Музыка жетекшісі тақтадан балаларға әуендердің ойналуын көрсетеді. Ж. Қалжанова ның «Елімізді сүйеміз» (марш), А. Еспенбетованың «Күзге сәлем!» (вальс), халық әні «Әлди» (бесік жыры) әндері орындалады. Балалар ойын шарты бойынша әртүрлі әуендердің сиптына қарай тақтадағы үйлердің көңіл-күйін табады. Балалардың жауаптары дұрыс болса, көңілді әуенойналады, ал жауаптары дұрыс болмаса, ренжу әуені орындалады.
- Балалар, әуендерді асықпай тыңдайық, сипатын ажыратайық.Ойын балалардың қалауы бойынша қайталанады.

2.3. Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшісі балалармен ән салу алдында дауыс жаттығуларын орындауыміндетті болып табылады. Дем алу ән айту кезінде қалыптасады. Дем алу ән айтардың алдында жүргізіледі және музыкалық шумақтан кейін жүргізіледі. Сөзортасында дем алу жүргізілмейді. Сондықтан музыка жетекшісі мынадай бағытта дауыс жаттығуларын жүргізеді:
- Балалар, орындықтың шетіне отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз. Жарайсыңдар.
- Енді менімен бірге қайталаймыз.
- Біз көңілді балалармыз,
- Бір орында тұрмаймыз.
- Ля-ля-ля (екі рет қайталанады).

Дем алу бір жолдан кейін жүргізіледі және ән шумағы ақырын, әрі асықпай орындалуы керек.
- Біз сабырлы балалармыз,
- Біз апайды тыңдаймыз.
- Ля-ля-ля (екі рет қайталанады).
- Жарайсыңдар, балалар.
- Енді, балалар, менімен бірге дауыс жаттығуларын жасаймыз.
- Балалар, енді тырналар қалай дыбыстайды екен, көрейік.
- Аспан ашық, дала кең,
- Кел, қоныңдар тырналар.
- Мен сендерге жем берем,
- Дос болайық, тырналар.
- Трау-трау-трау-трау!
- Трау-трау-трау-трау!
- Тамаша.

2.4. Ән салу

Б. Дәлденбайдың «Балдырғандар әні»(әні: Б. Дәлденбайдікі).
- Балалар, біздің елде тұратын басқа ұлт өкілдерін бәрің жақсы көресіңдер ме?

- Балалар, мына суреттен кімдерді көріп тұрсыңдар?

- Балалар, біздің елімізде әртүрлі ұлт өкілдері балалары тұрады.
- Ол балалар да сендер сияқты еркін өмір сүруге, ойнауға, қуануға, бақыттыболуға толық құқылы.
- Олай болса, басқа ұлт өкілдері балаларымен бірге «Балдырғандар әні» әнінайтып, үйренейік. Б. Дәлденбайдың «Балдырғандар әні»
Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.
- Балалар, тамаша, әнді жақсы айтып жатырсыңдар! Жарайсыңдар!
Музыка жетекшісі балаларға ән үйретуді жалғастыра отырып, «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен, кіші шиелерге қарап, әнніңырғағын дәл сақтап, алақан соғып жаттықтырады.
- Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші бұлбұлдар» да келді.
Балаларға бұлбұлдармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады. Музыка жетекшісі айтылып жатқан әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасын барлық топ қосылып орындауға үйретеді.

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау

Музыка жетекшісі:
- Балалар, бәріңде сылдырауық бар ма? Иә.
- Онда тыңдайықшы, мен қазір мына сылдырауық аспабында ойнаймын, алсендер менімен бірге қайталап отырасыңдар, келістік пе? Иә.
- Балалар, сылдырауықтарды алайық, балалар! Енді музыканы тыңдай отырып,менімен бірге сылдырауықтарды сылдыратамыз. «Қамажай» халық әуенін сылдырауықтар аспабында ойнау
Музыка жетекшісі балаларға әнді шығарманы тағы да тыңдатып, музыканың қай бөлігіне келгенде сылдырауықтарда ойнау керектігін айтады.
- Балалар, бұл сылдырауықтармен ойнап жатқан шығарманы құстарға арнаймыз,солай ма? Иә.
Сылдырауықтар аспабында ойнап болған соң, музыка жетекшісі балаларға сұраққояды:
- Шығарма қалай аталады? Қамажай.
- Балалар, бұл шығарманың авторы кім? Халық. Жарайсыңдар.
- Қай халықтың шығармасы? Қазақ халқының. Тамаша.
- Тамаша, балалар! Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге сылдырауықтарды жақсы сылдыраттыңдар.

2.6. «Сылдырмақ» музыкалық-дидактикалық ойын

Ойын шарты: Музыка жетекшісі бөлменің ішінде сылдырмақты сылдырлатып,тығып қояды, ал балалар сылдырмақтың үнін естіп тауып алулары керек.
- Балалар, қазір "Сылдырмақ" әні ойналады, ал сендер сол сылдырмақтың қайжерде екенін тауып алуларың керек. Музыка жетекшісі Е.Хасанғалиевтің "Сылдырмақ" әнін қосады, сол әннің әуенімен балалар сылдырмақты іздейді.Тапқан бала жеңімпаз атанады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі оқу қызметінің аяғында балалардың жанына келеді:

- Балалар, оқу қызметінде қандай ән тыңдадық?
- "Елім менің" әнін.
- Қандай ән айтуды үйрендік?
- "Балдырғанда" әнін.
- Балалар, сылдырауықтарымызды қалай сыңғырлатамыз, көрсетіңдерші! Музыка жетекшісі сылдырауықтарды балалармен қосылып сыңғырлатып, өзібірге көрсетеді.
- Бәрекелді, балалар, бүгін сендер жақсы белсенділік көрсеттіңдер, рақмет! Оқуқызметі

аяқталды. Сау болыңдар!

Музыка: Жеңіс күні
27.04.2023

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды әнді тыңдау кезінде сипатын ажырата білуге үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды топпен бірге айта білуге дағдыландыру; биі жеңіл адыммен өзін айнала адымдау қабілеттерін қалыптастыру; музыкалық аспаптарда жәй және қатты дыбыстарды ырғақты ойнай білуге жаттықтыру.

Сөздік жұмыс

"Жеңіс күні", "Соғыс", "Қатал", "Бейбітшілік", "Шығыстың қос жұлдызы" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Құрмет тағзымы, көркем сөз, жаттығу, қайталау, түсіндіру, көрсету, баяндау, пысықтау, миға шабуыл, кері байланыс, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

1. Көрнекілік материалдар
Интербелсенді тақта, музыкалық аппаратура, үнтаспа, шарлар, дидактикалықойынға арналған суреттер, дабылдар аспабы, әр балаға суретті карточкалар: үйрек-балапан, аю-қонжық, қоян-көжек, жылқы-құлын.

2. Үлестірмелі материалдар
әр балаға дабылдар аспабы "Д.Шостакович
«Марш» шығармасы
А. Мельникова «Жаса, елім» (жұптасып) музыкалық-ырғақтық қимылдарД.Тухманов
«Жеңіс күні» әні (ән тыңдау)
Д. Кабалевскийдің «Труба мен дабыл» шығармасына сай дабылдар оркестріБ.Бейсенова
«Шығыстың қос жұлдызы» (ән айту)
"Шар ұшты!" дидактикалық ойыны
"Жоғарғы және төменгі дыбысты тап" музыкалық-дидактикалық ойын

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Құрмет тағзымы
Балалар залға Д.Шостаковичтің «Марш» шығармасы желісінде салтанатты адыммен кіріп, Қазақстан Республикасының әнұраны орындалғанда орындарынан тұрып, тағзым жасап, оң қолдарын жүрек тұсына қойып, әнұранғақосылады
Әнұран аяқталғанда музыка жетекшісі:
- Балалар, біздің еліміздің әнұраны неге орындалды деп ойлайсыңдар? Мереке.Міне, жарайсыңдар!
- Балалар, қандай мерекелер келе жатыр? Балалар үндемей қалады.

- Балалар, осы мамыр айында екі мереке күні тойланады. 7-ші мамыр еліміздіңОтан қорғаушылар күні, ал 9-шы мамыр Ұлы Жеңіс күні, бәріміз қайталаймыз.
- Қандай мерекелер келе жатыр, балалар? 7-ші мамыр еліміздің Отан қорғаушылар күні, ал 9-шы мамыр Ұлы Жеңіс күні. Жарайсыңдар.
- Балалар, осындай бақытты өмірге жеткізген бабаларымыз бен Отан қорғаушыларымыз үшін бәріміз орнымыздан тұрып, тағзым етейікші! Балалар орындарынан тұрып тағзым жасайды.
- Отан үшін жан кешкен (балалар қолдарын жоғары көтереді),
- Бабаларға мың тағзым! (балалар иіліп, тәжім етеді).
- Ұйқысыз елді күзеткен (балалар қолдарын жанына жібереді),
- Батырларға мың тағзым! (балалар иіліп, тәжім етеді).
- Балалар, жарайсыңдар! Тамаша!

Музыка жетекшісі:
- Балалар, сендер Отан қорғаушы дегенді қалай түсінесіңдер? Иә, біздің елімізді қорғайтын жауынгерлер күні. Жарайсыңдар, балалар! Біздің елімізде әр жылдың7 мамырында Отан қорғаушылар күні атап өтіледі. Сол күні отшашулар жарқырайды.
- Қандай отшашулар жарқырайды екен, тамашалайық, балалар?!
- Тамаша, балалар! Бәріміз үшін бұл мерекенің де маңызы өте зор.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі балалардың назарын аударып:
- Балалар, қазір А. Мельниковаңың «Жаса, елім» музыкасымен жаңа жұптасып билеудің элементтерін үйренеміз

А. Мельниковаңың «Жаса, елім» шығармасы бойынша музыка жетекшісі балаларды жұппен шеңберге тұрғызып, музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді. Музыка жетекшісі балалармен бірге шеңбер адымдарын жасайды да шеңбер бойымен адымдап бара жатқан балаларды бақылайды. Балалар жұппен бірігіп, аяқтың ұшымен жеңіл адым элементтерін жасайды, орындарында тұрып, өзі тұрған орнын айналып, шеңбер адымын жасайды. Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Орындарында тұрып, жұппен оң жаққа, сол жаққа кезек-кезек қарап, айналады. Аяқтарымен сол жанына, орнына, оң жанына, орнына жаттығуларын жасайды. Соңында барлық балалар бірігіп, үлкен шеңбер жасап,гүлдің бейнесін жасап, биді аяқтайды. Қимылдар музыка жетекшісінің көрсетуі бойынша орындалады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

Ән тыңдаудың алдында музыка жетекшісі балалардың назарын тақтағааударады:
- Балалар, бәріміз тақтаға қарайықшы?!

- Тақтадан кімдерді көріп тұрсыңдар?

Музыка жетекшісі тақтадағы суретке қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтар қояды:
- Балалар, суреттегі адамдардың үстінде қандай киім бар? Әскери.
- Олар неге үстеріне әскери киім киіп алған? Соғыс.
- Балалар, суреттегі адамдар қуанышты ма?
- Оны қайдан білдіңдер?
- Олар неге қуанып жатыр?
- Олар соғыстың бітіп, Жеңіс күні басталғанына қуанып жатыр.
- Балалар, Жеңіс күні туралы ән бар, сол әнді тыңдап көрейікші? Д.Тухмановтың «Жеңіс күні» әні.
- Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз

Музыка жетекшісі әнге қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтарқояды:
- Балалар, әннің сипаты қалай ойналды?
- Қуанышты, жігерлі, салтанатты.
- Әннің авторы кім?
- Д. Тухманов.
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. "Шар ұшты!" дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балаларды әуен ырғағымен шеңбер жасап тұруға үйрету.Ойынның көрнекілігі: үнтаспа, шарлар
Ойынның барысы: Балалар шеңбер жасап шардың үлкендігін, пішінін көрсетеді. «Шар үрлейміз!» - деген белгіге балалар ортаға жиналып, аузымен үрлей отырып, шеңбер құрастырады. «Шар ұшты!» - дегенде музыка ырғағымен шеңбер жасап айналады. Дабыл соғылғанда балалар шардын жарылғаныңқолдарын босатып жібереді. Осы шартты орындай алмаған бала ән немесетақпақ айтып, би билейді.

2.3. Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшісі балалармен ән салу алдында дауыс жаттығуларын орындауыміндетті болып табылады. Дем алу ән айту кезінде қалыптасады. Дем алу ән айтардың алдында жүргізіледі және музыкалық шумақтан кейін жүргізіледі. Сөз ортасында дем алу жүргізілмейді. Сондықтан музыка жетекшісі мынадай бағытта дауыс жаттығуларын жүргізеді:
- Балалар, орындықтың шетіне отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз. Жарайсыңдар.
- Енді менімен бірге қайталаймыз.
- Біз көңілді балалармыз,
- Бір орында тұрмаймыз.
- Ля-ля-ля (екі рет қайталанады).

Дем алу бір жолдан кейін жүргізіледі және ән шумағы ақырын, әрі асықпай орындалуы керек.
- Біз сабырлы балалармыз,
- Біз апайды тыңдаймыз.
- Ля-ля-ля (екі рет қайталанады).
- Жарайсыңдар, балалар.
- Енді, балалар, менімен бірге дауыс жаттығуларын жасаймыз.
- Балалар, енді тырналар қалай дыбыстайды екен, көрейік.
- Аспан ашық, дала кең,
- Кел, қоныңдар тырналар.
- Мен сендерге жем берем,
- Дос болайық, тырналар.
- Трау-трау-трау-трау!
- Трау-трау-трау-трау!
- Тамаша.

2.4. Ән салу

Б.Бейсенова «Шығыстың қос жұлдызы» әні
(әні: Б.Бейсенованікі).
Музыка жетекшісі оқу қызметінің алдында балалардың назарын тақтаға аударады
- Балалар, кімдердің суретін көріп тұрсыңдар?
- Қазақтың батыр қыздары Әлия Молдағұлова мен Маншүк Мәметова.
- Балалар, біз Әлия Молдағұлова мен Маншүк Мәметованы неге батыр қыздардеп атаймыз?
- Әлия Молдағұлова мен Маншүк Мәметова соғысқа өз еріктерімен сұранып,соғыс

кезінде ерлікпен қайтыс болған.
- Балалар, Әлия Молдағұлова мен Маншүк Мәметоваға арналған "Шығыстың қос жұлдызы" әні бар, сол әнді үйреніп алайық?!
- Б.Бейсенованың әні «Шығыстың қос жұлдызы», бәріміз орындықтың шетіне отырып, кең тыныс алып, ән айтуға дайындалайық.
- Алдымен балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды
Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.
Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасынбарлық топ қосылып орындауға үйретеді.
- Кәне, балалар, сөздерін тағы да қайталап айтайықшы!
- Әнді бәріміз қосылып айтамыз. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайталатып,балалар қабылдағанша айтқызады.
- Екі қолымызды тіземіздің үстіне қойып, еркін отырамыз, бәріміз!
- Керемет, балалар, сендер бәрін біледі екенсіңдер!

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау

Музыка жетекшісі балалардың бәріне дабылды үлестіріп береді де:
- Балалар, тыңдайықшы, мен қазір мына дабыл аспабында ойнаймын, ал сендерменімен бірге қайталап отырасыңдар, келістік пе? Иә.
- Балалар, дабылды алдымызға ыңғайлы қояйық, балалар! Енді балалар, дабылда ойнауға дайындалайық! Музыка жетекшісі интербелсенді тақтанықосып, дабылдың суреті мен дауысын көрсетеді
- Нені көріп тұрсыңдар, балалар! Дабылды. Дұрыс.
- Енді дабылдың дауысын тыңдайық!? Балалар тыңдайды. Тамаша.
- Енді жаңағы дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге дабылда ойнаймыз. Алдымен дабылды бірге ұруды үйреніп алайық. Содан кейін Д. Кабалевскийдің «Труба мен дабыл» шығармасына сай дабылдар оркестрін құраймыз металлофонда ойнаймыз. Музыка жетекшісі балаларға шығарманы тағы да тыңдатып, музыканың қай бөлігіне келгенде дабылда ойнау керектігін айтады.Дабыл аспабында ойнап болған соң, музыка жетекшісі балаларға сұрақ қояды:
- Шығарма не туралы? Труба мен дабыл туралы.
- Шығарма авторы кім? Д. Кабалевский.
- Тамаша, балалар! Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге дабылда ойнаймыз. 1,2 - 1,2 бастаймыз. Музыка жетекшісі балалармен шығарманы тыңдай отырып, дабылды бірге ойнатып жаттықтырады.

2.6. "Жоғарғы және төменгі дыбысты тап" музыкалық-дидактикалықойын

Ойынның мақсаты: балаларды музыкалық дыбыстардың төмен жәнежоғарылығын ажырата білуге үйрету.
Ойынның көрнекілігі: әр балаға суретті карточкалар: үйрек-балапан, аю-қонжық,қоян-көжек, жылқы-құлын.
Ойынның барысы: балалар музыкалық дыбыстардың төмен және жоғарылығынажырату кезінде әрбір карточкамен жеке жұмыс жасауы тиіс. Ре (төмен дыбысты естігінде карточкадағы жануар тұрған дөңгелекті жабу.) Ля (жоғарғыдыбыс) жануардың баласын көрсету керек. Балалардан музыканың өзгеру темпін қимылмен көрсетуді және сұрақтарға жауап берулерін сұрайды:
- Үйректің дауысы қандай? Жуан.
- Балапанның дауысы ше? Жіңішке.
- Музыканың сипаты қандай? Жуан.
- Балапан қалай дыбыстайды? (балапанның дауысын салу)
- Балалар, жарайсыңдар.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі оқу қызметінің аяғында балалардың бүгінгі тапсырманы қандай деңгейде қабылдағандарын пысықтау үшін сұрақтарқояды:

- Балалар, оқу қызметінде қандай ән тыңдадық?
- «Жеңіс күні» әнін.
- Қандай ән айтуды үйрендік?
- "Шығыстың қос жұлдызы" әнін.
- Балалар, жақында қандай мереке келе жатыр?
- Отан қорғаушылар күні екен, жарайсыңдар, балалар!
- Тағы қандай мереке келе жатыр?
- Ұлы Жеңіс күні. Керемет, балалар!
- Керемет, балалар, бүгін сендер жақсы белсенділік көрсеттіңдер, рақмет!
- Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар!

Музыка: Біз Отанның сарбазы

2.05.2022

Оқу қызметінің мақсаты
Балаларды әнді тыңдау кезінде сипатын ажырата білуге үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды топпен бірге айта білуге дағдыландыру; биі жеңіл адыммен өзін айнала адымдау қабілеттерін қалыптастыру; музыкалық аспаптарда жәй және қатты дыбыстарды ырғақты ойнай білуге жаттықтыру; оқуқызметін пысықтау.

Сөздік жұмыс
"Жеңіс күні", "Соғыс", "Қатал", "Бейбітшілік", "Шығыстың қос жұлдызы" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер
Көркем сөз, жаттығу, қайталау, түсіндіру, көрсету, баяндау, пысықтау, миғашабуыл, кері байланыс, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

Көрнекілік материалдар
Интербелсенді тақта, музыкалық аппаратура, әуенді жазба.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу
Балалар залға Д.Шостаковичтің «Марш» шығармасы желісінде салтанатты адыммен кіріп, Қазақстан Республикасының әнұраны орындалғанда орындарынан тұрып, тағзым жасап, оң қолдарын жүрек тұсына қойып, әнұранғақосылады.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар.
Музыка жетекшісі балалардың назарын аударып:
- Балалар, қазір А. Мельниковаңың «Жаса, елім» музыкасымен жаңа жұптасып билеудің элементтерін үйренеміз.
Мельниковаңың «Жаса, елім» шығармасы бойынша музыка жетекшісі

балаларды жұппен шеңберге тұрғызып, музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді. Музыка жетекшісі балалармен бірге шеңбер адымдарын жасайды да шеңбер бойымен адымдап бара жатқан балаларды бақылайды. Балалар жұппен бірігіп, аяқтың ұшымен жеңіл адым элементтерін жасайды, орындарында тұрып, өзі тұрған орнын айналып, шеңбер адымын жасайды. Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Орындарында тұрып, жұппен оң жаққа, сол жаққа кезек-кезек қарап, айналады. Аяқтарымен сол жанына, орнына, оң жанына, орнына жаттығуларын жасайды. Соңында барлық балалар бірігіп, үлкен шеңбер жасап,гүлдің бейнесін жасап, биді аяқтайды. Қимылдар музыка жетекшісінің көрсетуі бойынша орындалады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау.

Ән тыңдаудың алдында музыка жетекшісі
- Балалар, Жеңіс күні туралы ән бар, сол әнді тыңдап көрейікші? Д.Тухмановтың «Жеңіс күні» әні.
- Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.

Музыка жетекшісі әнге қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтарқояды:
- Балалар, әннің сипаты қалай ойналды?
- Қуанышты, жігерлі, салтанатты.
- Әннің авторы кім?
- Д. Тухманов.
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. "Дракон" музыкалық-дидактикалық ойын.

Ойынның мақсаты: музыканың негізгі жанрлары туралы түсініктерін дамыту, ән,марш, би және бесік жырын ажырата білу.
Ойынның шарты: Дракон қимыл іс әрекетін музыканы жанрына байланысты неістеп жатқандығын айтады.
- Балалар, сендерді досым аққала досыммен таныстырғым келеді. Ол ән айтқанды, би билегенді, марш жасағанды ұнатады, ал шаршаған кезде ұйқтапдемалғанды ұнатады. Қанекей, балалар, аққала не істеп жатыр екен?

Педагог интербелсенді тақтадан көрсетеді.

2.3. Дауыс жаттығулары.

Музыка жетекшісі балалармен ән салу алдында дауыс жаттығуларын орындауыміндетті болып табылады. Дем алу ән айту кезінде қалыптасады. Дем алу ән айтардың алдында жүргізіледі және музыкалық шумақтан кейін жүргізіледі. Сөзортасында дем алу жүргізілмейді. Сондықтан музыка жетекшісі мынадай бағытта дауыс жаттығуларын жүргізеді:
- Балалар, орындықтың шетіне отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз. Жарайсыңдар.
- Енді менімен бірге қайталаймыз.
- Біз көңілді балалармыз,
- Бір орында тұрмаймыз.
- Ля-ля-ля (екі рет қайталанады).

Дем алу бір жолдан кейін жүргізіледі және ән шумағы ақырын, әрі асықпай орындалуы керек.
- Біз сабырлы балалармыз,
- Біз апайды тыңдаймыз.
- Ля-ля-ля (екі рет қайталанады).

- Жарайсыңдар, балалар.
- Енді, балалар, менімен бірге дауыс жаттығуларын жасаймыз.
- Балалар, енді тырналар қалай дыбыстайды екен, көрейік.
- Аспан ашық, дала кең,
- Кел, қоныңдар тырналар.
- Мен сендерге жем берем,
- Дос болайық, тырналар.
- Трау-трау-трау-трау!
- Трау-трау-трау-трау!
- Тамаша.

2.4. Ән салу. Б.Бейсенова «Шығыстың қос жұлдызы» әні.
- Балалар, Шығыстың қос жұлдызы деп кімдерді айтқан?

- Иә, жарайсыңдар, Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Маметованы.
- Балалар, ендеше барлығымыз, орындықтың шетіне отырып, арқамызды тіқұстап, қолымызды тіземізге қойып, дауысымызды қатты шығарып, әнімізді шырқайық.
- Алдымен балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды.

Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.
Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасынбарлық топ қосылып орындауға үйретеді.
- Кәне, балалар, сөздерін тағы да қайталап айтайықшы!
- Әнді бәріміз қосылып айтамыз. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайталатып,балалар қабылдағанша айтқызады.
- Екі қолымызды тіземіздің үстіне қойып, еркін отырамыз, бәріміз!
- Керемет, балалар, сендер бәрін біледі екенсіңдер!

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау
Музыка жетекшісі балалардың бәріне дабылды үлестіріп береді де:
- Балалар, тыңдайықшы, мен қазір мына дабыл аспабында ойнаймын, ал сендерменімен бірге қайталап отырасыңдар, келістік пе? Иә.
- Балалар, дабылды алдымызға ыңғайлы қояйық, балалар! Енді балалар, дабылда ойнауға дайындалайық! Музыка жетекшісі интербелсенді тақтанықосып, дабылдың суреті мен дауысын көрсетеді

- Нені көріп тұрсыңдар, балалар! Дабылды. Дұрыс.
- Енді дабылдың дауысын тыңдайық!? Балалар тыңдайды. Тамаша.
- Енді жаңағы дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге дабылда ойнаймыз. Алдымен дабылды бірге ұруды үйреніп алайық. Содан кейін Д. Кабалевскийдің «Труба мен дабыл» шығармасына сай дабылдар оркестрінқұраймыз металлофонда ойнаймыз.
Музыка жетекшісі балаларға шығарманы тағы да тыңдатып, музыканың қай бөлігіне келгенде дабылда ойнау керектігін айтады. Дабыл аспабында ойнапболған соң, музыка жетекшісі балаларға сұрақ қояды:
- Шығарма не туралы? Труба мен дабыл туралы.
- Шығарма авторы кім? Д. Кабалевский.
- Тамаша, балалар! Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге дабылда ойнаймыз. 1,2 - 1,2 бастаймыз. Музыка жетекшісі балалармен шығарманы тыңдай отырып, дабылды бірге ойнатып жаттықтырады.

2.6. "Жіп орау" музыкалық-дидактикалық ойын

Ойынның мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, әуеннің аяқталуын сезіне білугеүйрету.
Ойынның көрнекілігі: түрлі-түсті жіптер.
Ойынның шарты: 2 топтан 2 бала шығады.Түрлі-түсті тарқатылған жіпті көңілдіәуенмен орай бастайды. Музыка аяқталғанда қай баланың жібі көп оралса, сол бала жеңімпаз атанады.
Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:
- Балалар, екі командаға бөлінеміз. Әр командадан екі баладан шығып, көңілдімузыка әуенімен қолдарыңдағы жіпті орай бастайсыңдар, қай команда баласытез, әрі көп жіп орайды, сол команда жеңіске жетеді.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі оқу қызметінің аяғында балалардың бүгінгі тапсырманы қандай деңгейде қабылдағандарын пысықтау үшін сұрақтар қояды:
- Балалар, оқу қызметінде қандай ән тыңдадық?
- «Жеңіс күні» әнін.
- Қандай ән айтуды үйрендік?
- "Шығыстың қос жұлдызы" әнін.
- Балалар, жақында қандай мереке келе жатыр?
- Отан қорғаушылар күні екен, жарайсыңдар, балалар!
– Тағы қандай мереке келе жатыр?
– Ұлы Жеңіс күні. Керемет, балалар!
– Керемет, балалар, бүгін сендер жақсы белсенділік көрсеттіңдер, рақмет!
– Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар!

Музыка: Гүл көбелек
4.05.2023

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды әнді тыңдау кезінде оның сипатын түсіне білу қабілеттеріне және ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; музыкалық аспаптарда жәй және қатты дыбыстарды ырғақты ойнай қабілеттерін қалыптастыру.

Сөздік жұмыс

"Гүл көбелек", "гүлдер", "қоңыраугүл", "бақытты балалар", "Ырғақты биле!"сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Релаксация, көркем сөз, жаттығу, қайталау, түсіндіру, көрсету, баяндау, пысықтау, миға шабуыл, кері байланыс, музыкалық-дидактикалық ойын.
Құрал-жабдықтар

1. Көрнекілік материалдар

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойынға арналған суреттер, қоңыраулараспаптары

2. Үлестірмелі материалдар

қоңыраулар аспаптары

Е. Тиличеева «Марш» шығармасы
Е. Андосов «Біз билейміз» музыкалық-ырғақтық қимылВ.
Моцарт «Қоңыраулар сыңғыры» (ән тыңдау);
В. Моцарт «Қоңыраулар сыңғыры» шығармасын қоңырауларда ойнау (папка)А.
Асылбеков «Біз өмірдің гүліміз» (ән айту);
"Үш гүл" әуеннің көңіл-күйін ажыратып білу қабілетін дамытуға арналған дидактикалық ойын.
«Музыкалық әткеншек» музыкалық-дидактикалық ойын

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Релаксация "Гүл көбелек"

Балалар залға Е. Тиличееваның «Марш» шығармасы әуенімен қатар түзеп кіреді.
Музыка жетекшісі балалардың адымдау кезінде денені түзу, басын жоғары көтеріп, тік ұстау қажеттігін және тізені жоғары көтеру керектігін ескертеді.Балалар адым әуенімен залдағы кілемнің ортасына келіп тұрады да, үлкен шеңбер жасайды.
Музыка жетекшісі:
- Балалар, күлімдеп көктемнің соңғы айы да келді. Табиғат гүлге оранды. Ал сендер гүлдерді жақсы көресіңдер ме? Иә, балалар, гүлді барлық адамдар жақсыкөреді. Жарайсыңдар, балалар! Гүл не үшін керек деп ойлайсыңдар, балалар?
Әдемілік үшін, адамдарға сыйға тарту үшін. Дұрыс айтасыңдар, балалар!Гүлдерді жұлуға болмайды, оларды аялап күту керек.
- Балалар, бәрің тақтаға қараңдаршы?!
Балалар тақтаға қарап, көп гүлдерді көріп, қызығып кетеді.
- Ұнай ма, гүлдер, балалар? Иә.
- Міне, жарайсыңдар! Қазір балалар, музыка әуенімен қимылдар жасап, тынығыпалайық
- Балалар қолдарын жанына жібереді де жұптасып, шеңбермен жүреді.
- Қолдарын алдына жайып, орындарында айналады.
- Қол білезіктерін айналдырып, жоғары көтереді, жанына жібереді.
- Шеңбер бойымен жеңіл, ақырын жүгіріп, көбелектің қимылдарын қайталайды.
- Бәрекелді, балалар!

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі музыкалық-ырғақтық қимылдар жасау алдында:
- Балалар, қазір Е. Андосовтың «Біз билейміз» музыкалық-ырғақтық шығармасымен жаңа жұптасып билеудің элементтерін үйренеміз
Е. Андосовтың шығармасы бойынша музыка жетекшісі балаларды жұппен шеңберге тұрғызып, музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді. Музыка жетекшісі балалармен бірге шеңбер адымдарын жасайды да шеңбер бойымен адымдап бара жатқан балаларды бақылайды. Балалар жұппен бірігіп, аяқтың ұшымен жеңіл адым элементтерін жасайды, орындарында тұрып,өзі тұрған орнын айналып, шеңбер адымын жасайды. Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Орындарында тұрып, жұппен оң жаққа, сол жаққа кезек-кезек қарап, айналады. Аяқтарымен сол жанына, орнына, оң жанына, орнына жаттығуларын жасайды.
«Біз билейміз» әуенімен денелерін тік ұстап, шеңберді айнала жүріп, вальс сипатындағы ырғақты қимылдар жасайды. Орындарында тұрып, музыка жетекшісінің көрсетуімен екі аяқтарын кезек-кезек алмастырып, орындарында тұрып айналады, қайтадан залды айналып шеңбер бойымен жүріп, орындарындатұрып, вальс элементтерін көрсетеді. Осылайша музыка жетекшісінің көмегімен 2-3 айналым жасайды.
Соңында барлық балалар бірігіп, үлкен шеңбер жасап, гүлдің бейнесін жасап,биді аяқтайды.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

Музыка жетекшісі балалардың назарын тақтаға аударады:
- Балалар, тақтадан нені көріп тұрсыңдар?
- Гүлді. Жақсы.
- Балалар, қандай гүл? Балалар ойланып қалады. Балалардың ойлануына мүмкіндік бере отырып, музыка жетекшісі балаларға тағы да сурет көруді ұсынады:
- Балалар, енді мына суретке назар аударайықшы?!
Балалар суретке қарап, қоңырау екендігін айтады.
Музыка жетекшісі суретке қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтарқояды:
- Балалар, тағы да екі суретке қараңдаршы, екі сурет бір-біріне ұқсай ма?
Ұқсайды. Дұрыс.
- Балалар, гүл мен қоңырау бір-біріне ұқсаса, гүл қалай аталады деп ойлайсыңдар? Балалар ойланып қалады.
- Балалар, екі суреттің түстері ғана әртүрлі, аталуы бірдей. Балалар жарыса "қоңырау" деп жауап береді.
- Әрине, балалар, бұл гүл далада өсетін жабайы қоңыраугүл. Қоңыраугүлдермаусым айының ортасынан бастап пайда болады.
- Балалар, осы қоңыраулар туралы әдемі музыка бар, сол музыканы естіп көрейікші? Шығарма "Қоңыраулар үні" деп аталады. Шығарманың авторы австриялық классик композитор Вольфганг Моцарт.
- Балалар, бәріміз композитордың аты-жөнін қайталайықшы, классик композитор Вольфганг Моцарт. Тамаша.
- Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз
Музыка жетекшісі балаларға «Қоңыраулар үні» шығармасының күйсандықтаойналуын шағын бейнебаян арқылы тыңдатады.
Музыка жетекшісі әнге қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтарқояды:
- Балалар, музыка қандай аспапта орындалған? Күйсандықта. Тамаша.
- Музыка не туралы? Қоңыраулар үні туралы. Жарайсыңдар.
- Балалар, бұл музыканы кім шығарғанын білесіңдер ме? Балалар үндемейқалады.
- Балалар, бұл музыка - классик композитор Вольфганг Моцарттың шығармасы, қайталаймыз, жарайсыңдар.
- Енді, балалар, «Қоңыраулар үні» шығармасын тағы да тыңдаймыз! Музыка жетекшісі балаларға шығарманы тыңдата отырып, шығарманың сипаты мен мағынасын түсіндіреді.
- Балалар, біз бүгін қандай музыка тыңдадық? «Қоңыраулар үні» шығармасын.
- Шығарманың авторы кім? Вольфганг Моцарт. Тамаша.
- Музыка қандай аспапта орындалады? Күйсандықта.
- Керемет, балалар!

2.2. "Үш гүл" әуеннің көңіл-күйін ажыратып білу қабілетін дамытуға арналған дидактикалық ойын.

Ойынның шарты:
1. Музыка жетекшісі музыкалық шығарманы ойнайды. Бір бала шығып әуеннің көңіл-күйіне сай гүлді алып шығады. Егер де балаға музыкалық шығарма танысболса, ол бала шығарманың атын және де сазгерін атайды.
2. Әр баланың алдында үш гүл жатады. Музыка жетекшісі музыкалық шығарманы ойнайды да балалар әуеннің көңіл-күйін ажыратып әуенге сай гүлдіалып шығады.
Ойын құралдары: картоннан жасалған үш гүл (гүлдің ортасында көңілді, көңілсізжәне ұйықтап жатқан «тұлғаның» суреті салынған), (гүлдердің орнына үш күннің көзін немесе үш бұлтты істеп алуға болады), бұл суреттер әуеннің үш көңіл-күйін көрсетеді, жәй әуен, көңілсіз әуен, көңілді әуен жазбалары.

Үш гүлдің көңіл-күйлерін бейнелейтін картиналар (картины цветов-смайликов):
- көңілді гүл
- көңілсіз гүл

- ұйқыдағы гүл

Үлестірмелі жабдықтар: Әр балаға әуеннің көңіл-күйін білдіретін бір гүлденберіледі.
Педагог балалардың назарын өзіне аударып:
- Балалар, қазір біз "Үш гүл" ойынын ойнаймыз. Ойынның шарты бойынша алдарыңда жатқан гүлді ойналатын әуеннің сипатына сай көрсетесіңдер. Егер,әннің аталауы мен әнді шығарған сазгерді білсеңдер, орындарыңнан тұрып айтуға болады.
Педагог музыка жетекшісімен біріге отырып, балалардың назарына бес-алты әннің вариантын тыңдауға ұсынады.

2.3. Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшісі:
- Балалар, орындықтың шетіне отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз. Жарайсыңдар.
- Енді менімен бірге қайталаймыз.
- га-га,
- ду-ду,
- ко-ко,
- ля-ля. Жарайсыңдар.
- Енді балалар, ешкі лағын қалай шақырады, естідіңдер ме?
- Олай болса, менімен бірге қайталап отырамыз.
Лағым
- Шөре-шөре, лағым,
- Тентек болма, шырағым,
- Секектеме, деміңді ал,
- Селтеңдемей құлағың. Тамаша.
- Балалар, көкек қалай шақырады? Балалар "Кө-кек, кө-кек". Жақсы.
- Ендеше, балалар, бәріміз көкек болайық.
Көкек
- Ағашта биік,
- Бір құсты көрдік.
- Сайрайды сол құс,
- Сайрайды талмай.
- Кө-кек, кө-кек,
- Аты оның содан,
- Атанған кө-кек.
- Тамаша, жарайсыңдар, балалар.

2.4. Ән салу

А. Асылбеков «Біз өмірдің гүліміз» әні(әні:
А. Асылбековтікі).
Музыка жетекшісі балалардың көңіл-күйін көтеру үшін:
- Балалар, сендер өздеріңнің неге ұқсайтындарыңды білесіңдер ме? Балалар таңданып қалады.
- Балалар, сендер өсіп келе жатқан әдемі гүлге ұқсайсыңдар! Балалар қуанып,бір-біріне қарап қалады.
- Тақтаға қараңдаршы, балалар, сендер сол гүлдерге ұқсайсыңдар!?
Балалар тақтадағы гүлдерге қуана қарайды.
- Балалар, сендерге арналған "Біз өмірдің гүліміз" деген ән бар, сол әнді үйреніп алайық?!

- А. Асылбековтің әні «Біз өмірдің гүліміз», бәріміз орындықтың шетіне отырып,кең тыныс алып, ән айтуға дайындалайық.
- Алдымен балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды.
Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.
- Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!
Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасынбарлық топ қосылып орындауға үйретеді.
- Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!
- Бүгін өте көңілді, қуанышты ән балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз.
Музыка жетекшісі балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағаншаайтқызады.
- Екі қолымызды тіземіздің үстіне қойып, әннің әуенімен тербелейікші, бәріміз!
- Біз өмірдің гүліміз,
- Ана - біздің күніміз!
- Би билейміз, ән салып,
- Біз гүлдердей жайқалып - деп, педагог әнді тыңдай отырып, өзі сөздерін айтып отырады.
- Керемет, балалар, сендер әнді жақсы айттыңдар!

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау

Музыка жетекшісі балалардың бәріне қоңырауларды үлестіріп береді де:
- Балалар, тыңдайықшы, мен қазір мына қоңырау аспабында ойнаймын, алсендер менімен бірге қайталап отырасыңдар, келістік пе? Иә.
- Балалар, қоңырауларды алайық, балалар! Енді балалар, музыка тыңдай отырып, көктем қызығын тамашалайық! Музыка жетекшісі интербелсендітақтаны қосып, көктем мезгілінен көрініс көрсетеді
- Қандай керемет, көктем көрінісі, қараңдаршы, балалар! Құстар да көктемнің келгеніне қуанып жатыр. Енді музыканы тыңдай отырып, менімен бірге қоңырауларда ұрамыз. В. Моцарт «Қоңыраулар сыңғыры» шығармасы
Музыка жетекшісі балаларға әнді шығарманы тағы да тыңдатып, музыканың қай бөлігіне келгенде қоңырауларда ойнау керектігін айтады. Қоңырау аспабында ойнап болған соң, музыка жетекшісі балаларға сұрақ қояды:
- Шығармада не туралы айтылады? Қоңыраулар туралы.
- Балалар, бұл шығарманың авторы кім? В. Моцарт. Жарайсыңдар.
- Тамаша, балалар! Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге қоңырауларды сыңғырлатамыз. 1,2 - 1,2 бастаймыз. Музыка жетекшісі балалармен шығарманы тыңдай отырып, қоңырауларды бірге сыңғырлатыпжаттықтырады.

2.6. «Музыкалық әткеншек» музыкалық-дидактикалық ойын

Ойынның мақсаты: балаларды музыканың өзгеру темпін ажырата білуге үйрету.Ойынның барысы: музыка жетекшісі «Әткеншек» әнін орындайды және балалардан әткеншектің қалай қозғалатынын сұрайды. Балалардан музыканың
өзгеру темпін қимылмен көрсетуді және сұрақтарға жауап берулерін сұрайды:
- Қай кезде музыка тез ойнады?
- Қай кезде баяу ойнады?
- Музыканың сипаты қандай?
- Әткеншек қалай қозғалады? (жылдам қозғалады, ақырын қозғалады, баяу қозғалады, тоқтайды.)
- Балалар, мына суреттегі әткеншекке қараңдаршы
егер, осы әткеншекті жай итерсек, қалай қозғалады, сондықтан музыка ойнағанкезде әткеншектің қозғалуын көз алдарыңа елестетіп отырыңдар.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Оқу қызметін қорытындылай келе музыка жетекшісі:

- Балалар, оқу қызметінде қандай шығарма тыңдадық? В. Моцарт «Қоңыраулар сыңғыры» шығармасын.
- Қандай ән айтуды үйрендік? «Біз өмірдің гүліміз» әнін.
- Балалар, табиғат деп нені айтамыз? Бізді қоршаған орта, дұрыс айтасыңдар.
- Ал гүлдер қандай болады, балалар? Әдемі, нәзік, хош иісті болады.
- Бәрекелді, балалар, бүгін сендер жақсы белсенділік көрсеттіңдер, рақмет! Сау болыңдар!

Музыка: Ақ жаңбыр

11.05.2023

Оқу қызметінің мақсаты

Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке,татулыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

«Көңілді би», полька, ақ жаңбыр, сылдырлауықтар - сөздерді пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, көркем сөз, көрініс көрсету; түсіндіру, көрсету, баяндау, кері байланыс, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Музыкалық аппаратура, музыкалық-дидактикалық ойындар, дидактикалық ойындар картотекасы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Карточкалар: күннің көзі, бұлт және күннің көзімен бұлт араласқан бейнеленген.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу

Балалар оқу қызметінің басында залға В.Тюльковтың «Марш» шығармасы

(«Марш» В.Тюльканова) әуенімен адымдап кіреді.

Музыка жетекшісі Г. Абдрахмановаңың «Сәлемдесу жаттығуы» әуенін ойнайды.
- Балалар осы әуенмен шеңбер жасап, көңіл-күйімізді көтерейікші!
- Шаттанамыз баршаға!
- Күлкі сыйлап басқаға!
- Би билейміз, ән салып,
- Келгендей бір тамашаға!
- Балалар, жарайсыңдар!

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі оқу қызметін әрі қарай жалғастыру мақсатында Ө.Байділданың «Көңілді би» шығармасы әуенімен балаларды шеңберге тұрғызады:
- Балалар, шеңберді кең, әдемі жасайықшы, міне, жарайсыңдар. Енді музыка әуенімен маған ілесе қимылдарды қайталаймыз - деп, музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді. Балалар шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, түсіреді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Еркін қимылдар (ерікті қимылдарға шеңбермен жүріп келе жатып, қол білезіктерін айналдыру, бір рет айналу, тізені көтеріп жүру, қолдарын жандарына жіберіп, сермеу) бойынша балалар музыка жетекшісінің көрсетуімен ерікті қимылдарды орындайды. Балалардың эмоциялық көңіл-күйі музыка сипатына сай ырғақтық қимылдармен үйлесімді болуы тиіс.
- Жарайсыңдар, балалар, енді орындарымызға жайғасайық.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

Музыка жетекшісі:
- Балалар, сендер музыка тыңдайсыңдар ма? Кейбір балалар кешке қарай музыка тыңдайтындарын айтты. Олай болса, балалар, қыста кешке қарай тыңдап отыратын әдемі музыка бар, естіп көрейікші? М. Глинканың «Полька» шығармасы. Әуенін жазған М. Глинка.

Балалар музыканы тыңдап отырғанда музыка жетекшісі оның сипатымен таныстырады, мәнін түсіндіреді. Балалар музыкалық шығарманы тыңдап, сипаты мен екпінін анықтайды.
- Кәне, балалар, шапалақпен ұра отырып, әуенді тағы да қайталап тыңдайықшы! Керемет! Өте тамаша шығарма балалар, солай ма? Иә.
Музыка жетекшісі шығарманы балалар қабылдағанша тыңдатады.
Музыка жетекшісі шығармаға қатысты ой қозғау мақсатында балаларға полька туралы түсінік береді:
- Балалар, "полька" деген сөз "жарты қадам" деген мағынаны білдіреді, яғни, бұл шығарма жұппен билейтін биге арналған. Қайталайықшы, балалар. Тамаша.
- Балалар, орыстың ұлы композиторы - Михаил Глинка классик сазгер, яғни, композитор болып табылады. Қайталайықшы, балалар. Жарайсыңдар.

2.2. "Күннің көзі және бұлт" дидактикалық ойыны

Ойын шарты: Пьесаны тыңдай отырып, пьесаның мазмұнын (көңілді болса - күннің көзін, көңілсіз болса - бұлтты, ал жәй ғана орташа болса - күннің көзімен бұлт араласқан) карточкалар арқылы көрсету. Жауаптың дұрыстығын балалардың өздеріне бағалату.
- Балалар, қазір "Күннің көзі және бұлт" ойынын ойнаймыз. Екі командаға бөлінесіңдер. Екі команданың алдында бірдей карточкалар бар.
- Балалар, қазір сендерге әртүрлі пьесалар ойналады. Сол пьесалардың сипатына қарай алдарыңда жатқан карточкаларды көрсетесіңдер. Мысалы, пьесаның мазмұны көңілді болса - күннің көзін, көңілсіз болса - бұлтты, ал жәй ғана орташа болса - күннің көзімен бұлт араласқан карточкаларды көрсетесіңдер, түсінікті ме? Иә.
- Олай болса, ойынды бастаймыз. Музыка жетекшісі пьесаның мазмұнына қарай карточкаларды дұрыс көрсеткен балалардың командасын мақтайды. Команда балалары қателескен жағдайда педагог көмек көрсетеді.

2.3. Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшісі:
- Балалар, ән айтудың алдында дауыс жаттығуды орындаймыз.
- Енді менімен бірге қайталаймыз.

- га-га,
- ду-ду,
- ко-ко,
- ля-ля. Жарайсыңдар.
- Енді балалар, ешкі лағын қалай шақырады, естідіңдер ме?
- Олай болса, менімен бірге қайталап отырамыз.

Лағым

- Шөре-шөре, лағым,
- Тентек болма, шырағым,
- Секектеме, деміңді ал,
- Селтеңдемей құлағың. Тамаша.
- Балалар, көкек қалай шақырады? Балалар ""Кө-кек, кө-кек"". Жақсы.
- Ендеше, балалар, бәріміз көкек болайық.

Көкек

- Ағашта биік,
- Бір құсты көрдік.
- Сайрайды сол құс,
- Сайрайды талмай.
- Кө-кек, кө-кек,
- Аты оның содан,
- Атанған кө-кек.
- Тамаша, жарайсыңдар, балалар.

2.4. Ән салу

Е. Хасанғалиев «Ақ жаңбыр» әні

(әні: Е. Хасанғалиевтікі). Балалар оқу қызметіне кірісе бергенде жаңбырдың жауған дыбысы естіледі.

- Балалар, ненің дыбысы естіледі? Жаңбырдың. Жақсы.
- Балалар, жаңбыр жауардың алдында не пайда болады? Дұрыс, бұлт пайда болады. Біз үйренгелі отырған өлеңде де бұлттан жаңбыр пайда болатындығы

туралы айтылған.
- Балалар, бүгін біз «Ақ жаңбыр» әнін айтуды үйренеміз
- Қәне, бәріміз, екі қолымызды алдымызға қойып, денемізді бос ұстап, әнді алдымен тыңдап алайықшы!
Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасын барлық топ қосылып орындауға үйретеді.
- Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!
- Бүгін өте жеңіл ән балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады.
Музыка жетекшісі балаларға әнді 2-3 рет айтқызып, қайталатып, өзі бірге әнді айтып шығады.

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау

Музыка жетекшісі балалардың бәріне сылдырлауықтар аспаптарын үлестіріп береді де:
- Балалар, тыңдайықшы, мен қазір мына сылдырлауық аспабында ойнаймын, ал сендер менімен бірге қайталап отырасыңдар, келістік пе? Иә.
- Балалар, музыка аспаптарды алайық! Енді музыканы тыңдай отырып, менімен бірге аспаптарды сылдыратамыз.
"Түркия маршы" В.Моцарта.

Музыка жетекшісі балаларға әнді шығарманы тағы да тыңдатып, музыканың қай бөлігіне келгенде аспаптарда ойнау керектігін айтады.
- Тамаша, балалар! Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге аспаптарды сылдыратамыз. 1,2 - 1,2 бастаймыз.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Оқу қызметінің соңында:
- Балалар, бүгінгі оқу қызметі ұнады ма?
Балалардың жауаптары.
- Балалар, қандай ойындар ойнадық?
Балалардың жауаптары.
- Қандай ән айтуды үйрендік?
- Иә, жарайсыңдар!
- Бәрекелді, балалар, бүгін сендер жақсы белсенділік көрсеттіңдер, рақмет! Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар!

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды қазақи әуенмен таныстыра отырып, музыкаға деген қызығушылығын арттыру; музыкалық шығармалардағы төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыка жетекшісімен ілесе ән айту қабілетіне жаттықтыру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындау және музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру.

Сөздік жұмыс

"Жаяу Мұса", "Ақ сиса", "зорлық-зомбылық", "бай", "кедей", "Тамшылар" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Релаксация, түсіндіру, баяндау, жаттығу, қайталау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, сурет көрсету, пысықтау, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

1. Көрнекілік материалдар

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен және кішкентай алмалар картотекасы, «Әнші қарлығаштар» макеті, түрлі-түсті шарлар, сылдырауық аспабы

2. Үлестірмелі материалдар

әр балаға сылдырауық аспабы

Е.Тиличеева «Жылқы адымы» шығармасы
«Ах вы, сени» орыс халық әуеніне музыкалық-ырғақтық қимылдар

Жаяу Мұса «Ақ сиса» әні (ән тыңдау)
«Айгөлек» қазақ халық әуенін сылдырауықтар аспабында ойнау
Б.Бейсенова «Ауылымды сағындым» әні (ән айту)
"Көңілді ноталар" дидактикалық ойыны
"Ән салған кім?" музыкалық-дидактикалық ойын

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Релаксация

Балалар бүгін де залға Е.Тиличееваның «Жылқы адымы» шығармасы желісінде кіріп, музыка жетекшісінің көрсетуі бойынша "жылқы адымы" жаттығуын жасайды.
Музыка жетекшісі балаларға:
- Балалар, алдымызға қараймыз, мойнымызды сәл иеміз, енді жылқы сияқты жүріп келе жатып, ырғақты секеңдейміз. Жарайсыңдар. Балалар жылқы адымынан кейін жай адымға ауысып, залдағы кілемнің үстіне келіп тұрады.
Музыка жетекшісі: Балалар, бәріміз үлкен, әдемі шеңбер жасап кілемге отырайықшы! Міне, жарайсыңдар! Сол сәтте ағып жатқан судың дыбысы естіледі

- Балалар, судың ағып жатқан дыбысын естіп көрейікші!
- Балалар, қандай керемет, жылғадағы судың ағысы! Көздерімізді бір сәтке жұмып, тыңдап көрейікші! Балалар көздерін жұмады. Музыка жетекшісі балалармен бірге судың сылдырын тыңдап, балалардың көздерін ашуларына болатындығын айтады. Балалар көздерін ашып, орындарынан тұрады.
- Ендеше, балалар, нұрлы көктем мен жылғадан ағып жатқан суға сәлемімізді жолдайық, қимылды менімен бірге жасаймыз:
- Сылдыр, сылдыр етеді (балалар қолдарын жоғары көтереді),
- Жылғалардан аққан су (балалар қолдарын жандарына созады),
- Көлде жүзіп келеді (балалар қолдарын жоғары көтереді),
- Қосарланған қос аққу (балалар құшақтарын жаяды).

- Нұрлы көктем (балалар қол білезіктерін айналдырады),
- Нұрын төккен (балалар қолдарын жоғары көтереді),
- Сәлем сізге (балалар иіліп тәжім жасайды),
- Көптен күткен! (балалар құшақтарын жаяды). Музыка жетекшісі балалармен бірге қимылдарды қайталайды.
- Балалар, жарайсыңдар!

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі балалардың назарын аудару мақсатында қолымен шапалақтайды:
- Балалар, қазір «Ах вы, сени» орыс халық әуеніне музыкалық-ырғақтық қимылдар жасауды үйренеміз

«Ах вы, сени» орыс халық әуені бойынша музыка жетекшісі балаларды шеңберге тұрғызып, музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді. Музыка жетекшісі балалармен бірге шеңбер адымдарын жасайды да "галоп" адымын балаларға көрсетеді. Балалар жұппен бірігіп, орындарында тұрып, өзі тұрған орнын айналып, "галоп" адымын жасайды. Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Орындарында тұрып, жұппен оң жаққа, сол жаққа кезек-кезек қарап, айналады. Аяқтарымен сол жанына, орнына, оң жанына, орнына жаттығуларын жасайды. Қимылдар музыка жетекшісінің көрсетуі бойынша орындалады. «Ах вы, сени» орыс халық әуені бойынша орындалатын негізгі адымдар "галоп", "тарпылдату", "аяқты қайшылау".

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

Әннің мағынасын ашу мақсатында музыка жетекшісі балалардың назарын тақтаға аударады:
- Балалар, бәріміз тақтаға қарайықшы?!

- Тақтадан нені көріп тұрсыңдар?
Музыка жетекшісі табиғатқа қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтар қояды:
- Балалар, табиғатта не бейнеленген?
- Су неден ағып жатыр?
- Балалар, жылғадан су жылдың қай мезгілінде ағады?
- Суретте тағы нені көріп тұрсыңдар?
- Балалар, көктемде табиғат ерекше сұлу күйге енеді екен, солай ма?
- Балалар, бұл сурет тау етегіндегі ауыл маңының көрінісі.
- Ауылдың табиғаты ерекше болады.
- Балалар, сендер бұрын естімеген ерекше бір ән бар, сол әнді естіп көрейікші?
- Жаяу Мұсаның әні - «Ақ сиса».

- Балалар, мына суреттен Жаяу Мұсаны көресіңдер.
- Жаяу Мұса қазақ халқының әйгілі әнші-сазгері, ақыны.
- Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз

Балалар музыканы тыңдап отырғанда музыка жетекшісі оның сипатымен таныстырады, мәнін түсіндіреді. Балалар музыкалық шығарманы тыңдап, сипаты мен екпінін анықтайды.
- Балалар, музыка қандай аспапта орындалды?
- Домбыра аспабында орындалған екен.
Музыка жетекшісі шығарманы балалар қабылдағанша тыңдатып, әнге қатысты ой қозғау мақсатында балаларға түсінік береді:
- Балалар, өлеңде сол кездегі байлардың кедейлерге жасаған зорлық-зомбылығы туралы айтылған. Жаяу Мұсаның астындағы атын Шорман байдың Мұстафа деген баласы тартып алады да, содан жаяу қалып, Жаяу Мұса

атанғанын айтады.
Музыка жетекшісі балаларға шығарманы тыңдап болған соң, сұрақтар қояды:
- Балалар, біз бүгін қандай ән тыңдадық? Жаяу Мұса туралы.
- Әуенін жазған кім? Жаяу Мұса.
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. "Көңілді ноталар" дидактикалық ойыны

Ойынның шарты: нотаны түстермен құрастыру арқылы кемпірқосақ бейнесін шығару.
- Балалар, тақтадағы суреттен ненің бейнесін көріп тұрсыңдар?

Кемпірқосақтың. Дұрыс.
- Кемпірқосақта неше түс бар? Жеті түс бар. Жақсы.
- Балалар, біздің музыка әлемінде де 5 қара сызықтың бойындағы скрипка кілтінде 7 нотаның түсі осы түстермен белгіленеді

- 1 - нота қызыл түс
- 2 - нота қызғылт сары түс
- 3 - нота сары түс
- 4 - нота жасыл түс
- 5 - көгілдір түс
- 6 - көк түс
- 7 - күлгін түс
- Балалар, осы ноталар өздеріне сәйкес дыбысталады. Бұлттарда ноталар шашылып жатыр, оларды ретімен апарып орналастырайықшы?! Балалар да қызығып қалады.
- Бәріміз шеңбер құрып отырамыз, берілген түстерді ретімен қоямыз. Әр балаға жеті нота салынған каптамалар беріледі, балалар ноталарды өз түсінгендері бойынша және түсінбеген жағдайда жетекшінің айтуымен орналастырады. Соңғы нота қойылған соң орындарынан тұрады.
- Балалар, қараңдаршы, біздің құрастырған түстерден ненің бейнесін көріп тұрмыз? Кемпірқосақтың. Тамаша.
- Балалар, нота орналастырылған кемпірқосақ қалай көңілді билеп тұр,

қараңдаршы?

- Балалар, бәріміз орындарымыздан тұрып, көңілді кемпірқосақпен бірге қимылдар жасайық. Балалар да педагогпен бірге әуенге сай қимылдар жасайды.
- Жарайсыңдар, балалар.

2.3. Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшісі:
- Балалар, орындықтың шетіне отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз. Жарайсыңдар.
- Енді менімен бірге қайталаймыз.
- га-га,
- ду-ду,
- ко-ко,
- ля-ля. Жарайсыңдар.
- Енді балалар, ешкі лағын қалай шақырады, естідіңдер ме?
- Олай болса, менімен бірге қайталап отырамыз.

Лағым
- Шөре-шөре, лағым,
- Тентек болма, шырағым,
- Секектеме, деміңді ал,
- Селтеңдемей құлағың. Тамаша.
- Балалар, көкек қалай шақырады? Балалар "Кө-кек, кө-кек". Жақсы.
- Ендеше, балалар, бәріміз көкек болайық.

Көкек
- Ағашта биік,
- Бір құсты көрдік.
- Сайрайды сол құс,
- Сайрайды талмай.
- Кө-кек, кө-кек,
- Аты оның содан,
- Атанған кө-кек.
- Тамаша, жарайсыңдар, балалар.

2.4. Ән салу

Б. Бейсенова «Ауылымды сағындым» әні (ән айту)

(әні: Б. Бейсенованікі).
Музыка жетекшісі балалардың назарын тақтаға аударып, көктем туралы сұрақтар қоюдан бастайды:
- Балалар, тақтадан не көріп тұрсыңдар?

- Ауыл екенін қайдан білдіңдер?
- Балалар, ауылда тағы қандай өзгеріс болады?
- Ауылдың ауасы неге таза болады?
- Неге қалада мал бақпайды?
- Олай болса, балалар, ауылға арналған "Ауылымды сағындым" деген ән бар, сол әнді үйреніп алайық?!
- Б. Бейсенованың әні «Ауылымды сағындым», бәріміз орындықтың шетіне отырып, кең тыныс алып, ән айтуға дайындалайық

- Алдымен балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды.
Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді. Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.
- Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!
Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен алма, кішкентай алмаларға қарап, әннің ырғағын дәл сақтап, алақан соғып жаттықтырады.
- Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші қарлығаштар» да келді.
Балаларға қарлығаштармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады.
Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасын барлық топ қосылып орындауға үйретеді.
- Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!
- Бүгін өте көңілді балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз, «әнші қарлығаштар» да сендермен айтамыз дейді. Музыка жетекшісі балаларға әнді

қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады.

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау

Музыка жетекшісі:

- Балалар, бәріңде сылдырауық бар ма? Иә.
- Онда тыңдайықшы, мен қазір мына сылдырауық аспабында ойнаймын, ал сендер менімен бірге қайталап отырасыңдар, келістік пе? Иә.
- Балалар, сылдырауықтарды алайық, балалар! Енді музыканы тыңдай отырып, менімен бірге сылдырауықтарды сылдыратамыз. «Айгөлек» халық әуенін сылдырауықтар аспабында ойнау

Музыка жетекшісі балаларға әнді шығарманы тағы да тыңдатып, музыканың қай бөлігіне келгенде сылдырауықтарда ойнау керектігін айтады.

- Балалар, бұл сылдырауықтармен ойнап жатқан шығарманы аналарға арнаймыз, солай ма? Иә.
- Балалар, аналарға әлемдегі бар байлықты тарту етсек те аз болады, солай ма? Иә.

Сылдырауықтар аспабында ойнап болған соң, музыка жетекшісі балаларға сұрақ қояды:

- Шығарма қалай аталады? Айгөлек.
- Балалар, бұл шығарманың авторы кім? Халық. Жарайсыңдар.
- Қай халықтың шығармасы? Қазақ халқының. Тамаша.
- Тамаша, балалар! Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге сылдырауықтарды жақсы сылдыраттыңдар.

2.6. "Ән салған кім?" музыкалық-дидактикалық ойын

- Балалар, қолдарыңдағы «әдемі көңілді шарларды» алып, маған қарай ойын алаңына келіңдер. Жарайсыңдар.
- Қазір біз "Ән салған кім?" ойынын ойнаймыз. Ойын шарты: әннің шумағында «әдемі көңілді шарларды» арттарыңа тығып шеңбер бойымен жай жүресіңдер, ал қайырмасында «әдемі көңілді шарларды» қолдарыңмен музыка ырғағына сай бір-біріне соғасыңдар. Санамақ арқылы ойын бастаушысын сайлайды. Балалар ұстаған шарлардың ішінің кейбіреуінде дыбыс шығаратын қоңыраулар бар.

Балалар сол қоңыраулар үнін анықтап табулары керек.
- Ал, балалар, бастаймыз.
- Достығымыз жараса,
- Асыр салып таласа
- Ойынды тез бастайық,
- Шартын қатаң сақтайық
- Бір, екі, үш,
- Ойын баста, ұш!

Педагог балалар ойынын музыка жетекшісімен бірге бақылап, арасында ескерту жасап отырады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі оқу қызметінің аяғында:

- Балалар, сендер күннен-күнге есейіп, ақылды болып бара жатырсыңдар! Балалар қуанып қалады. Әсіресе, айтқан өлеңдерің мен билеген билерің үшін өте риза болдым.
- Балалар, бүгін оқу қызметінде қандай ән тыңдадық?
- Жаяу Мұсаның «Ақ сиса» әнін.
- Балалар, бүгін қандай ән айтуды үйрендік?
- «Ауылымды сағындым» әнін.
- Қандай би биледік? "Ах вы, сени" биін биледік.
- Балалар, бүгінгі оқу қызметінде жақсы белсенділік көрсеттіңдер, рақмет!
- Оқу қызметі аяқталды, сау болыңдар!

Музыка: Біз мектепке барамыз
18.05.2023

Оқу қызметінің мақсаты
Балалардың ақ жауын туралы әнді топпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; ырғақты аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшемен және ұшына қоюға үйрету; музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін бере білу қабілеттерін қалыптастыру; музыкалық аспаптарда жәй және қатты дыбыстардытоппен бірге ырғақты ойнай білу дағдысын жетілдіру.
Сөздік жұмыс

"Қамажай", "бір тал үкі", "халық әні", "халық арасынан шыққан", "Ақ жаңбыр"сөздерін пайдалану.
Әдіс-тәсілдер
Шаттық шеңбері, көркем сөз, жаттығу, қайталау, түсіндіру, көрсету, баяндау,пысықтау, миға шабуыл, кері байланыс, музыкалық-дидактикалық ойын.
Құрал-жабдықтар

1. Көрнекілік материалдар

Интербелсенді тақта, музыкалық аппаратура, дидактикалық ойынға арналған суреттер,

төрт үлкен карточка: көңілді құлыншақ, көңілді ойыншықтар (тиін немесе піл), мұңды ит, мұңды қоян, балаларға көңілді құлыншақ, көңілді ойыншықтар (тиін немесе піл), мұңды ит, мұңды қоян бейнеленген карточкалар,сылдырауықтар, керме, сылдырмақ пен даңғара аспаптары.

2. Үлестірмелі материалдар
сылдырауықтар, балаларға көңілді құлыншақ, көңілді ойыншықтар (тиін немесепіл), мұңды ит, мұңды қоян бейнеленген карточкалар.
Қ. Шілдебаев «Жүгіру» шығармасы (ирек, айналу, жанымен)Е.
Андосов «Біз билейміз» музыкалық-ырғақтық қимыл
«Камажай» халық әні (ән тыңдау);
«Калинка» - орыс халық әуенін сылдырауықтар аспабында ойнауЕ.
Хасанғалиев «Ақ жаңбыр» әні (ән айту)
«Соқыр теке» дидактикалық ойыны
"Ән салған кім?" музыкалық-дидактикалық ойын

Оқу қызметінің барысы
1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері
Балалар оқу қызметі басталысымен залға Е. Тиличееваның «Марш» шығармасыәуенімен қатар түзеп кіреді.
Балалар адымдау кезінде денелерін түзу, басын жоғары көтеріп, тік ұстап, тізелерін жоғары көтеріп жүреді. Балалар адым әуенімен залдағы кілемнің ортасына келіп тұрады да, үлкен шеңбер жасайды.
Балалардың психологиялық көңіл-күйін көтеру мақсатында музыка жетекшісі:
- Балалар, сендер егістік дегенді естігендерің бар ма? Иә, балалар, егістікте егінегіледі. Егінге бидай, тары, күріш, құрамық, жүгері жатады.
- Жарайсыңдар, балалар, бидайдан ұн алынады, ұннан барлық өнімдер пісіріледі. Сондықтан балалар, "Еңбекпен тапқан нан тәтті" деп бекер айтылмаған. Қәне, балалар, бәріміз "Еңбекпен тапқан нан тәтті!" деп айтайықшы!
- Міне, жарайсыңдар! Енді балалар, көктемгі егістікте адал еңбек етіп, бізге нанберіп отырған диқандарға тағзым жасайық:
- Шаттанып билейміз (балалар қолдарын жанына жібереді),
- Қуанып, күлеміз (балалар қолдарын алдына жаяды).
- Әрдайым шаттанып (балалар қол білезіктерін айналдырады),
- Көңілді жүреміз (балалар иіліп, тәжім етеді).
- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар
Музыка жетекшісі:
- Балалар, қазір Е. Андосовтың «Біз билейміз» музыкалық-ырғақтық шығармасымен жаңа жұптасып билеудің элементтерін үйренуді жалғастырамызЕ. Андосовтың шығармасы бойынша музыка жетекшісі балаларды жұппен шеңберге тұрғызып, музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді. Педагог балалармен бірге шеңбер адымдарын жасайды да шеңбер бойымен адымдап бара жатқан балаларды бақылайды. Балалар жұппен бірігіп, аяқтың ұшымен жеңіл адым элементтерін жасайды, орындарында тұрып, өзі тұрған орнын айналып, шеңбер адымын жасайды. Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Орындарында тұрып, жұппен оң жаққа, сол жаққа кезек-кезек қарап, айналады. Аяқтарымен сол жанына, орнына, оң жанына, орнына жаттығуларын жасайды.
«Біз билейміз» әуенімен денелерін тік ұстап, шеңберді айнала жүріп, вальс сипатындағы ырғақты қимылдар жасайды. Орындарында тұрып, педагогтің көрсетуімен екі аяқтарын кезек-кезек алмастырып, орындарында тұрып айналады,

қайтадан залды айналып шеңбер бойымен жүріп, орындарында тұрып, вальс элементтерін көрсетеді. Осылайша педагогтің көмегімен 2-3 айналым жасайды. Соңында барлық балалар бірігіп, үлкен шеңбер жасап, гүлдің бейнесін жасап,биді аяқтайды.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

Ән тыңдаудың алдында музыка жетекшісі балалардың назарын тақтағааударып:
- Балалар, бәріміз тақтаға қарайықшы?!
-Тақтадан кімді көріп тұрсыңдар? Қызды. Жақсы.
Музыка жетекшісі тақтадағы қыздың суретіне қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтар қояды:
- Балалар, қыздың үстінде қандай киім бар? Ұлттық. Жарайсыңдар.
- Қыз неге үстіне ұлттық киім киіп алған? Билеу үшін. Тамаша, балалар.
- Қыздың билейін деп тұрғанын қайдан білдіңдер? Қимылынан. Жарайсыңдар.
- Балалар, қызға қазақша ұлттық есім берейікші?! Балалар ойланып қалады.
- Балалар, бір ән бар, қыздың есімімен аталатын, білесіңдер ме?Балалар ойланыпқалады.
- Онда сол әнді тыңдап көрейікші? «Камажай» халық әні. Әнін жазған халық.
- Балалар, суреттегі қыздың есімін Қамажай деп қоямыз ба? Иә. Жақсы. Қамажайдеп қояйық.
- Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз

- Басында Қамажайдың бір тал үкі
- Айрылып Қамажайдан болдым күлкі
- Айрылып Қамажайдан отырғанда
- Келеді қай жерімнен ойын-күлкі
- Ахау хайлилайым, лилилайым,
- Қамажай қалдың кейін сәулетайым
- Қолында Қамажайдың алтын жүзік
- Қамажай отыр ма екен көзін сүзіп
- Көрмесе жарта сағат тұра алмаушы ед
- Апырмай кетті ме екен күдер үзіп
- Ахау хайлилайым, лилилайым,
- Қамажай қалдың кейін сәулетайым.
- Кәне, балалар, шапалақпен ұра отырып, әуенді тағы да қайталап тыңдайықшы!
Керемет! Ән өте керемет балалар, солай ма? Иә.
Музыка жетекшісі әнге қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтарқояды:
- Балалар, ән жазатын адамды кім деп атаймыз? Сазгер. Тамаша.
- Балалар, біз бүгін қандай ән тыңдадық? Қамажай туралы.
- "Қамажай" әнінің әуенін жазған кім? Халық. Жарайсыңдар.
- "Қамажай" әнінің әуенін неге халық жазған? Себебі, халық арасынан шыққан.
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. «Көңілді – мұңды» дидактикалық ойыны

(музыкалық туындының ерекшелігін анықтау үшін)
Ойын материалы: төрт үлкен карточка: көңілді құлыншақ, көңілді ойыншықтар (тиін немесе піл), мұңды ит, мұңды қоян. Осы кейіпкерлердің суреттері салынғанбірнеше кішкентай карточкалар.
Ойын барысы: Музыкалық жетекші әртүрлі әуендерді орындайды Балалар әуенді тыңдайды да сәйкес карточканы көрсетеді.
- Балалар, екі командаға бөлінесіңдер, қай команда балалары жеңеді, солкоманда жаңбыр бейнеленген таңбалауыштар алады.

- Ал, енді ойынды бастаймыз. Команда балалары карточкаларын көрсетугедайын отырады.
Көңілді
Жылқы жағалауда жүр екен
Жасыл желек үстінде.
Ол басын шұлғып,
Қара жалың желпілдетіп, Алтын
жүгенін сылдырлатыпСыңғыр,
сыңғыр ете
Тағып алған қоңыраулары,
Жорғалап ол жүреді Мұңды
Мұңды көңілсіз жануарлар,
Олар ауырып қалған шығар.
Қоянның аяғы ауырып тұр,
Тұнжырап мұңайып тұр.
Сондықтан да олар,
Иттің басы ауырып тұр. Балалар командамен жарысып, карточкаларын көрсетеді.

2.3. Дауыс жаттығулары

Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:
- Балалар, денемізді тік ұстап, орындықтың шетіне отырамыз.
- Балалар, орманда бір қоян келе жатып сәбізін жоғалтып алды. Ол сәбізін табуүшін ағаштардың маңына барып мұрнымен иіскей жөнелді. Кәне, қоян қалай сәбізін тауып алды?
- Балалар, қоян сияқты иіскейміз. Енді тілдің ұшын тістеп, тілді оң және сол жақ тістермен кезек басамыз, тілді таңдайға тигіземіз, тілді алға созамыз, тіл астын көрсетеміз. Жарайсыңдар.
- Енді, балалар, менімен бірге әннің сөзін бірге айтамыз.
- Тоқ- тоқ, тоқылдақ,
- Жерден тары шоқып ап,
- Тоқылдайды тоқылдақ,
- Тоқ-тоқ-тоқ.
- Ахау ,егигай,
- Ән сал бозторғай,
- Біз әніңді үйреніп,
- Күнде ән сап жүрейік. Тамаша.
- Балалар, енді бәріміз, ара болайықшы?!
- Аралар,
- Арамыз, біз арамыз,
- Әнге салып барамыз.
- Жу-жу-жу-жу-жу-жу.
- Қызыл, жасыл гүлдерден,
- Балды сорып аламыз.
- Жу-жу-жу-жу-жу-жу. Жарайсыңдар.

2.4. Ән салу

Е. Хасанғалиев «Ақ жаңбыр» әні(әні: Е.
Хасанғалиевтікі).
Балалар оқу қызметіне кірісе бергенде жаңбырдың жауған дыбысы естіледі
- Балалар, ненің дыбысы естіледі? Жаңбырдың. Жақсы.
- Балалар, жаңбыр жауардың алдында не пайда болады? Дұрыс, бұлт пайда болады.
Біз үйренгелі отырған өлеңде де бұлттан жаңбыр пайда болатындығытуралы айтылған.

- Балалар, бүгін біз «Ақ жаңбыр» әнін айтуды үйренеміз
- Қәне, бәріміз, екі қолымызды алдымызға қойып, денемізді бос ұстап, әнді алдымен тыңдап алайықшы!
Музыка жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасынбарлық топ қосылып орындауға үйретеді.
- Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!
- Бүгін өте жеңіл ән балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады.
Музыка жетекшісі балаларға әнді 2-3 рет айтқызып, қайталатып, өзі бірге әндіайтып шығады.

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау
Музыка жетекшісі:
- Балалар, бәріңде сылдырауық бар ма? Иә.
- Онда тыңдайықшы, мен қазір мына сылдырауық аспабында ойнаймын, алсендер менімен бірге қайталап отырасыңдар, келістік пе? Иә.
- Балалар, сылдырауықтарды алайық, балалар! Енді музыканы тыңдай отырып, менімен бірге сылдырауықтарды сылдыратамыз. «Калинка» - орыс халық әуенінсылдырауықтар аспабында ойнау
Музыка жетекшісі балаларға әнді шығарманы тағы да тыңдатып, музыканың қай бөлігіне келгенде сылдырауықтарда ойнау керектігін айтады.
- Балалар, бұл сылдырауықтармен ойнап жатқан шығарманы құстарға арнаймыз,солай ма? Иә.
Сылдырауықтар аспабында ойнап болған соң, музыка жетекшісі балаларға сұраққояды:
- Шығарма қалай аталады? Калинка.
- Балалар, бұл шығарманың авторы кім? Халық. Жарайсыңдар.
- Қай халықтың шығармасы? Орыс халқының. Тамаша.
- Тамаша, балалар! Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге сылдырауықтарды жақсы сылдыраттыңдар.

2.6. "Сылдырмақ пен даңғара" музыкалық-дидактикалық ойын Ойынның мақсаты: балалардың аспаптардың дыбысын тыңдау және ажыратуқабілетін дамыту.
Ойынның шарты:
Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:
- Балалар, "Сылдырмақ пен даңғара" музыкалық-дидактикалық ойынын ойнаймыз. мен керменің артында тұрып, аспапты ұрамын. Ал сендер жіңішкеаспаптың дыбысы естілсе, аяқтың ұшымен, жуан аспаптың дыбысы естілсе, отыра қаласыңдар.
Сылдырмақтың дыбысына балалар шеңбермен аяқтың ұшымен жүреді, даңғараның дауысы естілгенде, балалар отыра қалады, бірақкешіккен балалар жеңілген болып есептеледі.

3. ҚОРЫТЫНДЫ
Балалардың бүгінгі тапсырманы қандай деңгейде қабылдағандарынпысықтау үшін музыка жетекшісі:

- Балалар, оқу қызметінде қандай ән тыңдадық?
- «Қамажай» әнін.
- Қандай ән айтуды үйрендік?
- «Ақ жаңбыр» әнін.
- Балалар, нан неден жасалады? Ұннан жасалады екен.
- Ұн қайдан пайда болады? Бидайдан. .
- Бидай қайда өседі? Егістікте. К.
- Керемет, балалар, бүгін сендер жақсы белсенділік көрсеттіңдер, рақмет!
- Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар!

Музыка: Қош бол, балабақша! 23.05

Оқу қызметінің мақсаты
Балаларды көтеріңкі де көңілді әуенді тыңдау кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білу қабілеттерін жетілдіру; айтылатын әнді музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге дағдыландыру; музыкалық-ырғақтық жаттығуларды әуенге сай үйлесімді орындай білуге жаттықтыру; оқу қызметін пысықтау.
Сөздік жұмыс
"Біз мектепке барамыз", "Қош бол, балабақша!", "Сағынамыз бәріңді","Ойыншықты қимаймыз", "Қоштасамыз" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер
Көркем сөз, жаттығу, қайталау, түсіндіру, көрсету, баяндау, пысықтау, миғашабуыл, кері байланыс, музыкалық-дидактикалық ойын.
Құрал-жабдықтар
Көрнекілік материалдар
Интербелсенді тақта, музыкалық аппаратура, музыкалық-дидактикалық ойындар, дидактикалық ойындарға арналған арналған көрнекіліктер, әуендіжазба.
Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу.
Пеадгог балаларға алдын ала гүлді қолдарына ұстатып, таратады.
Балалар залға П.Чайковскийдің «Гүлдер вальсі» шығармасы желісінде жеңілжүгіріспен кіреді де, музыка жетекшісінің белгі беруі бойынша ирек жасау,

айналып жүгіру, жанымен жүгіру жаттығуларын жасайды. Жеңіл адыммен залдың ортасына келіп тұрады.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар.

Музыка жетекшісі музыкалық-ырғақтық қимылдар жасау алдында:
- Балалар, бәріміз ортаға шығып, "Тұлпарым" әуенімен ырғалып, би қимылдарын жасаймыз. Қәне, балалар, біріміздің артымыздан біріміз тұрып, бәріміз қайталаймыз, денемізді бос ұстап, қол білезіктерімізді айналдырып, менімен бірге қимылдарға қосыламыз.

"Тұлпарым" әуенімен денелерін тік ұстап, шеңберді айнала жүріп, жорға жүріс сипатындағы ырғақты қимылдар жасайды. Орындарында тұрып, музыка жетекшісінің көрсетуімен екі аяқтарын кезек-кезек алмастырып, орындарында тұрып секеңдейді, қайтадан залды айналып шеңбер бойымен жүріп, орындарында тұрып, жорға жүріс элементтерін көрсетеді. Осылайша педагогтіңкөмегімен 2-3 айналым жасайды.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау.

- Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.
- Кәне, балалар, шапалақпен ұра отырып, әуенді тағы да қайталап тыңдайықшы! Керемет! Ән өте керемет балалар, солай ма? Иә.

Музыка жетекшісі әнді балалар қабылдағанша тыңдатып, әнге қатысты ойқозғау мақсатында балаларға сұрақ қояды:
- "Ұстазға мың тағзым" әнінің әуенін жазған кім?
- Б.Бейсенова.
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. "Шар ұшты!" дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балаларды әуен ырғағымен шеңбер жасап тұруға үйрету.Ойынның көрнекілігі: үнтаспа, шарлар
Ойынның барысы: Балалар шеңбер жасап шардың үлкендігін, пішінін көрсетеді. «Шар үрлейміз!» - деген белгіге балалар ортаға жиналып, аузымен үрлей отырып, шеңбер құрастырады. «Шар ұшты!» - дегенде музыка ырғағымен шеңбер жасап айналады. Дабыл соғылғанда балалар шардын жарылғаныңқолдарын босатып жібереді. Осы шартты орындай алмаған бала ән немесетақпақ айтып, би билейді.

2.3. Дауыс жаттығулары.

Музыка жетекшісі балалармен дауыс жаттықтыру мақсатында:
- Балалар, денемізді тік ұстап, орындықтың шетіне отырамыз. Жарайсыңдар.
- Балалар, біздер алдымен әнді айту үшін құлағымызға жаттығу жасаймыз.
- Кәне, бәріміз мұрынмен дем алып, сол демді үнемді түрде қолымыздағы гүлдіүрлеу арқылы сыртқа шығара отырып үрлейміз. Жарайсыңдар.
- Енді, балалар, менімен бірге дауыс жаттығуларын жасаймыз.
- Ля - ля - ля - ля - ля - ля - ля
- Ля - ля - ля - ля - ля - ля - ля
- Ми - ми - ми - ми - ми - ми - ми
- Ми - ми - ми - ми - ми - ми - ми
- Жарасып тұр сәніміз,
- Ән шырқайық бәріміз.
- Естіген жұрт таң қалсын,
- Әдемі ән шырқалсын. Тамаша.

2.4. Ән салу. Р.Төлендиева «Қош бол, балабақша» әні.
- Балалар, бүгін біз Р.Төлендиеваның «Қош бол, балабақша» әнін тыңдаймыз.
- Қәне, бәріміз, екі қолымызды алдымызға қойып, денемізді бос ұстап, әнді алдымен тыңдап алайықшы!
Әннің мағынасын музыка жетекшісі балаларға түсіндіріп береді де жаңағысөздерді қайталатып, тілдерін жаттықтырады.
- Қазір, біз үш топқа бөлінеміз. Ол үшін тез- тез қызыл түсті, сары түсті, жасылтүсті карточкаларды таңдап алыңдар, сосын әр түс сәйкес түспен топтасып тұрыңдар. Ендеше, қызыл түсті таңдаған топ әннің бірінші шумағын.

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау.
Музыка жетекшісі:
- Балалар, бәріңде сылдырауық бар ма? Иә.
- Онда тыңдайықшы, мен қазір мына сылдырауық аспабында ойнаймын, алсендер менімен бірге қайталап отырасыңдар, келістік пе? Иә.
- Балалар, сылдырауықтарды алайық, балалар! Енді музыканы тыңдай отырып,менімен бірге сылдырауықтарды сылдыратамыз. «Қамажай» халық әуенін сылдырауықтар аспабында ойнау.
Музыка жетекшісі балаларға әнді шығарманы тағы да тыңдатып, музыканың қай бөлігіне келгенде сылдырауықтарда ойнау керектігін айтады.
- Балалар, бұл сылдырауықтармен ойнап жатқан шығарманы құстарға арнаймыз,солай ма? Иә.
Сылдырауықтар аспабында ойнап болған соң, музыка жетекшісі балаларға сұраққояды:
- Шығарма қалай аталады? Қамажай.
- Балалар, бұл шығарманың авторы кім? Халық. Жарайсыңдар.
- Қай халықтың шығармасы? Қазақ халқының. Тамаша.
- Тамаша, балалар! Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге сылдырауықтарды жақсы сылдыраттыңдар.

2.6. - Балалар, бізді балабақшаны аяқтағанымызға құттықтап Ақтөс келіпті.
"Ақтөс" музыкалық-дидактикалық ойын.
Ойынның мақсаты: әуеннің біртіндеп жоғары және төмен қозғалуын ажыратабілу, музыкалық қабілетін дамыту.
Ойынның шарты: Педагог пинаниномен до нотасынан бастап си нотасына дейіннемесе керісінше ойнайды, балалар, дыбыстың төмен немесе жоғарыға шыққаның байқайды.
- Балалар, бізбен Ақтөс ойын ойнағысы келіп тұр. Ақтөс төмен түскенің немесе жоғары шыққаның дыбыс арқылы байқаймыз. Ендеше, мұқият тыңдандар.До-ре-ми-фа-соль-ля-си-до.
До-си-ля-соль-фа-ми-ре-до.

3. ҚОРЫТЫНДЫ
Музыка жетекшісі оқу қызметінің аяғында балалардың бүгінгі тапсырманы қандай деңгейде қабылдағандарын пысықтау мақсатында сұрақтар қояды:
- Балалар, оқу қызметінде қандай ән тыңдадық?
-«Ұстазға мың тағзым» әнін.
- Қандай ән айтуды үйрендік?
- «Қош бол, балабақша» әнін.
- Балалар, көңілді болуымыз үшін не істеуіміз керек? Жайдары болуымыз керек.
- Жазда жақсы демалып, тыныңыңдар! Рақмет!
- Бәрекелді, балалар, бүгін сендер жақсы белсенділік көрсеттіңдер, рақмет!
- Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар!